

З. Шаукин

Л 2009
14111к





«ЖАЗУШЫ»

ЗЕЙІН ШАШКИН

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР

АЛТЫ ТОМДЫҚ



«Жазушы» баспасы

ЗЕЙІН ШАШКИН

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР

АЛТЫ ТОМДЫҚ



АЛТЫНШЫ ТОМ

Пьесалар, киносценарий
новеллалар, мақалалар
және очерктер



А л а м а т ы — 1979

Қаз 2
Ш 32

Құрастырушы Төлеу Шаханов

Шашкин Зейін.

Ш 32 Таңдамалы. Алты томдық. Зейін Шашкин; Т. 6.
Алматы. «Жазушы», 1979.

Пьесалар, киносценарий, новеллалар, мақалалар және очерктер.

256 бет.

Рецензенттер: *Ж. Тілеков, Ө. Қанахин.*

Қаз 2

Ш $\frac{0733 \quad 135}{402(07)-78}$ 7-79 4702003020

© «ЖАЗУШЫ»— 1979

**ЗАМАНА ОСЫЛАЙ
БАСТАЛДЫ**

(3 перделі, 6 суретті драма)

Қатынасушылар:

Тоқаш Бокин — революционер
Зоя Бахметьева — революционерка
Ермилов — большевик-подпольщик
Құрышпай — Бокиннің досы
Иван Покудин — солдат
Сәт Ниязбеков — ауыл ағасы
Рахима — оның қызы.
Зәкір — бай купец
Жайнақов — адвокат, алаш ұйымының басшысы
Малышев — атаман
Марков — капитан, контрразведчик
Чайори — цыган қызы
Яшайло — тыңшы
Мұрат — жасөспірім жігіт
Малышевтің адъютанты, поручик, Сүгірбай болыс, түрмедегі күзетші жігіттер.
Оқиға Верный қаласында өтеді.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Көктем. Алыста — Алатау, бертінде — Верный қаласы. Көше. Мүйісте Верный қаласының телеграфы. Дуал. Сахнаның бір жағында — телеграф бөлмесі, әйнекшесі бар есік арқылы арғы залға шығады. Оң жақта торлы терезе. Сол жақта аулаға шығатын екінші есік.

Оқиға үй алдында, үйдің ішінде де жүріп жатады.

Ымырт. Ала көлеңке. Таудан түскен қара бұлт қаланың үстіне төніп, өте шығады. Жаумайды. Тыста, телеграф алдында, нығына мылтық асынған солдат ерсілі-қарсылы жүріп жүр. Бұл — Иван Покудин, солдаттар комитетінің мүшесі, бүгін күзетте тұр.

Үйде, «Морзе» аппаратының алдында үрейленіп хабар күткен Тоқаш Бокин, Құрышпай, Ермилов тұр. «Морзе» аппараты тырс-тырс етіп, телеграмманы жазып жатады, суыртпақ тәрізді жіңішке қағаз жыландай иіріліп, үйіле береді. Перде ашылғанда аз тым-тырыс, бәрінің көзі аппаратта, бірақ оған қараған Ермилов жоқ, аппарат дыбысынан не жазылып жатқанын ол әбден біледі.

Ермилов (*күлімден*). Қеше мешітте не болды, Тоқаш? Атаман қала халқының апшысын қуырып, екі аяғын бір етікке тықты... Сонда сені іздегені рас па?

Құрышпай. Мен айтайын да, Лука?

Ермилов. Тек жаныңнан қоспай, дұрысын айтсаң... Әртүрлі сөз тарады, өз аузынан естігім кеп тұр.

Бокин. Оншама қала дүрлігетіндей мардымды ештеме бола қойған жоқ... Мешітте, алаш сарбаздарының алдында... Кімді жақтау керек, аздап пікір тастадым.

Құрышпай. Қалай болғанын мен айтайын ба, Лука?

Ермилов. Тілің қышып бара ма? Ал айта ғой!

Құрышпай. Айтсам: түс кезінде ұйғыр мешітіне кіріп барсақ, аулада иін тірескен алаш жүздігіне жазыл-

ған сарбаздар екен. Ондайда Тоқаң қарап қалған ба, аулада үйіліп жатқан ағаштың үстіне атып шығып, сөйле кеп, сөйле кеп... Ой, сілкіледі-ау Зәкір мен Жайнақовты армансыз. «Жігіттер, адаспандар! Келіндер тауға, менің қасыма!»— демесі бар ма!.. Осы кезде «казактар келіп қалды!» деп тілектес жігіттер айғай салды. Енді біреуі: «Мешітке кіріңіз! Мұнараға шығыңыз!»— деп қолынан тартып ала жөнелді... Қаптаған жігіттер шынтақ тіресіп тұра қалды. Ентелеген казактарды бұлар өткізбеді. Тоқаң жүгіріп мұнараға шықты да, байлаулы тұрған арқаннан ұстап, зыр етіп жерге түсті. Міне, осы!

Ермилов. Иә, бұдан түйін жасауға болады екен. Егер жігіттер шын-ақ казактарды жуыр маңда өткізбесе, сенің ұнап қалғаның дел..

Боккин. Алаш жүздігі көктеп тігілген шапанның өңіріндей сөгіліп, ыдырай бастады... Өткен түні екі жігіт маған тауға қашып келді. Олардың айтуына қарағанда алаш өзара екі ұдай: бірі — Зәкір бастаған топ, атаманға қол тапсырып, біржола бағынбақ, екінші топты Сәт бастаса керек-ті. Олар атаманға қарсы деседі...

Ермилов (*құшақтап*). Тоқаш, сен жоқта мұсылман халықтарынан біраз қол үзіп те алдық... Сен мұнда болғанда алаш жүздігі емес, таудағы партизандар тобы күшейетін еді.

Боккин. Көпшік қоймай айта бер. Тегі бір тапсырмаң бар ғой.

Құрышпай. Көпшік қою, сылап-сипауды жаратын — мен. Бұл о жағына тікбақай.

Ермилов (*күліп*). Мен білмейтін Тоқаш бар ма!.. Екеуміз талай қылыш айқастырғанбыз... Білесің бе, Тоқаш, марқұм Березовскийдің көзінше жағадан ап сілкілескеніміз? Мен де құдай деген жан емеспін. Бірақ, сені тап сондай деп ойламаушы едім. (*Басын шайқайды.*) Ай-ай!

Боккин. Енді өзің айтшы, кімнің сөзі расқа шықты?.. Сол қашқан казактарды сен іздеме дедің! Мен көнбедім. Көнбегенім дұрыс та бопты. Қазір менің соңыма ерген батыл күш солар болып отыр. Эх, Лука, Лука. Өткелден өтерде серкем деп секіртеді, сенеді, сенгені өзі өтіп алған соң оларды арғы бетке тастап, өз жайымен кетеді. Мұның аты не?

Құрышпай. Мен айтайын ба?.. Ондайды біздің казак:

«Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас,
Үйірінен қаңғыған түлкі оңбас» дейді.

Б о к и н. Тауып айттың, Құрышым!

Е р м и л о в. Тоқаш, ол күні мен сені жақсы көріп,
досым деп, аяп айтқан сөзім де... Біле-білсең, сен жалғыз
бізге ғана емес, халқыңа керек адамсың.

Сырттан Покудин кіреді.

П о к у д и н (*қолын үрлеп*). Күнде бір ызғар бар...
Қар жаумаса не қылсын.

Қ ұ р ы ш п а й. Енді қар жаумайды, Иван. Көктем
түсті, бұ да болса құдайкеңнің бізге болысқаны. (*«Мор-
зе» аппараты қайта тырсылдай бастайды. Ермилов құ-
лағын тігіп, жанына барып отыра қалады. Тик-тик. Бәрі
де үлкен жаңалық күткендей, ықылас қоя назар ауда-
рады.*)

Е р м и л о в. Так-так... (*Басын шайқап, ернін тістей-
ді.*) Но-но?!.

Қ ұ р ы ш п а й. Не дейді мына сақауың? Айтсайшы,
дәмелендірмей, ұл тапты ма, қыз тапты ма?

Е р м и л о в. Сабыр, достым! (*Оқиды.*) «Верный қа-
ласы, наказной атаман Малышевқа. Бетіміз — Жетісу,
суыт жүріп келеміз. Құлжадағы елші арқылы Қашқар-
дағы ағылшын өкілі генерал Эссертонмен тез арада бай-
ланыс жасаңыз. Веритус Унитус. Атаман Дутов. 28
февраль, 1918 ж».

П о к у д и н (*ызалы*). Ал, іздегендерің осы ғой... Та-
ғы да аялдандар, мүмкін Семей жақтан атаман Аннен-
ков те келер!

Қ ұ р ы ш п а й. Иван, осы екеуміздің ойымыз әрқа-
шанда да бірдей шығады-ау!.. Сонысы не екен? Егіз
емеспіз пе? Менің де қақсап жүргенім осы. Кешіге бер-
сек, ұлыстың ұлы күні алыстай бере ме деп қорқам!..

Е р м и л о в. Жок, Құрыш, босқа абдырама! Көз жұ-
мып, күмп беріп орға түсіп кетуге болмайды... Гм... Веритус
Унитус? О не дегені, Тоқаш?

Б о к и н. Бұл латын тілінде: «біріккен күшпен» деген
сөз. Ағылшын арыстанын шекарадан өткізіп ап, Жетісу-
ды жайлап-төстеп... реті келсе, Ташкенге де ауыз сал-
мақ... Атаманның көздеген нысанасы осы!

Қ ұ р ы ш п а й. Ай-ай!.. Ең әрі кетсе, бір жұманың
ішінде алдыңғы қатары бізге де жетіп қалар-ау тегі. Сон-

да... революция Жетісуда... алла-акпар, сақал сипар деген сөз!

Покудин. Пішпекте де Совет өкіметі орнаған көрінеді. Күйбендеп, неге тайқы соға беретіндерінді... Түсінбеймін.

Ермилов. Но-но. Верный мен Пішпек бір емес, достым! «Верный» деген сөздің мағынасын білесің бе өзің?

Бокин. Құрышпай. Иванның сөзіне мен де қосылам. Олай десең: таразыға сап, салмақтап қара кімнің күші мол екен... Ираннан қайтқан екінші полк біз жақта ма? Айтшы мынаған, Иван!

Покудин. Атой десең, лап бергелі тұр!

Бокин (*қарсы дау айтуға оқталған Ермиловке*). Бөлме сөзімді;.. Тауда менің жігіттерім дайын тұр ма?

Құрышпай. Паһ, тұрғанда қандай. Қүн сайын сабымыздың көбеюі сонша, тіптен бара-бара тауға сыймай кете ме дейім...

Покудин. Типография... Темекі фабригі... және...

Ермилов. Санап болдыңдар ма? Жаудың күшін безбегне неге салмайсыңдар?

Бокин. Жақсы. Прапорщиктер мектебі — бір де!

Ермилов. Талғар мен Қаскелеңнің атты казактары — екі де!

Құрышпай. Алаш жүздігін қайда қоясыңдар?

Покудин. Оған да бір саусақты бүктік. Осыдан басқаң бар ма?

Терезені біреу тықылдатады.

Ермилов (*үрейлене*). Бұл кім? (*Дірілдеген дауыс: «Құдай үшін ашып жіберші!»*)

Ермилов (*Покудинге*). Бар, шығып қарашы! (*Покудин мылтығын кезеніп тысқа шығады. Құрышпай терезеден сығалайды.*)

Яшайло. Алла өркенінді өсірсін, тақсыр, жіберіңізші! Өте тығыз телеграмма бермек едім. (*Бокин мен Құрышбай тығыла қалады.*)

Покудин. Қақым жоқ, азамат! Жібере алмайым. Атаманның жарлығын білмеуші ме ең: кешкі алтыдан кейін қала тұрғындарынан телеграмма алынбайды!

Құрышпай (*тесіктен сығалап*). Паһ-паһ, көк базардағы дүкенші дұнғанның тап өзі! Бұл қайдан жүр?

Ермилов (*Покудинге*). Жібер, қайтесің ұстап. (*Әйнекті ашып.*) Таң атқанша шыдамайтын не болды сонша?

Яшайло (*әйнектен*). Көршімнің баласы хал үстінде жатқаны. Әкесі Жаркент кетіп еді, соған телеграмма беру керек болып тұр... Жас бала не біледі, қолына қызыл шүберек байлап ап, көшеде жүрсе, атты казактар кез кеп, қамшының астына алып, өлімші қып кеткені, тақсыр!

Ермилов (*телеграмманы алып.*) Дәрігер көрді ме?

Яшайло. Көрді. Әй, тірі қалуы неғайбыл-ау. (*Құмәжнегін ашып.*) Николайдың ақшасы жоқ, ренжімеңіз, мынау бірыңғай керенкілер.

Ермилов. Керенкілерің өзіңе... Онсыз да жіберем!

Яшайло. Кімге керек дейсіз?! Бұл адыра қалғыр миллионның бір сабақ жіптік құны жоқ. Есеп-қисапқа керек болмаса... дегенім де.

Ермилов (*бетіне үңіліп*). Сіз қай көшеде тұрасыз?

Яшайло. Сауда көшесінде.

Ермилов. Мына кісі басқа көшеде тұрмай ма? Қалай көрші бола қалдыңдар?

Яшайло. Құдандал, таныс адам ғой.

Ермилов (*сенбегендей*). Э... солай ма еді?

Яшайло (*қипақтап*). Тақсыр, өтінем. Сіз жанағы менің сөзімді естіген жоқсыз да, мен айтқам жоқ... Заман қиын, біреу-міреу теріс ұғып... Ағаш аттың басына іліп әкетсе...

Яшайло кетеді, Ермилов басын шайқап, әйнекті жабады да аппаратқа барады. Бокин мен Құрышпай шыға келеді.

Бокин. Дәу де болса, шпик. Контрразведканың салпан құлағы.

Құрышпай. Мұны мен білем. Қу табан, ылғи базарда жүреді.

Бокин. Кім болса да, бізді байқап қалды... Із кестірмей, бұл арадан таю керек. (*Ермиловке.*) Неге шақырттың мені?

(*Құрышпай мен Покудин өзара күбір-күбір кеңеседі*).

Ермилов (*оңалашап*). Тоқаш, сен Зоя Бахметьевнаны білесің бе?

Б о к и н (*селк етіп*). А, Зоя Сергеевна?.. Осында ма? Оны қайдан көрдің?

Е р м и л о в. Осында. Бір жұма болды. Петроградтан Ташкент арқылы келіп отыр. Түркістан ревкомының жіберген адамы көрінеді.

Б о к и н (*таңданып*). 14-ші жылы Петроградта бірге болғамыз. Көтеріліске дейін хат жазысып тұрып ек. Одан мен түрмеге түскесін арамыздағы қатынас үзіліп қалған. Содан естіп отырғаным міне, осы.

Е р м и л о в. Сен жақсы білесің бе?

Б о к и н. Немене, күдігің бар ма?.. Бірінші рет Петроград большевиктерімен таныстырған мені Зоя да. Ұмытпасам, жасырын аты... Верная. Сол ма?

Е р м и л о в. Сол! Анығын айтсам, онша сене қойғам жоқ. Кім біледі: контрразведка шын Зояны ұстап ап, ауыстырып, өздерінің біреуін бізге салып жүрсе... Сені шақырғаным соның кім екенін анықтау еді... Жәнеде...

Б о к и н. Менің танитынымды қайдан білдің?

Е р м и л о в. Өзі айтты. Қайта-қайта сұрай берді. Онысы маған сезік тудырды: не жақсы досы да, не сыр тартып жүр ме деп қалдым. (*Сағатына қарайды.*) Уәде бойынша ол қазір келуі керек... Екінші бір күдігім: атаманның үйінде тұрады. Балдызымын дейді.

Б о к и н. Балдызы? Ол арасын естімеп ем.

Сыртта пәуескемен кеп біреу тұра қалады, көшірі дауыстап атын тоқтатады.

Қ ұ р ы ш п а й (*пердені көтеріп, терезеден сығалайды*). Мынау атаманның пәуескесі!

Е р м и л о в. Кім бар қасында?

Қ ұ р ы ш п а й. Екі казак, бір әйел. Атаманның өзі көрінбейді.

Е р м и л о в. Ах, черт! (*Бокинге*). Тоқаш, сенекке бар, тығыл! (*Құрышпайға.*) Сен аулаға шығып байқашы, бөтен кісі жоқ па екен? (*Іле көше жақтан тарсылдата есік қағылады.*)

П о к у д и н (*мылтығын кезеп*). Басымызға күн туса, Лука, ақырғы оқ қалғанынша атысамыз!

Е р м и л о в. Есерленбе, Иван! Мені ұстаса да, сен аман қал; Тез Виноградовқа жет те: Дутов келмей тұрып, төңкерісті бастасын де! Бар енді, тұрма!

Покудин залға кіріп, есікті ашады да, іле әдемі киінген Зоюмен бірге кіреді.

Покудин. Начальник, мына бойжеткен, атаманның балдызымын, мезгілсіз телеграмма беруге еркім бар дейді. Қайтеміз?

Ермилов (*сығалап, Зояны танып*). Жібер де, өзін сыртта бақылай тұр. (*Покудин Зоюмен еріп келген солдаттармен әңгімелесіп тұрады. Дуалдың ар жағында Яшайло пайда болады. Сығалап аңдиды.*)

Ермилов. Атаман тіптен пәуескесіне дейін сыйлаған ба сізге?

Зоя. Пәуескесі түгіл жүрегін де сыйлауға дайын. Өткен жылы менің анам қайтыс болған. Содан бері, жетім қалған жиенінді тәрбиеле деп, шақырып жүретін-ді... Жетісу келуіме осы себепті ондағылар да қолайлы көрді...

Ермилов. Зым-зия жоқ боп кеттіңіз ғой?

Зоя. Келе алмадым. Күндіз телеграф толған халық. Бір-екі рет ойкастап, кіре алмай да кеттім... Бүгін жеке келсем, контрразведканың көзіне түсетін болған соң, атаманның жендеттерін әдейі ерте шықтым.

Ермилов (*шақырады*). Бокин, а Бокин!

Зоя. Бокин?.. Осында ма?.. (*Иштей.*) Егер мен оның жүрегінде сақталмасам ше? Менің сүйетінімді, алыстан әдейі іздеп келгенімді сезер ме екен?

Бокин (*шыға кеп*). Зоя?!

Зоя. Тоқаш!

(*Бокин Зоюны құшақтамақ боп, тартынып қалады, қолын сүйеді.*)

Құрышпай (*босағадан*). Жолдас Ермилов, шымшып көрші, мен түс көріп тұрғам жоқ па?

Зоя. Сізді мен тірі деп ойламап ем. Жетісу өлкесінің шекарасынан өтісімен-ақ сізді сұрадым. Түрлі қауесет естідім... Шын тірісің бе, сенбей тұрмын? (*Күледі.*)

Бокин. Рахмет, Зоя Сергеевна. Мынау менің досым Құрышпай деген әнші, сері жігіт!

Құрышпай (*Зоюның қолын қысып*). Ән естігіңіз келсе, маған иек қақсаңыз жетті... Бәлсініп тұрмайым!

Ермилов. Әнді кейін айтарсың. Құрыш, ал, не білдіңіз, жолдас Верная?

Зоя. Әнеугі тапсырманы біліп келдім. Құлжадан бір керуен қару-жарақ келе жатқаны анық екен. Атаман бүгін-ертең деп күтіп отыр.

Ермилов (*Бокинге қарайды*). Түсіндің бе?

Боккин. Түсіндім! Ташкент не дейді? Көмек бере ме екен?

Зоя. Қолынан келсе аянатын Ташкент жоқ. Бірақ, өз күштеріңе сеніңдер.

Ермилов. Сені таудан шақырған тағы бір себебіміз осы еді, Тоқаш! Керуеннің жолын күтіп, қолға түсіруді саған тапсырсақ дейім. Сенің ақылың да, айлаң да жетеді оған!

Зоя. Қалай дейсің, Тоқаш, мүмкіндігің бар ма?..

Құрышпай. Мен айтайын ба?

Боккин. Айта ғой, Құрыш. Нә дер едің?

Құрышпай. Ревком сеніп тапсырса, несі бар.

Ермилов (*Құрышпайдың иығынан қағып*). Жігітсің, Құрыш! Сен өзің не дейсің, Тоқаш?

Боккин. Маған бір нәрсе түсініксіз: ол керуен қай жолмен, қашан өтеді, сол арасы... мәлімсіздеу.

Зоя. Оштан бері шығыпты. Бүгін ертесімен, әрі кетсе ертең кеш Қаскелен маңынан тосамыз дегендей емеурін білдірді атаман.

Боккин. Алдынан кісі жіберсе қиын екен... Онда, әрі Қордай түбінен тосуға тура келеді. Және де тап қазір аттанбасақ, кешігеміз...

Покудин кіреді де, босағадан

Покудин (мысқылдап). Жолдас Верная, сізді күзеткен қарауыл: жер жұтып қойды ма деп, үрейлене бастады.

Зоя (*қобалжып*). Расында да бөгеліп қалдым... Атаман да оларды тегін қосып жібермеген шығар маған.

Боккин (*Зояға*). Сол атаманның үйінде жүре бермекшісің бе? Контрразведканың начальнигі Марков ескі досың ғой, біліп қойса...

Зоя. Жүрмегенде?.. Атаман ордасындағы құлақтарың да, көздерің де мен емес пе. Оны білесің бе?.. Енді мен кетейін. Қай жерде, қашан жолығамыз?..

Ермилов. Үн-түңсіз телеграмма бересің, мен оқимын!..

Зоя (*Боккинге*). Тығыз керек боп қалсаң, сені қайдан табам?

Боккин. Мен таудағы аюмын. Інімді табу қиын: сәріктерім күндіз ауылда да, түнде менің қасымда. Орталығым — Тастақтың түбіндегі ауыл. Жақын. Ең шеткі қараша үй — мына Құрышпайдікі.

Зоя қоштасып, тез шығып кетеді, «шу-шулаған» сырттан дауыс естіледі. Покудин үйге кіреді. Яшайло Зоя соңынан жасырынып, бірге кетеді.

П о к у д и н. Осы қызыңнан мен қорқам! Өзі атаманның үйінде жатса... Бізге тілектес боп қол созады дегенді...

Қ ұ р ы ш п а й. Сенің сыған қызыңнан гөрі осы тұрақты шығар, жігітім!

П о к у д и н. Чайориге мен кепіл болам. Сен мынаған кепіл бола аласың ба?

Б о к и н. Мен болам!

П о к у д и н. А, онда дұрыс.

Е р м и л о в. Аузы күйген үрлеп ішеді. Сұрағанның шамы жоқ.

Сырттан цыган қызының дауысы естіледі.

Д а у ы с. Бал ашамын, бал ашамын, алдағыңды болжап берем, дағдырыңды атап берем, алақаныңды аш, ақшаңды сал, меруертім.

Е р м и л о в (*Покудинге*). Келді, эне, цыганың! «Қой!» дедім — болмадың, көресінің алда... Бар, алдынан шық, қарсы ал!

(*Покудин Чайориді кіргізбейді, ол шап беріп құшақтай түседі.*)

Ч а й о р и. Қаһарманым менің, меруертім, сағындым сені, іздедім.

Е р м и л о в. Түнделетіп қайдан жүрсің, Чайори?

Ч а й о р и. Ұзақ күнге биледік те, ән салдық, қонақтарды риза қылдық.

Қ ұ р ы ш п а й (*әндете еліктен*). Сығаным менің, ғашығым. Аш балыңды: не көрдің, не білдің?

Ч а й о р и. Асықтырма, алтыным, шынын айтам, жасырмайым!.. Тырнақтай қалдырмайын!

Е р м и л о в. Әндетпей, адам сықылды айтуды құдай бұйыртпады ғой саған!

Ч а й о р и (*даусы өзгеріп*). Бүгін Зәкір ақсақал қасында әлгі көзілдірікті тапал қазақ бар, ұзақ күнге ресторанда серуен құрды... Қаланың ығайы мен сығайы жиналды. Сембі күні Зәкір үйінде той. Соған атаманды шақырмақ! Біз де сонда боламыз. Өтірік айтсам көзім шықсын, меруертім. (*Тұрғандар бірдеме түсінгендей біріне-бірі қарайды. Иванға.*) Қашан келесің, көгершінім, қымбаттым? Көп тостым сені.

Покудин мен Чайори шыға сөйлеседі. Покудин құлағына сыбырлайды, Чайори сақылдап күледі. Қайта оралады.

Ермилов (*Бокинге*). Тоқаш, сенің ойынды сезем...

Бокин. Сезсең — сол: Зәкір үйінде той боп жатқанда, үнін шығармай, үстінен бассақ!? Құрышпай айтқандайын, жыланның басын осы арада... кессек!?

Ермилов. Тапқан ақыл, маған да осы ой келіп еді жана!.. Иван, не дейсің?

Покудин. Не ойлайтыны бар. Темірді қызған кезде соқ!

Ермилов. Онда ревкомды жұма күні кешкі сағат онға типографияда жинайық! Бокин, сол күні қас қарая жігіттеріңді ертіп кеп, «Весновка» өзенінің жары астында тос! (*Покудинге*.) Сен полкті дайындат! Ревкомның қалған мүшелеріне: Виноградов пен Журавлевке өзім хабарлайым!

Бокин. Айда, Құрыш! Қеттік! (*Сақалын киіп, таяғын ұстап, ішкі есіктен шығады*.)

Құрышпай (*Тоқашты ұстай ап*). Тоқта!.. Оң аяқ! Табалдырықты оң аяқпен аттасаң, жолың болады!

Бокин (*күліп*). Кім ырымшыл деуші еді қазақ? (*Кетеді*.)

Ермилов (*телеграмманы қайта оқып*). Дутовтың телеграммасын қайтсем екен, ә?

Покудин. Атаманды атарда үкіммен бірге естіртерсің.

Ермилов. Жок, әлде өзім алып барып, куантсам ба?.. Түрмедегі бір ұры екі кісі ұрлыққа атанса, біріне-бірі сеніп, тез ұсталады деп еді... Апарып берсем бе екен?

Ш ы м ы л д ы қ

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Екінші сурет

Атаман Малышевтің кеңсесі, кең, жарық бөлме. Сол жақ есік көшеге шығады да, оң жақ есік атаманның кабинетіне апарады. Дәл ортадағы шынылы қусырмалы есік арқылы бақшаға өтеді. Сол жақ есікке таяу күзетші офицердің столы. Қабырғада ілулі тұрған Россияның картасы. Үлкен стол басында Марков отыр да, қасында бөркін қолына ап Яшайло тұр.

Марков (қағазды оқып, астын сызып). Шатастырып тұрған жоқсың ғой? Тоқаш Бокинді өз көзіңмен көрдің бе?

Яшайло (өкпелі). Шатастырып? Мен бе? Бірінші гилді саудагер Зәкірдің оң қолы болған, бүкіл Ауған, Қытай, Үнді елін кезген Яшайло сөз қадірін түсінеді, тақсыр!.. Өтірік айтсам, жер жұтсын!

Марков. Гм... Қыз атаманның пәуескесіне мініп келді дейсің бе? (Бетіне үңіледі.) Шын ғой?

Яшайло. Пайғамбар: тек қана сайтан алдайды деген... Ол сайтан емес те, мен аңқау сопы емеспін!

Марков. Онда, сен жөнел сол ауылға, ішіне кір... Әлгінде айттым ғой. Сенсең тез жеткіз! Түсіндің ғой?

Яшайло. Түсіндім, тақсыр!

Марков. Осы айтқаныңды тірі жан білмесін.

Яшайло. Хұп, тақсыр!.. Менің тілім. Зәкір абдыра-сының кілті сияқты, өз қалтамда ғана жүреді... Зәкір өзі бермесе, басқа біреу бір тиынын да ала алмайды! Мен де сол — Зәкір сияқты сөзіме өзім қожамын.

Марков. Жарайды, сендім саған. Ендігәрі өзіме кел!

Яшайло. Хұп, тақсыр!

Марков. Бар енді, тезірек кет!

Яшайло (бөркін уқалап). Құрғақ қасық ауыз жыртар... Бокиннің өзін тапсаң деп дәмелендіріп едің, тақсыр?..

Марков. Ха-ха! Әуелі ізін көрсетсейші!.. Орыс мұны: атпаған аюдың терісін бөлісу дейді.

Яшайло. Мен сөзімде тұрам ғой, тақсыр. Саудасаттық жасауға лұқсат етсең...

Марков. Жарайды, кезінде көрерміз. Бар енді! Бақшадан секір! (Қолымен шынылы есікті көрсетеді.)

Яшайло. Рахмет, тақсыр! (Басын иіп, шығып кетеді. Сол жақтан үстінде шинель, басында папаха, қылыш асынған ызғарлы атаман кіреді. Аяғынан тік тұрған Марковты елемейді, кабинетіне өтіп кетеді.)

Марков (іштей, мысқылдай кекетіп). Атаман бүгін күрке тауықтың әтешіндей күржиеді, тегі сайқал балдызы тамағын ісіді ме?..

Атаман қайта оралады.

Марков. Ваше превосходительство! Рұхсат етсеңіз түнгі түскен мәліметтермен таныстырып өтейін!

М а л ы ш е в (*сұлық, басын изеп*). Айта бер!

М а р к о в. Құлжадан келе жатқан керуен үшті-күйлі жоғалып кетті.

М а л ы ш е в (*ақырып*). Жоғалып?.. Оны кім айтты?

М а р к о в. Контрразведканың дерегіне қарағанда керуен ізі Ұшқоңыр тауының жықпылына барып жоғалған. Дәл бұрылар жерде бірнеше алаш солдаттарының қолына тағатын ай мен жұлдызы бар белгілерін тапқан.

М а л ы ш е в (*ашуланып*). Шетінен атып, құрыту керек!.. Кім еді кеткен?

М а р к о в. Поручик Жатков та. Олардың бірінен хабар жоқ. Тегі таудағы партизандар құртып жіберген сияқты.

М а л ы ш е в. Партизандар? Қайдағы партизан?.. Алаш комитеті де жасырын саясат жүргізіп, автономия құрмақ боп жүрген... Көрсетермін мен сендерге автономияны! Азғындар!..

М а р к о в. Ваше превосходительство, менімше бұл большевиктердің ісі. Барлаушы жібердім, сол маңда із кесіп жүр... Ләйім, жалған болғай-да.

М а л ы ш е в (*ерсілі-қарсылы жүріп*). Ұста, жап, қыр дегенім қайда большевиктерді? Не бітірдің, не істедің? Не қара басты сені?.. Қолыңнан келмесе, айтпайсың ба?

М а р к о в. Ваше превосходительство, бұған кінәлі жалғыз мен емеспін. Березовскийдің өлімі ертерек атылған мылтықтың дауысындай, большевиктерді күн бұрын үркітіп алды. Оларды қолға түсіру оңай емес?.. Бүгін ғана біреуінің ізіне түстік. Оның өзінде де, ол... (*Даусын кенейді.*)

М а л ы ш е в. Даусыңды кенемей-ақ қой, айта бер!

М а р к о в. Ол большевиктердің Ташкент жіберген барлаушысы көрінеді.

М а л ы ш е в. Ұстадыңдар ма?

М а р к о в. Жоқ.

М а л ы ш е в (*иығын көтеріп*). Капитан Марков, сен есектің миын жегеннен саумысың?!

М а р к о в. Ваше превосходительство, ол барлаушы — аспанда ұшқан аққу, атуға қолым көтерілмейді...

М а л ы ш е в. Ха-ха! (*Қарқылдап.*) Марков, сіз ақын боламын деп бола алмай қалғансыз ба дейім... Ол соншама неғылған қасиетті аққу, маған көрсетші, мен-ақ атайын!

Марков. Ата алмайсыз, Ваше превосходительство!.. Ол — сіздің балдызыңыз Зоя Сергеевна Бахметьева!

Малышев (*әуелі сасып қалады*). Не дейсің? (*Төнеді.*) Қайта айтшы?.. (*Күледі.*) Ой, капитан, сен циркте, кісі күлдіріп көрген жоқ па ең?.. Ха-ха! Кеше Зоя Сергеевна сенің Петроградта ана бір жылдары айналдырып, әуре болғаныңды айтып, шек-сілемді қатырып еді... Немене, өшінді осылай алғың келді ме?

Марков. Кеше ол кісінің телеграфта болғанын білесіз бе?

Малышев. Мен өзім жібергем.

Марков. Қазактар көшеде бос пәуескені күзетіп тұрғанда, Тоқаш Бокинмен жолыққанын Зоя Сергеевна өзі айтқан болар?

Малышев. Капитан, байқа, өтіріктің құрығы бір-ақ тұтам! Зоя Сергеевна сенің өрең жететін адам емес. Ол — аспандағы шағала да, сен жерде жорғалаған қондысың!..

Марков (*тез-тез*). Сол шағала 1915 жылы Петроградта қырғыз Бокинмен талай билегенін, қолтықтасып, түнделетіп Выборг жаққа кетіп бара жатқанын өз көзіммен көргем — бір. Қымбатты балдызыңыз Зоя Сергеевнаның әкесі Сергей Александрович Бахметьев жер ауып жүріп, Сібірде өлгенін тағы білем — екі. Өткен жылы Петроградта, июнь уақығасы кезінде қолында туы бар, ереуілшілердің алдыңғы сапында кетіп бара жатқан Зоя Сергеевнаны өз көзіммен тағы көргем — үш!.. Сондықтан, сол большевиктер ұшырған аққу осы сіздің балдызыңыз екеніне ешбір күмәнім жоқ... Яғни, мен осының осылай оралғанына қуанам да! Зоя Сергеевнаның ізі большевиктердің ұясына тура апармаса...

Малышев (*дірілдеп, ақырып*). Жетеді енді!.. Егер апармаса, капитан Марков, мен сені жерге қазықтай қағам! Менің өмірімнің ендігі қалған қуанышы да, сәні де Зоя Сергеевна! Сен зұлым сол қуанышты маған қимай тұрсын! Үш күнде алақаным дәлелінді салмасаң, ісім сенімен түссін.

Марков. Түсінікті, Ваше превосходительство!

Малышевтің адъютанты кіреді.

Адъютант. Алаш комитетінің бастығы Ибрайым, мырза Жайнақов пен бірінші гилді купец Зәкір ақсақал кіруге рұқсат сұрап тұр!

М а л ы ш е в. Кірсін! (*Адъютант кетеді.*) Капитан, осы жолы уқалап-уқалап қырын сындырайық. Не бізбен болсын, бағынсын, не... бұл конторын біржола жабайық. Ел болып, өзін-өзі билеуге қазақтың өресі жетпейді... Ақылы қысқа... «Автономия» деген ойыншықты құртайық!

Марков басын изейді, сол жақтан, Жайнақов пен Зәкір кіреді.

Ж а й н а қ о в. Ассалаумаликум, Ваше превосходительство!

М а л ы ш е в. А, тамырлар, төрге шығындар!

З ә к і р. Уа, атаман, араб халқы: «сапар шықпас бұрын серігінді сайла, үй салмас бұрын көршінді ойла!» деген екен. Біз кеше өз алдымызға шаңырақ көтеріп, ел боламыз дегенде, әуелі көршіміз сен деп, іштей саған көңіліміз тоқ болып еді... Қатар өскен құрбы, жерлес, сыйлас едің. Бүгін бағың өсіп, өмірің бүкіл Жетісуға тарап тұрғанда, бізге де көз қырынды салатын кезеңің жеткен жоқ па?

М а л ы ш е в (*қарқылдап*). Зәкір, саудалауға келгенде тілің майда, қолың қатты еді. Сен кезекті мына Ибрагим мырзаға берсейші, жасы кіші болса да жолы үлкен. Ел басқарып отыр ғой.

З ә к і р. Тақсыр атаман, осы сізді шоқынған қазақ деген лақап тарап еді, сөзіңе, мінез-құлқыңа қарағанда Жиренше шешеннің тумасы ма деп қалам. (*Күледі.*)

Ж а й н а қ о в. Ваше превосходительство, қазақтар «үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без» дейді. Бірақ, сіз мұны лайық деп тапсаңыз, құлдық!.. Сөйлейін!

М а л ы ш е в (*күліп, кекеп*). Тек алдын ала естеріңе салып қойғаным: Қоқанд үкіметінің басында болған жерлестерің сияқты «автономия» деген қуыршаққа айналып кетіп жүрмесін... Соны ғана ескертем.

Ж а й н а қ о в. Ваше превосходительство, бұл сөзіңіз біздің алдымыздан ор қазып, секіріңдер дегенмен бірдей. Оған Зәкір ақсақалдың денесі ауыр, менің адымым тар, келісе алмаспыз, сірә!

М а р к о в. Қысылғанда адам баласы орға қарай ма? Көзді бір-ақ жұмбай ма!

Ж а й н а қ о в. Оншама қысылатындай астымыздан су шыққан жоқ! (*Зәкір мен Малышев өзара күңкілдеседі. Зәкір Жайнақов мінезін жақтырмаған пішін білдіреді.*)

Марков. Су түгіл дәрия тасып, үйіңіз қалқып барады. Оны көрмесеңіз соқыр болғаныңыз да! Ваше превосходительство, рұқсат етіңіз, мына Жайнақов мырзаның есіне салайын: өткен түні алаш сарбаздары Құлжадан келе жатқан бір керуен қару-жарақты талап алған... Бұның атын бізде: қойнына тас сап андып жүру дейді.

Жайнақов (шошынып). Жоқ-жоқ, жалған!

Зәкір. Тақсыр, Андрей Васильевич, менің сізге деген ниетімнің адал да, ақ-та екенін білесіз ғой. Тап осы сөз, қауесет. Алаш сарбаздары ондай іске ешуақытта да бармайды. Бұл — Токаш Бокиннің ісі.

Малышев (жұлып алғандай). Токаш Бокин?..

Зәкір. Иә, тақсыр, баяғы Қаскелеңде терезеден сізді ататын.

Малышев (қолымен шекесінің жарасын сипап). Осы соны Шынжанға барып, Құлжада қолға түсті, атылды демеп пе еді?..

Зәкір. Суға салса батпайтын, отқа салса күймейтіннің тап өзі емеспе ол! Соның ісі екеніне тағы бір дәлелім: тал түсте мешітке кеп, алаш сарбаздарына үгіт жүргізгенін өз көзіммен көрдім... Ух, кәлләнді!

Жайнақов (жақтырмай). Зәкір ақсақал, керегі не... сондай сөздің... Алаш комитеті сіздің таққан бұл айыбыңызды мойнына ала алмайды. Қайта, біздің сарбаздарға қорлық көрсетіп жүрген атты казактар. Көшеде кез келсе, дүрелеп кетеді. Бұл не, басынғандық па?

Малышев (ызғарлы). Жоқ, автономияның салдары. Егерде алаш комитеті мен казактар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса, осы қилы заманда алты бақан алауыз болмас та едік... Менің достық ақылым: ауа жайылуды қойыңдар. Күштерің жетпейді. Бірігейік!

Марков. Контрразведканың мәліметіне қарағанда, сіздің алаш жүздігі төгілген бұршақтай бытырай бастады. Сарбаздарың тауға, партизандарға біртіндеп қашып жатыр... Елдегі беделі бар адамдарың болса, Бокиннің ықпалында...

Зәкір. Кімді ишаралап тұрсыз, тақсыр капитан?

Марков. Сәт. Сәт Ниязбековтің бүкіл Жетісу қазақтарына ықпалы жүреді. Ол қазір кімді қолдап отырғанын білмейсіңдер ме?

Зәкір. Бұл әңгіменің шет жағасын білеміз. Сол

үшін Сәт ауылында бүкіл Жетісудың әйгілі адамдарының басын қосып шешпекпіз. Шынында кіммен боламыз: Бокинмен бе, жоқ атаманмен бе?

Жайнақов. (*жақтырмай*). Зәкір ақсақал, бұл біздің өзіміздің ішкі ісіміз ғой, қайтесіз жұрт алдында шек-қарнымызды ақтарып... Біздің келген мақсатымыз, Ваше превосходительство, басы қатты болса, аяғы тәтті болады, осы бастан бір мәселені қатты бекітіп, келісіп алу еді.

Малышев. (*иегін қағып*). Алдын ала ескертейін: мен сараңмын, Ибрагим мырза. Көп сұрама! Көңілің қалады.

Жайнақов. Сыйға — сый, сыраға — бал. Бергенге береміз, шалқайғанға — еңкеймейміз.

Малышев. Еңкейерсін! Менің еңкейтіп, тізерлетіп қоюға күшім жетеді!

Жайнақов. Баяғы дырау қамшының, жуан білектің заманы емес, Ваше превосходителяство!..

Малышев. Байқа, Жайнақов мырза, бір түнде шаңырағыңды ортасына түсіруге әбден жетеді!

Зәкір. Қой енді, Ибрагим мырза, сөз таластырып керегі не! Келісімге келейік... Біз алтын сұрамаймыз, тақсыр атаман... Біздің бұйымтайымыз...

Жайнақов. Шартымыз де! Қазақ елін тек қана алаш комитеті арқылы билейсіз. Біз сізге бағынамыз да, сіз бізді ғана білесіз. Бұл — бір. Екінші, алаш жүздігін таратпайсыз. Қала тәртібін атты әскермен бірдей күзететін сақшы есебінде ұстайсыз.

Зәкір. Сонсон, тақсыр, Жайнақов мырза жүздікті өзі басқарады. Бұған әскери лауазым беретін боласыз...

Малышев. (*күліп*). Түу, Ибрагим мырзаны білемін ғой, іштен туа әскери ғылымға бейім адам...

Марков. Таласқанша, манадан бері осыны айтпайсыз ба?..

Зәкір (*көтеріліп*). Құдай жазса, сембі күні біздің үйде, бірлік болмай тірлік болмас деп, бір жағадан бас шығарамыз... Тақсыр атаман, сенің үйіңнен, өз үйіме дейін жолыңа кілем төсеп, қарсы алам!..

Малышев. (*көңілі толып, қарқылдап*). Әй, Зәкір-ай, сенің құлаш сермесің басқаша-ау! Сенің ақылыңа пара-пар келетін Жетісу өлкесінде кім бар дейсің.

Зәкір. (*Жайнақовқа*). Ибрагим мырза, мен айтқам жоқ па, атаманның ақылы дәрия деп!..

Ж а й н а қ о в. Ваше превосходительство, сіз...

(Екеуі әңгімелесіп жатады. Марков Зәкірді оқашалап, қолтықтап алып шығады).

М а р к о в. Зәкір ақсақал, бізге Тоқаш Бокинді ұстауға көмек беруіңіз керек! *(Жайнақовты иегімен нұсқап)* Анауыңа сенуге болмайды. Демагог!

З ә к і р. Осы тілекті мен сіздің өзіңізге айтсам дейім... Соны ұстатқан адамға сыйлық та берер ем.

М а р к о в. Сыйлық?.. Шынымен, аузымен құс тістейтін «Жел қанатты» да берер ме едіңіз?

З ә к і р. Берем, керек болса «Жел қанатты» да берем... Кеше үйіме хат тастап кетіпті: «Он алтыншы жылғы елден тонап алған дүние-мүлікті қайтар, әйтпесе ұрлап әкетіп, дүре соғам!» деп келемеждеп кетіпті. Ух, кәлләнді!

Адьютант кіреді.

А д ь ю т а н т. Ваше превосходительство, аға телеграфист Ермилов деген сұранып тұр. Құпия телеграммасы бар қолында.

М а р к о в. *(сасып)*. Жоқ-жоқ, мұнда жіберуші болмаңыз! Менің бүгінгі алған мәліметіме қарағанда, о да сол жасырын ұйымда көрінеді... Бомба тастап жүрсе...

З ә к і р *(үрейленіп)*. Ух, кәлләнді; Шақырма ондай болса...

М а л ы ш е в. Қорықпаңыздар! *(Адьютантқа)*. Қойны-қоншын жақсылап тінт те алып кір! Не істейді құр қол адам!

А д ь ю т а н т. Құп, тақсыр! *(Шығып кетеді)*.

З ә к і р *(шегіншектеп, қорқып)*. Апырмай тақсыр, сұлтаным, сіз арыстаннан да жүректі екенсіз ғой. Ух, терлеп кеттім ғой.

Шынылы есікті ашып, бақшаға шығады. Ермиловты ертіп, адьютант кіреді. Қолында кезенген наған.

Е р м и л о в. Ваше превосходительство, өте тығыз да, өте құпия телеграмма... Өз қолыммен табыс етуді лайық көрдім.

М а л ы ш е в *(телеграмманы алып, үнсіз ішінен оқиды)*. О, мырзалар, ғажайып хабар! Атаман Дутов осылай қарай бет алған!.. Ұлы Россияны қорғауда бізге қол созып отыр.

Ж а й н а қ о в. Ура!

М а л ы ш е в (*Ермиловқа*). Адал қызметің үшін алғыс айтамын! Бұдан да былай осылай адал бол!

Е р м и л о в (*тік тұрып*). Таңым атып, күнім батқанша сізге адал қызмет етуге дайынмын.

Ермилов пен адъютант кетеді.

З ә к і р (*шынылы есіктен шығып*). Біздің капитан тым сақ екен... Хе-хе...

М а л ы ш е в (*кекел*). Иә, қырағы екенін осы жолы капитан тағы бір көрсетті. (*Жайнақов пен Зәкірге*) Мырзалар, бүгін біздің бақытты күніміз, Жетісудағы қалың қолмен, қаулап келе жатқан атаман Дутовпен бірігіп-ап, Москваға шабуылын Доннан жасаса, біз осы жақтан бастаймыз!

З ә к і р. Амин! Алла өзі жәрдем болсын!

М а р к о в (*іштей*). «Таңым атқанша, күнім батқанша қызымет істеймін!» деді-ау. Бұл не деген сөзі екенін мына есер атаман сезе ме екен?

Ш ы м ы л д ы қ

Е К І Н Ш І П Е Р Д Е

Ү ш і н ш і с у р е т

Алыста Алатаудың қар басқан ақ бас шыңы. Етегінде Верный қаласы. Қаланың шетіндегі ауыл. Көктем. Аспанда көшкен қара бұлт төніп-төніп жаумай, батысқа қарай көшіп жатады. Сахна ашылғанда жігіттердің ортасында Тоқаш Бокин сөйлеп тұрады.

Б о к и н (*жігіттерге*). Ардақты серіктерім, осымен сөзімді тұжырайын! Ер басына күн туып, етігімен су кешкелі, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкелі, міне, екі жыл!.. Жар құлағымыз жастыққа тимей, тасты жастық, жерді бөстек қып, құландай қашқан бақытты қуып біз жүрміз. Бүгін сол бақытқа жеткен сияқтымыз... Суырыңдар қылышты қынабынан, мініңдер қаһарларыңа! Ресейде уақытша үкімет құлады, Совет үкіметі орнады!..

Бір жігіт алға шығады.

1-ші жігіт. Менің сөзім бар, рұқсат етсеңіз?

Б о к и н. Айт, айт... Бүгін сыр бүкпендер, ашық айтыңдар!

1-ші жігіт. Біз ғой он алтыншы жылы көтерілдік.

Зенбірек оғына шыдай алмай, жартымыз жөңкіле қаштық, жартымыз тау-тастың арасына тығылдық. Сен, Тоқаш, абақтыға түстің... Тағыда сол сияқты болып жүрмесек. Қандай күшіміз бар, кімге сенесің?

Б о к и н. Біз ол кезде жалғыз едік. Жалғыз адам жауынгер емес. Қазірде орыс халқының кедей ұлдары, большевиктер бізге қолын созып отыр. Олар көп те, күшті...

2-ші жігіт. Жақсы, біз жеңдік. Сонда неге ие боламыз?

1-ші жігіт. Ие, алатынымызды алақанымызға салыңызшы.

2-ші жігіт. Бұл шайқаста кім береді, кім алады?

Б о к и н. Үкімет билігі еңбекші бұқараның қолына беріледі. Сонан соң ар жағын өздерің білесіңдер Қандай тұрмыс құрам десендер де өз еріктеріңде. Жер де, мүлік-дәулет те сендердікі.

2-ші жігіт. Мал-мүліктің иелерін қайтеміз? Олар бізге оңай бере ме?

Б о к и н. Берсе қолынан, бермесе жолынан аласың!.. Сен оған алақаныңды тосып тұрасың ба? Бұрын олар саған алақанын тосып, еңбегінді сурап алып па.

1-ші жігіт. Қызық екен... Оқу оқып, қалаға барам десем?

Б о к и н. Еркінде.

2-ші жігіт. Сонда менің балам Ыбрайым сияқты тілмәш, адвокат бола ала ма?

Б о к и н. Оқытса неге болмасын. Ыбырайымның жаратылысы бөлек деп тұрсын ба? (*Жігіттер күлімдеп, біріне бірі қарайды*).

Қ ұ р ы ш п а й. Тоқа, бұл жігіттер кеше алаш жүздігінен қашып келгендер ғой.

Б о к и н. Ал, достарым, тағы кім не дейді?

Д а у ы с т а р:— Баста, Тоқаш!

— Ереміз соныңнан!

— Аянбаймыз!..

— Жасасын Ленин! Ура!

Б о к и н. Достарым, менің бұйрығымды білесіңдер, ертең кешке қалаға аттанамыз. Дайынсыңдар ма?..

Д а у ы с т а р:— Дайынбыз!

— Ат жоқ!

Б о к и н. Құрыш!

М ұ р а т. Құрышпай, Тоқаң шақырады!

Қ ұ р ы ш п а й (*айғайлап*). Тоқтатындар, жігіттер!

Жетеді. *(Бокиннің қасына келіп.)* Жолдас командир, не бұйырасыз?

Бокин. Мылтықты таратып бердің бе?

Құрышпай. Бердім... Әр қайсысында екі-екіден...

Бокин. Тұтқын солдаттарды босатамыз ба?

Құрышпай. Босатайық!

Бокин. Сенеміз бе?

Құрышпай. Сенбегенде?.. Қайда барар дейсің олар.

Бокин. Алдыр!

Құрышпай. Мұрат, әкел тұтқындарды! *(Мұрат шығып кетеді.)* Сүгірбай болысқа үш жігіт жібердім. Қазір айдап, алып келеді.

Екі жігіт қолдарын арттарына байлаған үш солдатты алып кіреді.

Бокин. Шешіндер қолдарын! *(Құрышпай босатады.)* Біз келістік қой: қайтам десендер, әне жолдарын, бөгет жоқ. Сендер де біз сықылды кедей шаруаның балаларысындар. Сендерде ерік бар ма? Жұмсады, бағынып бардыңдар. Бірақ, атаман сендерді аямайды. Атады... Ал, біздің кім екенімізді білесің. Айттық. Ендігісін өздерің шешіндер!

1-ші солдат. Егерде мен жол бастап, отряд алып келсем, қайтесіз?

Бокин. Оққа бірінші сен ілінесің. Бастап әкелетін сен болсаң...

2-ші солдат. Мен селома қашып кетсем ше?

Бокин. Оны өзің білесің...

(Солдаттарда үн жоқ, біріне бірі қарайды.)

Құрышпай. Ал, кош, осы тойғандарынмен, сөгемандамай, бара тұрындар! *(Жігіттер ду күледі. Солдаттар түгел кетеді. Біреуі қайта оралады.)*

1-ші солдат. Мен!.. Маған қалуға рұқсат етіңіз!

(2-ші солдат та қайта оралады.)

2-ші солдат. Мен де қалам!

Бокин. Қалай жігіттер, қалсын ба?

Дауыстар. Қалсын! Рұқсат!

Құрышпай. Әлгі офицерді қайтеміз?

Бокин. Көзі әлі байлаулы ма?

Құрышпай. Көзі де, қолы да...

Бокин. Шешпей сол қалпымен таудың жықпыл-

жықпылын біраз аралатып, басын айналдырып, сүрлеу жолға апарып тастат. Қайдан келгенін білмей қалсын!

Мұрат. Тапқан ақыл!

Құрышпай. Онда, Мұрат, қасыңа екі жігіт ал да, тез орында бұйрықты!

Мұрат: «Сен жүр! Сен жүр!» деп бір-екі жауынгерді алып, шығып кетеді. Іле екі жігіт болысты сүйрелеп, сахнаға алып кіреді.

Сүгірбай. Өлтіре ме мыналар? *(Жан таласын, жұлқынады.)*

Құрышпай. Ә, Сүгірбай болыс, ассалаумаликум! Неге мұнша төрт табандап, қыжырланып келесіз?..

Боккин. Ақ патша шен-шекпен беріп жатыр десе, көрер едім, өкпесі өшкенше жүгірер еді...

Құрышпай. Мен айтайын ба?.. Шен-шекпенді былай қойғанда, бағылан қозының етін асып жатыр, сізді шақырады десе Сүгір екен бортандап жүгірер. *(Жігіттер ду күледі.)*

Боккин. Сүгірбай, менің бұйрығымды неге орындамадың?

Сүгірбай. Сен кім едің бұйрығыңды орындайтын.

Боккин. Мен революцияның солдататымын! Сен революцияға қарсылық білдірдің. Сондықтан саған өлім жазасын бұйырам! *(Нағанын суырып ап кезейді. Сүгірбай қалтырап, кейін шегінеді.)*

Сүгірбай. Жоқ-жоқ... Маған дұрыс түсіндірмеді ғой...

Сахнаға еңтіге, басып, қасында ат қосшысы бар Сәт кіреді.

Сәт. Сауға батыр, сауға!

Боккин. Ә, Сәт, аға! Жаны қысылғанда Сүгірбай сізді тапты ма? Он алтыншы жылы, болыстықты сізден тартып ап, өзіңді абақтыға салғанда, түбінде сізге жалынам деп ойлады дейсіз бе?

Сәт. Тоқашжан! Бір ашуыңды маған бер, ит болса да атаң қазақтың баласы ғой... Мұндай азғын туады деп ешкім ойламаған болар... Сүгірбайдың құдай сүйер қылығы жоқ. Білем. Елді талай қан қақсатты. Бірақ, қан төкпе, былғама қолыңды!

Боккин. Мына тұрған халық бақыты үшін азап шегіп, қорлық көріп жүрген жігіттер шет жерден қайтады. Олардың басына лашық, аузына сусын тауып берудің орнына...

Құрышпай. Бұл жігіттердің ең арты астына мінер мәстегі де жоқ, жаяу жүр.

Сәт. Кешір, батыр. Ат тапқызып беруді мен өз мойныма алайын.

Бокин. Жарайды, бір жолға сіз үшін атуды тоқтаттайын. Бірақ, дүре соқтырам! Тәубесі есіне түсіп жүреді, айтпесе, ұмытып кетеді!

Сәт. Берген соң, түгел бер!

Бокин. Болмас енді, болмас! Сізді кимағандықтан ғана, Сәт аға; Сүгірбай, қазір соңыңа бес жігіт ертем, кешке дейін елу ат ер-тұрманымен жеткізесің! (*Құрышпайға*). Егер таппаса, табанда атып кет!

Сүгірбай. Елу ат таба алмаймын.

Бокин. Табасың!

Құрышпай. Айда жүр! Кеттік. Сөзді қой!

(*Бірнеше жігіттер көтермелеп алып кетеді.*)

Сәт (*қипақтап*). Тоқашжан, қол жинап тағыда соғысқа бастадың ба? Жақсы адам — ел ырысы деген емес пе? Қайтесің ұрыс шығарып, ырысты қашырып.

Бокин. Ежелгі жау ел болмас. Сіз сияқты ел ағасының жауға жаны ашыса, қадірі кетеді.

Сәт. Сойылды сала білмеген өзіне тигізер деген. Байқа!

Бокин. Сойылды қолына ұстай білген, тигізе де біледі. Уайым жеменіз!..

Асығып-үсігіп шабарман кіреді.

Шабарман. Сәт аға, қонақтар келді. Жаңа ғана Жайнақов мырза мен Зәкір бай кеп түсті. *Сәт пен шабарман кетеді.*)

Бокин (*соңынан кекетіп.*) Бөріктінің нар қасқалары, барындар. (*Жігіттерге.*) Мылтықтарыңды тазалап, ер-тұрмандарыңды бүтіндеп, дайындала беріңдер. Құрышпай да келіп қалар. Ертең ерте!.. Ұмытпандар!

Жігіттер «Марсельезаны» айтып, сахнадан шығады. Бокин сүйсіне тыңдап тұрып қалады.

Бокин. Иә, ертең зар заман құлап, жаңа заманның шұғыласы жарқырап ататын күн! Асығам! Сол заманды қолыммен орнатып, көзіммен көруге асығамын. Көкейкесті арманның орындалуы — ер жігіттің бақыты! Иә, ұзақ жылдар қасірет шегіп, азап-бейнет көрген халқым басыңа бостандық, қолына теңдік алса — ол менің бақы-

тым емес пе?.. Ардақты халқым, сенің ұл-қызың бақытты болып, сәулетті, қызық өмір сүрсе, өнер-ғылымға ие болса, өз күнін өзі көріп, шаңырағын көтеріп ел болса, мен өзімді армансызбын дер едім. Осы жолда жазатайым қаза тапсам, өкінішім болмас еділ..

Сахна сыртынан әндетіп келе жатқан Рахиманың дауысы естіледі. Тоқаш елендеп, құлағын тосады. Екінші жақтан Яшайло сығалайды.

Р а х и м а.

Есімді алып, жас жанымды қинадың,
«Келші, кел!» деп шақырып сен қоймадың.
Мен келгенде дүниені ұмытып,
Бір түніңді оңаша сен қимадың.
Қайтейін мен, соқпақ-қия жүргенің,
Серілік құрып, бір күн шат жүрмедің.
Ойың — қыран, ел деп аңсап самғайды,
Мен деп соғад, Тоқаш, сүйген жүрегің!

Б о к и н. Ән?.. Рахиманың даусы емес пе? Мен де сені сағынбады дейсің бе, Рахимаш?.. Алыс жол атты сынаиды, ауыр жол ерді сынаиды дегенді біле ме екен ол? (*Жартасқа Рахима да шығады. Тамашалап*). Рахима! Сәулем, келші маған! (*Қолын созады. Рахима жартас-тан секіріп, Тоқаштың қолына құлайды, ол құшақтап бауырына қысып, сүйеді. Сол көтерген қалпы қуанып, дөңгеленіп билейді.*) Сағындым сені, асыл жарым... Құшайын сені, сүйейін сені, әлпештейін, мөлдір таза махаббатым!.. Осы бір таңғажайып тамаша минутым созыла берсе екен. Уа, өмір, зымырамашы сағаттай. Тоқташы, мен жарымды сүйіп осылай тұра берейін. (*Екеуі күледі.*)

Р а х и м а. Тоқа, мен бүгін бақыттымын! Менің бақытым — сен! Сен келдің, менің өміріме күн де шықты. Сенің жүзің жүрегіме қуаныш нұрын септі!

Б о к и н (*жерге түсіріп, құшақтап*). Ертең бұдан да бақытты боламыз! Ертең зар заман қирайды. Екеуіміз қайтып айырылыспай, қолтықтасып жаңа өмірге сапар шегеміз! (*Даусын өзгертіп.*) Мен сені Алматыға алып кетем. Сен оқу оқисың, ән саласың! (*Екеуі мәз, шаттана күледі.*)

Р а х и м а. Шын ән салам ба?.. Тоқа, өткен түні мен түс көрдім... Сен айтқандай, биік таудың басында жалғыз ән сап тұрмын!.. Сені шақырып жатып оянып кеткенім... Содан бері жүрегім қобалжып, сені аңсай берем...

Б о к и н. Сен ән саласың. Алматыда бүкіл халық ал-

дында ән саласын! Сенің әдемі дауысың бүкіл қазақ елі түгіл, Россияны жаңғырқтырады әлі!

Рахима. Сол күнді асыға күтем, Тоқа!.. *(іле өзгеріп.)* Сені көріп, бүкіл дүниені ұмытатыным-ай!.. Тоқа, біздің ауылға құзғындар жиналып жатыр... Ішінде қаладағы Зәкір бай, Ыбырайым мырза да бар... Соны... Есіңе сап...

Бокин. Олардың күні санаулы, Рахимаш. Қорықпа!.. Сен солардан қорқып келдің бе, әлде?..

Рахима. Неге екенін білмеймін... Сағынып... Жүрегім дамыл таппай... Сенің осылай жүргенің әлде мені үрейлендіре ме?.. Тоқа, сен менен басқа... сүйдің бе?

Бокин. Жоқ, менің өмірде сүйгенім жалғыз ғана сен!.. *(Құшақтап сүйеді.)*

Рахима. Мені тағыда ұмытып кетпейсің бе?.. Жарк етіп көрінесің де, жоқ боласын...

Бокин. Жоқ жаным, аз қалды. Шыда!

Яшайло *(сығалап тұрып, іштей)*. Ән сала ма? Жылай ма?.. Бұл екі киікке тұзақ құрса дейім!..

Кетеді. Екінші жақтан жүгіріп шабарман кіреді.

Шабарман. Тоқаш төре, сізді... *(Рахиманы көріп, сасып.)* Ә, Рахимаш... Тоқаш төре, сізді Сәт ақсақал шақырады. Үлкен мәжіліс құрмақ.

Бокин. Мақұл. *(Шабарман кетеді.)* Рахимаш, бұл не мәжіліс?

Рахима. Бармасаң қайтеді?

Бокин. Неге?.. Әкеңе сенбейсің бе?

Рахима. Әкем аңқау. Адал. Кім көрінгенге сенеді. Қаладан келгендердің сиқы маған ұнамайды. Әсіресе Зәкір... Он алтыншы жылы оның уытты тырнағы әкеме батқандай болып еді. Ұмытқан тәрізді.

Бокин. Нар тәуекел. Шақырған соң бармауға болмайды.

Рахима. Жаныңа серіктеріңді алсаңшы. Құрыш қайда?

Бокин. Серік! Менің серігім — сен!..

Рахима. Жоқ-жоқ. Мен жалынам. Жалғыз бармаңыз!

Бокин *(күліп, құшып)*. Рахимашым, шын досым. Әрине жалғыз бармайым... Құрышпай! *(Шақырады. Құрышпай келеді.)*

Құрышпай. Құлағым сенде, жолдас комиссар!

Б о к и н. Жігіттерінді ертіп, қазір ауылға бар! Күз-ғындар жиналып жатса керек-ті. Сақ болындар!.. Мен де сонда барам.

Құрышпай бөлек кетеді. Рахима мен Бокин құшақтасып бірге шығады.

Ш ы м ы л д ы к

Е К І Н Ш І П Е Р Д Е

Т ө р т і н ш і с у р е т

Алатау. Ауыл. Сәт үйінің алды. Бақша. Үлкен үйдің мүйісі көрініп тұрады. Бақша ішінде бастырма. Перде ашылғанда Сәт пен Рахима үйден шығып, әңгімелесіп тұрады.

Р а х и м а. Неге шақырдың? Керегі не? Жазым боп кетсе қайтесің?

С ә т. Қарағым балам, сезіп тұрмын жел қай жақтан екенін... *(Мысқылдап.)* Миыңа құйып кеткен-ау, тегі.

Р а х и м а. Әке, сіздің досыңыз Зәкір мен Ыбрайым емес. Тоқаш! Кеше абақтыға түскенде қайсысының жаны ашып еді? Солар емес пе еді, елді көтерген Сәт деп аяғына кісен салдырған?.. Қасқыр адамға дос болмайды.

С ә т. Ей, балам-ай, сен не білесің? Қазіргі заман қырық пышақ болатын заман ба? Ынтымақ керек. Ынтымақ түбі — бірлік.

Р а х и м а. Болмадың ба, әке!.. Тоқаш жазым болса, ер азаматтың жас тілегі, арманы мойныңда! Бұл өте ауыр жүк, байқап бас, әке!

(Осы кезде бір мүйістен Зәкір мен Яшайло шығып, бұл екеуінің сөзін тыңдайды.)

С ә т. Бар шырағым, қонақтың тамағын әзірлет! Менің тісім бүгін шыққан жоқ. Сәт атанғалы елу жылдан асты. *(Екеуі кейін бұрылып, үйге кіріп кетеді.)*

З ә к і р. Ух, кәлләнді! Мынау неткен сұлу, неткен пәзік жан! Қордың қызындай ғой! Аанада Шақан молла айтқанда сенбеп ем...

Я ш а й л о. Кеш қалдың, мырзам!

З ә к і р. Кеш?.. Құда түсіп қойып па?

Я ш а й л о. Бүгін осы сұлуды Тоқаш төренің құшағында көрдім.

З ә к і р. Ә, Сәт екең Тоқашты үйіне қондырып, қызын қойнына сап, қан-жыны біржола араласқан деңіз. Бәсе,

өзім де солай-ау деп топшылап ем... Уақасы жоқ, ебін тапсаң қар жанады. Бұл сұлу менің ордамның көркі болады.

Яшайло. Сонда алып қашпақсыз ба?

Зәкір. Құда түсер дейсің бе?.. Саған жүктейім, Яшайло! Ертең әкеп менің қойныма салсаң, сұрағаныңды аласың.

Яшайло. Құп, мырзам!.. Сонда шын ғашық боп қалдыңыз ба, жоқ кек алу ма?..

Зәкір. Ух, кәлләнді! Сен білмейтін жердің жеті қабат астында-ау. Сәттің шаңырағын ортасына түсіргім кеп тұр... *(Сыбырлап.)* Ал, енді сен қазір қалаға зымыра! Тез жет. Капитан Марковқа хабарла. Тоқаш осында дел

Екеуі кетеді. Іле Жайнақов пен Сәт үйден шығады.

Жайнақов. Қонақтар отыра тұрсын, әуелі өзара келісіп алайық та, Сәтеке!

Сәт. Келісетін дәнemesі жоқ. Кеше халықты зар жылатқан, еліміздің шаңырағын ортасына түсіріп, күлімізді көкке ұшырған атаманға мен бүгін қол бере алмайым... Жоқ-жоқ, атама! Хан көтерген, дәріптеген сендер-ақ сонымен тіл табысып, дос бола-ақ қойыңдар! Бірақ, қазақтың: «Жалынсаң жау басынар» дегенін ұмытпандар!

Жайнақов. Ойпырмай, Сәтеке, сіздің де теріңіз тар ма еді? Бұл амалсыздан жүгінген жүгініс. Неге түсінбейсіз?.. Әне, Қоқандағы жерлестеріңіздің не халде екенін естідіңіз бе?.. Жекеленем деп омақата құлап, жан тәсілім берді. Екі жаудың қайсысы қазір бізге қауіпті? Қайсысы зиянсыздау, соған қарай жантайық деген қулық. Түсінбейсіз бе? Большевиктерден гөрі атаман...

Сәт. Аллаңнан ойбайым тиыш деп, сол атаманнан жеке отырып шай ішкенім тыныш болар тегі... *(Сәттің соңғы сөзін естіп қалған Зәкір кіріп кеп, булығы сөйлейді.)*

Зәкір. Етегіңді желпімей тартыла сөйле, Сәт! Сенің де сырың белгілі боп қалды... Бокинді қолыңа қондырып, қаршыға қып ұстаған екенсің. Артын ойла. Қап, әттеген-ай деп, бармағыңды тістеп жүрме! Сенің арқа сүйейтінің Бокин емес, мына Ыбрайым. Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын!

Сәт. Шешенсіме, Зәкір! Сен екеуің бүгін маған ақыл үйретуге келдіңдер ме? Сол ақылдарың он алтыншы жылы қайда қалды? Атаман Жетісуды өртеп, ел шетке қа-

шып жатқанда қайда бұқпантайлап қалдыңдар? Кінәла-
сып керегі жоқ, кінә арты дау.

Жайнақов (*Зәкірге көзін қысып*). Садаған кете-
йін, Сәтеке, сөзіңнен. Ақыл үйретуге келгеміз жоқ, ел
ағасы деп ақыл сұрай келдік. Ел боп, алаш туы астына
жиналайық дейім;

Үйден ақсақал, қара сақал, молдалар шығады.

Сәт. Е, манадан бері осы сөзден бастамайсың ба,
атаман-сатаманда нең бар. Өзіміз ел болайық та, шыра-
ғым...

Батыл басып, Бокни кіреді. Жайнақов айбынынан сасып қалады,
Зәкір қабағын түйеді.

Бокни. Ассалаумаликум! Орта толсын!

Сәт. Кемістігі сенімен толсын.

Бокни. Шынжыр балақ, шұбар төс бай манаптың
кемтігі менімсі толмас. Кемістіктеріңді толтыру үшін, не
Зәкір сияқты ел басына ауыр күн туса жаумен бірге то-
нап, баю керек. Немесе, мына Ыбрайым мырза сияқты
халқының бақытын сатып, мансап сатысына өрлеу керек.
Оған менің дәрменім жоқ. Сәт аға!

Зәкір. (*қамшысын үйіріп, іштей*). Ух, кәлләнді! Ті-
лінің удайын! (*Дауыстан Сәтке*.) Сәт, немене, бізді бок-
татуға шақырдың ба? Олай болса, біз кетейік!

Жайнақов (*мысқылдап*). Тоқаш төренің ерке м-
незін білмейсіз бе, Зәкір ақсақал? Тілде буын бар ма?
армансыз сөйлеп қалсын!

Бокни. Ыбрайым мырза, жыланнның тілі айыр, жы-
лан мінезді адамның сөзі айыр дейтін Жамбыл ақын.
Мені еркелетіп қайтесің, тентек ем, еркелейім деп төбең-
ді ойып алсам... (*Кекете күледі*.)

Зәкір. Ыбрайымды білмейім. Біз өзіміз әлі адам тү-
гіл, құдайдың да еркелігін көтеріп көргеміз жоқ!

Бокни. Жүйесіз сөз иесін табар деген осы. Зәкір
бай, етегіңді түріп артыңа бұрылып қара! Он алтыншы
жылы кім еді Үшқоңыр тауының бауырында саған дүре
соққан? Қалай айтасың еркелігімді көтермедім деп!

Зәкір (*теріс айналып, күбірлеп*). Ух, кәлләнді!.. Ке-
зек келер, бізге де күн туар!.. Күш сынасатын жер әлі
алда!

Сәт. Ат төбеліндей қазақтың оқыған азаматтары ал-
ты бақан ала ауыз, қайда барып оңар екеміз... Неге ұқ-
пайсындар осы сендер: «Алтау ала болса ауыздағы

кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер» деп, бұрынғылар тегін айтпаған болар. Не болды осынша қырылысып?

Ж а й н а қ о в. Садаған кетейін, Сәт аға! Сөзіңе құлдық. Көріп тұрсың ғой осы арада кім кінәлі? Алдына келсең тістейді, артына келсең тебеді. Бізде не жазық бар?.. Татулық керек дедің, оған көндік.

Б о к и н. Буынсыз жерге пышақ салмаңыз, Сәт аға! Ыбрайым екеуіміздің өмірдегі жолымыз екі басқа. Бұл өмір бұлағын өзім билеп, зәмзам суын өз қолыммен таратсам дейді, мен: «кел, сусын іш, шөліңді кандыр, бұл бұлақтың көзі терең, суы таусылмайды, халқым, сенің тілек-арманың» деп жөн сілтесем дейім... Зәкірдің сандыққа салған ақшасы сияқты, халық бақытын кілттеп ұстасам, өз қажетіме жаратсам дейді. Ал, мен кілтті өз қолдарына беріп: «Мә, ашып ала бер, іздегенің осы!» дегім келеді.

Ж а й н а қ о в. Өз қалтаңнан шықпаған соң жомарт болып тұрсың ғой, Тоқаш! Ол зәмзәмнің иесі де бар емес пе?

Б о к и н. Қімде-кім қолына кетпен ұстап, ертеден кеш бұлақтың көзін тазаласа, сол ие!

Ж а й н а қ о в. Сәтекең айтқандай, ат төбеліндей бишара қазақты жіктеп, тап-тапқа бөліп, біріне-бірін айдап сап, араларына от жағып жүретін әдетің еді. Сол райыңнан әлі қайтпаған екенсің.

Б о к и н. Бөлем! Неге бөлмейім? Сен мына бұғағы түсіп, шүйкесі шыққан қарындар көгерсін, осыларға болса екен дейсін. Ал, мен мына аш-жалаңаштар көгерсе екен дейім... Әркім өз ұшқан ұясын жақсы көреді.

М о л д а. О, алла! Тоқаштай, кәфір боғаның ба, бірліктен қашып?

С а у д а г е р. Неге тұрмыз осы арада ауыз ауыртып. Аттанайық!

Б а й. Иә, көпті сөккен көгермес. Сәтті де білдік, әдейі келгенде, көрсеткен сыйлығы осы ма? Кестік ат құйрығын! Жүріңдер!

Ж а й н а қ о в. Бірлік сөзге келмедің ғой, Тоқаш. Осының сазайын тартарсың, қашан айтты деме!.. Жүріңдер, ақсақалдар!

Б о к и н (*соңынан күліп*). Ыбрайым мырза, менің қамымды жемей-ақ қой! Күш сынасар күн әлі алда!

Д а у ы с т а р:— Уә, жарайсың даңғылым!

— Бәсе, сүйдеші мүлдем тегі!

Ш а л. Халық тілегі дуалы, әкем! Құдай бетінді дүзеп,
әмсе жолың болғай-ақ та!

Бәрі үйді айналып шыға береді. Зәкір қипақтап айналшықтай түседі.

С ә т. Не болды саған, шырағым? Елдіктен қалдық қой... Татуластырмақ боп әдейі шақырдым, ақ ниетімді табаныңа бастың. Жұрт алдында менің сағымды сындырып, белімнен аттап өттің. Не қылған қатты жан едің? Өшің бар ма еді менен ала алмай жүрген? Қайтар ана ел ағаларын!

Б о к и н (*қарқылдап күледі*). О, аңқау, бейқам сорлы! Кімнің кім екенін осы күнге дейін айыра алмай келгенің бе? Бұлармен бүгін татулассам, ертең мені атаманға ұстап береді. Құным бір-ақ тиын.

Яшайло бастаған солдаттар жан-жақты қоршап, ағаш-ағаштың арасынан мылтықтарын кезеп шыға келеді.

М а р к о в (*ар жағынан білдірмей кеп*). Әрине, бір-ақ тиын! Қозғалма! Қозғалсаң атам!

Б о к и н. Ә, капитан Марков?! Ескі досым, әзілдейтін боларсың?

М а р к о в (*кейін шегініп*). Көтер қолыңды!

Б о к и н (*күліп*). Неге шегіндің, капитан? Мен құр қол адаммын.

М а р к о в (*солдатқа*). Тінт! Байла қолын!

Б о к и н. Айланды асырдың, қапыда қолыңа түсірдің! Міне, қолым! (*Қолын артына ұстайды. Зәкір кіреді*).

З ә к і р (*қарқылдап күліп*). Ха-ха! Кәне, кім кімге дүре соғар екен, Тоқаш төре?.. Арманым жоқ, осы бір кезенді көптен бері күтіп едім!

Б о к и н. Сәт аға, көрдің бе кімнің мені ұстатқанын?.. Бұлар мені адал ниетімен татулыққа шақырды дедің бе? Әдейі қақпанға түсіруге келгені белгілі боп тұрған жоқ па?

З ә к і р. Шешіндір, капитан! Мен біраз дүре соғып берейін!

С ә т (*ақырып*). Тәйт әрі, не деп тұрсың, қу саудагер!.. Ар-ұяттан безгенің бе? Кімге дүре соқпақсын. Аш көзіңді!

Д а у ы с т а р:— Үйірме қамшыңды, Зәкір! Басынба, біз де елміз мүлдем тегі!

— Қаран о яқ, бұ яққа!

Ш а л (*алға шығып*). Тоқашқа соққанша мына маған соқ дүрені! Тостым міне, арқамды.

З ә к і р. Капитан Марков, көрдің бе кімді жақтап тұрғандарын?

М а р к о в. Иә, Бокин тұқым-тамырын жайған екен, көріп тұрмын! Бұған кінәлі мына Сәт Ниязбеков. Бұған да бұғау түсетін күн онша алыс емес! (*Солдаттарға*). Алып жүріндер! (*Бокинді итермелеп, бәрі сахнадан шыға береді.*)

Б о к и н. Қош, Сәт аға! Рахимашқа сәлем айт! (*Кетеді.*)

С ә т (*басын ұстап отырып қалады*). Мен... Кінәлі мен!.. Ордалы жыланды бекер қозғадым... Шақты. Улады. Есіл ерім қор болды-ау! Алжыған екем, қас пен досты айыра алмадым-ау! (*Үйден жүгіріп Рахима шығады*).

Р а х и м а Әке, әке! Тоқашты ұстап әкетіп барады ғой?.. Сәнді-ау күнім! (*Тұра жүгіреді айғайлап.*) Тоқта, Тоқаш! (*Сатырлап шауып бара жатқан дыбыс естіледі. Рахима сахнаға қайта оралады. Жүгіріп, асып-сасып Яшайло кіреді.*)

Я ш а й л о. Ойбу, алып кетті-ау! Енді қайтейін, жазған басым. Сәт мырза, Құрышпай қайда? Хабарлайын. (*Сәтте үн жоқ, Рахимаға.*) Айт дейім, қайда? Тез барып хабар берейін!

Р а х и м а (*ойланып*). Ә, кімге хабар бересің?

Я ш а й л о. Құрышпайға!.. Қусын соңынан. Жігіттер қайда? Көрсет жолды, мен барайын!

Р а х и м а. Иә, неге қумайды бұлар? Жүр бері! (*Қолынан ұстап сахнаның шетіне шыға бергенде, қарсы Зоя шығады.*)

З о я. (*Рахимаға*). Сен кімсің?

Р а х и м а. Өзің кімсің?.. Мен Рахима!

З о я. Маған капитан керек. Көрмедің бе?

Я ш а й л о. Капитан Марков пе?.. (*Таңдана қарайды, екеуі арбасады.*)

З о я. Иә... Мана екеуміз бірге шығып, мен өзен жиегінде қалып едім. Ұмытып тастап кетті ме дейім!

Я ш а й л о. Осы жобаңыз дұрыс. Жаңа ғана Бокинді тұтқындап, асығыс шығып кетті.

З о я (*іштей*). Кеш қалған екем, әттеген-ай! (*Дауыстап.*) Бокин? Ол кім еді?

Р а х и м а. Ол — менің өмірімнің бақыт жұлдызы, тіршілігімнің тірегі! Жастығымның арман тілегі еді,

орыс қызы, капитанға жақын болсаң рахымыңды тигіз!
Жас-жастың тілегі бір...

З о я (*іштей*). Осы бір сөз менің де тілімнің үшінде тұр. Мен кімге айтайын! (*Дауыстап.*) Қолымнан келсе...

Р а х и м а. Келеді. Сен, орыс қызы, өмірінде жігіт сүйіп көрдің бе?

З о я (*күледі*). Қазір де сүйемін.

Р а х и м а. Ендеше менің жүрегімді түсіндің ғой?

З о я. Сезінемін, таныс жүрек!..

Р а х и м а. Онда сенің қолыңнан келеді. Жақсыдан шарапат... Саған алладай сиынайын! Тілеуінді тілеп, өмірбақи табынайын!

З о я (*құшақтап, жыламсырап*). Осы сөзді мен саған айтар едім, егер... (*Айта алмай булығыады.*) Сен орында-саң...

Р а х и м а. Не дейсің, орыс қызы? Сен де сүйесің бе?

З о я. Иә, мен де сүйем! (*Рахима шегіне бастайды.*) Бірақ, менің сүйгеніме қолым жетпейді, алыстағы жүл-дыздай. (*Бекініп.*) Жақсы! Тілеуінді тіле;

Р а х и м а. Жоқ, мені ала кет! Мен сенімен қалаға бірге барам. (*Жан-жағына алақтап, әкесін көріп, қасы-на жүгіріп барады.*) Әке, әке, мен кеттім қалаға! (*Сәтте үн жоқ.*) Сұлуым, тоса тұр. Қазір киініп шығам. (*Зоя мен Яшайло шыға береді.*)

Я ш а й л о (*тоқтап, іштей*). Пай-пай, мынау бір қан сонарда түскен ізді, қандай аңшы кесер екен?

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бесінші сурет

Контрразведканың кеңсесі. Үстіңгі этажда — Марковтың кабинеті. Түпкіде бақшаға шығатын шынылы веранда. Оң жақта тыстан кіретін баспалдақты есік. Бокин жатқан астыңғы этажда — бір кісілік камера. Сол жақтағы есіктен астыңғы этажға қатынасады. Оң жақта күзетші жүретін тар дәлізді, жоғары көтерілетін баспалдақтың шеті көрініп тұрады. Кеш. Жаңбыр. Шіркеуден соққан қоңыраудың дауы-сы естіледі.

Перде ашылғанда Марковтың кабинетінде, диванда Зоя отырады. Телефонды үрлеп жас поручик тұр.

П о р у ч и к (*телефонды іліп қойып*). Штаб жауап бермейді Қайда кетті екен атаман?

З о я. Поручик, шам жағыңыз!

Поручик. Қараңғыда қорқасыңыз ба?.. Шіркеу де қаттырақ соғып кетті...

Зоя. Онысы несі екен?

Поручик. О, естімеп пе едіңіз?.. Большевиктердің ірі басшысының бірі — антихрист қолға түсті ғой. Соған болар...

Зоя (білмегенсіп). О кім деген?

(Телефон шылдырайды. Поручик төргі қабырғада ілулі тұрған телефонға тұра ұмтылады.)

Поручик (Зояға). Бокин деген... (Телефонда.) Алло!.. Тындап тұрған поручик! Не дейсіз?.. Қазір! (Телефонды іле сап, Зояға.) Мені шақырып жатыр, сіз кетпеңіз. Капитан да келіп қалар... (Шығып кетеді. Зоя Марков столының суырмаларын тез-тез ақтарып, бір қағазды суырып алады.)

Зоя. Мәрі бар қағаз... Қерегі болар... Тоқаштың өмірі қарта ойынындағыдай, көнде тұр. Кім ұтады?.. Иә, кеше жарты сағат бұрын жеткенде құтқарушы едім... Өзім кеш біліп қалдым. Менен жазық бар ма?.. Үйтсе де, бұлардың ішінде бізден жүрген жалғыз мен. Жазатайым бірдеме боп кетсе, айып та, кінә да, қайғы-қасірет те менің басымда!.. Нендей айла, тәсіл тапсам... тірі қалады? Әй, бұл үйден аман жарық көруі неғайбыл-ау!.. Өмірде бағымды сынап көрген жоқ едім, жұмдым көзімді... (веранда арқылы бақшаға өтеді. Сол жақтан асығыс-үсігіс капитан мен поручик кіреді.)

Марков. Қайда, кәне? Жоқ қой!

Поручик (сасып.) Жаңа осында отырған. Жер жұтып кеткен бе? (Ауызғы бөлмеге қарайды.) Мұнда да жоқ.

Марков (іштей). О сайқал неге келді екен? (Дауыстан) Поручик, оңаша неге қалдырасын? Білесің бе оның кім екенін?

Поручик. Атаманның балдызы емес пе?

Марков. Кім болса да сенуге болмайды. Басқан ізінен көзінді алма! Кешегі алған мәліметке қарағанда, Бокиннің ауылында да болған. Не іздеп барады онда? То-то... Поручик, алып кел әлгі қызды! (Поручик тез-тез басып шығып кетеді.) Осы жолы қақпаныма түсерсің, Зоя Сергеевна! Баяғыда Петроградта мені осы Бокинге айырбастап кетпеп пе едің? Әлі есімде, ұмытқам жоқ! Менсінбедің... Қорладың... Байқа, сұлу! (Күледі, іле сергін.) Не ғып бүгін күйреп, жасып кеттім. Енді бұл қызға

менен рақым жоқ! Бұл біздің арамыздағы большевиктердің барлаушысы. Содыр атаманда ес жоқ, көзін махаббат шелі басқан! *(Рахиманы ертіп поручик кіреді. Марков қызға таңдана қарайды.)* Иә, кімсің? Не керек?

Ра х и м а. Мен ауылдан келдім. Оңаша айтпақ сөзім бар.

М а р к о в *(поручикке.)* Бара тұр. Астыңғы камераға барып, жауап ала бер!.. *(Рахимаға.)* Иә?.. Қандай көрікті едің?

Р а х и м а. Тақсыр, мен... Тоқаш Бокиннің қалыңдығы едім.

М а р к о в *(жұлып алғандай).* Солай ма? Кездесуге келіп тұрсың ба?.. Рұқсат берілмейді! Білесің бе оның кім екенін?

Р а х и м а. Білем. Ол ақ жүрек, адал жан... Босатып жіберіңіз: сіз орыс, ол қазақ. Сізге қас емес. Екі алмақ, бір бермегі жоқ. Қайтесіз әурелеп...

М а р к о в *(күліп).* Өзің батыл қыз екенсің...

Р а х и м а *(батылданып).* Мен сізге сый-құрмет көрсетейін. Міне, *(қалтасынан бір дорба алтынды көрсетеді)* осының бәрі сіздікі! Алыңыз, алыңыз!

М а р к о в *(ашуланған боп).* Пара бергің келді ме? Бокинмен қатар отырғызып қояйын ба?

(Веранда есігінен Зоя сығалып тұрады.)

Р а х и м а. Менің одан жаным артық емес. Отырғызыңыз!

М а р к о в. Жарайды, сұлу қыз екенсің, ойын. Жалғыз-ақ сен шыныңды айт: кешегі ауылыңа барған орыс қызы не деді, неге барды, білесің бе?

Р а х и м а. Орыс қызын көргем жоқ.

М а р к о в. Неге өтірік айтасын, екеуің қалаға бір қайтыпсындар ғой?

Р а х и м а. Тақсыр, сіз сияқты үлкен ұлық та ұсақ сөзге үйір екен-ау... Оданда мә, мына алтынды ал да Тоқашымды босат. Бір-ақ күнде байисыз! *(Алтын, сақина, жүзіктерді стол үстіне төге салады.)*

М а р к о в *(сасып.)* Есің дұрыс па? Мыналарың не?

Р а х и м а. Ал, ал! Саған әкелдім. *(Марков шыдай алмай, алтынды қойны-қоншына тыға бастайды. Бір білезік жерге түсіп кетеді. Марков тізерлеп, еденді жорғалай іздейді. Осы кезде Зоя шыға келеді. Рахима екеуі біріне-бірі ым қағысады.)*

Р а х и м а. Сіз куә болыңыз. Егер алтынды алып, То-

қашты шығармаса, атаманға шағым берем. Қош тақсыр, кешке дейін жауабын күтем. *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

З о я *(кекетіп)*. Контрразведканың начальнигі, капитан Марков пара алған жерінде ұсталды деген осы!

М а р к о в *(сол қалпы, зәресі ұшып, қарайды)*. Зоя Сергеевна, сіз осында ма едіңіз?

З о я. Бәрін көрдім. *(Орындыққа отырып, аяғының астында жатқан білезікті аяғымен баса қояды.)*

М а р к о в *(орнынан атып тұрып)*. Сіз ештеме де көрген жоқсыз!

З о я. Жок, көрдім. Мынау не? *(Білезікті жерден жылдам көтеріп ап, көзіне көрсетеді. Анау ұмтыла бергенде сумкасына сала қояды.)* Пара?!

М а р к о в. Зоя Сергеевна, орынсыз әзілдің керегі не? Бұл іске тігілетін заттай куәлік. Бері беріңіз!

З о я. Жок, мен мұны қазір шақырып ап атаманның өз қолына табыс қылам! *(Телефонға ұмтылады.)*

М а р к о в *(наганын суырып ап)*. Тастаныз телефонды! Айтып үлгірмейсіз, о дүниеге сапар шегесіз. Керегі не окпен ойнап! *(Атаман кіріп келеді, қасында поручик бар.)*

М а л ы ш е в *(ақырып)* Доғар! Бұл не бассыздық! *(Катал.)* Сал қабына! *(Марков салады.)* Зоя Сергеевна, не болды? Не қыл дейді саған?

З о я. Әуелі тінткізіңіз! Қалтасы толған алтын!

М а л ы ш е в *(поручикке)*. Тінт! *(Ол тінтіп, алтын білезік, сақиналарды әр қалтасынан суырып алады.)*

З о я *(сумкасын ашып)*. Міне, мынау да осының алтыны. Жаңа осында елден келген бір қыз әкеп берді. Туысқаны абақтыда отыр ма, немене, соны шығарам деп уәде берді.

М а л ы ш е в *(жақын барып)*. Сволочь!.. Сенімен оңаша сөйлесем!.. Поручик, ана ауызғы бөлмеге апара тұр. Өзім шақырам. *(Олар кетеді.)* Бұл не деген сұмдық? Россияны құрытқан осылар!.. *(Ерсілі-қарсылы жүреді.)* Зоя Сергеевна, ғафу ет, мені іздеп келіп пе ең?

З о я. Әрине, қайтайық. Үйде Никола да жалғыз. Нянжасы шіркеуге кеткен.

М а л ы ш е в. Менің тығыз шаруам бар, тез қайтам... Көрмейсің бе, сенуге бола ма?..

Поручик кіреді.

Поручик. Ваше превосходительство, сізді полковник Жайнақов сұрайды.

Малышев. Жібер, келсін! (Поручик құп деп шығып кетеді. Зояға.) Зоя Сергеевна, мүмкін сіз үйге қайтарсыз?

Зоя. Жалғыз қайтпайым! Қызметке кіріссеңіз мені ұмытатын әдетіңіз...

Малышев (басын шайқап). Болмас, болмас! (Жайнақов пен поручик кіреді.)

Жайнақов. Сәлеметсіз бе, Ваше превосходительство! (Зояны көріп, басын иеді.) Алаш комитеті мен дін иелерінің өтініші бар еді Бокин жайында...

Малышев (сөзін бөле). Кешірім сұрай келгеннен амансың ба, әйтеуір?

Жайнақов. Ваше превосходительство, эзіл сөз ғой. (Зояға жақтырмай көз тастайды.)

Малышев. Айта бер. Зоя Сергеевна өзіміздің адам.

Жайнақов. Тоқаш Бокин қазақ шаруаларының арасында беделі де, атағы да бар адам. Оның өлімі ел ішінде пыш-пыш сөз тудырып, бетке шырмау түсіріп жүрмесін деген қауіп... Егер ол большевизмнен қол үздім, мұсылман дініне берілдім деп ант ішіп, қолынан хат-қағаз беріп, дарға асылса халық көзінде оғаш та көрінбес еді... Осы себептен де Бокинге молла жіберсек пе деген ұйғарым бар.

Малышев. Е, бұл жақсы табылған ақыл. (Поручикке.) Молла жіберт кешке Бокиннің камерасына.

Поручик. Құп, Ваше превосходительство!

Зоя (іштей). Молла?.. Қазір жетуім керек. Бір айла жасамаса бүгін түнде қауіп! (Дауыстан.) Андрей Васильевич, басым ауырып кеткені... Қайтсам...

Малышев (ұшып тұрып). Мана айттым ғой... Пәуескеге мін де... қайт, қымбаттым! (Қолын сүйіп.) Поручик, Зоя Сергеевнаны мінгізіп жіберіңіз! (Зоя мен поручик шығып кетеді. Малышев телефон соғып.) Алло!.. Тұтқынды әкеліндер!.. Айтқандай, Жайнақов мырза, сіз де кетпеніз. Бокинмен тілдескім кеп тұр. Қарысып, жауап бермейді дейді.

Жайнақов (басын иіп). Құп, Ваше превосходительство! (Екі қару асынған қазақ Бокинді алып кіреді. Жайнақов бұрышқа барып отырады. Бокиннің үсті-басы қан, жара.)

М а л ы ш е в. Бокин! Дағдыр деген осы, екеуміз тағы кездестік. (*Шекесінің жарасын көрсетіп.*) Мына жара есінде ме?..

Б о к и н. Әлбетте, Ваше превосходительство! Сіз бұл жара үшін патшадан орден алдыңыз, герой атандыңыз. Неңіз кетті?.. Ал, сіз қырған қазақтың қыршын жас жігіттері, зеңбірек оғынан күлі көкке ұшқан момын халық, сәби бала тіріле ме?

М а л ы ш е в (*ақырып*). Тарт тіліңді! Бұл үй сенің ауылың емес, беталды лағатың;.. (*Дауысын өзгертіп.*) Бокин, әр ғасырда, әр үкімет тұсында айыбын мойнына ап, кешірім сұрап, сырлас серіктерінің атын атаған тұтқынға әр қашан жеңілдік жасалған. Білесің ғой өзін, бір кезде сотта тілмәш та болдың.

Б о к и н (*мысқылдап*). Серіктерімді атап қайтесің, атаман. Абақтыңызға сыймай жүрер.

М а л ы ш е в. Оған сен қам жеме, орын табам.

Б о к и н. Маған серік, сырлас, дос болған бүкіл Жетісудың еңбекші ұлдары — қазақ, орыс, қырғыз, ұйғыр. Атаманның азабына, езуіне шыдамай, ашынған жан-дар!

М а л ы ш е в. Қиқар сөзді қайтесің, Бокин. Бір аяғың көрде тұр. Ертең ерте дараға асыласың! Онанда жалын. Аяғымды сүй!

Б о к и н. Әйтеуір дарға асылам екем, басымды иіп қайтем.

М а л ы ш е в. Мүмкін, жалынсаң, кешірім жасап тірі қалдырармын.

Б о к и н (*мысқылдап*). Сіз маған кешірім жасап, тірі қалдырсаңыз, оны қорлық деп ұғып, ол өміріме қарғыс айтам.

М а л ы ш е в. Естіп тұрсың ба, Жайнақов мырза? Өмірді тым арзан бағалайды. Өлуге асыққан адамды көргенім осы...

Б о к и н. Еңбектеп, аяқ жалап күн көру Жайнақов мырзаға лайық. Адам басын жоғары көтеріп, екі аяғымен жүруге жаралған. Бұл адамның адамшылық қасиеті....

Ж а й н а қ о в. Сенің де адамшылығың белгілі, Бокин. Халық мүддесін қорғаймын деп, халық атынан сөйлеп кеуде қаққанда сондайсың. Ал, халықты қорғауға келгенде мысықтай көзінді жұмасың. Тағыда көтеріліс шығарып, қан төкпексің... Есінде болсын, Бокин, ертең

большевиктер көтерілсе қан судай ағады. Жауапты сендер. Сен!

М а л ы ш е в. Үкімет тізгінін оңайшылықпен қолдан шығармаймыз.

Б о к и н. Көтерілген халық тасыған судай. Оны тоқтату, атаман, ешкімнің қолынан да келмейді. Россияны үш жүз жыл билеген Романов тұқымы бір-ақ күнде тақтан ұшып кеткен. Одан сен мықты емессің, атаман!

М а л ы ш е в. Көрерміз. Жетісуда кімнің білегі жуан, сол қожа! Оны сен жақсы білесің... Жарайды, айтысты қояйық. Әлі де кеш емес. Бокин! Айыбыңды мойныңа алып, басты-басты серігіңнің атын атап, қай жерде тұрған адресін айтсаң болды.

Б о к и н. Манадан бері осылай демейсің бе?

М а л ы ш е в (*сенер-сенбесін білмей, Жайнақовқа қарап*). Көрдің бе, қазақ айтпай ма: «қалауын тапсаң қар жанады» деп... Тілін тапсаң...

Б о к и н. Жаз қағазға!

М а л ы ш е в (*поручикке*). Жаз!

Б о к и н. Менің бірінші сыбайласым, атаманға қас адамның бірі мына отырған Жайнақов мырза!

(*Малышев ұшып тұрады, Жайнақов қолын ербеңдетеді.*)

Ж а й н а қ о в. Ваше превосходительство, көрдіңіз бе келемеждеп тұрғанын?

М а л ы ш е в (*нағанын суырып ал*). Дізерле! Жалын! Оңбаған бұзық!

Б о к и н (*келемеждей күліп*). Ашулану, ақыру — атаман, әлсіздіктің белгісі. Күнің өтіп бара жатқанын жүрегің сезінетін болар?

М а л ы ш е в (*ақырып*). Қысқарт енді! Әйтпесе, атам!

Б о к и н. Бас кессе де тіл кеспек жоқ!..

Ж а й н а қ о в. Осыған қолды былғауға тұра ма, тақсыр!.. Тентектің ақылын есіне түсіруді Марков пен маған беріңіз!

М а л ы ш е в (*нағанын қабына сап, поручикке*). Алып кет, жап! (*Поручик солдаттарға ым қағады, олар алып кетеді.*) Поручик!.. Капитан Марковты шақыр! (*Поручик ауызғы үйге барып, Марковты ертіп келеді.*) Капитан Марков, саған берген жазам: Бокинді сенің еркіңе бердім. Таң атқанша қайткенде де сөйлет! Егерде сөйлетпесең, менен жақсылық күтпе!

М а р к о в. Құп, Ваше превосходительство!

Бұл бөлмеде шам сөніп, астында Тоқаш камерасы жағылады. Алакөлеңкеде Марков пен поручик екеуі Тоқашты сүйрелеп әкеп, қайтадан атып шығады. Шам жарқырап жағылып, анық көрінеді. Марковтың бет-аузы қан. Қолымен бетін басқан бойы асыға жоғары көтеріледі.

Поручик. Тісіңіз аман ба?

Марков. Ах, иті!.. Байқамай қалдым. Аяғы дәл күрек тісіме тиді. Босап тұр. *(Екеуі кетеді. Күзетші ерсілік-қарсылы жүреді.)*

Күзетші *(басын шайқап).* Ай-ай, қинады-ау... бишараны... Өзі де бір қайсар екен, дырау қамшымен жонын көкала қойдай қылса да, ыңқ етпеді. Тілін де тартпайды... Жаңа тегі, ыңғайы кеп қап, капитанды ауыздан шылкита тепкенге ұқсайды... *(Құлағын тігіп.)* Жаны бар ма? *(Ыңырсыған дауыс естіледі. Дәлізден сатымен үстінде ақ халат, қолында дәрі салған жәшік Зоя түседі.)*

Күзетші. Кімсің? Рұқсат қағазың бар ма?

Зоя. Міне, атаманның өзі қолын қойған рұқсаты. Дәрігермін, бесінші камерадағы тұтқынды емдеуге келдім. Тірі ме өзі?

Күзетші. Шала жансар...

Зоя. Сіз осы Осташкино селосынанбысыз?

Күзетші. Оны қайдан біле қойдыңыз?

Зоя. Иван Покудин деген жерлесіңізді емдегенім бар. Сонда сол селода көрдім ғой дейім. Ұмытпасам, көп жыл өтіп кетті оған бірақ...

Күзетші. О, ол екеуміз бала күнімізде поптың алмасын талай ұрлаған ек.

Зоя. Дос екенсіз ғой?

Күзетші. Бір кезде солай да едік. Қазір кім білсін, заман өзгеріп жатыр. Заманмен бірге адам да...

Зоя. Осында көптен істейсіз бе? Бала-шағаңыз бар ма?

Күзетші. Мен абақтыда надзиратель едім, аздан бері осында көшірді. Кейде он екі сағат та тұрып қалам. Жаз да шықты. Жеміс егу керек. Оған қол тимейді... Бала-шаға көп.

Зоя. Қиын екен. *(Сумкасынан ақша алып, қолына ұстата береді.)* Балаларыңызға сәлем-сауқат сатып алыңыз... Осындай таныс дәрігер беріп жіберді деңіз...

Күзетші. Тәңір жарылғасын, рахмет!

З о я. Тұтқынның жарасын таңып, дәрі-дәрмек бергенімше ешкімді жібермеңіз.

К ү з е т ш і. Саспаңыз, түсінем. *(Есікті ашып кіргізеді.)* Кірініз, доктор!.. Тегі мал болмайтын шығар. *(Камераға кіреді. Күзетші есікті жапқан кезде Бокинге төнеді.)*

З о я. Токаш!.. Тірімісін? Не істеген жауыздар? Қан... Жара!.. *(Қолы дірілдеп, ернін тістелеп, бинтті алып басының жарасын таңа бастайды.)*

Б о к и н. Зояжан!.. Ерлігіңнен садаға кетейін. Неге келдің? Қазір сені ұстап, жаппай ма?

З о я *(тез-тез толқи сөйлейді)*. Мен әдейі соған көніп, жүрегімнің әмірімен келіп отырмын... Иә, ол кейін... Берілме! Шыда!.. Қайтседе құтқаруға қам жасап жатырмыз... Ұруға шыдамай өліп кете ме деп келдім... Мә, дәрі, іші! Достарың сәлем айтты...

Б о к и н. Зояжан!.. Қандай ғажайып, таза жансың? Ермилов қайда? Көтеріліс... Бастала ма? Ұтылдық па?

З о я. Бүгін түнде... басталады. Ревкомда әуелі штаб пен осы сен жатқан мекемені алуға ұйғардық. *(Жоғарғы баспалдақтан Жайнақов пен Марков түседі.)*

К ү з е т ш і *(тағзым етіп)*. Ваше благородие, бесінші камерада дәрігер бар.

М а р к о в. Дәрігер? О не қылған дәрігер? Кім рұқсат етті?

К ү з е т ш і *(сасып)*. Атаманның өзі қол қойған рұқсат қағазы бар.

М а р к о в *(камера есігін шалқайта ашады)*. Қақпанға өзі кеп түсті деген осы ма?.. Мүмкін, қатар бір камерада отырарсыз, сұлуым!

З о я. Тым ертерек қуанып тұрсыз, капитан Марков! Мен сізге бағынбайым, тұтқындай алмайсыз!.. Міне, *(қалтасынан алып атаманның жазған рұқсат қағазын көрсетеді.)* Токаш, берік бол! Қош!

Б о к и н. Қош, Зоя Сергеевна!

(Зоя тез-тез басып, сатымен жоғары көтеріледі. Аңырайып тұрып қалған Марков баспалдақтан түсіп келе жатқан күзетшіге.)

М а р к о в. Жібермесін дәрігерді! Ұстай тұрсын де! *(Күзетші қайта бұрылып, шығып кетеді.)*

Б о к и н. Бұл дүниенің мұңкір-нәңкірлері, келдіндер ме жауап алуға?... Менен сыр тарту қиынға түсер. Босқа арам тер боп қайтесіндер.

Ж а й н а қ о в. Қойсаншы, Бокин, қалжақты. Екеуіміз саяси өмірде қанша жау, қас болғанымызбен ұлтымыз, дініміз бір емес пе!.. Сені мен аяймын. Тай жолыннан. Без большевиктерден. Өзіміздің қатарымызға кел, сені аман алып қалайық. Қол қойсаң, өлім жазасын бермейміз! Нең кетеді? Не бары екі-ақ ауыз сөз: «большевиктерден қол үзіп, мұсылман дініне қайта кірдім!» деген ғана. Осында не тұр?.. Адам өмірге бір-ақ рет келеді. Өліп кетсең шешеңнің көз жасы, жап-жас уыздай қалыңдығыңның арманы мойнында парыз боп кетпей ме?

М а р к о в. Рас, Бокин, бір кезде Петроград сияқты Россияның сәулетті орталығында да болдың. Ақ сүйектердің биін көріп, музыкасын тыңдадың... Шіркін, Петроград десеңші!.. Бокин, есінде ме, Зоя Сергеевна үшеуіміз офицерлер клубында билейтініміз?.. Сен мазурканы тамаша билейтін едің-ау...

Б о к и н. Сонда Зоя Сергеевна капитан Марков билеп жүріп аяқ басады деп, биге шақырғаныңда бармайтын еді. Оған капитан Марков намыстанып, маған алая қарайтын-ды.

М а р к о в (*тыжырынып*). Ах, ол кезде Зоя Сергеевнаның ниеті де, жүрегі де сенде болатын... Бокин! Маған бір кенет ой келді: Барға барасың ба? Қазір Зоя Сергеевнаны алдырайық!.. Музыка... би... шарап... қыз... Адам өмірде бір-ақ туады, ақырғы рет әдемі, қызық өмірмен қоштасып қал!..

Ж а й н а қ о в. Мен түсінем ғой, Тоқаш, сені! Ата баласы ғана емес, адам баласы болғың келетін шығар. Үйтседе, жастығымызды ұмытпайық. Емін-еркін отырып шерлесейік. Мүмкін, түсінісіп...

Б о к и н. Қашып кетсем, немесе, достарым кеп тартып алса... Атаман екеуіңді де менімен бірдей дарға аспай ма?.. Ол арасын қалайша жете ойламағасындар?

Ж а й н а қ о в. Өзің шын барасың ба, үйден таза киім-кешек алдырайын?

М а р к о в. Әлде Зоя Сергеевна емес, қалыңдығыңды алдырсақ па?.. Бокин, сенің қалыңдығың қандай сұлу! Бүгін маған келді ғой... сені шығар деп. (*Күледі.*)

Б о к и н. Рахима?.. (*Сахна сыртында Рахиманың әні естіледі. Күбірлеп.*) Рахимашым... келші... (*Марков пен Жайнақов бірімен бірі ымдасып қалады.*)

Ж а й н а қ о в. Тоқаш! (*Тоқашта үн жоқ.*) Тоқаш,

ант іш десен ант ішейін. Осы айтқандарды орындатайын, мына бір қағазға қол қоя салшы. *(Тоқашта үн жоқ.)*

Марков. Мә, қол қоя ғой! *(Қағыз бен қалам ұсынады.)*

Бокин *(Көтеріңкі)*. Дауылпаз дауысы саңқылдап қанат қағады, қара найзағайдай жарқылдайды, оқтай зымырап бұлтқа енеді, қанатымен толқындардың көбігін көкке ұшырады... Дауыл! Жақын арада дауыл соғады! Бұл батыл дауылпаз, жарқылдаған жай оғының аралығында, буырқанған долы теңіз өрінде өршелене қанат қағады. Майданды жеңістің жаршысы, саңқылдап жар салады; дауыл үдей соқсын!..

Марков. Үкімді өзіңе-өзің шығарып тұрсын, Бокин. Жолың болсын! О дүниеге барғанда да бұзықтық жасап жүрме!

Жайнақов. Адамшылық, ресми жолдан құтылды! Енді молла-екең шарифат жолымен о дүниеге дайындайды. *(Екеуі камерадан шығады.)*

Марков *(қарауылға)*. Немене, дәрігерді ұстадыңдар ма?

Қарауыл. Жоқ, Мен шыққанша көзден ғайып болды. Жер жұтып кеткен бе...

Марков. Ех, шляпа!.. Жоғарыда молла отыр. Соны тұтқынмен жолықтыр!

(Екеуі жүгіре басып шыға жөнеледі. Қарауыл да сондарынан бірге кетеді.)

Бокин. Иә, қазір молла кеп, құран оқиды. Сонан соң о дүниеге сапар шегем... Апырмай, бұл тамықтан құтылатын шынымен жол табылмай ма? Жаңа заман шұғыласын өз көзіммен көре алмай, арманда кеткенім бе?.. Достарым қайда екен?.. Неге талқандамайды зарзаманды... Әлде, революция Жетісуда басылғаны ма?.. *(Атып тұрып, ерсілі-қарсылы жүріп, айғай салады.)* Ей, қарауыл! Аш есікті! Жібер мені бостандыққа!.. Енді қайтып Рахима жанымды көре алам ба, жоқ па? Мөлдір таза махаббатым... арғаным!.. Бір көрсем сені... Ух!

Қарауыл дорба сақал, дағарадай сәлдесі бар шал молланы баспалдақтан сүйеп түсіріп, камераға кіргізеді де сыртынан жабады.)

Молла *(Тоқашқа қарай жүріп, құшағын ашып)*. Лә-илләһи, иль-алла, мұхаммет расул алла! Балам, қазір әзірейіл келіп жаныңды алады, о дүниеге мәңгілік сапар шегесің!

Б о к и н (*сөзін бөліп*). Тоқта, ата!.. Сіз қария адамсыз, кайтесіз мені үгіттеп. О дүниеге менің орныма өзін барсаң ба дейім.

М о л л а. Көндім, балам. Сен кете ғой менің орныма. Мына бір тұрған жендет болмаса. (*Есікті ашып қап, тыңдап тұрған қарауылды маңдайдан соғып жібереді.*) Әй, күзетші шырағым, су әкелші! Үшкірейін.. (*Қарауыл шоқынады да есікті жауып кетіп қалады.*) Кел, балам, киімімізді ауыстырайық! (*Құрышпай молла сақалын жұлып алады.*)

Б о к и н. Құрыш?! (*Құрышпайды сүйе бастайды.*)

Қ ұ р ы ш п а й (*сыбырлап*). Тсс... Уақыт тар, тез киін! Кейін сүйісерміз! Әкел кісенінді шешейін... Шеш үстіңдегі киімді!

Б о к и н. Есің дұрыс па, Құрыш?

Қ ұ р ы ш п а й. Бұл Ермиловтың, ревкомның бұйрығы. Тез орында! Қарауыл кеп қалады! Кісенінді жаппа, маған керек! (Бокин сақал киеді.) Қақпа алдында қос атпен Иван Покудин тұр... Зояға рахмет. Осыны ойлап тапқан сол!

Б о к и н. Сен қайтесің, Құрыш? Атып жібермей ме? Жоқ, мен бармаймын!

Қ ұ р ы ш п а й. Өшір үнінді! Мені ата ма, жоқ па, сені бүгін атуы сөзсіз, сен керексің бүгін... (Дәлізде қарауылдың келе жатқан дыбысы естіледі. Құрышпай тізерлеп, қабырғаға теріс қарайды. Қарауыл Бокинге бір кружка су береді.)

Қ а р а у ы л. Мә, үшкір де тайып тұр! Өле алмай жүріп, құдайшылын!.. Сенсіз-ақ Бокин жұмақ төрінен орын алады!

Б о к и н (*сумен Құрышпайды үшкіреді*). Лә, илләхи иль-алла!

Қ а р а у ы л. Бар енді, жетеді! (*Тоқашты камерадан шығарып жібереді де қайта оралады.*) Ал, Бокин, кінәнді жуып, енді тазардын... Айтатын сәлемің бар ма, шешене?.. Бала-шаған бар ма еді? Енді кім асырайды оларды? Ой, бишаралар-ай!.. Саясат деген бір ойыншық... Неге үндемейсің? Айт маған. Жеткізем! Әлде, есінді шығарып жіберді ме? Бокин! (*Құрышпайда үн жоқ.*) Әлгі қу шал у беріп, сеспей қатырды ма өзін? (*Қасына кеп, иығынан ұстап, бетін бұрады.*) Әй, өй, мынау Бокин емес! Қап, ауыстырып кеткен екен!..

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Алтыншы сурет

Зәкірдің кең, жарық антресольді жиһаз үйі. Есіктен төрге дейін кілем. Қабырғада кілем, үстінде ілулі қару-жарақтар. Бұл үйде төрт есік бар: оң жақтағы есіктен сырттан кіреді, сол жағымен ішкі бөлмелерге қатынасады, ортадағы қаусырмалы шынылы есік қонақ үйге апарады да, антресольді кішкене есік әйелдер бөлмесіне апарады. Түн. Бергі үйде стол басында үй иесі мен атаман Малышев бастаған бір топ қонақ арақ-шарап ішіп, гүілдеп отыр. Басқа қонақтар, офицерлер екінші бөлмеде. Ашық есіктен олардың шет жағы ғана көрінеді. Малышевтың қолында бокал, лепіре сөйлеп тұр.

М а л ы ш е в. Мен екі айтпайм. Ол өздеріне белгілі. Қазақтар кругінің басында мен тұрғанда, Жетісу өлкесіндегі бір кәнден ит етегінен тартып, шәуілдеп қарсы үрмейді... Қытай, Үнді елдерімен сауда қатынасын күшейтіп, Ағылшын арыстанына арқа тірейміз! (*Біреулер «уралап!», қол шапалақтап қояды.*) Сөйтіп, Жетісу өлкесі тігісі ыдырап, өңірі жыртылып, дал-дұл боп жатқан сорлы Россияның қалпын бұзбаған, кемеліне кеп, толқып тұрған жұмақ өлкесіне айналады. Үйтседе, жау жоқ деме, жар астында. Қазақ, қырғыз жігіттері тағы да топталып, тау ішінде қол жинап жүрсе керек-ті. Байқандар, ақсақалдар! Атаман Малышевтың тегеуріні қатты екенін сездіңдер ғой. Айтындар, ана туыстарыңа, ермесін большевиктер сөзіне... Егер атаман Дутов, Аненков Жетісуда түйіссе... ой, кімнің күні қарап болар екен?.. Бұл ретте, большевиктерден бізді арашалап алып қалған қазақорыстың атты әскерінің қатары өсіп, соғысу әдістері шыңдала берсін демекпіз! (*Қол шапалақтау.*) Жасыратыны жоқ, большевиктердің бір барысын бүгін орға қуып тығып, мойнына қыл арқан салдық... Контрразведка орман ішін сүзіп жүр. Тор құрылды, ертең қалғандары түседі.

Д а у ы с т а р:

— Мың жаса біздің атаман!

— Баста бізді Ташкенге!

М а л ы ш е в. Осы бокалды Жетісудың нағыз қожасы, басшысы, қазақтар кругінің жасай беруіне көтерейік! (*«Уралап», қол шапалақтайды.*)

З ә к і р! Мырзалар, әлгінде мен бүгінгі тойдың себебін айтып өттім. Жетісу қазақтарының наказный атаманы, кавалерияның генералы тақсыр Малышевты Ұлы

жүз елі сұлтан деп басына көтеріп, оқалы шапан иығына жауып, күміс ерлі боз атты алдына тартады! *(Бір жігіт шапанды атаманның иығына жабады. Отырғандар қол шапалақтайды. Зәкір сөйлей бастағанда кіре бастаған цығандар хоры үй қожасының ымдауымен Малышевты мақтай ән бастайды.)*

Мақтаймыз атаманды қосып әнге,
Шындық дүниеде жасар мәңгі.
Болжасақ болашақты айтып ашық,
Сенбейміз дағдырына қарта ашып.

(Ақсақалдар қол соғып, Малышевпен бокал қағысады.)

М а л ы ш е в. Мырзалар, сый-құрметтерінді құптап, ескі Россияға жасаған сыйлық деп ұғып, рақмет айтамын! *(Қол шапалақтайды.)* Енді осы үйдің иесі, сауда өмірінде ақылшы мен ептілігі қатар түскен Зәкір ақсақалдың денсаулығына көтерем! *(Қол шапалақтау. Жұрт Зәкірмен бокал соғысуға тырысады.)*

Д а у ы с т а р:— Иә, Зәкірдің мәртебесі өсе берсін!

— Иә, сенсіз той, той емес. Байлықта да саған ешкім тең емес!

— Өмір деген ақша, әйел, атақ емес пе! Зәкірде осының бәрі бар!

— О, құрдас, қызғанасың ба?.. О жағынан сен де сорлы емессің ғой!

— Тұрсын ханум, Тұрсын ханум қайда?

— Зәкір бұл сарт сияқты, әйелін жұртқа көрсетпейді!

(Қарқылдап күледі. Цығандар Зәкірді мақтап ән айтады.)

Мақтаймыз Зәкір байды ақшасы үшін,
Білеміз мінез-құлқы, оның күшін.
Басынан бақыт құсы кетсе ұшып,
Маңынан ешкім жүрмес белбеу шешіп.

З ә к і р *(алақанын соғып)*. Әй, сығандар, көңілді күй шертіндер! Әй, Чайори, айда биле! Секір тиындай! дөңгеле құйындай! *(Чайори ән салып, билеп кетеді. Малышев шыдамай, қатарласа о да билейді. Жұрт қол соғады.)*

М а л ы ш е в *(Чайориға)*. Әй, атың кім еді? Земфира, Мариулла, маған «Хасиям» әнін салшы. Білесің бе?

Ч а й о р и. Меруертім менің, атаманым, ол өте қайғылы, ауыр ән. Жүрегінде түйткіл сыр бар ма, алтыным? Алақаныңды аш, қымбаттым, бал ашайын, бір тиын сенен алмайын, тәптіштеп тегіс айтайын!

М а л ы ш е в (күліп, қолын созып). Кәне, көрейік сенің өнерінді.

Ч а й о р и. Тегіс айтам, шын айтам, жасырмайым... Қара, міне, қаһарманым. Өмірің ұзақ, әм жиаз талай қызық алдыңда!.. Ұзын шашты, көк көз қыз жүрегінді билеген, есің кетіп, мәңгі бопсың, алтыным!.. Күні-түні ойлайсың...

М а л ы ш е в. Көз байлағыш, сиқыршының нағыз өзі екенсің. Қайдан білдің, ей?

Ч а й о р и. Сол бір сұлу, кәрден қыз жақында сенің жүрегіңе дәлдеп тұрып атады.

М а л ы ш е в. Не дейсің, сұмпайы. Тәйт!

Ч а й о р и. Алтыным, менің қаһарманым! Сенен оқ өте ала ма, бақыт жұлдызы астында туғансың!.. Көзімен атады.

М а л ы ш е в (күліп). Бәсе, солай де. (Мундирін ағытып, денесіне киген сауытты көрсетеді). Міне, менің бақыт жұлдызым!.. Талай өлімнен алып қалған мені!

З ә к і р. Мырзалар, сіздерді үлкен залға шақырады. Цығандар қоры ән шырқайды. Үлкен мәртебелі тақсыр, Андрей Васильевич, бастаңыз! (Цығандар, оның артынан Малышев бастаған қонақтар залға кіреді. Зәкір есікті жабады да, алақанын үш рет соғады. Ішкі есіктен Яшайло кіріп келеді.) Рахима қайда, не болды?

Я ш а й л о. Пай-пай, Зәкір ақсақал-ай, көкейінді тескен жас иіс-ау.

З ә к і р (қабағын шытып, мәнет лақтырады). Мә, айтсайшы тезірек!

Я ш а й л о (қағып ап). Ха-ха!.. Әкелдім... Ұзақ күнге аңдып жүріп, контрразведкадан шыға бергенде екі жігіт шап беріп, арбаға көтеріп сап, тайдық қой. Бүгін піскен алмадай аузыңа өзі түседі.

З ә к і р. Осында ма өзі?

Я ш а й л о. Массың ба, ақсақал а? Манадан бері мен не деп тұрмын. Осында!

З ә к і р. Ақтадың, Яшайло! Жігітсің! Қазір әйелдер бөлмесіне кір де Тұрсын ханумға айт: ханның қызындай киіндіріп, бальзамдап, жұпар иісін аңқытып дайында-

сын де. Мен әмір бергенде өзің ханумдай көтеріп алып шығасың.

Я ш а й л о. Құп, әмірің екі болмайды!

З ә к і р. Сәті түссе, бүгін менің құшағымда торға түскен торғайдай тыпырласың ерке қыз! Ха-ха... *(Күлімдеп, мұртын сипап қонақ үйге жүре бергенде оң жақтан Жайнақов кіреді.)*

Ж а й н а қ о в. Тойың тойға ұлассың, Зәкір ақсақал!

З ә к і р. Бұл қалай, Ыбрайым мырза, кешігіп... Менсінбегенің бе, атаманды жақтырмағаның ба?

Ж а й н а қ о в *(күліп)*. Жақын адам арасына өкпе жарасқан, Зәке. Бірақ ата жауымнан кек алу — тойдан да қызық көрінеді. Әй, өзінің де көрмеген қорлығы жоқ-ау!

З ә к і р. Қол қойды ма?

Ж а й н а қ о в. Жоқ. Көнбей қойды. Қайсар емес пе.

З ә к і р. Ух, кәлләнді! *(Жерге түкіреді.)* Көбесіне ине тығып, тақымына қыл бұрау салмайсың ба!

Ж а й н а қ о в. Е, нелер азап шекпеді дейсің? Ең ақыры болмаған соң, Мұхаметқали молланы да жібердім... Иманын айтқызып... Зәке, бір ғаламат оқиға. *(Күлімдеп.)* Атаманның балдызын Бокинді қашыруға барған жерінен ұстап алдық! Оны естігенде атаманның күйі қандай болар екен?.. Хе-хе...

З ә к і р. Ух, кәлләнді! Құдай үшін айтпай тұра тұр атаманға. Тойымды бұзасың.

Ж а й н а қ о в. Менен қауыпсыңба, Зәке. Бұл сыйлықты капитан Марковтың өзі-ақ тарту етер оған...

Залдан Малышев бастаған бір топ қонақтар қайта оралады.

М а л ы ш е в. Қандай керемет ән айтады, мына ээ-зілдерің! Әнімен қанынды тасытып, сезімінді қоздыра ма дейім!

З ә к і р. Көңіліңіз жай тауып рахаттансаңыз, сұлтаным, менің төбем көкке жеткені. *(Оң жақтан Марков кіреді.)* Ах, Марков мырза, келіңіз... Біздің ортамыздан орын алыңыз! Сізге орыс әдетінше штраф саламыз. *(Бір бокалды толтыра құяды.)*

Ж а й н а қ о в *(мысқылдап)*. Мырза! Қадірлі атаманды жүрегінің түгі бар батыр, ел билеген дана деп танимыз. Ал, шынына келсек, атаманның жүрегі сүйе де, күле де, күйе де біледі. Сол жүрегінің төрінен орын алған әйелдің махаббаты үшін осы бокалды толтыра ішсек!

Дауыстар: — Сұлу әйел, таза махаббат ер жігіттің бақыты! Сол үшін!

Малышев. Жақсы лепес — жарым ырыс дей ме қазақ?..

Марков *(жақын барып, ақырын)*. Мен сіздің орныңызда болсам, осы тосты ішпес едім.

Малышев *(ақырын)*. Не дейсің?

Марков. Айғайламаңыз, жұрт бізге қарап тұр. *(Малышевты шеткері алып.)* Зоя Бахметьева Бокинді қашырмақ болып, камераға барған жерінде...

Малышев *(шошынып)*. Тағы бастадың ба?... Зояма тисең, жұрт алдында атам!

Марков. Зоя сіздікі болмай шықты! Жайнақов куә, нанбасаңыз содан сұраңыз... Ол сізді қазір келемеждеп тұр.

Жүгіріп поручик кіреді.

Поручик *(Марковқа)*. Капитан, сұмдық!

Марков. Не боп қалды?

Поручик *(енгіліп)*. Бокин қашып кетті.

Зәкір. Ух, кәлләнді!

Поручик. Полковник Жайнақов, сіздің жіберген моллаңыз жасырын келген большевик болып шықты... Бокинге киімін беріп, қашырып жіберді.

Малышев *(Поручикке бұйырып, Жайнақовты көрсетіп)*. Ат, мына азғынды! *(Зәкір поручиктің қолын ұстай алады.)*

Зәкір. Сабыр, тақсыр, сабыр!.. Полковник Жайнақов бұл жолы адал!

Жайнақов *(дірілдеп)*. Ваше превосходительство, мына поручик жынданған. Біздің молла жұртқа әйгілі қария кісі. Ол ондайды жасамайды, дінге берілген адам.

(Осы кезде шіркеудің қоңырауы қаттырақ ұрылады.)

Малышев *(құлағын тігіп)*. Неге қоңырау соқты мезгілсіз?..

Зәкір. Тегін емес, қаланың жартысы өртеніп жатқандай. *(Көшеде шу естіледі, атыс басталады. Қонақтар да үрейленіп, қалтырай бастайды. Жүгіріп Малышевтың адъютанты келеді.)*

Адъютант. Ваше превосходительство, қалада көтеріліс басталды.

Малышев. Офицерлер, тезірек штабқа жетіндер! Атымды әкел! Тездет!

А д ь ю т а н т. Штабты қоршап алды. Мен зорға сытылып шықтым.

М а л ы ш е в (Марковке). Телефон соқ! Байланыс! Тез! (Марков шыға, есікте ілулі тұрған телефонға жүгіреді. Жұрттың бәрі тым-тырыс, атыс күшейе береді.)

М а р к о в (телефонмен). Алло, Алло! Қазақ әскерінің штабын бер!.. Сөйлеп тұрған Марков. Қал-жайды хабарла деп, атаман Малышев бұйырады. (Тыңдап.) Иә, сонан соң?.. (Малышевке бұрылып.) Штабты екінші полктың солдаттары қоршап алған. (Тыңдап.) Иә,.. Иә... (Малышевқа) қазақ жігіттерінен құрылған, мешіттегі рота біржола берілсе керек... Прапорщиктер мектебімен қатынас үзілген. Телеграф, түрме, қару-жарақ қоймасы — бәрі де көтерілісшілер қолына түскен.

М а л ы ш е в (телефонды Марковтен жұлып ап). Бір адам қалғанша берілмендер! Қазір прапорщиктер мектебіне барып, сол арада күш жинап Қаскелен, Талғар казактарына хабар жіберем! Алло!.. Мені естіп тұрсындар ма? Алло! Алло! (Телефонды лақтырып тастайды.) Сволочьтар! (Яшайло жүгіріп кіреді.)

Я ш а й л о (айғайлап). Үйді қоршап алған! Қашыңдар! (Қонақтардың есі шығып, ерсілі-қарсылы жүгіреді.)

М а л ы ш е в (жуан дауыспен). Қашпандар! Жинаңдар естеріңді! Есік-терезені жабыңдар, мықтап бекітіңдер! Тірі жанды жібермендер!.. Зәкір, қақпаға, есік аузына кісі қой! (Адьютант жүгіре шығады.)

З ә к і р. Ух, кәлләнді!..

Ж а й н а қ о в. Е, сенген атаманым сен болсаң...

А д ь ю т а н т (жүгіріп кіреді). Үйді түс-тұстан қамап алған!

М а л ы ш е в. Кімнің мылтығы бар? Терезеге барыңдар! (Марковке.) Сен қақпадан бері өткізбе! (Адьютантқа). Сен екінші қосалқы есікті басқар! (Марков, офицерлер өз орындарына барады.) Прапорщиктер мектебіне кімді жібересің! Зәкір, кісің бар ма лайықты?

З ә к і р. Мына Яшайло болмаса... (Малышев тез-тез жазып, блокнотынан бір парақ қағазды жыртып ап, Яшайлоға береді.)

М а л ы ш е в. Өлсең де осы қағазды жеткіз! Бізге тез көмек жетсін де!..

Я ш а й л о. Кеудемнен жаным шыққанша... тырысып бағам, тақсыр. (Жүгіріп кетеді.)

Жайнақов (сасып). Меніңше, елші жіберіп, бітімге келейік.

Малышев. Не деп оттап тұрсың! Жіберіп қара, табанда атып өлтірейін! Келісім деген өзінді-өзің ұстап бергенмен бірдей. *(Атыс басталды. Малышев, офицерлер, кейбір қонақтар терезеден атысады).*

Жайнақов (Зәкірді оңаша шығарып ап). *Зәкір, осы тірі күнімізде зытайық!* Бокин енді бізді аямайды. Қойны-қоншың толған алтын ал, шекара жақын, Қытайға өтейік. Алла жазса... *(Полковник шенін шешіп, жырта бастайды.)*

Зәкір. Үйімді тастап кетпейім ешқайда. Маған тиісе алмайды. Зәкірдің кім екенін білесің бе?

Жайнақов (үстіне халат киіп). Миллионыңа сенесің бе? Тартып алады да өзінді қайыр сұратып, қуып жібереді ертең... Кетесің бе, жоқ... Өлсең — өрем қал! Өлмесең — арам қат! *(Шығып кетеді).*

Малышев (оғы таусылған нағанын Зәкірге лақтырып тастап). Жасырынатын тесік бар ма, Зәкір?

Атыс күшейеді, у-шуда Зәкір мен Малышев антресоальдің астындағы кішкене есікке кіріп, шығып жатқанын жоғарыда тұрған Чайори көріп қалады. Тұс-тұс жақтағы әр есіктен сондарына ерткен солдаттары бар, басын таңып алған Тоқаш, Құрышпай, Покудин, Зоя кіріп келе жатады. Бұлардың ішінде Мұрат бастаған бір топ жігіт тағы бар. Бәрі де білектеріне қызыл шүберек таңып алған).

Бокин (Зояны көріп құшақтап). Зоя! Тірісің бе? Бір көшенің бұрышында Марков аңдып тұрып, жазым қыла ма деп қорқып едім.

Зоя. Ах, Марков... *(Тыжырына. бетіне үңіліп, шашын сипап, еркелі дауыспен)* Басың ауырған жоқ па, кейін армансыз шерлесеміз... Көшеде жаралылар бар көрінеді, соған барайын... *(Оңға кетеді).*

Чайори (Покудинді құшақтап, таңған басын көріп). Кәрденіш, менің жалғызым, не боп қалды? Не істеген, зұлымдар? Ауырып тұрсың ба, бүркітім, шарықтаған аспанға?

Покудин. Кейін сүйісерміз, Чайори, асықпа?

Бокин (бұйрық беріп). Құрышпай, есік-есікке қарауыл қой! Тірі жанды үйден шығарма! Тінтіңдер үйді! Астаң-кестеңін келтіріңдер! Табындар, Малышев пен Зәкірді!

Чайори. Қара көзім, саған мен ақшасыз ашам, жоғынды табам, дағдырыңды қолыңа ұстата берем. *(Қо-*

лынан алып Зәкір мен Малышев тығылған есікті көрсетеді.) Осында сенің жауларын! Қояндай бұғып, тышқандай қашып жүр, өтірік айтсам көзім шықсын!

Боккин. Құрышпай, Иван! Ашындар! (Құрышпай есікті бұзады). Кім бар, шық бері! (Үн жоқ).

Чайори. Осында олар, осында! (Боккин мен Құрышпай мылтығын кезеп, кіріп кетеді).

Боккин. Ер соңыма! (Покудин ауызда асыға күтеді.)... Дыбыс жоқ.

Чайори. Көзім шыққыр-ай, көзім шыққыр. Қашып кеткен бе? (Құлағын тігіп.) Жоқ, әкеле жатыр! (Қолын жоғары көтеріп, Малышев пен Зәкір, артында Боккин мен Құрышпай шығады).

Құрышпай. Арыстан емес пе едің, атаман, көр тышқандай тығылғаның қалай?.. Жан тәтті-ау шіркін... Байлаңдар қолдарын. (Малышев пен Зәкірдің қолдарын байлайды.)

Зәкір (Құрышпайға). Сайтанның сапалағы! Кімсің сен мені өз үйімде байлайтын?

Құрышпай (көтеріңкі). Өшір үніңді, қан ішер! Мен айтайын ба, сенде енді дым да қалған жоқ, үйің де, ақшаң да біздікі!

Малышев (Чайориді көріп, кекетіп). Үй албасты! Алдамшы! Өтірікші... Кәне, қызықты ұзақ өмірім?

Чайори. Ашуланба, атаман! Алдағам жоқ. Қызықты ұзақ өмірді мына менің бүркітім Ивашка көрсетеді. Аш алақаныңды, осы жолы шын болжайын!

Боккин (Малышевке). Өкпелеме, атаман!.. Бүгін сен де маған таң атқанша ғана өмір сүресің демеп пе едің? Өмірде адал адам ұтады, атаман... Сен арам да қорқақсың, сондықтан сен ұтылдың, біз ұттық! Құрышпай, тұтқындарды абақтыға алып бар!

Құрышпай. Мен айтайын ба, атаман? Қашам деп ойлама!.. Бір қадам қисық бассан, табанда жайратып салам, алла акпар, о дүниеге кеткенін. (Құрышпай, тағы бір екі солдат тұтқындарды алып шығып кетеді. Ішкі есіктен Зоя, сыртқы есіктен Сәт кіреді.)

Зоя. Тоқаш, көлік керек. Аулада жаралы солдаттар жатыр.

Боккин. Иван, Зәкірдің сарайын аш та атаманның атын маған қалдыр, Зәкірдің пар мақпал қарасын жекте, жаралыларды тез емханаға жеткізі!.. (Жоғарыда есік қағылады, әйелдер даусы естіледі.)

Бокин қасында Мұрат жүгіріп, жоғарғы әйелдер бөлмесіне көтеріледі. Іле у-шу, Бокин Рахиманы көтеріп, антресольге алып шығады. Рахиманың үстінде ақ көйлек ақ шәлі, тойға дайындалғандай.

Бокин (*сүйіп, құшақтап*). Рахимашым мөлдір таза махаббатым, жүрегімде бүршік атқан түз гүлім!.. Зұлымдардың қолына қайдан түстің? Жүрегім сезуі ме, дауысыңды шырамыттым ба, жоқ, қалай таптым?..

Рахима (*мойнынан құшып*). Қарақұс төбеке төніп, енді бүреді-ау дегенде, құтқардың ба, таңым шынымен атты ма? (*Рахиманы қолынан түсіреді, Зояны көріп жүгіріп барып, құшақтайды.*) Зояжан!

Зоя. Рахима! Қызығам сенің бақытыңа!

Покудин, тағы бірнеше жігіт Марковты алып кіреді.

Покудин. Жолдас комиссар!.. Көрдің бе, кімді тауып алғанымды? Шатырда мысықтай жорғалап жүр.

Бокин. Капитан Марков, барыс па десем, тышқан аулайтын жаман мысық екенсің ғой.

Зоя. Капитан Марков, сіз мені жақсы таныдыңыз! Қырағы екесіз, дау жоқ. Бірақ, ақылыңыз шолақ, адымыңыз тар екен, ролің осымен аяқталды.

Марков (*қасындағы жігітінің нағанын жұлып ап антресольге жүгіріп шығып*). Жоқ менің ролім әлі бітпейді! (*Тоқашқа оқтала бергенде Рахима бұрын көріп денесімен қорғайды, Марков Рахиманы атып жығады.*)

Бокин. Ах, залым! (*Марковты атып тастайды. Ол антресольде асылып қалады. Тоқаш қан-қан Рахиманы жерден көтеріп ап, тахтаға апарып салады. Зоя, жігіттер қоршап үңіледі.*)

Рахима (*ыңыранып*). Тоқа!.. Шынымен мені саған бұйыртпағаны ма?.. Мен бақытты едім ғой!..

Бокин. Сәулем, сен өлмейсің! Мен сені өлімге бермеймін!.. (*Есіктен асығып-үсігіп Сәт кіреді.*)

Сәт. Рахимаш, жалғызым, құлыным, қайдасың?.. (*Рахиманы көріп, еңіреп үстіне құлайды.*) Шықты ма көзім!.. Сәнді ме күнім!.. Ой, зұлымдар-ай, алды ма менен өштерін?! Тоқаш, бұрын неге саған сенбедім екен? Шықсын менің көзім, шықсын... (*Жылайды.*)

Бокин. Рахимаш, мөлдір таза махаббатым!.. Сені сақтай алмадым, кешір!.. Мен үшін жастығыңды құрбан қылдың ба?.. Мен үшін?.. Неге? Неге?.. (*Соңында бір топ солдат, Ермилов жүгіріп кіреді.*)

Ермилов. Жолдастар, контрреволюцияның ұясы — прапорщиктер мектебінің быт-шыты шықты! Верный қаласы түгелімен біздің қолға көшті! Жасасын Совет өкіметі! *(Сахна айналып кетеді.)*

Жарқырап атқан таң. Алатаудың шыңы, лек-легімен ағылып жатқан әскер, қызыл тулы халық. Алаң. Алаңда бір топ коммунистер митинг ашып тұрады. «Жасасын жолдас Ленин! Ура!»— деп қаланы жаңғырықтырады. Осы алаңға бір топ әскер кеп қосылады. Топ алдында Ермилов пен Бокин.

Бокин. Қымбатты достарым, бүгін Жетісуда жаңа өмірдің алтын арай таңы атты. Осы таңның нұрына бөлене алмай бостандық үшін жастығын қиған достарымыз да бар. Бұл таң оңай атқан жоқ, ширек ғасыр ұлы Лениннің күресінде шыныққан талай ерлер, жастығын сарпетті. Осы күресте біріне-бірі қол созған, орыс, қазақ еңбекшілерінің достығын мәңгі сақтай білейік! Басындар алға қадамды!.. *(«Интернационалды» бастап кетеді. Бүкүл алаң қосылады.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

АҚЫН ЖҮРЕГІ

(2 бөлімді драма)

Қ А Т Ы С У Ш Ы Л А Р :

Ж ұ м а т — ақын.

Ш ә р б а н — ақынның арманы

Н ә з и п а — Шарбанның қызы, хирург

Н ә б и — Нәзипаның әкесі, облыстық емхананың бас дәрігері

Е с е н — Дәрігер, Жұматтың досы.

Е р к і н — Дәрігер, Шәрбанның туысы

Г е н р и е т т а — дәрігер

С е с т р а

С а н и т а р л а р

ПРОЛОГ

Көктаудың аңғарын қақ жара салған темір жолмен зырлап келе жатқан «Экспресс». Екі кісілік жұмсақ вагон. Шыңғырған паровоз даусы анда-санда естіліп, жоғалады.

Вагон терезесіне үңіле қарап, Нәзипа әлде недей ой жібін тарқатқандай. Жұмат та қиял қыратында, қолындағы транзистордан мұңайып, музыка тыңдап отырады. Коридордан біреулер ерсілі-қарсылы өтіп жатады.

Нәзипа. Телеграф бағаналарының жарысуын қарашы, Жұмат аға, көз ілеспейді. Бірі қалса, екіншісі өре түре келеді алдыңнан.

Жұмат. Иә, көз ілеспейді. Адам өмірі де осы поезд сияқты зырлап барады, зырлап барады, жеткізер емес, көкжиек! Жақындаған сайын алыстай береді, адам үмітін үзбей ұмтыла түседі. Жете алмаған арманын атасы баласына, баласы немересіне жолдап, бірінен кейін бірі телеграф бағанасындай, сатылап жүрген өмір ғой бұл.

Нәзипа. Әр адамның бір қимасы бар, соған ұмтылар.

Жұмат. Кім еді сенің қимасың, Назыкеш?

Нәзипа. Мамам!.. Бұл дүниеде ең қымбаттым да, жақсым да сол — анам. Мен білсем, алдымен «мамалап» анама жүгірер едім... Сіз ше, сіз қайтер едіңіз?

Жұмат.

Сырлы жырмен:
Өлсем — ертең артымда
Қалар жалғыз қыз, ұлым.
Жырым — менің ғашығым,
Бар ма басқа қызығым...

Нәзипа. Қоңыр құстай қайта айналып соға бересіз — шабыт кеп толғандудың қай жағы, ақын аға?

Жұмат. Таптың қалқам... жазуға асығып келем.

Нәзипа. Неге асығасыз?

Жұмат. Уақыт жетпейді, қалқам... мен сияқты өмірге құмар да, қомағай да адамға күн сағатпен тең. Сондықтан да елімді аралағым келеді: орманның сыбдырына, жазық даланың тыныштығына құлағымның құрышын қандырып, құрылып жатқан жаңа дүниеге көзімді суарсам, көріп, жазсам, жазып, тынықсам деймін.

Нәзипа. Өлімнен қорқасыз ба?

Жұмат. Өлім — тіршіліктің егіз туысы. Өмір бар жерде — өлім бар. Одан қашып құтылмайсың.

Нәзипа. Сізде арман бар ма?

Жұмат. Армансыз адам бар дейсің бе, Назыкеш. Халқыма айтар сырым көп. Борыштымын. Айтып соны үлгіре алсам, оқушымның ойына ой қосып, бойына қайрат-жігер тудырып, жүрегін соқтыра білсем шіркін... Міне, арманның бірі осы.

Нәзипа. Қариядай күңіренесіз... Түсінбедім, неге олай?

Жұмат. Бұлай айтуға менің хақым бар.

Нәзипа. Мысалы?

Жұмат. Көп білгің келеді. Тез қартайып қалма, ерке қыз.

Нәзипа. Білім қартайтпайды, жасартады, ағай. Әсіресе дәрігер жолы басқа: сұрауға да, білуге де ерікті.

Жұмат. Сыр сақтауға қалай еді дәрігерлер?

Нәзипа. Сыр сақтамаған дәрігер — әдепсіз деп білем. Ондайдың емі де шипа болмайды.

Жұмат. Олай десең айтайын. *(Ойланып.)* Тыңда! Шертейін саған бір сырды. Соғыс жылдары сонау туысқан Украина жерінде, партизан отрядын басқарғам. Талай неміс эшелонының күлін көкке ұшырған, талай қоймаларына өрт қойған, оқпен ойнап, өлімді алдаған қонарын — сай, ұшарын—командир білген, көз ілеспес отряд болған атақты. Сол бір күндері қысылтаян шайқаста оқ тиіп, жаралы қаздай мен қалдым. Орман іші, операцияны кім жасасын! Отряд сонынан ере алмадым. Самолет қона алмайды, жаудың нақ ортасы. Ақыры жақын деревнядағы совет адамының қолына табыс еткен. Сол үйде, еден астында, қараңғы сыз шұңқырда, жарты жылдай өмір сүрдім. Қаншама сонда қорлық көрсем де Отаным деген асқақ махаббатым, сонда менің серігім боп, талай түнді құдыретті поэзияма арнағам... Мен жырлағам: талай ғажап ерлерді фашистердің қолынан қаза тапқан, Отаны үшін қыршын жасын сарп етен. Мен жырлағам:

талай нәзік жандарды қарлығаштай қанатымен өміріме су сепкен. Бұл — өмірімнің ең ауыр да, ең мағыналы да шағы. Ие, қызу жастық, арман-тілек қоя ма, өлім аузынан сүйреп алып шыққан. Санатыма қайта қосылғам. Бірақ көздеп атқан жау оғы, жүрегімде қалып қойған. Отан сүйген жүрегімді тесіп өте алмады сол бір оқи.. Есінде ме, Назыкеш, соңғы кездері немістің көміп кеткен бомбалары совет қалаларының астынан табылып жатқаны? Сол тәріздес неміс оғы жүрегімде бомба болып әлі тұр. Қай күні жарылып, қай күні мені талқан қылад... Белгісіз. Сағат сайын күтудемін!

Н э з и п а. Содан бері неше жыл өтті, аға?

Ж ұ м а т. Жиырма жыл.

Н э з и п а. Хирургтер не дейді екен, кенескен боларсыз?

Ж ұ м а т. Қан жүретін тамырлар, нервтер оқты қоршап алған. Тисең-ақ болды — қан ақпақ дірдектеп. Лажсыздықтан ғана операцияға бару керек деседі. Сен де хирургсің ғой, мәнісі қалай осының?

Н э з и п а. Рентгенде көрмей тұрып айту — қиын. Не дейін сізге...

Ж ұ м а т (*бөлін*). Жақында бір дәрігер досым рентгенде қарап: «алысқа ұзап шықпа, оқтың жылжып кетуі мүмкін» деп еді...

Н э з и п а. Мен де сол пікірге қосылар едім. Өте қажет болмаса, бекер шыққансыз алыс жолға.

Ж ұ м а т. Қайтесің, жүректің әмірі. Өзі жаралы жүрек, тілін алмай ренжітсең не болғаны...

Н э з и п а. Жүрек әмірін орындай берсең — күс боп ұшып та кетерсің дейтін менің әжем.

Ж ұ м а т. Өз жүрегіңмен сырласа біл: сырласқан адамға ол бір нәзік домбыра. Толғана да, толғанға да біледі. Әуеден дыбыс тартқан радиийдей, ойынды сезініп, жауап қайтаратын да сол жүрек.

Н э з и п а. (*әзілден*). Сондағы жүректің берген әмірі не?

Ж ұ м а т. «Туған жеріңді, өскен еліңді көр, жастық шағыңды есіңе түсір, көңіліңді көтер, серпіл», — деді. Артық па осы қалауым?

Н э з и п а. Жоқ, артық емес.

Ж ұ м а т. Жас кезімде қолыма қондыра алмай кеткен бір арман құсым және бар еді, соның тұлғасын жасағым

кеп қиялым шарықтап, қыран көңілім аласұрды бәйге аттай. Ерсі ме осы тілегім?

Нәзипа. Жок, ағай. Қайта осы тілегіңіз үшін бұрынғыдан да бетер сыйлаймын... мені таңқалдырған бір-ақ жай: содан бері ұмытылмай, бейнесі өшпей, жүректен берік орын алған неткен аяулы жан?! Көрер ме еді өзін?

Жұмат. Жас ілгерілеп, жастық шақ алыстаған сайын оның тұлғасы гауһардай жарқырай түскені. Сені де нұрға бөлеген сол гауһардың сәулесі.

Нәзипа. Мені дейсіз бе, Жұмат аға, түсінбедім.

Жұмат. Өмір мөлшері — мерзім. Мерзім жеткенде гүл толып, шешек атады, сарғайған сырды жүрек сыртқа шашады.

Нәзипа. Сабыр ет дегеніңіз ғой.

Жұмат. Сөз қадірін білетін бала көрінесің, өзін топшыла... *(Коридордан бір қазақ бұларға қарап өтеді де, екінші терезе алдына барып тұрады.)* Осы бір қазақты қайда көрдім екен?

Нәзипа. Қырынан қарағанда қандай өңді адам, байқайсыз ба.

Жұмат *(Есіктен басын сұғып)*. Уәй, жігітім, бері жақындашы! *(Есен жақын барады.)* Танисың ба мені? Есен. Апыр-ау, Жұматпысың?

Жұмат. Уай, Есен болдың-ау. Қайран ерім! *(Екеуі құшақтасады.)* Бауырым!

Есен. Қараймын кеп, қараймын... қайда көрдім деймін, Жұматым! Атақты ақын Жұматым!

Жұмат. Жастығымның куәсі Есен-тыраш. Шыныменен сенбісің-ей? *(Тағы құшақтайды.) Шығып бара жатқан Нәзипаның қолынан ұстай алады.)* Ғафу ет, Нәзыкеш!.. *(Есенге.)* Мына бойжеткен де өзін сияқты дәрігер. Жүзіне үңіле қарашы, кімге ұқсаған? *(Қыз бен Есен қол беріп амандасады.)* Отыр. Жайлана отыршы, қасыма!.. Ал, таптың ба, кімнің баласы екенін?

Есен. Шырамытам. Бірақ дәл басып айта алмай тұрмын. Шаш ағарды, ой өзгерді. Зейін тозды.

Жұмат. Күйрек адамның сөзі мынауың. Қажыдың ба әлде?

Есен. Құдай сақтасын... әлде де бармын күреске. Қарт Гете айтқандай: «Әр күнімнің күреспен өткеніне қуанам» десем, не дер едің?

Жұмат. Бәсе, бала күнгі Есенім қайта елестеді ғой

көзіме. Мен білетін Есен: ат құлағында ойнайтын жылдам да, арыстанға қарсы шабатын батыр болатын.

Е с е н. Жетер, Жүмеке... Ақындық шешен тілге сап, асыра мақтай берме! (*Нәзипаға.*) Қалқам, қай мүшенің дәрігерісің?

Ж ұ м а т. Бұрын мал, адам дәрігері боп бөлінуші еді, енді мүше-мүшеге бөлінетінді шығарды ма?..

Н э з и п а. Бөлінгенде қандай. Бұрын бар мүшенің хирургі едім, енді жүрек хирургиясымен шұғылданамын. Қазір алты айлық курсін бітіріп, қолымды жаттықтырып қайтып барам.

Е с е н. Коллега екенбіз. Мен де өзіңдей жүрекпен әлектеніп жүрген қазақпын. Жүрек-тамыр ауруы — медицинадағы ең басты проблема болып тұрған жоқ па?.. Кімнен оқыдың, қалқам?

Н э з и п а. Москвада. Профессор Бакулевтен үйрендім.

Е с е н. О, ұстазың дүниежүзіне әйгілі ғалым. Игілігіне жазсын.

Ж ұ м а т. Қай жаққа барасың?

Е с е н. Туған қалама барам.

Ж ұ м а т. Бет алысымыз бір екен...

Ж ұ м а т. Құтты, берік ұя сап, үрім-бұтақты да болған шығарсың?

Е с е н. Бір рет бұзылған ұяны қайта орнату — оңайға түспейтін көрінеді.

Ж ұ м а т. Түсінікті.

Е с е н. Толтырып болдың ба анкетанды? Ендігі кезекті маған бересің?.. Мына бойжеткен кімнің баласы — өзін айтарсың?

Ж ұ м а т. Сынай қара, үңіле қара, есіңе түсір! Не күлкісінен, не түр-келбетінен, не қылық-мінезінен бір ұқсастық табарсың?

Е с е н (*көзін алмай*). Күлім қаққан жүзінен, сыпайы, кішіпейіл мінезінен нұр төгіледі. Тәрбиелі ананың баласысың-ау тегі... Қалқам, тура қарашы маған!

Н э з и п а (*қысылып*). Ұялтпаңызшы, ағай...

Е с е н. Мөлдір таза көз-түбінде терең сырдың көлеңкесі діріл қағады... Ойға үйір, қиялға жүйрік баласың ба деп қалам. Ғылымға да ебің бар-ау, өзіңнің...

Ж ұ м а т. Бал ашып отырғанның қай жағысың?

Е с е н. Сабыр ет, ақыным. Әлде кімге ұқсатам. Күлші, қалқам!

Нәзипа (*еріксіз күліп*). Қойыңызшы, ағатай.

Есен. Күлкің қандай назды еді, мінезің қандай нәзік еді... Осыдан жиырма бес жыл бұрын көрген бір қызға ұқсайсың... таптым ба, Жұмеке?

Жұмат. Қызын көр де анасын сына!.. Неғып дәл басып айта алмай отырсың? Серпіл, шарықта хиялға!.. Бұл қыздың анасы күннің қайтпас қызуынан, жұлдыздың нұрынан, желдің лебінен, гүлдің қызығынан жаралған. Сондай анадан туған қыз қандай?!

Есен. (*мұңайып*). Асыл сөз, ақыным, асыл сөз... Қалай ұмытқам ондай жанды?

Нәзипа. Мен анама ұқсамаймын. (*Есенге*.) Бір жерде мен де сізді көрген тәріздімін...

Есен. Түсінде көрген боларсың... мүмкін...

Жұмат. Кең қиялдың жазығында кездескен боларсындар, кім біледі...

Нәзипа. (*таңданып*). «Кең қиялдың жазығында» дедіңіз бе?

Жұмат. Иә, кең қиялдың... Аспан әлемінде жұдырықтай болып шырылдаған қара торғайды, алыстан болжаған қыранның қырағы көзі емес пе екен бұл?

Есен. Қыран талпынса игі еді... қанаты қайырылып, құлап жатса қайтер едің жартас түбінде?

Нәзипа. (*іштей*). Жүзі ашық, сөзі жұмсақ, кенеттен жүрек түбінен орын алған неткен жан едің?

Шыңғырған паровоз даусы. Радиодан: «Азаматтар, поезд Қөкшетау станциясына келді» деп хабарлайды. Нәзипа терезеден үніледі.

Жұмат. (*өлеңдетіп*)

Көкшем менің, бесігінде тербедің,
«Алыс кетсем сағынамын, кел» дедің.
Сүйдім сені нәрестедей елжіреп,
Әйтпегенде анам менің дер ме едің?..

Шымылдық

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сахна

Нәбидің пәтері. Кең бөлме. Ортада — дөңгелек стол, жұмсақ кресло, рояль, радиокабылдағыш. Шынылы есіктен бақша жақтағы веранда көрініп тұрады.

Перде ашылғанда аз тым-тырыс. Қабырғадағы үлкен сағат кешкі алтыны соғады. Шәрбан Жұматтың өзіне арналған өлеңін дауыстап оқып тұрады.

Шәрбан.

Нәзік, таза мінездерің, ойларың,
Қарап, тындап, қанбадым да, тоймадым.
Жалғыз ғана жалыныға баттым да,
Тіл қатпадым... сонда нені ойладым?
Илан, сәулем. Сол бір бала шағымда
Шалдырсам да жүрегімді жалынға,
Байқамаппың айрыларын жолдардың,
Өмір-бақи боламын деп жаныңда...

(аз ойланып). Не дейін саған, Жұмекем. Жүрек кернеген сәби қуанышымды, сырлы шерімді, қалай сездірейін саған? Тап сен жазғандай, тап сен сезінгендей Шәрбан болсам, шіркін! Әлдекімнің сөзіне еріп бас тартып ем сенен... Бағанды да кеш түсіндім... бір қадам теріс басамын деп қанаты қырқылған құстай, ширек ғасыр жер бауырлап қала бердім. Қырғи-қабак салқын өмір өтіп барад зымырап...

Асығыс Нәзіпа кіреді. Шәрбан кітабын тыға қояды.

Нәзіпа. Мама!.. Мама!.. Ағаларым қазір келеді. Келістім. (Бетіне үңіліп.) Көзінде жас тұр ғой, мама! (Кітапты көріп қап.) «Шәрбанға»? (Шешесіне қарап.) Мама!.. Сен бе едің сол Шәрбан?! (Іштей.) Арманым бар деп айтады ақын?.. Сол арманы әлде, мамам ба екен? (Шешесін құшақтап.) Дайынсың ба, мама?

Шәрбан. Дайынмын, қалқам. Біреуі — ақын. Біреуі — дәрігер. Емеурінен түсінетін, әр қимылға баға беретін жандар, сыр шашып алмайық. Сынап кетіп жүрер. (Қызын кеудесіне басып.) Ақылдым менің... Сырымды ішіме бүгіп үйренгенмін мен әлдеқашан. Сен өзін қалайсың, қалқам, тым құлқың кетіп қалған екен...

Нәзіпа. Бір сыр айтсам ұрыспайсың ба, мама?

Шәрбан. Сыр айтқанға ұрыспас болар.

Нәзіпа. Ақынның қасындағы дәрігер артық туған

жан сияқты маған. Сыпайы да, сыншы, көркіне ақылы сай. Қабағынан көңіл күйін сезініп, лебізіңнен жаныңды ұғады. Көргім кеп, сырласқым кеп аңсаймын да тұрам... Неге екен, мама?

Ш ә р б а н. (бетіне үңіліп). Ғашық боп қалғаннан саумысың, қалқам?

Н ә з и п а. Ғашық құсы ұзақ ұша ма дейім көктем тауынан. Кешігіп жеткен тәрізді маған. Егер ғашықтық деген осындай болса...

Ш ә р б а н. Жүректен гөрі ақылға көбірек сеніп, көбірек мән берем дейтінің қайда, балам?

Н ә з и п а. Бұл күндер менің ақылымды алар жүрек көре алмадым. Есі жоқ бір мәжнүн. Тордан құтылған қырандай самғап барад, шарықтап барад қиялға, болашаққа.

Ш ә р б а н. Қиялыңда жасап алған дүние. болма-сын.

Н ә з и п а. Қайта оралып кеп, сол құс қонса егер басыңа... не дер едің, мама?

Ш ә р б а н. Қартайғанда ма?

Н ә з и п а (құшақтап). Сезім қартая ма, мама?.. Сен жассың әлі. Жап-жассың, мама...

Ш ә р б а н. Мен көш алдында келем. Міндетім ауыр, еркелік саған жарасты. Маған ерсі.

Н ә з и п а. Сонда... менің таңдағанымды құп көргенің бе?

Ш ә р б а н. Еркінге не дейсің? Тосып жүр ғой.

Н ә з и п а. Тоқтата тұр... Ақ отауын тіктіріп, қысырдың тайын сойдырып, бір тайпа елге хабар бермеген болар.

Ш ә р б а н (күліп). Ол заман ба, балам?..

Н ә з и п а. Менің де айтып тұрғаным сол емес пе? Ол асықса да мен асықпаймын. Асығам деп қор боп жүргендер аз емес. Өзің айтшы, мама, Еркін адал жар бола ала ма?

Ш ә р б а н. Несі ұнамайды? Көркі кем бе? Білімі аз ба, іс келмей ме қолынан? Қарасаң көзің, сөйлессең көңілің тояды. Жігіттің төресі.

Н ә з и п а. Жылтыраған көрік — жалатқан алтынға тең. Қуақы сөз — бұлтарысты айла болса, қайтесің?

Ш ә р б а н. Асығыс айтқан жоқсың ба, балам? Әлде менің көзімді шел басты ма?

Нәзипа. Қайран, аңқау мамам, біреуге берілсең бүкпесіз ақтарыла берілетін әдетің-ау...

Шәрбан. Ойлан, ойлан! Ұнатып тұрған адамыңның самайына ақ түскен көрінеді.

Нәзипа (*күліп*). Қаулің ертерек, мама. Ұнатқан адамың бір ауыз сөз айтқан емес. Өз жүрегімнің соғысын ғана білдіріп тұрмын. Кім біледі: әркімнің талғамы әр қилы.

Шәрбан. Сөзді доғар, қам жасайық... Папаңа телефон соқ, келсін. Қарсы алсын қонақты.

(*Нәзипа верандаға барып телефон номерін теріп, емханамен сөйлеседі.*)

Нәзипа. Бұл емхана ма? Бас дәрігер керек... Не дейсің? Кетіп қалды? (*Телефон құлағын тастай салады.*)

Нәби. О кім? Мені сұрай ма?

Нәзипа. Мен ғой, өзіңізді іздеп шарқ ұрып жатқан.

Шәрбан. Шашымды тарап, киініп шығайын. Қеліп қалса, қарсы ала беріңдер.

Нәби. Немене, министр келгендей, осынша әбігерленіп, тіптен...

Нәзипа (*өкпелі*). Папа, қызық екенсің... Бала күнгі досыңыз болса, өзі атақты ақын болса, оны қарсы алмағанда, кімді қарсы аласыз?

Нәби. Қасындағы әне біреуі...

Нәзипа. О да сіздің досыңыз емес пе? Одан неге қашасыз? (*Қасына кеп еркелеп.*) Менің отделеңіме, жүрек операциясын жасау үшін тағы бір хирург керек, папа. Соны алсақ қайтеді?

Нәби (*ыршып түсіп*). Тек!.. Қайдағыны қайдан шығарасың осы.

Нәзипа. Несі бар алсақ?

Нәби (*ойланып*). Штат жоқ, балам.

Нәзипа. Терепиядан бір орын табыңыз... Жақында шығып кетіпті ғой біреуі.

Нәби. Өзің хирургсің, буынсыз жерге пышақ сала-сың.

Нәзипа. Адам өмірі үшін жасалған істің бәрі игілікті. Ол үшін қоңырау байласа да шыдаңыз.

Нәби. Бос сөздің керегі не, балам... Ала алмаймын.

Нәзипа (*еркелеп*). Мені жақсы көрем дейтініңіз қайда, папа?

Нәби. Жалынбақ түгіл, жыласаң да уәде ете алмаймын.

Нәзипа. Тағы бір сыр айтайын, папа. Тек ашуланбаңыз, жарай ма?

Нәби. Тағы не бүлдірдің?

Нәзипа. Көптен бері жүрегі ауру адам жататын отделеде, соған кеше операция жасадық екеуміз... Шіркіннің қолының шебері-ай, скрипка ойнаған адамның саусағындай жылдам да епті.

Нәби. Не деп тұрсың өзің? Есің дұрыс па?

Нәзипа (күліп). Есім дұрыс... Бөтен сөз айттым ба?

Нәби (айғайлап). Құртты-ау мені... Ертең біреуі обязательно арыз жазады... көшеден алып кеп операция жасатты деп... Көресің... қашан айтты деме!..

Нәзипа (сықылықтап күліп). Ой, папа, көрінгеннен сезіктеніп-ақ шашыңыз ағарды-ау...

Нәби. Ал пышақ үстінде өліп кетті, сонда... алдымен екеумізді тартпай ма жауапқа?

Нәзипа. Жауапқа тартады деп, қол қусырып отыра береміз бе? Адам өмірі қымбат дейміз, оны ұзарту жолын іздемесек, ақ халат киіп керегі не?

Нәби. Сол адам өмірі қымбат болғандықтан, сақ болған жөн.

Сыланып-сипанып Шәрбан кіреді.

Шәрбан. Әлі біткен жоқ па дауларың?.. Таранып алмайсың ба, Назыкеш?

Нәзипа (қызығып). Мама!.. Қандай сұлу едің?

Шәрбан. Бар, таран, қызметтен қайтқан бетін, қарашы өзің айнаға!.. Салақ екен деп сын тағып кетіп жүрмесін...

Нәби (іштей). Бітпей қойды осы үйдің күнкілі (дауыстап.) Пижамам қайда, Шәрбан?

Шәрбан. Оны қайтесіз? Пижама киіп кісілерді қарсы алмақсыз ба?

Нәби. Оның несі бар?

Нәзипа (күліп). Ұят болады, папа... Пижама киіп қонақты қарсы алу — ыңғайсыз болар... (Өз бөлмесіне кіріп кетеді.)

Нәби. Шығар сендерден... (Шәрбанға.) Әлгі... кімді шақырдыңдар ма?

Шәрбан. Кімді дейді?..

Нәби. Еркінді.

Шәрбан. Шақырған болар Назыкеш.

Нәби. Осы сол екеуінің арасы не боп барады? Дүр-
дараз сияқты маған.

Шәрбан. Мен де түсінуден қалдым. Біресе ол, біре-
се бұл шалқаяды.

Нәби. Жақын інін, айтпайсың ба: «Иіл... Жұмса
деп... Оның соңынан әйел бала жүгірер дейсің бе, қашан-
ғы бақыр басты болса да...

Шәрбан. Араласпайық, әкесі... Өздері шешсін!

Нәби. Бәсе, жігітке кінә болмаса тиіс... Кейде бос
сөз сөйлеп кететіні бар, әйтпегенде жігіт-ақ: ісіне мығым,
жұртқа ақысын жібермейді. Өскісі кеп жұлынып тұр...
«Қой» де балаңа, таңдаған тазға жолығар.

Есік алдына машина кеп тоқтап қалады. Шәрбан терезеден қа-
райды.

Шәрбан (*сасқалақтап*). Келді қонақтар! Шығы-
ңыз алдынан.

Нәби. Дүрлікпе, келіншегім. Олар да шешеден туған
шығар біз сықылды.

Шәрбан. Осындайда ерегісіп қалатыныңыз бар-ау.
Шаңыраққа қараңыз. Кімге келіп отыр, түсінбейсіз бе
соны?

Нәби. Ауыздағысын қонағына жырып берген ата-
бабамыздың тапқаны белгілі де... (*Кетеді. Сырттан шұр-
қырасып табысқан дауыстар естіледі.*)

Шәрбан (*Айнаға қарап*). Жас шақтағы жүрек со-
ғысын сезінем, не болған маған?.. (*Дауыстан.*) Назипа!
Шық бері, келді қонақтарын.

Назипа шығады.

Нәзипа. Әлгі айтқан сырымды сездіріп ап жүрме
докторға. Жарай ма, мама!

Шәрбан. Өзің берік бол, қалқам.

Қонақтар кіреді.

Топ алдында — Нәби.

Нәби. Жолды өзім бастайын.

Шәрбан (*қызына сыбырлап*). Түрікпен төрін бер-
мес, алдымен өзін ұмытпағаны жөн.

Жұмат. Шәрбанжан!.. Апырмай, сені де көретін күн
бар екен? (*Қолын сүйеді, толқып, бетіне қарап тұрып қа-
лады. Назипа мен Есен өзара шүйіркелеседі.*)

«Жас едің сен! Өстің күнге таласып,

Гүл боп тұрдың шоқтарыңды жаңа ашып.

Күлсең дағы, қабағынды жапсаң да,
Тұрушы еді бәрі саған жарасып».

Сол қалпың, ешбір өзгермепсін.

Шәрбан (күліп). Қайдам... Назипадай бойжеткен қызы бар әйел өзгермеді деуіңіз — көңіл көтеру болар.

Жұмат. Мәңгі қартаймайтын жас адам болмай ма? Екеу болса — біреуісін... Мына кісіні танысың ба, Шәрбанжан? (Есенді нұсқайды.)

Шәрбан (қолын беріп).

Сыпайы Есен,
Жүрмісің есен?

Есен.

Шәрбан ерке,
Біздің серке!

Нәби.

Тыраш-Жұмаш,
Серме құлаш!

Жұмат.

Нәби сараң,
Күні қаран!

(Бәрі ду күледі). Біздің сөзіміз ерсі көрініп тұрған жоқ па, Назыкеш?.. Төртеуіміз жас күнімізде бірге өстік балалар үйінде, сондағы қойып алған атымыз ғой бірімізге біріміздің...

Нәзипа. Қайта қызықтап тұрмын, ағатай. Жатқан романтика! (Күліп.) Бәрінен де папама қойған атыңыз — менің намысыма тиді.

Жұмат. Бала күнінде папаң сараң болатын. Бұл өзі әлді кісінің баласы болды да, үйінен ылғи қазы-қарта, құрт-май кеп тұратын. Соны бірімізге таттырмай, түнде, біз ұйықтап қалғанда ұрлап жейтін.

Есен. Осы соққан Шәрбанға да таттырмаған болар-ау!

Шәрбан. Жұртқа көрсетпей, жеңінің ішіне тығып беретін. (Бәрі күледі.)

Жұмат. Бәсе, жеңінің аузы сатпақ-сатпақ боп жүретін еді, сол екен ғой. Әй, сараңым-ай!

Нәби. Не десендер, о дендер. Шәрбан маған тиді ғой, іштерің күйсе тұз жалаңдар. (Кеңкілдеп күледі.)

Жұмат. Осыны қалай таңдап алдың, Шәрбанжан? Әлі күнге таңым бар.

Есен. Бақыты жанған соң — амалың нешік!

Жұмат. Қайдағы бақыт!.. Сараңдығымен ұтты бұл бізді.

Е с е н. Ересек болды, қу болды — есебін тауып алған да!

Ж ұ м а т. Қалай десен де, осы сараң бақыттан құр қол емес. Көрмейсің бе, үшеуміздің жолымыз үш бөлек айрылғанда, бұған ең оңай жол кез келгенін. Пәлен жыл бір орында, сұлу жары қасында, ақылды қызы жанында. Бұдан артық не тілейсің?

Ш ә р б а н. Тіліңіз тимесін, «тілім-тасқа, тфу» деңіз.

Е с е н. Тфу, Тфу!

Н ә з и п а. Папама тым шүйіліп кеттіңіздер, қызыға-сыздар-ау, тегі?

Н ә б и. Күндеп отыр бұлар, баяғыдан белгілі.

Ж ұ м а т. Күндемеймін, Нәби. Қызығам саған. Шәр-бандай жары, Назыкештей қызы бар деп қызығам. Өмір терегінің биік басына, берік ұяны қалай салып алған деп таңданам. Өзің айтшы, Назыкеш, осы Есен кімнен кем? Папаның бұдан несі артық? Осы күнге дейін Нәби шыққан басына шыға алмай тұр. Неліктен деп ойлай-сың?

Н ә з и п а. Қуанышын қызықтап, қайғысын бірге кө-терер дос таба алмай, жалғыз болған шығар.

Ж ұ м а т. Таптың, ақылдым. Мұны биікке көтерген Шәрбанның асқақ махаббаты. Ерлі-зайып қол ұстасып, өмірге сапар шегеді. Сонда зайыбы қолтығынан демеп, жаңағы өзің айтқан: ауырлықты қатар арқаласа...

Е с е н. Нәбидің көңіліне келсе де айтайын: Шәрбан болмаса, терек басына өрмелеп шыға алмай, орта жол-дан қайтар ма еді, кім білсін...

Н ә б и. Жақсылықты Шәрбан басына үйе беріңдер, арақ ішкізетін де, күтетін де сол.

Ж ұ м а т (күліп). Соқыр тауықтың түсіне тары ене-ді... Әй, құрғыр құлқын-ай! Буфет жаққа неге қарай бе-реді десем, алдымен тамақты ойлап отыр екенсің ғой. Баяғы мінезі... (Бәрі күледі).

Н ә з и п а (шешесіне еркелеп). Рас, ақын аға, менің мамамнан артық бұл дүниеде адам жоқ.

Ж ұ м а т.

Нәзік, таза мінездерің, ойларың,
Қарап, тындап, қанбадым да, тоймадым.

Ш ә р б а н. Тілге жүйрік дара туған тұлпарсың, Жұ-мат. Абайла, алды-артыңа қара! Біздің Нәбекенді жеке тастап, озып кетіп жүрме! (Күліп, шығып кетеді).

Жұмат. Ақылыңа бас ұрам, Шәрбанжан!.. Жетті сөзің иесіне. Сап көңілім, сап! Басқа не айтайын?

Нәби (*іштей*). Әлгі не деп кетті?.. Мынау не жұмбақ айтты?.. О, тоба!.. Тұра тұр бәлем...

Жұмат. Нәбижан, манадан бергі айтылып жатқанның бәрі әзіл ғой. Көңіліңе ауыр алма!.. Мен сені о басқан жоғары бағалап, адал-таза жан деп ұғатынмын. Сол көңілім — көңіл.

Нәби. Бұра сөйлеу — күлкіге жақсы. Түсінем ғой.

Жұмат. Бірақ, Шәрбанға дегенде менің жүрегімнің басқаша соғатынын білесің. Сенен де оны артық көрем... (*Күліп.*) Оған таршылық жасама!

Есен. Кім білсін, қызғанбасын... Бұдан бәрін күтуге болады. Мен білетін Нәби болса...

Жұмат. Мен білетін Нәбидің қоңырқай даусы да болатын. Есінде ме, «Жолдастар», Нәбижан? (*«Қоңыр дауыспен «Жолдастар» әнін салады.*)

Намысы бар нашардың балалары,
Неше мың жыл күл болған бабаларың, жолдастар!
Сансыз нашар дүниеде салды ұран,
Сол нашардың жалғыз біз балалары, жолдастар!

Шәрбан кіреді. Қолында поднос. Поднос толы: шарап, алма, мейіз, бокалдар. Шәрбан есік алдындағы дөңгелек столға подносын қойып, қастарына кеп әнге қосылады.

Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал!
Қызылтулы майданда
Бостандықты алып қал!

Соңғы екі жолда, еркектер тына қалады. Шәрбан өзі аяқтайды. Ду қол шапалақтайды.

Жұмат. Баяғы сылдыраған күміс даусы.

Есен. Тамаша!.. Жұмаш, есінде ме, алгебрадан Нәбиге қалай көмек бергеніміз?

Нәби. Емтихан бере алмай бір қысылғаным бар еді. Сен де қызық бәлен жылғыны ұмытпайтын қу екенсің.

Жұмат. Қалай ұмытарсың. Есен үшін менің арқам дызылдайды, осы күнге дейін. (*Бәрі ду күледі.*)

Шәрбан. Ол анекдот сонда бүкіл мектепке тараған, сол шын ба еді өзі?

Есен. Анекдоты несі! Шындық, ойбай! Оны мына Жұмат айтсын нәшіне келтіріп.

Жұмат. Есебін шығара алмай көзі бақырайып, сор-

лап отырған Нәбиге екінші этаждан жіпке байлап хат түсірдік: «есебінді тезірек жібер» деп.

Е с е н: Ең аянышы: есепті шығарып, қолына тигізген кезде ұстады ғой.

Ш ә р б а н. Қайдан біле қойған?

Ж ұ м а т. Бірінші этажда, терезе алдында отырған Нәбекен түсе берген жіпке, абайлау жоқ, торғайға ұмтылған мысықтай тап берген. Қарсы алдында қасқып отырған мұғалім қалай көрмесін. Білдірмей шығып кетіп, үстіңгі үйге көтерілсе, еңкейіп тұрған екі жонды көреді... Ептеп басып кеп, оң жақтағы әрқашанда оңтайлы ғой, солқылдақ темір линейкамен жұмсақ жерден сарт еткізгенде, Есен құрық тиген асау тайдай өкіре мөңкіп, тулап шыға келмесі бар ма?

(Бәрі тағы күледі).

Е с е н. Артынан ақтады ғой, Нәбижан, сол еңбекті!

Ж ұ м а т. Ойбай, мұның қылмысы зор біздің алдымызда. Ұмытып барады екем, «Линейка» деген өлең шығарғам, соны мына жігітің, Шәрбанжан, шіміркенбестен мұғалімнің өз қолына табыс еткен.

Н ә б и. Бергем жоқ.

Ж ұ м а т. Жалтарма!.. Артынан мұғалімнің өзі айтқан маған.

Ш ә р б а н. Кешіріңіздер, жағынғысы келген болар мұғалімге.

Н ә б и. Етектен алма, Шәрбанжан. Мына екеуінің өзі-ақ мықтап ұстап, жібермей тұр жағамды.

(Бәрі күледі).

Нәзипа шарап құяды. Шәрбан Нәбиге «әпер» дегендей ым қағады. Нәби қонақтарға бокал ұсынады.

Ш ә р б а н. Ғафу етіңіздер, тағам алдында аздап сусындап, шарап іше тұрыңыздар!

Н ә з и п а. Мамамның бұл шарабы — Венгриядан әкелген сарқыты.

Ж ұ м а т. Барып па едің, Шәрбанжан?

Н ә з и п а. Осы көктемде аралап қайтқан.

Е с е н. Біздің келетінімізді сезгенсің ғой, тегі?..

Ш ә р б а н. Қадірлі бір қонақ келер деп сақтап жүргенім шын еді, Нәбиге де бермей... Өздеріңе бұйырды...

Ж ұ м а т. Шарабының түсі қандай ғажап: күн сәудесінен ағызып жасаған ба, қалай?.. (Таңдана қарайды.)

Шәрбан (*бокалын көтеріп*). Ағаларым келді, орталықтан келді. Халқыма тұтқа, көңіліме демеу, қадырлы ағаларым келді деп Назипаның қуанышы қоймына сыймаған соң, кім екен деп асыға күтсем, тайдай тебісің, құлындай шұркырасып, бірге өскен сыйлас құрбыларым бол шықты. Мұндай ғайыбет, қуаныш кеш өмірде жиі кездесе бермейтін сияқты. Сондықтан осы бір қуаныш кеш үшін тост көтерейік!

Жұмат. Мен білмейтін тағы бір қырынама көріңдің-ау, Шәрбанжан. Сен сықылды ақылды әйел үшін көтерейік осы тосты! (Бәрі шулап, бокалдарын соғыстырып ішеді. Назипа ойланым қалады).

Назипа (*іштей*). Ақылмен іздеп шыққан армамы шынымен мамам болғаны ма? Жок, әлде көңілі күйілің қанат серішесі ме екен?

Есен Назипаны бәлек алып шығады. Жұмат, Шәрбан, Наби үшеуі өзара сөйлесіп отырып қалады.

Есен. Неге мұндайым қалдың Назипамен?

Назипа. Жалғыз мен бе, сіздің де жүзіңізді де бір көлемге басқандай... Сіз де өз арманыңызды еске түсірген періздісіз.

Есен. Армамым алыста емес, жақында, қол жетпейтіңа биікте.

Назипа. Көрсетіңіз: бағасын беріп, төреліңін айтайын.

Есен. Жасың — жасы, ақылдың — несі, көркіңе көз тоймас десем, не дер едің?

Назипа. Ақыл туа бітпейді, жүре біледі, өмірде көргеніңіз көп, баспан кешкен парижаныңыз бар, сізден ақылды деп қалай айтамы? Көрікті дейсіз, әйел көркі көктемдегі пұлмен тең. Бір күн өмір ауынында бедерін алдырғын қояды. Оның күлушісі — ерлі емес пе!.. Өзі жас деп жасқа балайсыз, салмақты онан да жауап айтайын: әйел жасы нарестемен өлшенбей ме?

Есен. Сонда?.. Қолым менің жеткі демекшіңіз бе?

Назипа. Талпынып көріңіз, палатты ерте нұр жауар.

Бір-ау сөйлеңіз қосырауың босады. Бәрі тытып қалаты. Назипа сөйлеңі ашық бол ұмытыңыз да, шынының қасына орнатыңыз. Бізкіті Наби ашығы. Еркін кіреді.

Нә з и н а (шешесіне сыбырлап). Айтқан едім сағат беске деп. Көрдің бе кешігіп келгенін?

Ш ә р б а н. Ұят-ай!

Еркін жағалай қол беріп амандасады.

Н ә б и. Біздің Еркінжан!.. Шәрбаинның немере інісі. Бұ-да дәрігер.

Телефон шылдырайды. Нәби аузындағы сөзін тастай беріп, тымшылы верандаға кіріп кетеді. «Алло, бұл кім?» деген дауыс естіліп барып, үн өшеді.

Е р к і н. (Есенге қолын беріп жатып). Әлгі атақты Жұмат ағай сіз емессіз бе?

Е с е н. Мен емеспін, шырағым. Мына отырған ағай.

Ж ұ м а т. Немене, мен тақияна тар келдім бе?

Е р к і н. Білмеген у ішеді...

Ж ұ м а т. Сезінуің керек. Әлде мен ақылға ұқсамаймын ба?

Е р к і н. Сізден гөрі мына кісі көбірек ұқсайды ақылға. Самайына ақ кірген, жүзінде мұшыл адамның көлеңкесі бар. Байрон тәріздес.

Ж ұ м а т (маз бол күліп). Тіл мен жағына сүйенген зардақ қой мынау... Айтшы көме, кімге ұқсаймын мен?

Ш ә р б а н (ылдат «қой» дейді Еркінге. Дауыссыз). Бұл өзі қушықеш. Еліктірсең — поктата алмай әлек боласың.

Е р к і н (Шәрбан сөзін елемей). Сіз бе? Қызылған мұртыңыз бар... татар малайына ұқсайсыз ба, қалай? (Бәрі ду күледі.)

Ж ұ м а т. Әкеннің үйінде ат айдаушы абан болушы еді балғыда. Соған ұқсайтын болармын.

Е р к і н. Көріп пе едіңіз сіз оны?

Ж ұ м а т. Бал ашағыным бар. Сенбесең, бері келі. Аш ашқанымды, сырнамды ақтарыямы!

Еркін сәл ойланғандай, Шәрбанға қарайды. Шәрбан басын илейді.

Н ә з и л а. Бер қолыңды. Бізден жасыратын сырмың бар ма әлде?

Е р к і н. Бүкпесіз адам бола ма, Назипан!.. Сөзге тиек керек, іліп-жанып әуреленіп жүрсе...

Е с е н. Жасырарың болса, біреуді түрліктеп нең бар, жігітім?

Е р к і н. Неде болса көрдім, тек түстеп, бейнелеп ай-
та көрініз... (Алақанын ұсынады.)

Ж ұ м а т. Иә, қызық екен... (Басын шайқайды.) Өмір
жолың, жігітім, сайрап жатқан даңғыл қара жол емес,
бұлтарысы, сүрлеуі көп. Дегенмен, ақыл-айланың арқа-
сында өрмекшідей өрлеп біраз барған кезде, сенер қы-
лың үзіліп, топ етіп бір құлайсың, содан қайтып оналуың
екіталай. Абайла, бала!...

Е р к і н. (Қолын тартып ап). Тсс, ағасы, үй артында
кісі бар. Қалжың көтермейтін адам болады...

Ж ұ м а т. Кешір, інім, артық айтсам... Бірақ тегіс
айтқызбадың.

Е с е н. Сөз бүкпе, Жұмат!

Ж ұ м а т. Сенің еккен гүліңе біреудің не болғысы кеп
жүр. Әй-әй гүліңді біреу жұлып кетпесін, байқа бала,
байқа!

Е р к і н. Менімен сайысқа түсерлік жігіт шамалы
бұл өңірде.

Е с е н. Кім білсін, табылып та қалуы ықтимал. Күн
сайын ұшып жатқан самолет, жүріп жатқан поезд, бір
күні біреуі жетіп кеп, көшені қақ жарып, қолтықтап
алып жүре берсе, қайтесің?

Ш ә р б а н. Не дейді, Еркін, ағаларың? Ұмтыл! Қапы-
да қалма!

Е р к і н (күліп). Осы күні кім көп — қыз көп. Басқа
бір қаладан кім келе қояр дейсің?

Ж ұ м а т. Ұшқары сөйлеме, жігітім!.. Қыз көп болса
да жар біреу-ақ!

Е р к і н. Менің жүрегіме оқ тигізетін мерген туған
жоқ.

Н ә б и (есіктен). Еркін, бері шығып кетші.

Ж ұ м а т (соңынан). Жастық — аңқау келеді, сөзі —
тік, шақар келеді деген осы-ау... Әккі аңшының көздеп
тұрғанын сезбейді.

Есен Нәзипаны қолтықтап рояльдің қасына апарды. Шәрбан мен
Жұмат өзара әңгімелесіп қалады.

Е с е н. Аанада, поезд үстінде: «сырымды ұғындырар
ем, әттең рояль болса» дегенің қайда, Назыкеш? Міне,
рояль!

Н ә з и п а (аккордты алып). Олай деп айтпауым ке-
рек еді...

Е с е н. Сөз ұстағыш, уәдеге тұрғыш едім. Мүмкін, се-
нерсің маған?

Н э з и п а. Жазықтымын айтсам... Сыр ұғатын жан
табылса, бір кештік сыр әркімнен де табылар.

Е с е н. Ұқтырғың келсе, ұғатын жан қасыңда тұр.

Н э з и п а. Онда мына бір ноктюРН сізге нені ұқты-
рар екен? Тындаңызшы!

Баяу қоңыр ырғақпен ойнады.

Ж ұ м а т. Саған қараған сайын жас шағым көз ал-
дыма елестеп, не бір өкініш жүрегімді кернейді, Шәр-
банжан.

Ш ә р б а н. Тату-тәтті өстік. Сондықтан ба: таң шапа-
ғындай сол бір шақ мені де қызықтырады да тұрады.

Ж ұ м а т. Ақынға жар болуға жаралған жансың, қай-
тейін...

Ш ә р б а н (күліп). Ақын жары: ақылды да көрікті,
сыпайы да сүйікті, ақын көңілін аулай білетін, шабытын
тербей білетін әйел болуы керек. Ондай қасиет менен
табыла ма?

Ж ұ м а т. Осы сөздің өзі неге тұрады? Жалғашы әрі!
Тындағым келеді сені.

Ш ә р б а н. Ақын қауымы — Отанына, халқына өмі-
рін бағыштаған, жүрегінің қанымен жыр жазған, ең-
бек бейнетіне төзген қауым деп білем өз басым.

Ж ұ м а т. Әдетте, ақын еңбегін ауылдағы әншінің
отыра қап домбыра тартқанына балайды жұрт. Әттең
шіркін, сен сияқты ұғынса олар да... Дегенмен, сендей
әйелдің барлығына тәуба!.. Жүрегіме кілт таптың, енді
бір сырды мен де саған шертейін, тындап бақ!.. Ұзақ
жылдар ойымның төрінен орын алған сенің тұлғаң қа-
ғазға сұранды. Қолыма қалам алып «Арман!» атты поэ-
ма жаздым... Жаза алмадым. Аяқтай алмадым. Жүрек
соғып лүпілдеп, сені аңсап көргім келе берді. Өмірде
таба алмай, қолыма түсіре алмай кеткен арманымның
қасында отырып, поэмамды бітіргім кеп арнайы аттан-
дым...

Нәби мен Еркін кіреді.

Е р к і н. Операция деген, ағатай, бұл да искусство,
шабыт тілейді... Көшеден ұстап әкелген дәрігердің бәрі
бірдей операция жасай алмайды, ой-бай!

Н э б и. Сонда неғыл дейсің?

Е р к і н. Тізгінді қарулы қолға ұстатып, бір шыбықпен айдау керек. Несі бар?

Н ә б и. Қім бар ондай мүйіз жүрек, адуын?

Е р к і н. Беріңіз маған сол орынды, сараңдық қылмаңыз!.. Жұмса—уыста, ашса—алақандағы орынбасардың өзі боламын.

Н ә б и. Азуы алты қарыс дәрігерлер тұс-тұсыңнан жабыла талағанда есің шығып кетпесе!

Е р к і н. Бір ай сынмен алыңыз!.. Тәуекел, тұрдым.

Н ә б и. Алдымен... (*иегімен нұсқап Нәзипаны*) мына Назкешке тісің өте ме өзіңнің?

Е р к і н (*күліп*). Той жасайық, ағатай!.. Тойдан кейін тіс те мұқалады...

Нәзипа музыкасын аяқтайды да, сәл ойға шомып отырып қалады. Есен терезені ашып, түнгі қаланың көрінісіне көз тігеді. Нәзипа қасына барады.

Н ә з и п а. Қандай әдемі түн?

Е с е н. Осы бір түн—өмірімнің жұмбақ түніне айналған сияқты. Сенің тартқан музыкаңнан назды сырға бөлендім. Жүз ұялып, тіл күрмеліп айта алмайтын сырға қандым... Осыдан жиырма жыл бұрынғы арманым қайта елестеді.

Н ә з и п а. Ендеше, осы бір сыр — кеше, поезд ішінде пайда болған маған. Кінәлі өзіңіз!..

Е с е н. Ерке жанның шалдуар мінезі болар?

Н ә з и п а. Еркеліктің жөні бар, еркеліктің шағы бар, мен ол кезеңнен өткенмін.

Е с е н. Түн өрінде тіріліп, таң ата шаңырағы ортасына түсетін ұшқыр қиялдың құбылысы болмасын мұның... Байқап бас қадамыңды, Назыкеш!

Н ә з и п а. Өмір қадірін білер деп сыр аштым сондықтан.

Е с е н. Алақанға өзі кеп түскен бақытты елемей, артынан ах ұратыны болатын адамның. Онымен де санасам. Бірақ мені қинама, бұл көктемдегі өткінші жауын ғана — өтеді де кетеді. Бұлт артынан жарқырай күн шығады. Көз ұялтады.

Н ә з и п а. Бұлай десеніз, мені өкініште қалдырғаныңыз. Жаңағы ойнаған музыкам, сыр түйінін ұғындыра алмаған көрінеді.

Е с е н (*іштей*). Жүрек — жігіт, ақыл — ата, тебіренем

де тартысам, білмеймін қайсысы жеңерін... Кешіре гөр, еркежан!

Ш ә р б а н. Тағам әзірлейік, Назыкеш!

Екеуі ас үйге шығып кетеді. Еркін пластинка тындап, би музыкасын ойнайды.

Ж ұ м а т. Нәби, бері жақында!.. Әлі баяғы мінезің — некен-саяқ өмір сүруге бейім тұрғаның. Әй, жат жүрексің-ау. Қоян-қолтық кеп бірдеңе демейсің бе?..

Н ә б и (*өтірік күліп*). Тауып кеттің, антұрған.

Е с е н. Нәби, осы сен қазақтың ескі емдерін зерттеп жүрмеуші ме едің баяғыда. Диссертация қорғап алған жоқсың ба?

Ж ұ м а т. Сол жайында бір мақала да шықты ма, қалай? Бір жерден көзім шалғаны бар...

Е р к і н. Ағатайымның ол мақаласы әлі бар. Шыныға салынған өзінің кабинетінде ілулі тұр... Ол мақалада ағатайым қазақ медицинасын жоғарғы сатыға көтере білген.

Ж ұ м а т. Әй, Нәби, қайдан тауып алдың мына қуды? (*Еркінді қолымен көрсетеді.*) Атыңды шығаратын берік шәкіртің осы екен!

Н ә б и. Бұра сөйлемесе қазақтың іші кебеді! (*Ашуға басып.*) Бар, ана үйге, Еркін... Тағам дайындас! Бар. (*Еркін мырс-мырс күліп шығып кетеді.*)

Аз тым-тырыс.

Е с е н (*Нәбиге*). Баяғыдан бері бір қалада бір орында келе жатырсың, ә?

Н ә б и. Өсірмесе, «сен барып істей ғой» демесе, біреудің орнын өзім қалай тартып аламын?

Ж ұ м а т. Осы сен, ана бір жылдары денсаулық министрлігінде мықты орында болған жоқ па едің?

Е с е н. Аузыңды қу шөппен сүртесің. Барыпсың ғой біраз жерге зымырап? Бір құлап түстім демейсің бе оданда?

Н ә б и. Мынау тұрған Есен мырза «қажының баласы, аластау керек» деп талай шоқпар ала жүгіргені есімде.

Ж ұ м а т. Сөз саптауың ұнамай барады. Шынымен сол бір күннің сырын ақтарғың келгендей ме, қалай?

Е с е н. Ендеше тында. Осы төртеуіміз әр қаладан оқу бітіріп келдік. Алматыда түйістік, есінде ме?

Ж ұ м а т. Иә, жадымда. Ұмытпасам, Шәрбан жеңге-

сінің үйінде бас қосқанбыз. Шарап ішіп, жастық жырын паш еткен ол бір ғанибет кеш болған.

Е с е н. Сол түннен кейін менің бағым тайды. Сонда сырласып отырып, айтқан сөзім өні өзгеріліп қайда барсам да алдымнан кес-кестеп шыға берді.

Ж ұ м а т. Ендеше оған кінәлі осы төртеуміздің біріміз болдық қой.

Н ә б и. Шәрбанға да сенімсіздік білдіргендерің бе?

Ж ұ м а т. Ғафу ет, Нәби. Шәрбан сүттей ақ, нәрестедей пәк, таза жан. Оны бұл тізімнен шығарайық. Сен қалай дейсің, Есен?

Е с е н. Әлбетте.

Н ә б и. Онда екеуміздің біріміз.

Ж ұ м а т. Олай болса, үйден кім бұрын шыкса — жеткізген сол!

Н ә б и. Сен бұрын шыққансың.

Ж ұ м а т. Сонда мен демексің ғой?

Н ә б и. Айтасың-ау.

Е с е н. Ұмытпасам, сол күні бәріміз бір шықтық...

Н ә б и. Таксиге мініп, әуелі Жұматты апардық «Жетісу» мейманханасына.

Е с е н. Сонсоң, Гоголь мен Фурманов көшесінің бұрышында мені түсіріп кеткенсің, Нәби! Содан кейін қайда бардың?

Н ә б и. «Алматы» мейманханасында тұратынмын. Соған бардым...

Е с е н. Не істедің, Жұмат, үйіне келген соң?

Ж ұ м а т. Мен өлең жаздым. Телефон соғып Шәрбанға оқып бердім. Сөйтіп, таң атқан соң бір-ақ жатқам.

Е с е н. Шәрбаннан сұрайық, шын ба екен осы?

Н ә б и. Менің бір тілегім — бұл әңгіме өз арамызда ғана болсын. Шәрбанды қатыстырмайық бұған.

Ж ұ м а т. Жақсы. Бірақ сұрайық.

Е с е н. *(есіктен сығалап)*. Шәрбанжан, бір минутқа келіп кетші! *(Шәрбан кіреді.)* Баяғыда, сенің жеңгеннің үйіндегі отырысымызда, Жұмат телефон соғып, өлең оқыды ма саған?

Ш ә р б а н *(ойланып)*. Оқыған...

Е с е н. Түнгі нешеде, есіңе түсіріп қарашы?

Ш ә р б а н *(ойланып)*. Ұмытпасам, түнгі сағат екі-үште. Мен шырт ұйқыдан шошып оянып, кейігенім де бар.

Н ә б и. Сен жүре бер, Шәрбан. Бар,бар! Сенің енді керегің жоқ.

Шәрбан. Бұл не құпия сыр менен жасырған?

Жұмат. Бара ғой, Шәрбанжан. Еркектердің өзара сыры болмай ма?

Шәрбан. Жүмеке, барайын. *(Кетеді.)*

Жұмат. Тағы бір дәлелім — Шәрбаннан кейін Нәбиге соғып, таба алмағам. Мұның телефоны жауап қайтармаған соң, кезекші әйелден білгенімде, ол «кілті менде жатыр, әлі келген жоқ» деген.

Есен. Енді не дейсін, Нәби? Осы сандырақ кімге керек, жігіттер!

Жұмат. Жарайды, сенің сөзіңе тұралық. Бірақ сен Есеннің досы емес пе едің, сен өз жүрегіңнен сұрап көрдің бе? Дұрыс істедің бе, бұрыс істедің бе?

Есік алдында байқаусызда кіріп, бәрін тындап тұрған Еркін қайтадан шығып кетеді.

Есен. Сабыр ет, Жұмат! Нәзипа мен Шәрбан үшін қояйық. Сол бір қадірлі жандардың көңіл кейпін бұзбайық.

Жұмат. Сөз ыңғайын түсіндім, Есен. Әлгі бір ақ жүрек, адал жандардың сый-құрметін бұзбайық дегенін, мақұл. Өйтпегенде... бұл сияқтыға мен баяғыда былай деп жауап бергем:

Аңшы адасты ақылынан сәске түс,
Атты келіп... баулыған өз қыранын...
Кегін алды аңдып жүрген қара құс,
Ен далада болып о да қырағы!...

Осыны саған айтам, Нәби!

(Толқып қолындағы орамалын түсіріп алады, алам деп еңкейе бергенде, жүрегі қысылып кетіп, есінен танады).

Ой, жүрегім, Есен!..

Есен *(бас сап)*. Жүмеке, не болды саған? *(Тамырын ұстайды.)* Статоскоп!.. Статоскоп беріндер! Еркін, шешіндір тезірек!.. Нәзипаны шақыр, Нәби!

Нәзипа мен Еркін кіреді. Жұматты көріп тұра ұмтылады.

Нәби *(айғайлап)*. Нәзипа!.. Еркін!..

Есен *(диванға жатқызып)*. Жүрегің тындайық, Назыкеш! *(Тізерлеп отыра қап, құлағымен Жұматтың жүрегің тыңдайды. Нәзипа ілулі статоскопты алып бұ да қатар тыңдай бастайды. Еркін де араласады.)*

Нәзипа. Неден басталды өзі? Не себеп болды?

Есен. Әкеңнен сұра.

Нәзипа. Папа!.. Қатты сөз айттың ба?

Нәби (ақырын). Не деуші ем... не айтушы едім!

Шәрбан (оңаша шығарып ап Есенге). Не болды Жұматқа?

Есен (сыбырлап). Оқ жылжып, жүрек тамырына тиген сияқты.

Еркін. Бұл — нағыз инфаркт. Жүрек жарылып кеткен дейді, қазақ. Оқ жүректі жарып та жіберуі ықтимал.

Нәзипа. Кардиограмма жасамай диагноз қоюға болмайды. Мүмкін оқ жүрек нервіне тақалып тұрған болар... Кім біледі.

Жұмат (ыңыранып). Ой, жүрегім...

Шәрбан. Не болды, не сұмдыққа ұшырадық?.. Ұзақ жылдан бері кездескен қуанышты кешім еді. Соны да көпсінді ме тағдырым?

Есен. Жүмеке, қай жерің ауырады?

Жұмат. Жүрек... Сорлады жүрек. Жанымды көзіме көрсетіп, шыдатпай барады...

Нәзипа (Есенге). Ауруын азайту үшін пантопон жасасақ қалай дейсіз?

Есен. Бар ма еді үйде?

Нәзипа. (Комодтан кішкене қолсандықты алады да, ішін ашып, ампуланы көрсетеді.) Міне, бар екен! Еркін, шприцті спиртпен жу да, бері әкел!

Нәзипа (Еркіннің қолынан шприцті алып, дәріні Жұматқа өзі егеді). Ыбылжуын, әрбір секунд қымбат мұндайда!.. Есен аға, әне бір сандықшада камфора бар, соған қол жалғап жіберіңіз! (Есен дәрі әкеп береді. Нәзипа тағы да егеді. Аз тым-тырыс.)

Жұмат (есі кіріп, көзін ашады). Ух!.. Неткен бейнет!

Нәзипа. Не сезінесіз, Жұмат ағай?

Жұмат. Қозғалтпайды. Жүрегіме біреу пышақ салып тұрғандай, қозғалсам-ақ жаным көзіме көрінеді.

Шәрбан (көзіне жас алып). Берілме, ардақтым. Сенің рухың күшті еді ғой!

(Жұмат мейрімді көз тастайды. Шәрбан қолын ұстап жанында отырып қалады).

Нәби. Шәрбан, сен Жұматтың қасында бол. Қалғандарын мында жүріңдер, ақылдасып алайық.

Бәрі верандаға шығады.

Екінші сахна

Бақша жақтағы шынылы веранда. Телефон да осында.

Нәби. Егер оқ қозғалса самолетке сап тезірек Алматыға жеткізу керек. Қалай дейсіздер, қалдырып қоюдың жөні болар ма екен?.. Самолетті де біліп қояйық.

Нәзипа. Телефон соқпай тұра тұрыңыз, папа! Жете ала ма, әуелі соны ойласалық!

Еркін. Жоқ, атамаңыз... Самолетті де біліп қойған дұрыс. ИЛ-18 шайқамайды.

Есен мен Нәзипа ойға шомып, дағдарыста тұрады.

Нәби. Мен де солай ұйғарам... (Телефон номерін теріп.) Алло, аэропорт па? ИЛ-18 Алматыға қашан ұшады? (Телефонды тастай беріп.) Әлі бес сағат уақыт бар, үлгіреміз.

Нәзипа. Не деп тұрсыз, папа? Шын айтасыз ба?

Нәби. Сөзді қой, балам. Мұндайда өте сак болған жөн!.. (Есенге.) Сен дос едің ғой, Есен, апарып тастасаң Жұматты? Қасына медсестра қосып берейін...

Есен. «Дос едің ғой, Есен» деп жылпостыққа салма, Нәби!.. Жұмат ешқайда жүруге жарамайды бұл қалпында.

Нәби. Жұматқа менің жаным сенен кем ашымайды, Есен!.. Өлтіріп аламыз ба деп қорқып тұрмын... Сен ерінсен, өзім апарам Алматыға!

Еркін. Мен осы түкке түсінбеймін. Емханаға жеткізді не, самолетке жеткізді не, айырмасы қанша?.. Мейінше, самолетке бір мінсе, ИЛ-18 шайқамай бір сағатта түсіреді. Ар жағында тосып алмай ма?

Нәби. Соны айтам...

Нәзипа (Еркінге). Сен жаңа инфаркт деп диагноз қойғаның қайда? Инфаркті самолет түгіл, осы тұрған емханаға қалай жеткізесін?

Еркін. Экс ювантивус қойылған диагноз. Болжау. Дәл басып айтып тұрғам жоқ. Мүмкін сенің диагнозың дұрысқа шығар. Жақсы. Қалсын. Сонда операция керек болса не істейсің?

Нәзипа. Жасаймын өзім.

Еркін (мысқылдап). Ондай өнерінді өзін білесің.

Нәби. Жоқ, балам, бұл — ауылдан келген қара-

пайым адам емес. Республикаға даңқы шыққан әйгілі ақын... Жеңіл қарама.

Нәзипа (*телефонды теріп*). Хирургия ма? Күзетші сестраны шақырыңызшы... Лидия Ивановна, үшінші палатадан екінші кроватты алып тастап, дайындала беріңіз. Қазір ауру түседі! Иә сонсоң «жедел көмек» машинасын жіберіңіз! Біздің үйге... Жоқ... басқа, бөтен адам. (*Телефонды тастай беріп.*) Кәне, қалай жеткіземіз, қазір машина келеді.

Нәби (*ақырып*). Емхананың бас дәрігері кім осы? Кім қожа? Нәзипа, сен-бе, жоқ... ертең бірдеңе боп кетсе, алдымен менен сұрайды...

Нәзипа. Жауапкершіліктен қашып тұрсыз ба, папа? Өз мойныммен көтеріп-ақ алам.

Нәби. Үлкен адамның салмағын көтеретін сенің мойның қандай жуан!.. Не десендер о дендер менің ырзашылығым жоқ.

Есен. Сабыр ет, Нәби. Жақсы, самолетке мінгізіп қоя бердік, сонда тірі жете ала ма? Мүмкін Нәзипа аман алып қалар?

Нәби. Мүмкін!.. Мүмкін... Мүмкін олар аман алып қалар?

Есен. «Мүмкін-ау» деген неғайбіл болымсызға сеніп, жіберуге арың қалай барады?

Нәби. Олай десең обкомға телефон соғам, келіспей болмайды.

Нәзипа. Папа, ұятқа қалып жүрмеңіз. Емдейтін обком емес, «өздерің шешіндер» десе, не жауап қайтарасыз?

Есен. Келді машина...

Нәзипа. Жүріңіз, басы-қасында өзіміз болайық. (*Екеуі шығып кетеді. Нәби үй ішінде шырқ айналады.*)

Нәби. Естерінде болсын, менің руқсатым жоқ! Еркін, сен қуә!

Еркін. Сөйтсе де... телефон соғып алдын ала айттып қоймаймыз ба обкомға? (*Шығып кетеді.*)

Нәби. Иә, о да дұрыс-ау... (*Телефонға ұмтылады, тоқтап тұрып қалады.*) Тоқта, Нәби! Байқайсың ба, осы жер дөңгеленіп, құлап бара жатқан жоқ па?.. Апырау, ә?.. Бір ауыз сөз! Бір ауыз сөз!.. Кім ойлаған бір ауыз сөз атқан оқтай мерт қылады деп?.. Апыр-ай, ә?.. Тоқта, есің жина, Нәби! Нәби!.. Иә, шынымен-ақ сонда мен себеп болғаным ба ақынның осындай халге ұшырағаны-

на? Әй, Есен сұм-ай, нең бар еді өткенді қайта ақтарып!.. Ах, Жұмат, Жұмат!.. Алло... Обком ба?.. (Телефонға ұмтылады.)

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сахна

Емхананың хирургия бөлімшесі. Хирургтің кабинеті. Төрдегі шынылы есіктен операция жасайтын кабинет түгелдей көрініп тұрады. Бүйірде Жұмат жатқан палатаға кіретін есік. Сол есік жанында төмен түсетін баспалдақ. Сырттан осы баспалдақ арқылы қатнасады.

Еркін қолын жуып жатады. Генриетта наркоз беретін аппаратты құрастырады.

Генриетта. Шынымен операция жасамақ па, Еркін а? Анығын айтсам осы операцияға мен сенбеймін.

Еркін. Бұл операция — өлімге апарар тура жол.

Генриетта. Сонда кеселі тимей ме сізге? Сіз екінші хирургсыз. Мені қойшы, мен жақында келдім оқу бітіріп... Маған ешкім кінә қоя алмайды.

Еркін. Айтқанға көніп тұр ма? Мен түгіл, әкесінің сөзін де елемейді.

Генриетта (*мысқылдап*). Әлден тындамаса қалыңдық, ертең не болғаныңыз. Бір жола тұсау салғаны-ау...

Еркін. Көрерміз, кімнің аяғын кім тұсарын...

Генриетта (*таңданып*). Мынауыңыз — сүймеген кісінің сөзі сияқты.

Еркін. Дәл бастың ауырған жерімді. Шынын айттайын ба? Өзіне емес, әкесіне қызықтым.

Генриетта. Ертең әкесі түсіп қалса ше?

Еркін. Өзі кетсе, мені қалдырад. Оған күмәнің болмасын.

Генриетта. Қызы тұрғанда, сізге не деп орнын береді. Мамандығы кем бе? Жоқ... жасы кіші ме?

Еркін (*жымиып*). Әкесі менің уысымда. Бұл — менің құпиям. Жеме-жемге келгенде, егер үркек аттай жалт берсе, шоктықтан ұстайтын қаруым бар... Шынында осы кісі көбірек отырып қалды. (*Іштей.*) Газетке ұрдырып жіберсе, тезірек таяр ма еді өзі. Әттең осы ой ертерек неге есіме түспеген? Біздің үйге кеп жүретін

Сәдібаев деген маскүнем болушы ед, соны жалдап алсам ше? Бір ұрып жіберсе, бас көтере алмай мәнгіп кетпей ме, мүйізден перген өгіздей. (*Дауыстан.*) Шіркін, өзіме серік боларлық, сен сықылды жарым болса... бүгін кешің бос па, Женя?

Генриетта (*үңіліп*). Ол сізге неге қажет болды? Еркін. Биге шақырсам, қайтер едің?

Генриетта. Бармас едім... жетер, жігітім, алдағаныңыз?

Еркін. Жүректің кім деп соғатынын біле тұра айтып тұрғанын?

Генриетта. Қорқам мен сізден!

Еркін (*өтірік күліп, белінен құшақтап*). Наздысын ғой, Женя.

Генриетта (*қолын қағып*). Тартыңыз қолыңызды!

Нәби кіріп келеді. Бұларды көріп қақырынады.

Еркін (*абыржымастан*). Қай жерім ауырады дейсін? (*Белін түрткілеп*.) Бұл — дәл бүйректің тұсы... бүйрек болар ауыратын. Нанбасаң Нәби Сарбаевичтан сұра!

Нәби. Немене, ауырып қалдың ба, Генриетта?

Генриетта. Жоқ, жоқ! (*Еркінге алая қарап, екеуі арбасып*.) Шаншу қадалған ба, қалай?

Еркін (*мысқылдап*). Асылында бас дәрігердің өзі қарағаны жөн ғой!

Нәби (*жақтырмай*). Жоқ, жоқ... қазір қолым тимейді, доктор (*Еркінге*.) Бардың ба ақынға? Қалай екен?

Еркін. Статус КВО.

Нәби. Көтере ала ма операцияны? Кардиограмма-сын көрдің бе?

Еркін. Атамаңыз... Жаны қыл үстінде. Бір-ақ жол қалды, ол экзетус литатис.

Нәби. Кімге тартып, қайдан жаралған бала екенін? Операция, операция деп, ақыр құрытты, міне!

Генриетта (*әзілдеп*). Өзіңізге тартқан да.

Еркін. Бір айтсаңыз, сіз де сіресіп қалмайсыз ба!

Нәби. Бұл операция кімнің болса да басын жояр. Сен де қалтарыста қалам деп ойлама, Еркін!

Генриетта. Мен де соны айтып, ескертіп тұрмын.

Еркін. Еліктіріп жүрген қасындағы ақ бас.

Нәби. Науқастың өзі не дейді екен? Отказ бергіздіру керек өзіне.

Еркін. Суға кеткен тал қармайды. Көніп қап жүрмесе.

Нәби. Еркін, сен бар да: үгітте, көндірі, бар!

Еркін. Сене қояр ма екен маған?

Нәби. Енді кім барады?

Еркін. Сен барсаң қайтеді, Генриетта? Тыс адамсың ғой.

Генриетта. Барсам — барайын.

Нәби. «Барсам — барайын» деп селқос айтпа! Барып, көндіріп кел!

Генриетта. Менің қолымда тұрғандай... Көрейік!

Жұмат жатқан бөлмеге кіріп кетеді... Екінші есіктен Нәзила мен Есен кіреді. Нәзила төрдегі фотоскопты жағып, өкпенің рентгенограммасын қыстырады.

Нәзила. Папа, міне, сенбедің ғой. Көр енді! (*Бәрі үймелеп суретке төнеді.*) Мынау жүрек тұсында ағарған оқ! Оған шәгіңіз жоқ қой?.. Енді жүректің қырынан түскен суретін көрейік... Міне, мына бір тұстан өзіңізге мәлім жүрек жүрісін басқаратын нерв түйіні өтеді. Ал, оқ осы түйіннің дәл жанына барған. Жұмат ағаны қинап тұрған осы түйін. Оқ соған тіреліп тұр. Егер операция жасамаса...

Еркін. Операция сәтті боп, оқтың алынуына көзің жете ме?

Нәби. Соны айтам... өлтіріп алсаң, жазатайым...

Есен. Тәуекелге бел байламаған хирургтің күні жоқ. Кеудені жарып, оқты алғанша, дәл басып айтуға бола ма!

Нәби. Өзі қиналып жатқан адамды онан бетер қинап, операция жасап өлтіргенше, өз бетімен қайтыс болғаны, оған да, бізге де қолайлы.

Нәзила. Маған дипломды бергенде: ажалмен алыс, күрес, аянып қалма, бір сағат болса да адам өмірін ұзарт деп берген, әке!.. Қол қусырып қарап отыруға арым бармайды!

Еркін. Мұндай тәуекелі мол операциядан бас тартам!

Нәзила (*қасына барып, үңіліп*). Сенің мұның — жау қолына досын тастап, жан сауғалап қашқанмен тең. Аңғарып тұрсың ба өзің, не айтқаныңды? Жазылар ауру

емес... маматайым, мен дәрігермін? Көріп отырып қалай шыдайын?

Шәрбан. Қайдам, қорқа берем... аяулы, ардақты адам үй ішіне, еліне, жұртқа не дейміз ертең?

Нәзипа. Жұртқа не дейміз десек — отырайық қол қусырып.

Нәби. Неге отырасың?.. Жібер Алматыға самолетке сап. Әйгілі мамандары бар, солар жасасын!

Есен. Бұл ақылын: бізден аулақ, өлсе сол самолетте өлсін дегенің ғой!

Еркін. Саған, әрине, бәрібір. Сөзге іліну — бізге пайдалы тимейді.

Нәзипа (*Еркінге*). Саудагер... (*Іштей.*) Серік болар деп бір кезде үміт еттім-ау осыдан!

Есен. Жарайды, олай тайқи соға берсеңдер, аурудың өзіне салайық, не дер екен?.. Қорықсаңдар, қолхат алайық.

Нәби (*күліп*). Қолхат алып, Жұматты сойып тастап... есінде болсын, Есен, саған дос Жұмат, маған да дос... Әйтеуір менің рұқсатым жоқ. Ендігісін өздерің шешіндер.

Шығып кетеді.

Нәзипа. Жүріңдер, ақынның өзінен сұрайық. (*Шешесіне.*) Сен неғып тұрсың, мама? Қайта бер үйге!

Шәрбан. Жұматтың рұқсатын өз аузынан естігім келеді.

Есен. Жүріңіз... Барғаны мақұл. Көңілінде түйткіл қалмасын.

Нәзипа бастап, Есен, Шәрбан палатаға қарай кетеді. Еркін қалып қояды.

Екінші сахна

Палатада Жұмат жалғыз жатады. Қасында Генриетта тамырын ұстап отыр.

Генриетта. Меніңше, бұл жерде операция жасау өте қауіпті... бірер күн байқай тұрып, Алматы барып жасатқан жөн... Асылында өзіңіз біліңіз.

Жұмат. Төзімім жетпей барады. Есенмен ақылдасайын... Туыстан артық досым болған, дер бірдеңе, бұл дүниеде жақсылық құрып кетпесе. (*Нәзипа, Есен, Шәрбан кіреді*).

Генриетта. Ойланыңыз!.. Ақылшыңыз, жанашыр

кісіңіз адал болса, тәуір ғой. (*Кетіп бара жатып Нәзипа екеуі арбасып қалады*).

Нәзипа (*Жұматтың қасына отырып, тамырын ұстап*). Ішкі сарайыңыз қалай, ағай?

Жұмат. Қайда жүрсіндер? Жоғалып кеттіңдер ғой!.. Уақыт мынау, зымырап өтіп жатқаны, минут сайын ажалды жақындатып... қарсы тұрар қайсың барсың? Шық бері!

Есен. Біз ойламай жатқан жоқпыз, Жүмеке!.. Бірақ...

Жұмат. Не «бірағы» бар?.. Қарсы келіп, тап берген ажалдан есебін тауып құтылып жүрдік майданда. Бір тетік таппайсындар ма? Жоқ, әлде ұзақ сапарға шығарып сап «қайран ерім» деп қарап қалғандарың ба? Ең болмаса, күш сынасып, қарсы күреспейсіңдер ме?

Есен. Жұматжан, жақсы көрер қимас досымсың, шынын айтсам, сол операцияға қолым көтерілмей тұр.

Жұмат. Шірік неме. «Қимасым», «қымбатым»... маған тапқан «жақсылығың» осы болса, басқаны сөзге келмей-ақ ертіп жібергенің ғой ажал соңынан!..

Нәзипа. Аға, сүйегімнен өтті сөзіңіз. Операция жасауға мен дайынмын. Рұқсат берсеңіз... Есен ағаның да күмілжіп орағытып, айта алмай тұрғаны осы.

Жұмат. Сенем екеуіне. Қолдарыңда өлсем қапысы да, өкініші де жоқ... Бұл — операция, Назкеш, сенің өміріндегі бірінші белес болсын. Сен дәрігерлік искусствоның биік шыңына көтеріл!.. Ізден, Нәзипа! Неше жылғы іштегі жатқан оқты алсаң, сен батыр да, батыл дәрігерсің!

Шәрбан (*қасына жақын барып, қолын ұстап*). Жүмеке, қатар өскен құрбым, қадірлі досым! Ойланыңызшы! Операциясыз-ақ жазыларсыз!

Жұмат (*қолын жібермей*). Асыл менің Шәрбаным, іздеп шыққан арманым...

Нәзипа (*Есенге*). Операцияға дайындалайық. Енді кеш қалсақ — қауіпті, жүрек әлсірей береді.

Екеуі шығып кетеді. Шәрбан көтеріле берген, Жұмат жібермей ұстап қалады.

Жұмат. Қетпеші, отыршы менің қасымда!

Шәрбан (*саусағымен маңдай шашын тарап*). Жұматым!

Жұмат.

Қарашы сен, қадашы сен көзінді!
Оят жанды, қина, сәулем, сезімді!
Ауру жүрек аласұрып құмартад,
Мені аяшы, аямасаң өзінді.

Шәрбан. Сені де, өзімді де аяймын. Қайтейін...

Жұмат. Жоқ, бекер оның, аямайсың мені? Өмір бақи бір ауыз сөзіңе зар ғып, аңсаттың да қойдың.

Шәрбан. Не дейсің, не істе дейсің маған, Жүмеке?

Жұмат. Іздедім сені ұзақ жыл. Кеше, сонау майдан-шайкаста аман сақтаған оқтан қалдым, жыр жазғанда алдымда жанған шам шырағым сен болдың, Шәрбанжан. Түсімнің төрінен, ойымның өрінен сен ғана орын алдың. Көп күрестім, көп састым, ақыры жеңіп, іздеп шықтым алыс жолға. Өліп кетсем армансыз болайын!

Шәрбан *(налып)*. Қиналдығың-ау, Жүмеке. Қалай айтайын, әркімнің орындалмаған арманы бар. Соның бірі болып, осы бір шақ қала берсе, аспандағы жұлдыздай жарқырап үнсіз тұра берсе, бағасы арта бермес пе? *(Екі санитарка кіреді.)*

1-санитарка. Кешіріңіз... операцияға дайындамақпыз науқасты, сөзіңіз бітсе...

Жұмат. Тоқтай тұрыңыз!.. Біткен жоқ сөзім. Шәрбан, сенің ақырғы сөзіңді естімей операцияға бармаймын.

Шәрбан. Менің жанымды түсіне тұра, неге қинайсыз осыншама.

Жұмат. Тап осылай баяғыда дүдәмал қып кеткенсің.

2-санитарка. Хирургтар тосып тұр. Бітіріңіз сөзді.

Шәрбан. Қинамаңыз, Жүмеке, әйелдің жолы ауыр!..

Жұмат. Рух, жігер берудің орнына өлімге жұмсағаның ба бұл?

Шәрбан *(қолымен бетін басып)*. Жоқ, жоқ... Неге олай дейсіз, Жүмеке?.. Мен де сізге ғашық болғам жасымнан...

Жұмат. Тағы айтшы, қалқатай!.. Шықтым бақытымның биігіне!

Шәрбан. Сапарың оң боп, аман орал, ардақтым!

Жұмат *(кенет өзгеріп)*. Тоқта!.. Егер сүйсен,

жауап бермей, сұсты жүзбен неге кете бардың жоламай менің маңыма!? Қорықтың ба әлде қара бұлт төнгенде менің басыма?

Ш ә р б а н. Сөзіне ердім әзәзлідің. Шек келтірдім ақынның таза жүрегіне...

Үшінші сахна

Хирургтің алғашқы кабинеті. Ақ халат киген Нәзипа операцияға дайындалып жатады.

Нә з и п а. Жүрек толқып қобалжығандай. Неге екенін білмеймін... соңғы сағаттағы айтыс-тартыс уытын жайды ма денеме?.. Не болды маған, әлде неден тарыққандай? Мықты бол Нәзипа өзіңе! Бұл бір ауыр өткел, жауапты сын! Ақын — халық ұлы, ел азаматы. Терең ойлап, көз жібер сен осыған. Егер... ол жазатайым... жоқ, атама!.. Сенем. Өзіме сенем! Жақсылық болады деп сенем! Әлде операция жасамай, бас тартсаң — ажалызғарынан сескеніп, кейін шегінсең қайтер еді?.. Онда ар-намыс, ізгі міндеттің құны бір-ақ тиын болғаны ма?.. Ажалға қарсы бармасаң, адамды қайтіп құтқарасың ауру-сырқау бейнеттен?.. Қалтарыста қымсынып өмір сүруге қақысы бар ма дәрігердің?.. Тәуекел, шыда, Нәзипа!

Операция жасалатын бөлмеге кіреді. Сырттан Еркін кіреді, билей басып, тақпақтай кіреді.

Е р к і н. Бас қадам, сана қадам!

Бас қазам — байқа, балам!

Кейде кейін шегініп тұрып онтайыңа келгенде ұр да жібер. Ұр да жібер! Өте берсін мәңгіп өз бетімен. Ха, ха! ТЫС. Құйылсын құм аузына! Мұндай сырды қалай айтасың? Өзіннен өзін қорықпай?.. Операциядан бас тартсам, ертең көзге шұқиды, бір. Қалыңдықтың қаһарына ілінуім ықтимал, екі. Пікірімді айтсам — тыңдамады. Ендігісін өзі білсін... *(Халатын ауыстырып киіп жатқанда Генриетта кіреді.)*

Г е н р и е т т а. Өзгердіңіз бе, Еркеша? Әлгі бір әзірдегі арыстандай айбатыңыз қайда?

Е р к і н. Өзгермейтін дүние бар ма, Женя! Мен бір жүрген желдиірмен, қай жаққа жел сокса, соған қарап айнала берем, айнала берем!

Г е н р и е т т а *(күліп)*. Асылында сол қалыңдықты

айнала бергеніңіз теріс болмас, егер соған ебіңіз жетсе! Жаңылып қалдыңыз ба деймін есебіңізден.

Еркін. Тағы ненің ишарасы?

Генриетта. Өзіңізбен өзіңіз бола бермей, қармайсыз ба көзіңізді ашып, жан-жағыңызға бір мезгіл. Мұрты жаңа тебендеген бозбаладан самайына ақ кірген еркекті артық бағалайды кейде әйел... Оны білесіз бе?

Еркін. Дұрыс қойған бір диагнозынды көрген емен, Женья. Ылғи эксивантивус — жорамал!

Генриетта. Мен бүгін бір сыр аштым... немен тынатынына көзім жетпей тұр, бірақ ғашықтық симптомы белгілі.

Еркін (күліп). Ах, түсіндім... Шерше ля фэм.

Генриетта. Шерше ля фэм, фу қызғанбаймын. Олай ұқпаңыз! Олай ұқсаңыз — ұтылдыңыз. Жаным ашып, күні бұрын ескертіп тұрмын, коллега!

Еркін (күліп). Мен білмейтін әйелде сыр бар ма, Женья? Бір-ақ өтінішім бар, сен мені қызғанба оған! (Екеуі операция жасайтын кабинетке кіріп кетеді. Шәрбан мен Есен кіреді.)

Шәрбан. Қайдам, қорқа берем...

Есен. Берік бол, Шәрбанжан. Басымыздан біз кешпеген қиындық бар ма?

Шәрбан. Жұмат үшін бір қайғырсам, жалғызым үшін тағы хасірет шегем. Сен өзің осы операцияға сенесің бе?

Есен. Үмітсіз сайтан деген... Хирургтар ұстараның жүзімен жүреді... Кесіп айту қиын.

Шәрбан. Бұл сенбеген кісінің сөзі. Онда Нәзипаны несіне итермеледің?

Есен. Операция жасау — біздің міндет, борыш, дәрігерлік борыш. Бірақ, жақсылықтан үміт етем.

Шәрбан. Жазатайым бірдеңе болып кетсе...

Есен (қолын қысып). Ауыр сөз айттың-ау, құрбым! Ажалдың қоршауында досымды қалдырып, қалай кетпекпін. Соны, соны сен де ойладың ба? Талай ауыр күндерде жансауғалап күн көрген пенде емен.

Операция жасайтын бөлмеге кіріп кетеді. Шәрбан жылап отырып қалады. Шынылы қабырғадан операция жасап жатқан дәрігерлердің көлеңкесі түсіп, сөздері естіліп тұрады).

Нәзипаның даусы. Кәне, кірісейік. Генриетта Осиповна, наркоз беруге дайынсыз ба? Еркін, сен аурудың тамырын санап, қан қысымын өлшеп тұрасың. Қан

құюды да сен басқарасың! Есен аға, сіз маған ассистент боп, көмектесесіз.

Еркіннің даусы. Бұл не, сенбегенің бе маған? Өз орныма неге тұрмаймын?

Нәзипаның даусы *(ақырын)*. Тоқтат сөзді!.. Ең жауапты міндетті атқаратыныңды ұғасың ба өзің? *(Сестраға.)* Аудар ауруды!

Сестра званок береді. Есік ашылып, үстіне ақ жайма жабылған Жұматты носилкаға сап алып өтеді. Шәрбан орнынан ұшып тұрып, ұмтылады. Беті жабық көре алмайды, басын ұстап отырып қалады. Аз тым-тырыс.

Нәзипаның даусы. Шприц!
Иод!
Скальпель!
Кохер!
Зажим!
Еркін, тамырын сана...
Қанша?

Еркіннің даусы. Жетпіс!
Нәзипаның даусы. Қан қысымы қанша?
Еркіннің даусы. Жүз жетпіс.

(Тағы аз тым-тырыс)

Нәзипаның даусы. Мария Ивановна, қалғып тұрсың ба? Кетгутты бер!

Шәрбан *(Құлағын тігіп, елеңдеп)*. Иә, сәт!.. Қолы жеңіл болсын жалғызымның!..

Сырт-сырт етіп сағат жүріп тұрады. Шәрбан сағатқа қарап тиышсыздана бастады.

Шыда, тос, Шәрбан!.. Қайран тосумен өткен әйелдің өмірі!.. Бәлиғатқа жетісімен жар тосады. Құрсақты боп жас ана нәресте күтеді... Ұл туып, қуанып, азамат болуын, үйленуін тағы асыға тосады. Қешке ерінің қызметтен қайтуын күтсе, күндіз баласының оқудан қайтуын тосады. Ылғи тосумен өткен бір өмір... өмірім арнаға түсіп жайбарақат тыныш аға бастады ма дегенде, тағы міне дауыл соқты. Екі бірдей аяулы жаным қыл үстінде тұр... Дәл осыдан үш сағат бұрын менен бақытты жан жоқ еді. Жастық шағым көз алдыма елестеп, жүрегімді қуаныш кернеген еді. Соны да тағдыр маған қимады ма?

Нәзипаның даусы. Тамырын сана!
Қан құй!
Кірпігін ашып, көзіне
қара!
Пинцет!
Леген... Легенді тос!

Дауыстар. Оқ!.. Оқ!..

Генриеттаның даусы. Кәне, көрейікші, өзін,
қандай екен?

Еркіннің даусы. Автоматтың оғы!

Мед. сестра. Түрі де өзгеріп кеткен екен!

Есен. Он сегіз жыл жүректе жатқан оқ неге өзгер-
месін?! *(Легенге лақтырған оқтың даусы естіледі.)*

Шәрбан. Иә, тәңірім, алды білем!..

(Сестра жүгіріп шығады)

Шәрбан. Немене қалқам, алды ма оқты?

Сестра. Жақсы апай. Оқты алды. Қайта беріңіз.

Сәті түсті енді.

(Шкафты ашып, бір дәріні алып, қайта кіріп кетеді.)

Шәрбан. Сүйіншінді ал, қалқам... Аузыңа май!
(Кетуге айналады.)

Төртінші сахна

Нәбидің қонақ үйі. Шәрбан столға дастарқан жауып, тамақ әзір-
леп жүр. Верандада телефон шырылдайды. Шәрбан веранданың есі-
гін ашып, телефон тыңдайды.

Шәрбан. Иә, кім керек еді сізге? Қазір. *(Теле-
фонды тастап, екінші бөлмеге кіретін есікті ашып.)* Нә-
беке, сізді шақырады! *(Үстіне қымбат халат киген Нәби
верандаға барады.)*

Нәби. Тыңдап тұрмын. Иә, Нәби... Кім дейсіз?
(Даусы өзгеріп.) Ә, сәләматсыз ба, жолдас секретары!
Операция жақсы аяқталды. Оқ алынды. Ерлік дейсіз
бе? Әрине. Біздің бала да жанын салды-ау. Хирургтің
алтын қолы өлім аузынан қайтарды деген осы. *(Қар-
қылдап.)* Телефон соқты? Иә, сонда қызы бүгін ұшқан
ғой тегі? *(Сағатына қарап.)* Енді бір сағатта келіп те
қалады. Рахмет, тағы да хабарласармыз. *(Телефонды
іле сап, айғайлап, Шәрбанды шақырады.)* Шәрбан!
(Шәрбан кіреді.)

Шәрбан. Телефон соққан кім?

Нәби. Обкомның үшінші секретары. Жұматтын

халін сұрайды. Айтқандай, қызы ұшып келе жатса керек, алдынан біреу шықпаса бола ма?

Шәрбан. Мен өзім шығам алдынан. *(Сағатына қарап.)* Неге осынша кешікті Нәзипалар? Мен келгелі де бір сағаттан асты. Білмейсің бе, Нәбеке, телефон соғып... Осындайда қарысып қалатыныңыз бар-ау!

Нәби. Отқа түс дейсің бе, ей! Әбігер боп жүрген өздерің, бастарыңа пәле тілеп ап...

Шәрбан. Жұматқа жаныңыз ашымаса да, анау іштен шыққан жалғызға тырнақтай рахым деген болмаушы ма еді? Жүрегім орнына бір түспей-ақ қойды, неге екенін...

Нәби. Басқаға дегенде сенің жүрегің өзгеше... Көлгесір төгіліп жатқан бір махаббат... Маған дегенде... оныңды тағы сезінем...

Шәрбан. Ұялсаңшы, жұрт ажалмен алысып жатқанда... отырсың бейкам. Әлгі шофер қайда? *(Киімін іздей бастайды.)*

(Біреудің жылдамдата басқан қадамы естіледі.)

Шәрбан *(сезіктеніп)*. Біреу келе жатыр...

Еркін. Құрыдық!.. Айтпадым ба!..

Асығысып-үсігіп Еркін кіреді, қолындағы кепкасын еденге ұрады. Нәзипа мен Есен кіреді.

Нәби *(шошып)*. Не болды?.. Не дейсің?

Шәрбан. Апырмай, өзіңнің ұсқының жаман екен, шырағым. Тағы не сұмдық хабар әкелдің?

Еркін. Экзетус, литалис.

Нәби *(ақырып)*. Қайдағы литалис, не танып тұрсың?

Шәрбан. Түсінбедім ғой. Қазақша неге айтпайсың, бәлсінбей!..

Еркін. Операциядан кейін есі кірмей, қайтыс боп кетті ақын!

Шәрбан *(сыбырлап)*. Қайран ерім! *(Үнсіз жылап, креслоға талықсып отыра кетеді.)*

Нәби. Есі кірмегені қалай?

Еркін. Оқты алып, жүректі тігіп, орнына салдық. Есі кірмей-ақ қойды!

Нәби *(айғайлап)*. Осында құдайдың зарын қылдық: «жасама, жасама, операцияны» деп. Құрытты-ау мынау қыз!.. Обкомға не деймін бетім-ау!..

Еркін. Екі сағат күрестік. Қолданылмаған ем қалған жоқ!

Нәзипа (*шешесін құшақтап жылап*). Мама!.. Мамажан!.. Кешір...

Нәби. Сен қыз ба!.. Сен қыз өз түбіңе өзін жеттің!

Еркін. Ерегісіп алған жоқ па! «Қорқақ, қоян жүрек» деп мені мұқатып...

Нәби. Қінәлі осыған сен!.. Сенен көрем, Есен! Бәрін бастаған да, көрге салған да сен!.. Бер жауабыңды!

Есен. Берем, Нәби! Жауаптан бас тартпаймын!

Еркін. Бұл операцияға менің қарсы екенімді, керек десе, облыстық денсаулық бөлімі де білген... Маған су жұқпайды...

Нәзипа. Шық үйден, Еркін, шық! Кет! (*Әкесіне*.) Сізді де тындағым келіп тұрған жоқ. Приказ беріп қызметтен шығара беріңіз! Ол аз десеңіз, сотқа беріңіз!

Еркін. Шоқ! Шоқ! Өз обалың өзіңе! Айтқан тілді алмадың.

Еркін кетеді. Нәби соңынан ере шығады. Нәбидің коридорда: «Еркін, Еркін!» деп шақырған даусы естіледі.

Нәзипа (*жылап*). Енді не істейін, маматай! Сені де қасіретке душар қылдым. Өз жүрегіме бітпес жара салдым. Басыма кетпес дау тіледім! (*Шәрбан үндемейді.*) Неге үндемейсің, мама?

Шәрбан. Жүрегім толып, тілім күрмеліп... сөз түспей тұр аузыма!

Нәзипа. Жыла, мама!.. Жылашы қасірет толған жүрегің ортаяр ма екен!

Шәрбан. Қиналсын жүрек, қиналсын! Ақырғы рет!

Нәзипа. Қайран анам!..

Аз тым-тырыс. Оңаша тұрған Есен қайғылы Нәзипаның қасына оралады.

Есен. Көтер басыңды, Назыкеш! Жасуға, қамығуға саған рұхсат жоқ. Жаңа ғана ажалмен жекпе-жек күреске түсіп, майданнан қайтқан қолбасшы емессің бе? (*Басын көтеріп, орнынан тұрғызып, бетіне үңіледі.*) Сен жеңдің өлімді! Ақын өлгенімен — тіршілік үшін күрес тоқтамайды, біз күрестің алдыңғы шебіндегі жауынгерміз, күрес рухы бізге қуат, жігер бермесе, беймезгіл

сәтсіздік аяқ шырмап, күш қарымай ма? Мейлі, табаласын, қуансын тоғышарлар, күрестен қашқан жасықтар, қанқу сөз таратып, кір жақсын сенің атына, бірақ сенің арың адал, жүрегің таза!.. Неге жылайсың? Әлде ақын жүрегі соғуын тоқтатты деп жылайтын боларсың? Жоқ, жоқ! Ақын жүрегі соғуын тоқтатқан емес. Оқышы оның құдіретті поэзиясын. Құлақ қойып, тындап көрші әрбір жолының ырғағын. Тында өз жүрегіңді... Тында мына отырған қайғылы анаң жүрегің! Кім деп соғады екен? Кімге соғар екен! Ақынның үлкен жүрегі соға білді, қуана, қайғыра білді... Жүрек соғысын ұға білген ақын, сөйлете де, жылата да білді оны. Дәл кешегі қан майданды соғыста Отанын, Кремльді көздеп атқан жау оғына ол жүрегің тосты. Жаудың атқан зәрлі оғы тесіп өте алмады ақынның үлкен жүрегің! Иә, мәңгі өлмес батыр жүрек, өзін сонда тындатқан!

Нә з и п а (*кеудесіне басын қойып*). Өкінбейін бе? Солай ма? Мен дұрыс жасадым ба? Айтыңызшы ақиқатын?

Е с е н. Өкінбе! Сен адал дәрігер екеніңді таныттың!.. (*Нәзипа терезе жақтауына сүйеніп тұрып қалады.*) Шәрбанжан, сен де көтер басыңды!.. (*Аз тым-тырыс.*) Мә, мына бір жалғыз парак қағаз ақын жатқан жастықтың астынан табылды! (*Береді*).

Ш ә р б а н (*қағазды ішінен оқиды. Телефон қайта-қайта шырылдайды. Қатардағы бөлмеден Нәби шығады. Шәрбан хатты соған ұсынады. О да ішінен оқиды. Есен мен Шәрбан оған үңіле қарап қалады. Нәби оқып болып, лақтырып жібереді. (Шәрбан төніп).* Менің жүрегімнің шіріген оғы сен болдың ба? Сезіп едім бәсе. (*Жылайды. Жеке тұрған Нәзипа шешесінің қасына барады*).

Нә з и п а. Не болды, мама? Айтшы маған! (*Телефон тағы қатты шырылдайды.*)

Нә б и (*телефонды алып*). Алло!.. обком?.. Жетер енді. Мұрсат беріндер сөйлесуге. Иә, мен... самолет кеп қонды! Қазір... қазір... (*Тастай беріп.*) Ақынның қызы келді, кім шығады алдынан? Кім?

Е с е н. Мен, мен шығамын!

Ш ә р б а н. Мен де барам.

Нә б и. Барындар... Беріндер жауап! (*Ашулы шығып кетеді.*)

Е с е н. Жүр, Шәрбан. (*Нәзипаға.*) Мықты бол, қалқам!

Ш ә р б а н (қызының бетінен сүйіп). Жасыма, айналдым!

(Шығып кетеді)

Н ә з и п а. «... Мен поэмамның кілтін таба алмай қиналып жүр едім. Бүгін соны осы үйде таптым: досқа берген антты бұзған, досты сатқан азғынды да көрдім, адал жүрек, пәк, таза махаббат — тіршіліктің қуанышы да, өшпес үміті екеніне және көзім жетті...» (Оқып болып ойланып.) Япырмай, бұл не деген астарлы жұмбақ сөз? Нені мегзеп, кімді түйрейді ардақты ақын? Тығылды ғой алқымыма жүрегім.

Ж ұ м а т да у с ы. Сен әлгіде неліктен менің жүрегім соқпай қалғанына түсінбедің. Ойлан, осы хатта түйіні бар бір сырдың!

Н ә з и п а. Сонда... Түсінбедім ғой, ақын аға? Ол не қылған сыр еді, айтыңызшы, ағатай!..

Ж ұ м а т да у с ы. Білесің бе сен достықтың не екенін? Көз жіберіп ойладың ба мағынасын осы сөздің?

Достық деген жан сырының үйлестігі.

Достық деген арманының куәсі, болашақтың серігі. Достыққа соғар жүректе тамыр бөлек!..

Н ә з и п а. Айта түсші, құмартамын сөзіне, ақын аға!

Ж ұ м а т да у с ы. Өмір аязы тітірентіп дененді, қарыса да бетінді, өмір дауылы түтеп күнде бораса да, қыл үстінде жаның сенің тұрса да, досқа берген уәденді бұзба.

Н ә з и п а. Кім еді, біздің үйде достықтың сертін бұзған?

Ж ұ м а т да у с ы. Білмей-ақ қой сен, қарағым, оның атын. Уыз жастың дақ түспесін жүрегіне.

Н ә з и п а. Ауырмаймын ба салынып сар ауруға?

Ж ұ м а т да у с ы. Ауырмайсың. Сен батыл да мықтысың. Ізден! Құлаш серме биікке!.. Қадірлей біл жүрегіңді, тоқтатпасын соғуын ешқашанда!

(Тым-тырыс).

Нәзипа терезені ашып жіберіп, тарылған тынысын кеңейтеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ӘКЕ БАЛАҒА СЫНШЫ

Комедиялық фильмнің сценарийі

Шексіз құла дүз. Кадрдың бір жақ бұрышынан қораштау келген шал селтиіп шыға келеді. Едірейген селдір мұрты кірпінің инесіндей. Күлімсіреп, сәл күрсінеді.

— Мен бүгін пенсияға шықтым. Кешегі жұмыскер Қазақбай бүгін пенсионер атанды деген осы. Амал не? Осы мен алпысқа келмедім бе деп күдіктенем. Себеп: жер де, көк те өзгеріп, жаңарып жатқанда, мен қалай шал боп қалдым деп танданам! Шынында, қарашы даланың қалай құлпырғанын!

Құла дүздің бейнесі өзгеріп, бірінің артынан бірі тізбектеліп өтіп жатқан қалалар.

— Мынау Қарағанды... Балхаш... Жезқазған... Бұл қалалар ана бір жылдар жоқ еді, жастар оны білмейді, ал мен білем. Өз қолыммен орнатқам... Әрине, жалғыз емес, қасымда достарым болды. Әйтеуір, қамшыны қазақтардың ішінен мынаған бірінші мен айырбастадым.— Қалағын саптайды.— Ойлап қарасам: өмірдің асау атын қамшыдан гөрі мынамен тезірек жүргізуге болатын сияқты... Көп сөйлеп кеттім-ау дейім... Шалдар мылжың келмей ме... Бүгінгідей күнде серпілмеске де болмайды. Достарым алпысқа келгенімді тойлаймыз деп жиналып жатыр. Сіздерді де тойға шақырам. Келіңіздер! Мен Теміртау қаласында тұрам. Көшелері (Қазақбай сөзімен қатарласа, жаңа қаланың жаңа көшелері экранға түсіп жатады) Алматы көшелерінен кем емес. Біздің қалалық советтің бастығы солай дейді. Мүмкін рас та шығар астанада жиі болады ғой. Жүріңіздер, көріңіздер! Сол әдемі үйлердің бірі менің үйім... Мына бір көшеге бұрылсаңыздар дік ете түсесіздер...

Аппарат кең жарық проспектіден, тар, тастақ көшеге бұрылады. Қазақбай үйіне қонақтарын ертіп келеді.

— Ақырын-ақырын. Орға түсіп, аяқтарыңды сындырып алмаңдар. Екі жыл болды көшені қазып тастағалы,

әлі де сайман, тұрбалар таба алмай жүрсе керек-ті. Құлаған жоқсындар ма?.. Бұл көшеде шам түнде сөніп қалады. Көрдіңіз ғой, қап-қараңғы...

Ал, аман-есен жетсеңдер, кіріңіздер. Құдайға шүкір, үйім ешқайсының үйінен кем емес... Екі ұлым бар... Бірақ немерелерім жоқ. Бола ма деген үміттемін... Ей, аш есікті, қонақ келді!

Есік ашылады, Қазақбай үйінде думан-шу, соғылған бокал, сақылдаған күлкі.

«Әке балаға сыншы» деген жазу түседі экранға.

Фильмнің атынан кейін басқадай титрлері жазылып жатқанда ар жағында Қазақбай үйіне жиналған қонақтар да улап-шулап, тост көтеріп жатады.

Ақсақалдар ортасында отырған Қазақбай, қаншама шешендердің сөзін мақұлдап, ықласымен тындаса да, көз түбінде бір мұңлы сыр жатқан тәрізді.

— Не айтайын,— дейді құрылыс бастығы Орлов сөз таңдап.— Бұл отырған адам, бүгін аспанмен тілдесетін үйді қалап, домна салып отыр. Мұның күрегі бүкіл республикаға әйгілі күрек!..

Қазақбайдың тұсында ілулі тұрған қалақты нұсқайды.

— Егер бұл шалдың көмек беріп, үйреткен шәкірттерін жинасақ, осы үйге сыймай кетер еді. Сондықтан солардың атынан сізді алпысқа кеп, ақыл иесі болған досымызды құттықтайым!

Жылы сөзге елжіреген шал Орловты құшақтап, риза болады. Стол басында отырғандар бірімен бірі бокал түйістіріп қағып салады. Ішпей қалған жалғыз ғана Қазақбай.

Домна цехы профсоюзының бастығы Есен Айғайбаев, қияқ мұрт, жалтыраған қасқа бас, семізше мосқал еркек атып тұрып, тост көтереді.

— Иә, біздің Қазақбай асау өмірді аттай мініп, бақыт шоқтығынан ұстады. Оған дәлел—осы үйде бәрі бар: телевизор, мұздатқыш, «Волга». Әйтседе, оның қол жетпейтін байлығы — екі ұлы, көзінің екі қарашығы. Әсіресе көкке көтере мадақтайтынымыз — үлкен ұлы Болатбек! Атақты шойын құюшы, облыстық депутат!

Мақтау сүйетін Болатбек, екі құлағы екі езуінде, ыржиып, еңгезердей боп орнынан көтеріледі. Сәл қымсынам деп қатты қысып қап, шарт еткізіп бокалды сындырады.

— Шыны сынса, олжа келді ғой!

— Неткен күш, баяғы Қара Қыпшақ Қобыландының тап өзі!— дейді қонақтар.

Айғайбаев қол шапалақтап айғай салады.

— Мұның қолында болат та осы тәрізді сынады. Нағыз алтын қол!

Қазақбай ұнатпай, қасындағы шалдарға күбірлеп:

— Тфу-тфу, тілі тимесін де! Мақтаудан қорқам, арақтан бетер есіртеді.

Айғайбаевты тоқтатуға қиынға түсетіндей. Шешенсіп әрі қарай созады.

— Кішісі ол бір жатқан қаршыға... Жок-жок, әлгі тоқылдақ, ағашқа жабысқан тоқылдақтай сонау бұлт астында электрмен темір пісіреді — электросварщик!

— Ұл боп тусаң, осылардай ту!— Саусақтарының ұшын сүйіп, басын шайқайды.

Қазақбайдың қасында отырған суық өнді Тимофей бурыл мұртын жұлқылап, тыжырынып, шешен сөзіне тосқауыл қояды.

— Сенің өзің шіркеудегі поптар құсап, уағыз айтып тұрған жоқсың ба? Айтсаңшы сөзіңді, қолымыз талды.

Айғайбаев көзін жыпылықтатып, Қазақбай не дер екен дегендей, мойнын бұрып, шалға қараса бокалын әлі ішкен жок, сол қалпы.

— Ақсақал-ау, мұныңыз не?— деп Қазақбайға шыпылдата толған бір бокал шарапты ұсынады.

— Қымбатты қонақтар,— деп Қазақбай қинала сөзін бастайды.

— Сенсеңіздер, осы құрғырдың өзінің дәмін татып көрмеген қазақ едім... Мына Тимофей менің көршім ғой, осыдан сұрандаршы... Балаларым, неге айтпайсындарей?!

— Қойсаңшы, әке!— деп Болатбек тыжырынады.— Шаригатты қайтесіз, жұрт сұраса, ішу керек!

Қазақбай «Ішпейім» деп басын шайқайды.

Айғайбаев абыржып, қайтерін білмейді.

— Бұл өзі ойыншық па? Алпысқа келгенше дәмін татпадым дегенге кім сенеді? Осы мен жүздеген тойларға қатнасып-ақ жүрмін, бірақ, тап мұндайды көргем жоқ... Ал, енді кіммен соғыстыр дейсіндер?— Олқы дауыспен Айғайбаев жан-жағына жалтақтай қарайды.— Ура! Біздің даңқты... қаһарман үшін!

Қазақбай сасып, жан-жағына жалтақтай қарап:

«Әй, осындай сөздің керегі не?» дегендей қолын сілтейді.

Жұрттың бәрі бокал соғыстырып жатқан соң шал да амалсыздан соғыстырады. Соғыстырып жатып, бос қолымен стол үстін шарлап, тұздық құйған кесені тауып ап, екеуін бірдей қатар көтереді де, жұрт ішіп жатқанда шарапты тұздыққа құя сап, екеуін де жерге қояды.

Есіктің қоңырауын біреу ұзағырақ қағады. Қазақбайдың қарындасы Жайбала, толық келген, бүйрек бет кемпір, маймандай басып есікке қарай тұра жөнеледі.

Әкенің қулығын сезген Талғат, күлкіден булығып, қолымен аузын басам деп, шынтағымен бокалды қағып қап, шарапты төгеді. Болатбек алая қарап, жақтырмай қалады. Қазақбай кіші ұлына ым қағады, ол Айғайбаевтың алдындағы кесені сорпа құйылған кесемен ауыстыра қояды. Ол қағып сап, тамағын кенеп, тамсанады.

— Мынау тұздық па өзі!.. Дәмі қандай керемет!.. Мен жүздеген тойда болып ем, тап мұндай тұздық татып көргем жоқ.

— Әй, тұздықты қағып салдың ба? Уай, ерің-ай!— дейді Орлов. Бәрі ду күледі.

Қолында пакеті бар Жайбала кіреді де, ағасына ұсынады. Қазақбай айнала аударыстыра қарайды. Отырғандардың екі көзі шалда. Орлов Қазақбайдың иығынан қағады.

«Алматы. Қазақстан жазушылар одағы. Жақанов».

— Жақанов...— деп Қазақбай күбірлейді.— Ермек... Таяқты аттай мініп, жалаң бұт жарысқан бір кездегі дос еді...

— Жақанов дейсіз бе? Әлгі атақты жазушы Жақанов па?— дейді бір жағынан кимелей Айғайбаев.

— Алпысқа келді деп құттықтап жатқан да,— дейді Орлов.

Қолы дірілдеген Қазақбай конверт ішінен бір бума қағазды алып шығып қараса — кітап. Қазақбай кітаптың атын оқимын деп оқи алмайды. Көзі көрмейді. Көзілдірігін іздеп, оны таба алмайды да үлкен баласына береді.

— Мә, оқышы, балам!

Болатбек түрлі түсті бояумен әшекейлеген кітаптың тысын оқиды:

— «Алмас пен ақыл»... Әке-ау, бұл балаларға арналған кітапша ғой.

— Ауыстырып, басқа бір кітап салып жіберген жоқ па екен?— дейді Тимофей ой жүгіртіп.— Бүгін сенің алпысқа келген күнің, немерең жоқ екенін және біледі.

— Мүмкін,— дейді Орлов,— ондай-ондай болады. Жазушылар белгілі ғой, бірінің атын біріне қойып, мидай араластырады да жүреді. Жақында біреуі біздің домнаны...

— Немере...— дейді Қазақбай.— Менің жанды жерімді біледі, Ермек... Алпысқа келген шалға немереден басқа не керек?

— Қартайған адам бала сияқты деуші еді,— деп Айғайбаев қиқылдай күледі.— Пенсияға шыққан сон не істейсіз, ертегі оқымағанда.

— Мә, Талғат!— деп Болатбек кітапты ұсынады.— Біздің үйдегі ең кіші сен, тегі, Ермек ағаң саған жіберген болар.

Талғат жақтырмаған пішінде кітапты ағасының қолынан жұлып ап, жабырқау отырған әкесіне қарап:— Оқиын ба?— дейді.

— Ермек ақылды адам. Ертегі жіберсе тегін емес, оқы,— дейді Қазақбай.

— Оқы, оқы!— деп жұрт дүрсе қоя береді.

Талғат оқиды:

«Ертеде ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде...»

Айғайбаев пен Болатбек қосылып, қарқылдап мәз болады.

— Алжыған екен жазушы..

Талғат алакөздеп бір қарайды да әрі оқиды:

«Ертеде, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаруылдың ойында, Қарасудың бойында Жыртық деген хан бопты. «Алпысқа толған шалдарды өлтіру керек. Олар арамтамақ!» депті.

— Оһо! Хандығыңа сенің болайын!— деп Болатбек мәз болады.

— Ненің басын қатырып кетті-ей?— дейді Айғайбаев.

— Жазушыңнан садаға кетейін, мынадай сыйлық тартқан!

— Мазақтай ма өзі?

— Әке, мен мұндайды оқи алмаймын!— Талғат кітапты стол үстіне лақтырып тастайды.

— Асықпа, балам... Ақыл әрқашан да артта жүреді. Кітаптың ақырын күтейік. Ертегінің түйіні де ақырында болады. Оқи бер әрі қарай!

— Хан шалдарды өлтіре бер десе, бізде пенсия беріп, күтеді. Иә, иә бұл ертегінің мәні бар екен, дейді Орлов.— Талғат, қарашы мұнда суреттері бар. Қызық екен!

— Қарағым келмейді,— дейді Талғат бұртиып.

— Қарашы, жас жігіт шалды жарға сүйреп барады. Шал жылаудың орнына күлгені несі екен?

Суреттер қуыршақ боп тіріліп, сөйлеп кетеді.

— Әке, бір аяғың көрде тұрғанда, неге күлесің? Қазір жардан құлатқалы әкеле жатқам жоқ па!

Ә к е с і. Мен ханның ақылы шолақ екеніне күліп келем. Ертең о да алпысқа келмей ме?.. Осыдан отыз жыл бұрын мен де әкемді осы жардан құлатқам. Енді өз басыма келді — өз ұлым өзімді өлтірмек. Ал, мен баламды асырайым деп көрмеген бейнетім жоқ. Сонда не үшін? Өзімді өлтірсін деп асырап па екем? Егер өмір ақиқатына көзін жеткізген, ақылы кемеліне келген адамды өлтіре берсе, өмірдің сәні қала ма! Олай болғанда бала тудырмай-ақ әркім өзі ішіп, өзі неге жемейді?

Баласы жылап, көзін сүртеді.

— Сізді мен өлтіре алмайым!— дейді ол.

— Мынаны қара, мынаны қара,— дейді Тимофей,— мына бір суретте баласы әкесін сандыққа саптығып жатыр. Талғат-ай, оқышы, не деген екен!

Талғат тағы оқиды:

«Үш күн өтпей хан жігітті шақырып алады!»

— Хан мынау ма? Нағыз хайуан-ау дейім, көрдің бе, әлде қандай боп, таңдануын...

Сурет тағы да тіріліп қуыршақ сияқты ойнап кетеді.

«Х а н . Менің екі гауһарымды ұрлап кетті. Көрдің бе, әнеу көл түбінде жалтыраған солар. Алып берсең — қырық атанға дүние артып қалындық әперем. Ала алмасаң — құл қылам!

Жігіт күмп беріп суға түсіп кетеді, гауһар тасты таба алмайды да, жиекке қайта шығады. Алақанын жайып «жоқ» деген нышана білдіреді.

— Әй, сен де таба алмадың ба?— дейді хан ызаланып.— Мына шынжырлаулы кісілерді көрдің ғой? Егер ертеңге дейін гауһар тасты таба алмасаң, сенің де қолаяғыңды шынжырлайды».

— Ойбай, қызық сурет мына бетінде екен!— дейді Талғат кітаптың тағы бір бетін аударып.

— «Жігіт үйіне жүгіріп кеп, әбдіраны тізерлей кү-

шақтап жылайды. Шал әбдіраның қақпағын көтеріп, басын шығарады:— Не болды, қарағым?— дейді.

«Сонда баласы әкесіне былай дейді»,— Талғат әрі қарай оқиды. Суреттегі шал күледі.

— Алжыған шал да. Кісі күлетін жағдай ма?— дейді Болатбек мырс етіп.

Суреттегі шал: «Ай-жастық-ай! Гауһар тас көл түбінде жатса, сен судан көрмес едің. Ол суға түскен сәуле ғана... Жоғары қара! Бәйтеректің басында сауысқанның ұясы жоқ па екен?» дейді.

— Көрдiңiз бе, ендi әлгi iздеп жатыр.

Суретте: «Жiгiт бәйтеректiң басына өрмелеп шығып, сауысқанның ұясынан екі гауһар тасты тауып ап ханға береді».

«Сонда барып жұрт: Жас шақтағы күш пен батылдыққа қосымша ақыл, қарияның тәжірибесі керек екенін білген».

Осы жазушы үшін бір көтерейік!— дейді Айғайбаев ұшып тұрып.

— Шіркiн қазiр ортамызда болып, бокал соғысып, бiрге жұтысса...

— Жазушы деп осыны айт!— дейді Орлов.— Тегін жібермеген болар деп өзiм де ойлап ем.

— Түсiнбейiм: осыдан не мағына тапқандарыңды?— дейді Болатбек иығын қикандатып...— Ертеде, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде...— әндетіп, сақ-сақ күледі.

— Жоқ, олай деме, Болатбек,— дейді Орлов жақтырмай,— ертегі деген халықтың ақылгөйі ғой. Көрдiң бе, залым хан халық ақылы — дария, содан қорыққан. Ақымақтарды билеу оңайға түспей ме?

Қазақбай үндемей, шерменде боп отырып қалады. Біртiндеп шу азайып, жұрт аяғы басыла бастайды...

Қонақтардан кейiн жайрап қалған стол басында жалғыз отырған Қазақбай бiр кесе қымызды тастап жiберiп, iлулi тұрған домбырасын алады да верандаға шығады.

Сатымен төмен түсiп бара жатқан қонақтардың даусы, ұлдарының мәз болған күлкiсi естiледi.

— Рақмет ақсақалдар, әкейге көрсеткен сыйлыққа бiз де ортақпыз. Көңiлдi бiр көтерiп тастадыңдар!— дейдi Талғат.

«Осы сөздi кiшi Талғат неге айтады екен? Жөн-жоба үлкендiкi емес пе?»

— Ата, мынау сіздің калаш па? Жарық жағайын ба?— дейді Болатбек.

Бұл сөзді естігенде, Қазақбайдың қабағы ашылып, сөйткенше болмайды тағы да Болатбек:

— Үйге дейін шығарып салайын, бір жерде жығылып қап жүрерсің,— дейді.

— Рақмет, тым жеңілтек екенсің, қайтып үйінді таба алмай қаларсың!— дейді Тимофей жақтырмаған дауыспен.

«Әй, алаңғасар-ай, бүлдірді-ау. Несі бар еді, шалдың кәрілігін есіне түсіріп?»— деп Қазақбай ұлын іштей зекиді.

Осы бір сәт Арқаның тұнық барқыт түнін қақ жарған жас балалардың даусы Қазақбай домбырасының сазына кеп қосылады.

Қазақбай веранданың жақтауына сүйеніп тұрып, қатардағы аулада немерелері қарсы алған Тимофейді көреді. Кішкентай ұл баланы иығына мінгізеді де, қыз баланы қолына алады.

— Ата! Атам келді!— деп олар қуанып айғай салады.

Қазақбай көрші ауласына тағы да бір көз жіберіп, әлденені есіне алғандай басын изейді. Аспан ашық. Жымындаған жұлдыздар. Көлден ескен қоңыр жел жібек сәлідей мойынға оралады. Қазақбайдың шоқша сақалымен ойнайды.

Қазақбай орнынан тұрады, қайта отырып, безілдетіп домбырасын тарта жөнеледі. Әлденені аңсаған жүрек, тап сол бір минут өмірден дәйек таба алмай, келешекті көкесп, көз жетпес қияға сермегендей.

— Естимісің?— дейді түсінбеген пішінде Талғат.

— Құлағым бар ғой, естімей, саңырау дейсің бе?

— Ән сазында бір шер бар сияқты.

— Әй, қойшы, шалдар өткенін көксей береді. Аздап ішіп ап аулын есіне түсіріп отыр да,— дейді Болатбек мұрнын тыжырып.

— Сөйтсе де өзінен сұрасақ қайтеді?

— Қайтеміз шалдың ойын бұзып... Домбырасын шерте берсін... Менің жұмысым бар... Мәжіліс, жиналыс деген көбейіп барады.

— Қой, кетуге болмас. Өміріндегі бір құрмет көрген күні ғой. Жүр, қасына барып сұрайық!— дейді інісі.

— Жарайды, бармасқа болмас. Шалдардың шарығат

дей ме, әдет-ғұрып дей ме, кесекөлденең өткізбейтін бір кеселі бар, әйтеуір!

Екеуі сатымен көтеріліп үйге кіреді, алдарынан ас үйден Жайбала шығады.

Болатбек үнсіз веранда жақты нұсқап:

— Домбыра үні мұңлы ғой. Апай, сен не дейсің?

— Көңіліне бірдеме жақпады ма екен?— дейді Жайбала секем алып.— Тамақ соншама мол болды, жартысы қалып та қойды.

Енді екеуі верандаға әкесінің қасына барады.

— Әке, сізден бір сөз сұрасақ, ренжімейсіз бе?— Талғат әкесінің алдында әдепті де өтімді.

— Осы сөзді сен неге айтасың?.. Мынау неге айтпайды?— Қазақбай үлкен ұлына қарайды.

Екі ұлы «ұтылдык-ау» дегендей біріне-бірі қарайды. Болатбек сақылдап күледі.

— Бейпіл ауыз... Жаман үйренген... Өзіңіз кенжем деп еркелетіп, жүгенсіз қоя берген!

— Рас-рас!— дейді Қазақбай мұңайып.

Талғат іштей Болатбек сөзін жақтырмайды.

— Әке, қайтесің, бұл үшін шырайынды бұзып... Той жақсы өтті. Бәрі де риза боп кетті,— дейді Болатбек.

— Рақмет, шырақтарым, отыз жылдық еңбегімнің бір күнгі рақаты ғой... Жаңағы кітапта не айтылған, ұқтындар ма?

— Әй, қойшы, әке, қандай жазушы тойыңызға баланың кітабын жіберіп жүрген...— дейді Болатбек.

— Әй, қарақтарым-ай, таяз ұғасындар-ау! Ол кітапта үлкен сыр бар: «Қазақбай алпысқа келдің, ақылың қайда?.. Ағаш екеш ағаш та бұтақ-жапырағымен көрікті. Екі қолың бар, саусақтарың қайда?» деп отыр ол жазушы.

Болатбек күліп әкесінің қолын алып: «Мынау не?» дегендей таңдана қарайды. Талғат әкесінің сөзіне түсінеді де, орнынан тұрады.

— Рұқсат берсең, әкетай, ертең-ақ тойға той ұласады!

— Әй, мынау не дейді-ей?— дейді Болатбек.

— Жаным!.. Әкеңнің бүгінгі естімек сөзі осы ғой!— дейді Жайбала.— Немере сүйген кісінде арман жоқ демей ме?

Болатбек әке сөзінің мәніне енді түсінгендей:

— Ха-ха... Ондай өкпе болса алдақашан айтпай ма

екен... Ә, Талғат?.. Осы екеуіміз бір күнде үйленсек қайтеді .. Әке оған қалай қарайсыз?

— Одан артық жақсылық бола ма, қалқам!— дейді әкесі қуанып.

* * *

Гараждан машинасын шығарып ап, екеуі жүріп кетеді. Верандада отырған Қазақбайдың ойы машина соңынан қуып береді.

«...Осал кісіден мұндай ұлдар туа ма!.. Әй өзім де құр жаяу емеспін-ау... Бұлардың қалыңдығы бар екенін кім білген, ә?.. Әй, қу балалар-ай, үн-түн жоқ, қырғидай топшысын бір-ақ қиған. Осы менің келіндерім кім екен?.. Токта-токта! Бұлар қазір Абай көшесіне бұрылды. Онда жақсы қыз кімде бар еді?.. Әй, көзіме түспеді-ау... Енді қайда бара жатыр екен? Абайдан Ленин көшесіне түсті. Сонда? Жоқ, ол көшеде толған мекемелер. Қалалық комсомол комитеті де сонда. Енді қайда бара жатыр, ә?

Кең де жарық көше. Болатбек көңілді: бар дауыспен әндетіп, машинаны жүргізіп отырған Талғатты құшақтайды.

«Апалы-сіңлі қарындас,
Ағайынды екі жас...
Қиянқы шешей андып тұр,
Аяғыңды байқап бас!» —

дейді ол күліп, Талғат қоштайды.

Жекелеу салынған бақшасы бар әдемі особняктің алдына кеп тоқтайды.

— Ал, сен өлдім-талдым дегенді қой, не ертең той, не біржола қой! Түсіндің бе?

— Мен жайында қайғы жеме!.. Өзің Айшаға беріксің бе?

— О не дегенің!— дейді такаппар Болатбек.

Болатбек машинадан басын шығарып, қызға қол бұлайды, Талғат өз қолын өзі сүйіп сәлем жолдайды.

— Алма, Айша үйде ме?— дейді Болатбек сыбырлаған боп.

— Горкомда!

Болатбек машинаны бұрып ызғытып бара жатып:

— Ой-бу, есімнен шығып кетіпті. Мені де шақырған еді. Есінде болсын: әй-түйге қарамай бас сал!— деп ақыл үйретеді ол інісіне.

Болатбек кілем төселген сатымен жоғары көтеріліп, «Қалалық комсомол комитетінің хатшысы А. Асанова» деген жазуы бар есікті ашып, мәжіліс үстіне кіріп барды. Жұрт бұған таңдана қарайды. Оны елейтін Болатбек пе, «Ғафу етіңіздер, кешігіңкіреп қалдым!» деп Айшаның қасындағы орындыққа барып отырады да Айшаға тесіле қарайды.

Айша сәл қымсынып, қызарып, өзін-өзі зорға басқандай.

— Осы жетіжылдықта Теміртау шығыстағы қара металлургияның орталығына айналмақ! Біздің жоспардың...— деп, Айша сөзін аяқтай бергенде, Болатбек қалтасынан блокнотын алып: «Айша, оңаша сөйлесетін сыр бар!.. Бітір, тезірек!» деп жазады да Айшаның алдына сырғытып тастайды. Айша Теміртау келешегі жайында сұрақ па деп әр сөзін нәштеп оқиды да, қапы ұрғандай, қағазды жыртып-жыртып тастайды. Сөзін аяқтайды:

— Біздің жастар, алдымен Ленин комсомолы, талмай, қажымай еңбек етуі керек. Бір жағынан еңбек етсе, екінші жағынан оқуы керек. Ертеңгі коммунистік қоғамға өзін-өзі дайындай бастағаны жөн.— Айша көз қиығын Болатбеке тастайды. Ол — жымыңдап, қыздың алдындағы қарындашты алып тағы жазады. Бірақ, оның батыр қолының күшіне шыдамай, бір қарындаштан кейін бір қарындаш сына береді. Айша сөз арасында ұнатпаған пығыл білдіріп, қарап қояды. Болатбек зорға деп жазып Айшаның алдына тастайды. Айша сөзін тоқтатпай, үнсіз оқиды: «Бітір тезірек. Сен маған керексің. Есік алдында тосам».

Айша қызараңдап, қолымен дәуітті қағып қап, алдында жатқан қағазға сия төгіп алады да, сөзінен жаңыланды, іле сөзін түзеп алып кетеді.

«Өздеріңе белгілі Қазақстан Магниткасын бүкіл Совет елінің жастары: орыс, қазақ, украин тағы басқа туысқан елдің жастары құрып жатыр...»

Мәжіліс біткен...

Болатбек Айшаны өз машинасының алдында тосып алады. Қыз ашулы. Сөйлеспей өтіп кетпекші болады. Бірақ Болатбек қиыла шақырып, аса бір ілтипат білдіреді. Айша ұйып қалады, әйтсе де қатал үнмен:

— Сенің мұның не? Өзің кеш келесің...

— Тс...— Болатбек аузын қағады.— Отыр. Түсіндірейін!

Машинаға отырғызып, есігін жабады.

— Бүгін әкейдің алпыс жылдығын тойладық... Әрине, өзің білесің...

— Ондайың болса, үйде-ақ отырмайсың ба!

— Үйде қалай отырам, кел деген өзің...

Айшаның ашуы басылып, машинада жайлана отырды.

— Әй, қызық болды-ау!— дейді Болатбек қарқылдап күліп.— Шалдар ішіп алған соң, аузына келгенін айтып. Қарап тұрсаң— күлкі... Бүгінгі өмірден түк түсінбейді. Мәжіліске барам десем, «Әй, тоса тұрар!» дейді...

Айша әлі де жөнді жіби қойған жоқ, алыстау отыр. Оны байқаған Болатбек жоқ. Өзімен өзі мәз.

— Бәрінен асып түскен біздің әкей болды. Талғат екеуің менің алдымда әлі борыштарсыңдар: немере сүйгізіндер деп қарап тұр. Не істейік. Уәде бердік. Ертең сіздің үйге барып құда түспек.

Машина терезесінен қарап, доңғалақ астында тарқатылған даңғыл жолға көзін сап отырған Айша селк етіп, Болатбекке денесімен бұрылады.

— Құда түседі? Кімге?

— Кімгесі қалай?— Болатбек танданған пішін білдіреді.— Саған. Алмашқаға... Ағайынды қоңыр қаз... Апалы-сіңілі. Үй ішінен үй тігіп... Қуанбайсың ба?— дейді ол іс-міс жоқ.

— Мен бе? Сен менің келісімімді сұрадың ба?— дейді Айша шамданып.

— Сұрап қажеті қанша?.. Онсыз да білем.

— Нені білесің? Мен риза дегенді қайдан шығардың?

— Қойсайшы, Айша. Мен соқыр емеспін...

— Мүмкін, сен маған ұнамайтын шығарсың?

Болатбек аңырайып қарап қалады, сасқанынан машинаның рулін қоя береді.

— Бұл қалай?.. Өзің емес пе едің жиналыстарда мені мақтаран?

— Мен жалғыз сені емес, басқаны да мақтағам... Ол жұмыс бабы... Бұның жөні бір бөлек. Маған бұрын сөз сап көрген жоқсың.

— Сөз салатын бейтаныс қызсың ба? Сүйетінің бесенеден-ақ белгілі.

— Солай деп шын ұғасың ба?.. Жігітім, саған берер ақылым: бұдан былай біреу үшін тон пішпе!

Болатбек не дерін білмей, сасып қалды. Екеуінде де үн жоқ. Әрқайсысы өз ойымен әлек.

* * *

Ақмарал үйінің бақшасында Талғат пен Алма қызу әңгімелесіп отырады.

— Сонымен Алмажан, келісім бересің бе жоқ па?

— Білмейім...

— Енді кім біледі?.. Сен өзің көнгенің қайда?.. Біраздан бері сөз боп келеді...

— Мен бұлай оп-оңай қосыла қаламыз деп ойлағам жоқ. Біраз сені қинағым келсе...— Алма оның шашын умаждайды.

— Жұбайым болған соң қинағаның да жетер... асықпа!— дейді ол қыздың қолын сипалап.

— Талғатжан, түсінсейші... Мен баланың кенжесімін... Шешем мені бұрын ұзата ма?

— Осы Айша Болатбекті сүйе ме екен?

— Білмеймін... Айтпайды... Ол тұйық, сырын жасырады... Әсіресе, хатшы боп сайланғаннан бері, маңына жуытпайды, паңданып...

— Сен оны сөкпе!.. Қызмет жайы жібермейтін болар, жүрек сырын лақ еткізіп төге салуға...

— Кейде жаның ашиды, бишараға.

Машина кеп үйдің алдына тоқтай қалады. Екеуі бұртиған, біріне-бірі күрең қабақ. Айша машинадан шыға беріп, салқындау «Рахмет!» деп жүре береді.

— А... сонымен не дейсің?— дейді Болатбек тағы да тақымдап.

— Ах, әлгі ме?.. Ойланып көрейін!— жүгіріп кетіп қалады.

— Ойланып?.. Онда не түседі екен?.. Неткен назды ерке жан? Соны қуанғаннан әдейі айтып тұр,— деп Болатбек артынан қарап, мұртын ширатады.— Айттым ғой, үйленем деп, айтқаным айтқан!

Осы кезде Талғат шарбақтан басын қалтитады.

— Қалайсың?— дейді кіші інісі.

Болатбек басбармағын көрсетеді.

— Айттым ғой, олардың қамын жеме деп.

Қуанышты Талғат Алманың қасына оралады.

— Егер апам көнсе...— Алма Талғатты құшақтап сүйеді.

Болатбек бармағын көтерген қалпы машинаның қасына барып, біреу қарап тұр ма дегендей артына бұрылады. Бірақ, терезеден оған қараған ешкім көрінбейді.

* * *

Кеуде жағы жалаңаш, жаңа ғана жуынып болған Болатбек Жайбалаға басбармағын көрсетіп күлімдеп тұр. «Бәрі орнында. Қалыңдық, міне, мынадай!»—деген ишарасы.

— Құдая, тәуба!.. Ол күнге де жеттік пе!— деп апасы немересіне сүйсіне қарайды.

Енді Болатбектің соңынан еріп, біз екінші бөлмеге кіреміз. Әкесі мен Талғат шай ішіп отырады. Талғат астан әлі ауыз тиген жоқ. Кеседегі шай алдында суып тұр. Кіріп келген Болатбекке қипақтап көз тастайды.

— Сағатқа қара!— дейді Болатбек оған.— Неғып отырсың ішпей?

— Әке, мен сіздің өсиетіңізді орындап үйленетін болдым!— Талғат айтарын айтса да, қызарып сәл қымсынады.

— Ағасы тұрғанда інісі үйленгенді қайдан таптың?— дейді де шал: «Сен не дейсің» дегендей үлкен ұлына қарайды.

Талғат сөзінен кейін қысылып қалған Болатбек, өңіменінен өткен әке көзіне шыдай алмай, басын кенет көтереді.

— Мен де!— дейді ол.— Мен де кеше келісіп келдім! Енді тек шешесіне барып, құда түсу ғана қалды.

Шал қуанғаннан күлімдеп мұртын сипайды, іштей балаларына риза. Аз кідіріп, дауыстап:

— Не қылған балалар? Әке-шешелері бар ма?— дейді шал.

— Әкесі өлген. Шешесі жақында көшіп келді.

— Апалы-сіңлілі,— дейді кіші ұлы сөз қосып.

— Үлкенін сіз білуіңіз керек,— дейді Болатбек те қалыспай.

— О кім еді?

— Горком хатшысы,— дейді мақтанғандай Болатбек. Жақында сайлағамыз.

Әуелі сасып қалған шал, артынан көңілі орнына түсіп, қуанғанынан ұшып тұрады.

— Қомсомол хатшысы.. Тегін адамды сайламайтын болар. О, тәңірім, шындыққа жаза гөр!.. Қуанғанымнан төбем екі-ақ елі көкке тимеді-ау...

— О, құлындарым!— деп кіріп келген Жайбала да екі немересін кезек-кезек сүйеді.

Шал ішіп отырған шайын қоя сап, қутындап өз бөлмесіне барып, киімдерін іздейді. Таба алмайды. Әлі де қуанышын баса алмай күбірлеп, өзінен өзі сөйлеп жүр. «О, көзімнің қарашықтары! Бәсе менен туған ұл, осылай болғай да! Өңім бе, түсім бе?.. Жас кезінде Қазақбай жоқшылық, таршылық көріп қаймығып өсті. Болатжан неден жасиды?.. Иә, Болатжан асқақта бүгін, өмір сенікі!.. Айтқандай, ол қыздардың шешесі де бір маңғаз болар, алдын ала ойламаса болмас! Мә, саған тойдың әкесін енді көрерсің!..»

Балалары отырған бөлмеге қайта оралады.

— Жайбала, менің жаңа шапанымды көрдің бе?— деп қарындасына айғай салады. Қатардағы үйден Жайбала шығады.

— Кіші аға, мені шақырдың ба?— дейді ол сыпайы.

— Құда түсуге барам!

* * *

Не бар жақсы киімін киген Қазақбай ертемен келе жатады. Кең көшенің бойындағы қаз-қатар салынған магазиндер аузында немересін жетектеп, қыдырып жүрген Тимофей шалға кездеседі.

— Ого! Қазақбайға не болған, осынша әсем киініп?.. Тотыдан аусайшы?.. Тойға барасың ба-ей?— дейді Тимофей, таңданып.

— Құда түсуге барам. Мына сияқты немерем болса... дейім!— Қазақбай бес жасар балаға қызыға қарайды...— Тфу, түкір тілің тимесін! Бақыт біздің үйге конды!— Жан-жағына қарап:— Менің келінім қалалық комсомол комитетінің... (сыбырлап) хатшысы!— дейді ол.

— О, аузыңыздың салуы бар екен, ол бір тамаша қыз.

— Сен қайдан білесің?

— Оның шешесі Ақмаралды да білем.

Шал таңданып, әлдекімді есіне түсіргендей:— Сен не дедің, Ақмарал дейсің бе?

— Иә, олар бұрын Қарағандыда тұрған... Үш-ақ ай

болды Теміртауға көшіп келгелі. Мен сенін құдағынды білем.

— Ата, адам аузында қасқырдың тісі бола ма?— дейді Тимофейдің кішкентай немересі.

Қазақбай мен Тимофей қарқ-қарқ күледі.

— Болады жаным, тістен де өткір тіл болады, өскесін көресің әлі,— дейді Тимофей.

— Өткір де қауіпті!— дейді де Қазақбай күбірлеп жүріп кетеді. Біраз барып, кенет тұра қап, қайта бұрылады. Бірдеме сұрайын дегендей Тимофейге қарайды. «Әй, соны қайтем» деп түйін жасағандай, қолын бір-ақ сілтеп, күбірлеп кете барады.

— Ақмарал... Ақмарал атты әйел аз ба? Қарағанды да Ақмарал атты әйел толып жатқан болар. Жүздеген халық ішінде жалғыз Ақмарал дейсің бе?— Қазақбайдың ойы орнығып, жетіп барады. Бір-ақ, баруын барса да жүрексізденіп шегіншектеп, есігін қаға алмайды. Аздан соң ақырын ғана қағып байқайды. Жауап жоқ. Қаттырақ соғады.

— Бұл кім-ей, таң атпай?

Осы бір шайпау тілді, ызбарлы үнді естігенде, Қазақ пай селк ете түсіп, сасып қалады да, қайтадан қайратын жинап:

— Е, жалғыз үй отырсың ба, аш есігінді, бақыт кеп тұр!— дейді.

— Әй, әкіреңдемей, табаныңды жалтырат... Әйтпегенде, милиция шақыртам. Жерде жатқан оңай дүние жоқ.

— Ұрылардың тісі батып кеткен екен... Тапа-тал түсте үй тонайтын жүрегiнiң түгi бар дейсiң бе?

— Әй, кімсің өзің тіл мен жағыңа сүйенген?

— Құдамын!

— Құда?!— Ақмарал сықырлатып есікті ашады. Есіктің сықыры Қазақбайдың есіне сықырлауық етікті түсіреді. Жүріп бара жатқан сықырлауық етік Ақмаралға айналды. Сыры кетсе де, сыны кетпеген кербез Ақмарал қарсы алдынан шыға келеді.

— Қазақбай!..— деп Ақмарал кейін қарай шалқалап, құлап кете жаздайды. Жақтаудан ұстап аман қалады. Есік тағы да сықыр ете түседі.

Қазақбайдың алдында тұрған Ақмарал баяғы маралдай секірген, қос етек бұран бел қыз емес, қартайса да қартайғысы келмей, кербезденіп, жастықтың етегіне жармасып жүрген әйел көрінеді.

«Апырмай,— жүрегін ұстап, іштей қинала айтады Қазақбай.— Мына сайтан тағы алдымнан шықты ма? Соңғы отыз жылда зорға біткен жарамның аузы қайта ашылды ма? Кешегі «сықырлауық әміркан етіктің» соңынан кеткен Ақмаралдың қызын құдай әкеп менің ұлдарыма құштар қып қойғанын көрдің бе? Қарағанды сияқты үлкен қалада, басқа бір Ақмаралдың табылмауын қарашы! Теміртау да ауыл емес, басқадай қыздар жоқтай... Тәңірдің жазғаны осы де! Жоқ, қаш, Қазақбай, бұл үйден. Немере-семереде нең бар!»

Осы кезде Ақмарал да есін жинап, жақтаудан қолын алады. Есік тағы да сықырлап, жүрегіне шақ-шұқ тиеді. Қазақбай да ойынан сергіп, қарсы кіжініп тұрған Ақмаралға жымия қарайды.

Енді Ақмарал да есін жиғандай:

— Адасып жүрсің бе, аусар?

— Қой, Ақмарал, ойқастама!... Сен баяғы арқаның маралы емессің де, мен баяғы бұйығы Қазақбай емеспін... Асау өмірден талай жығылдым да, талай жараландым. Бірақ, бір жерім сынып, мүгедек боп қалғам жоқ, аттай мініп, өмірдің шоқтығынан ұстағам! Әлі жібермей жүрмін.

— Бәсе, баяғыдай. Ер Қазақбай дегенді естісем құлағым керең болсын. Қайта, әлі де жаман атың соңыннан еріп жүргенін білесің бе?

— Қерауызданба, Ақмарал!.. Не жаман атымды естідің?..

— Сонда неңмен мақтанасың?

— Құдайға шүкір, міне алпысқа келдім. Отыз жыл үй қаладым... Алғыстан басқа қарғыс естіп көрген емен. Қолақпандай екі ұлым бар, екеуі де ауыз толтырып айтуға тұрады.

— Ұлдарым? Е, әлгі менің қыздарыма жабысып, қалмай жүрген сенің ұлдарың де!— Ақмарал қарқылдап күледі.— Адырам қал, Ақмарал білмейтін сенде не бар? Осы Теміртауға келісімен-ақ естігем, сенін ұлдарыңды күнде көріп те жүрмін...

Тілің у, ішің тар, ішіңе шынтак айналмайды... Өзіңнің бетің қисық, сонсоң жұрттың бәрін солай деп ұғасың-ау, ә?

— Қышытпа тілімді!.. Не жақсы, не жаманды айыра алмайтын есер едің, кімнің қандай екенін қайдан білесің? Сен босқа компиып жүрсін.

— Таяқ лақтырсам — қалыңдыққа тиеді. Байқа, қапы ұрып жүрме!

— Табатын кім? Сен бе?..— Ақмарал бетін жырта күледі.— Қазақбай сен де тілмәр боп па едің? Сенің мұның әлгі сөредегі қазыға өрмелеп жете алмай, «сасып кеткен» деп қорлаған тышқанның қылығы.

Қазақбай енді бітім сөзге көшеді, даусы да жұмсарып, көзі күлімдей бастайды.

— Қиқар сөзді қойсайшы, Ақмарал! Саған құда түскелі кеп отырғам жоқ.

Ақмарал:— Тең-теңімен, тезек-қабымен, шал, босқа ауыз ауыртып қайтесің.

Қазақбай:— Ақмарал-ау, мені менсінбейтін сенде не қалды? Алам десем, құшақ жая жүгірер едің-ау!— қарқылдап күледі.

Ақмарал:— Пішту!.. Сен ненмен бұлданасың?

Қазақбай:— Әлі күшім қайтқан жоқ. Ақмарал... Міне, байқап қойшы!— Ақмаралдың мықынынан ұстап, мытып жібереді. Ақмарал ыршып түседі.

— Ой, қайтеді-ей, мынау топас!.. Уысыңнан бір шыққан соң, қайтып ұстай алмайсың, ескіні ұмыт!

— Менің айтып тұрғаным сол емес пе, ескіні ұмыт. Ендігі кезекті жастарға берейік. Егер бірін-бірі сүйсе, ұя салсын өмірге! Алдарын кеспейік!

— Ұяшылын!.. Мен тірі тұрғанда, ол ойың іске аспас. Әйел тани білмеген әкенің баласы да қай жөнді дейсің. Мен өзім сенің үйіңе келін боп түскем жоқ, қыздарым да түспейді.

— Ақмарал, тартына сөйле! Қайтып кірер есігінді қатты серіппе!

— Кіретін мен бе? Жетеді енді! Қайтып кірмейтіндей боп осы үйдің есігін қаттырақ жап!

— Тарт қолыңды!.. Тұра тұр, бәлем. Сол тойда сені босағамнан жоғары аттатпасын-ау — дейді Қазақбай үйден шығып бара жатып айғайлап.

Қазақбай қаланың орталық көшесімен жүріп келеді. Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан халық. Сәтсіз құдалық, Ақмаралдың ащы сөздері шал жүрегін бей-жай қылғандай.

«Жаңа қала... Зәулім үйлер! Осы бір үйлердің де өзінің Ақмаралы бар ма екен? Апырмай, осындайлар қайдан табыла береді, музейден қашып шыға ма, кім білсін... Әйел емес, нағыз балшық илейтін машина! Ме-

нің ұлдарым жайында не деді сол? Ай, тәйір, әйел халқының тілі ұзын болмай ма?.. Соған сеніп.. жоқ! Сөйтсе де, тексеріп қараса дейім... Не істеп жүр екен, барып біліп қайту керек. Үлкен ұлына қазақекең сенеді... Мына кішісі... әлі жас еді. Кім біледі...»

* * *

Осы бір кез қыздары да түскі тамаққа келіп қалса керек.

Шешесі ашуға басып, үйдің мазасын кетіреді.

— Сол екеуі сендердің теңдерің бе? Кешегі аусар Қазақбайдың балалары күйеу бопты деп бүкіл ел күледі-ау, жазған құдай!

Ақмарал стол үстіндегі тарелкаларды бірін-біріне соғады. Екі қызы үрпиіп диванда отыр шешесінің мінезіне түсінбей, аң-таң. Өжет Алма шешесінің сөзіне көне қояр емес.

— Е, немене, мұрны пұшық, көзі соқыр ма, сонша жұрт күлетін?

— О, адырам қал, шірік, өліп-талып қалдың ба? Әкесінің кім екенін білесің бе?

— Әкесі кім болса, о болсын, Талғатқа күйеуге шығам! Басқаның маған керегі жоқ!— Орнынан ұшып тұрып, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Ақмарал әуелі анырып тұрып қалады да, аңырай жылап, диванға отыра кетеді.

— Ой, жүрегім!.. Менің түбіме жеттіндер ме!.. Сендер деп түн ұйқымды төрт бөліп, шашым ағарып еді!

Айша қасына барады:

— Апа, не болды сізге?.. Сонша күйзелетіндей не жаздық?

— Не жаздық?.. Алманың тием деп отырғаны кім, көрмейсің бе?

— Алма кәрі қыз атансын дейсің бе, апа?— Айша күлімдеп шешесін айналайды.

— Оған тигенше, кәрі қыз атанғанының өзі жақсы... Сен де... Сенің де жайың белгілі... Жоқ, сенің ол тең емес!.. Сен тимейсің, мен тигізбеймін!

— Сонда мен қандай адамға тұрмысқа шығайын, өзің айтшы?

— Сендердің күйеулерің өз бастарыңды қадірлеп, сыйлап, алақанына салып жүретін болсын. Соған лайық басыңда үйің, астыңда машинаң тағы болсын.

— Жеке меншікті үйді қайтеміз, қазынаныкі тұрғанда... Осы саған ұнамай ма?

— Ұнайды. Сөйтсе де, өзіндікі жақсы ғой...

— Еркек болғасын жұрт қызығатындай келісті де әсем келсін.

— Көркіне ас құйып ішесің бе? Әсем еркек опасыз келеді.

— Апа-ау, түрін айтпайым, еркектің көркі жаны ғой... Әрине, түрі де керек... Әйтсе де.

— Жаны? Сен комсомол емессің бе, «жан» дегенді қайдан тауып алдың... Ең құрығанда сенің күйеуің инженер болсын. Өзің ұлықсын.

— Ойбай, апа-ай! Әйелге үйде ұлықтың керегі жоқ, дос керек... Тең отыратын дос.

Сөз таба алмаған Ақмарал:

— Ой, жүрегім!— деп шалқайып басын диванға соғады.

— Жок, апа, абыржыма, оған әлі күйеуге шығатын мен жоқ. Бірақ біз бой жеттік. Күйеу таңдау еркін бізге беріңіз!— Айша да екінші бөлмеге шығып кетеді.

* * *

... Қазақстан магниткасы. Құрылып жатқан үйлер. Ағылып жатқан машиналар. Машина үсті толған жұмысшы жастар әндетіп өтіп жатады. Әндері де әр тілде: қазақша басталған әнді орысша аяқтайды, немесе болгарша салынған ән, кенет киіп кетіп, әр тілдегі хорға айналады.

Қазақбай жаңа салынып жатқан домнаға жақын барады. Қызып жатқан еңбек. Аспанмен тілдескен алып домна! Алып домнаға ұя салған құстай жабысып жүрген жұмысшы жастар. Қазақбай басын шалқайта қараймын деп бөркін де түсіріп алады. Сөйтсе де Талғаты көзіне ілінді. Өне бір тоқылдақша жабысып, электр отымен темірлерді пісіріп жатқан сол-ау? Оты жарқылдап, алтын ұшқан судай шашырайды. Қазақпайдың сол жағында комбинезон киіп тұрған бірнеше қыздар сықылықтай күліп, өз қолдарын өздері сүйіп, жоғарыдағы Талғатқа сәлем жолдайды.

— Әй, Талғатик, маған бір уыс бұлт әперші, өне бір ақша бұлтқа көміп жібер қолыңды!— дейді біреуі.

— Тос етегіңді, әйтпесе, шашып аласың!— дейді ол.

Бәрі шаттана күледі.

Қазақбай басын шайқайды: «Әй, Талғатжанның өзі бәле-ау, көрдің бе қыздар қалай жақсы көретінін? Қандай сұлу қыздар. Әдемі киіндірсе Ақмаралдың қыздарынан артып та кетеді...»

Биікте тұрған Талғат әкесін таниды.

— Әке!— дейді ол айғайлап, қол бұлғап.

Шал қызығып қарап тұрып, қасынан өтіп бара жатқан құрылыс начальнигін де байқамай қалады. Ол өзі танып, шалды қолтықтап кабинетіне алып кіреді.

— Бұл біздің екінші алып. Көрдіңіз бе? Қандай биік?! Бірінші домнадан зор болады әлі!

— Керемет екен!.. Ал, адамдарың да осындай керемет пе?

— О, біздің адамдар тамаша ғой шіркін.

— Бәрі де сондайлық тамаша ма?

— Әрине, бәрі бірдей емес.— Орлов сезеді де, сөз түйінін бұра қояды.— Сіздің балаңыз...

— Иә, иә? Артта қалды ма? Өзі жақсы жігіт болмай тұр ма?— Шал сұқтана сұрайды.

— Жоқ-жоқ!.. Мінезі жақсы, жайдары, ақжарқын. Ерінбейді. Батыл. Бірақ, тәжірибесі аз, оның үстіне балалығы көп. Өз бетімен істеймін деп ұрынып қалады... Кеше домнаға шойын қорытушы ағасын жарысқа шақырып еді, ол алмады. Депутат, менсінбейді. «Мұрнын сүртіп алсын» депті.— Орлов күліп сөзін аяқтайды.

— Ай-ай, бұл жақсы қылық емес екен!— дейді шал басын шайқап.

— Не «жақсы» емес?

— Өз ағасын өзі жарысқа шақырғаны қалай?

— Неге? Шақыруға болмай ма?

— Ойбай-ау, үлкеннің аты үлкен. Ертең екеуінің арасына шоқ түседі. Таласады. Сөйтіп жұрт алдында масқара болмай ма?

— Үлкені жалқау да, теріс мінез болса, жұрт алдында масқараламай түзеле ме?

— Солай ма?— Шал ойланып қалады.— Әй, бірақ, мұның арты насырға шабады. Үлкенді кіші сыйлаудан қалады!

— Жоқ, ата, сыйлауға тұратынды сыйлайық. Зорлап сыйлауға болмайды, ата! Біздің заманда адал еңбегімен атақ алған адамды ғана сыйлап, құрмет көрсетеді.

Шал ойланып қалады: «Зорлап сыйлатуға болмайды! Көрдің бе? Сөзінің ілгешегі бар». Дауыстап Орловқа:

— Ұлым, Талғат жаман емес дейсін бе?

— Әлбетте. Жұрттың бәрі Талғаттай бола берсе, мұртын балта шаппас.

* * *

Болатбектің бригадасы шойын құйып жатады. Көз тартатын таңғажайып керемет сурет: лебедкадан аққан шойын, шашыраған ұшқын, бүкіл домнаның ішін алтын арайға бөлейді. Қазақбай қызыға қарап, көңіліне демеу алғандай. «Шойын құйып жатқан өзінің Болатжаны емес пе?.. Қайда екен өзі? «Бригада ішінде ұлы көрінбейді. Жаңа ғана қуанып, маз боп тұрған шал енді түсі өзгеріп, қабағын түйеді. Жұмыскерлер шойынын құйып боп терін сүртіп жекелеу тұрған шалды қоршап алады.

Шалдың еңсесі көтерілгендей.

— Бәсе, Қазақбай тақыр жерге тұқым екпеген болар. Талғат жақсы болса, Болатбек одан да жақсы. Оған сөз бар ма? Осы қала кезуді тастап, үйге қайтса деймін. Адамды азғыратын эзәзіл деуші еді... Жок, мүмкін Ақмарал шын айтқан шығар, Қазақбай оған көзін жеткізді де?..

Шалдың қасына бұрын барған жас жігіт Шербаков:

— Сәләматсыз ба, ата? Болатбекке келдіңіз бе?— дейді.

— Иә, қалай жұмыс істеп жатыр? Көргім келіп еді... Ол өзі қайда?

— Ә, ол кетіп қалған.

— Қайда? Лекцияға ма?

— Иә, біз жұмысты қалай істеп жүрміз, сол жайында ол лекция оқиды.

— Ойбай-ау, ол қалай болар екен?.. Сонда ол үшін жұмысты кім істемек?

Бригада мүшелері күледі.

— Шойын құйылып жатыр, көріп тұрған жоқсыз ба? Терлеп-тепшіп қайтеді мұнда. Ол өзі депутат, лекциясын оқып, сессиясына барсын да жүрсін... Бірдеме ғып істерміз. Онсыз бригада деген нолі жоқ единицамен бірдей.

Шал не дерін білмей, қысылып жан-жағына қарайды.

Алыста келе жатқан Айғайбаевты көреді. Ол қасына кеп, жылы жүзбен күлімдеп, амандасып қолын қысады.

— Таң қалып тұрсыз ба? Керемет емес пе, ә? Осының бәрін кереметке айналдырған сіздің ұлыңыз. Соның алтын қолы... Бригада соның жаңа әдісімен істеп, табыстан табысқа жетіп жатыр. Онсыз бригада дегенің единицасы жоқ, нольдің өзі!.. Жақында бізге коммунистік еңбек цехы деген ат береді. Бүкіл іс тетігі соның қолында. Ол — өндіріс иесі. Ертеңгі герой!..

— Ол өзі қайда?

— Лекция оқуға кетті. Жаңа әдісін таратуы керек қой.

— Осылай жиі кете ме?

— Иә, болып тұрады...

— Жұмысты қашан істейді?

— Керек уақытында істейді. Таң қаласын! Айтқандай, сізден бір сұрайын деп жүргенім: энеугі тұздықты қалай жасайды осы? Есіңізде ме, тойда мен байқамай қағып салдым ғой... Аузымнан дәмі әлі күнге кетпейді, кетпейді, тегі бір сыр бар-ау?

* * *

Қазақбай көшеде жүріп келеді. «Тұздық. Тұздыққа қақалғыр. Жұрт жұмыс істеп жатса, сен тұздық деп қақсайсың... Болатбекті жұмысынан қалдырдың... Мүмкін, әлде лекция да керек шығар. Кім көрінген лекция оқи бермейді ғой».

Қара бұлт ойнақшып, қала үстіне шыға келеді. Көл беті толықсып, іле жаңбыр да құяды. Бөтен үйдің қақпасының алдына жаңбырдан тығылған бейтаныс адам өтіп бара жатқан Қазақбайға айғай салады.

— Немене-ей, шал, көптен моншаға барған жоқ па едің?.. Жаңбыр суына шомылғың келді ме?.. Кел бері!

Қазақбай енді есін жинағандай, қатардағы бір үйге қойып кетеді.

Дәлізде қалғып-мүлгіп отырған кемпір, Қазақбайды көріп, жыландай ысқырады:

— Шылп-шылп еткізбей, көтере бас аяғынды, маубас! Лекция оқып жатыр десе... Мұрныңа исі де кіріп шықпайды-ау.

— Бұл не, мектеп пе?— дейді қайда келгенін түсінбеген Қазақбай:

— Айттым ғой, маубас деп... Осы қалада тұрып, қай мектеп екенін де білмесейші. Бұл ФЗУ емес пе? Мұнда лекция оқылады!

— Лекция дейсің бе? Оқып жатқан кім?

— Білмеймін. Бригадир дей ме?..

Қазақбай селк ете түседі. «Шынымен, Болатбек бол-маса игі еді?»

— Әй, кемпір, нашар оқи ма екен?

— Мұндайдың талайын көргем. Сөйлейді кеп, сөйлейді кеп... Сөзінде бір тобықтай түйін болсашы!

— Неге түйіні болмасын! Балалар білім ап жүрген жоқ па! Тобықтай түйінді ұға алмаған өзің де, мигұла!

— Егер ондай зерек болсаң, бар тыңдай ғой. Кеудене құйып жіберсе, оқымысты боп кетерсің...

— Тыңдайым, ерегестірсең!

— Кір, кір! Сығалама!— дейді кемпір.

Қазақбай есіктен сығалайды.

Болатбек мінбеде тұр. Екі қолы екі жақ қалтасында, аузында шылым, дәл Айғайбаевтың тұрысы.

— Өндіріс қожасы — бригадир. Бар істің тетігі сол бригадир қолында ғой. Сондықтан менің жаңа тапқан әдісім, яғни Болатбек жолдастың әдісі деп мынаны айтамыз...— Өз қолымен кеудесін қағады. Балалар қарқ-қарқ күледі.

Қазақбай ұялғанынан көзін жұмады. «Жұрт көзінше, «мен-мен» деп өзінің атын атап, кеудесін соғуын, ұятсыздың. Ай-ай... Мен оған мұндай қылықты үйреткен жоқ ем. Тегі Айғайбаевтан жұққан-ау... Бірінің-аузына бірі түкіріп қойғандай. Иә, сөзін Айғайбаев тауып берсе, жұмысын бригада істесе, сонда ұлы не бітіреді?»

Осы бір ойы аяқталмай, Қазақбай тағы да ұлының дауысын естиді:

«Мен коммунистік еңбек цехының атын алуға күрес бастадым...» дегенде шал шыдап тұра алмайды, шығып кетеді.

«Піл көтермегенді, тіл көтереді. Сөйлеп бақ. Сонда сен үшін шойынды кім құяды?.. Жастайынан әлпештеп, үміт артып өсірген балаң осы болса, күйсеген екенсің, Қазақбай! Кеше ғана бақытты қолыңа ұстап ең, енді міне алақаныңды бос жайып тіленіп тұрсың...»

Шал алақанын жайып үрлейді де басы ауған жаққа жүріп кетеді.

«Ақмаралдың сөзі шынға айналса?.. Жоқ-жоқ, атама, Қазақбай!..»

Қазақбайдың қарсы алдынан екі жас бала жүгіріп шығып, шалды құлатып кете жаздайды. Ер бала еңіреп, зытып барады да, сәл ересектеу қыз бала қуып жүр. Қыз бала қуып жетіп, ер баланы желкеден бір түйіп, қуыршағын тартып алады. Бала етпеттей құлап, «ойбай» сап жылайды.

Қазақбай баланың қасына кеп, басынан сипап уатады.

— Түрегел балам, сен жақсысың ғой! Жылама! Ер қазақ жылай ма екен? Қарсыласпай ма? Қызым, сен неге тиесің бұған?—дейді ол анадай үрпиіп тұрған қыз балаға.

— Ол өзі менің қуыршағымды алып қашқан!— дейді қыз бала маңдайынан сүзе қарап.

— Қызым, сен тиме, бұл ер бала емес пе!

— Ер бала болғанда менен артық па? Тимесін...— дейді қыз бала батыл.

* * *

Шал томсырайып баспалдақпен жоғары көтеріледі. Үйде қарындасы қарсы алады. Ағасының көңіл күйін сезе қояды.

— Апырай, ағатай сырқаттанып қалғанның қай жағындасыз? Өңізіз қашқан?— дейді Жайбала.

Қазақбай үндемейді, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Қазақбай үстінен жүк басқандай мықшиып, тұқырайып кеткен, үй ішінде ерсілі-қарсылы жүре береді.

«Апырмай, шынымен Қазақбайдың көзін шел басқаны ма?»

Қазақбайдың көз алдынан Болатбектің жас күнгі қылықтары өтіп жатады.

...Болатбек әкесінің мойнына аттай мініп алған, қолында шыбық, шу-шулеп әкесін қоса жерді ұрады. Қазақбай ат боп тоңқаландап үй ішінде шауып жүреді...

Енді бір сәт мойнында сумкасы бар кішкентай Болатбек үйге кіріп кеп әкесіне бес саусағын көрсетеді. Қазақбай бетінен сүйіп бес сом ақша береді. Бала азсынып, бұртиып лақтырып тастайды, әкесі он сом береді...

Енді бір сәтте, Қазақбай үйіне кіріп келеді, жарыса жүгірген екі баланың кішісі бұрын жетсе де, оны алмай, жерден үлкенін бұрын көтеріп алады. Қалтасынан екі алма алып, екеуіне береді, бірақ Болатбек қолындағы-

сын місе тұтпай, інісінің алмасын тартып ап, шетінен бір тістеп Талғатқа қайта береді...

Осы бір кезеңдер көз алдынан өтсе де Қазақбай басқаша түйін жасайды. Кадр сыртынан біз тағы Қазақбайдың дауысын естіміз.

«Жасынан осылай әлпештеп, бар арман-тілегімді артқан үлкен ұлым отау иесі — Болатбек, өсе келе кім болғаны?»

Қатарғы бөлмеден ұлдарының қатты күлкісі естіледі. Жұмыстан қайтқан тәрізді.

Есік ашылып, әкесінің бөлмесіне кіріп келеді.

— Ал, әке, қалай құда түстіңіз бе?— дейді Болатбек.

— Не ғылған құдалық?— Қазақбай қабағын түйіп, зекіп сөйлейді.— Қай заман екенін білесіңдер ме?

— Сіз барған жоқсыз ба?— дейді тақымдап қоймай Болатбек.

— Жоқ... Барып шықтым,— дейді шал күбірлеп.

— Немене, қуанып қалған болар...

— Кім?

— Шешесі.

— Ә, ол ма? Оны қойшы...

— «Қойы» қалай?

— Аздап сөйлескен болдық.

— Иә, сонсоң?

— «Иә... иә... «Иә» да басың қалғыр. Піскен асқа дайын болғың келеді-ау, ә?.. Баяғы заман емес, үйде шіреніп отырып, қалыңмал беріп, қыз алатын. Бар да қыздың келісімен ал!

— Алманың шешесі келісім бермеді ме?— дейді үрейленген Талғат.

— Шешесі-шешесі. Қызын шешесі билеуші ме еді? Жоқ, шешесі келісім бермеді деп өмір бойы үйленбей бойдақ өтуші ме едіңдер?.. Кәне, айтындар, мұндай жағдайда ер жігіт қалай істеуі керек?— дейді Қазақбай ұлдарын сынап.

— Мен айтайын ба, әке?— дейді Талғат.

Әкесі жақтырмай түйіле қарайды.

— Жоқ, үлкені тұрып кіші сөйлегенді қайдан таптың? Әуелі мынау айтады!—Қазақбай иегімен Болатбекті нұсқайды.

— Бермейім десе ме?.. Бермей-ақ қойсын... Теміртауда қыздан көп нәрсе жоқ. Табылар біреу, со да уайым

боп па? Ең жақсы деген алтын басты қыздан, кім артық... Ей, Талғат, айтып жіберші. Ха-ха!

— Қалай дедің?— Қазақбай орнынан ұшып тұрады.

— Естіген жоқсыз ба? Алтын мен жез.

Қазақбай не дерін білмей сасып қалады. «Бұл Қазақбайдың өзінің сөзі. Өзі еккен егінің өзі орды деген осы!»

— Жоқ, мен бұлай демейім!— дейді Талғат сөзге араласып.— Алмадан басқа маған қыздың керегі жоқ. Біз бірімізді біріміз сүйеміз. Егер шешесі қарсы болса, алып қашам.

Талғаттың мысқылын сезбей қалған Болатбек қарқылдап күледі.

— Ақымақ! Ұстап алса, дедектетіп сотқа апарарды.

— Өзі сүйіп келсе де ме?

— Әй, қой, саудын асын ішіп, аурудың сөзін сөйлемей. Әкетай, ренжіме, ең сұлу деген қыздың шешесі үлкен ұлыңа қызын өз қолынан беруге асық... Көңіліңіз қалағанын атаңыз!

— Адам сықылды келісіммен қыз беретін шеше жоқ, шамасы келсе, сендерді құбыжық қып көрсетуде! Өз қамдарыңды өздерің жеңдер!.. Құдалық деген не өзі? Баяғы заман бар ма? Мектепте не оқытқан осы сендерге!— Көңілі жабыңқы Қазақбай сылқ етіп отыра кетеді.

— Қыздары шешесін сыйлайтын шығар, алдынан өтуде... Көнбесе көріп алдық!— дейді Талғат үйден жүлқына шығып. Соңынан ере Болатбек те шығады.

* * *

Талғат сатыдан бір-ақ қарғып түсіп, гараждан машинасын шығарып ап, ызғыта жөнеледі. Мәдениет сарайының алдында тосып тұрған Алманың жанына кеп тоқтай қалады.

— Неше минут кешіктің, білесің бе?.. Жұмыстан кеш қалдырдың!

Алма машинаға отырады. Жүріп келеді.

— Болатбекпен керісем деп, уақыт өткізіп алдым...

— Әкең ештеңе деген жоқ па?.. Мен бәрін естідім.

Шешей қарсы.

— Қарсы? Енді қайттық, Алмашка?

Алма сақылдап шаттана күледі.

— Талғат, осы баяғыда қыздың әке-шешесі көнбесе,

бір түнде қызды ұрлап алып қашады дейтіні қайда?.. Болатбек екеуің бір түнде... Мен терезені ашып қояйын... Айшаны ұрлап кетіндер.

Екеуі сақылдай, шек-сілесі қата күледі.

— Шешей келісім берер-бермес. Қайда барар дейсің... Болатбекті Айша сүймейді. Мәселе сонда!

— Болатбек сорлаған екен!

— Қыз саусағымен жігіттің шашын тарайды.

— Ренжіме!..

— Ол баланың үлкені ғой. Менің жолымды кесіп тұр ғой.

Машина емхананың алдына кеп тоқтайды. Алма атып түсіп, жүре бергенде Талғат соңынан айғай салады.

— Сумқаңды маған тастап кеттің бе?

— Ұмытып бара жатыр екем-ау...

— Мұның ішінде не бар, Алмашка?

— Апамның салып берген тамағы. Ұзақ түнде күзетте қарның ашады деп.

— Түнде тамақ ішпе, қартайып кетесің...

— Оны кім айтты?

— Дәрігерлер.

— Уай, пәле-ай, айта бер. Тілің өзіндікі.— Екеуі қол бұлғасып айырылысады.

Талғат ызғытып, домнаның алдына келіп тоқтайды. Оған қарсы Шербаков жолығады.

* * *

Үйдің сәні кеткен. Қазақбай күңіреніп жалғыз отыр. Ұлдары бет-бетімен кеткен. Жайбала да бүкшиіп тахтада жатыр. Қайғылы музыканың ырғағымен Қазақбай ойы қатар жарысады.

«Айша шынымен Болатбекті сүйгені ме? Әлде Болатбек мақтанып айта салды ма? Масқара-ай, көшеге шығудан қалдық-ау! Ал егер қыз Болатбекті шын сүйсе? Несіне қызығады? Өзі көрікті, өзі ақылды, ай мен күндей қыз мақтаншақ, өркөкірек жігітті сүйеді дегенге кім сенеді? Сайтан араласты деген осы да!..»

Әй, Қазақбай, артыңа бір қарашы, қызы шешесіне тартып көрсе қызар болып шықса?.. Баяғыда әміркан етікпен шешесі кетіп қалған жоқ па? Қыздың өзін сынап, байқау керек еді...»

«Горком хатшысы А. Асанова» деген жазуы бар есік.

Бір қол есікті ашады. Сонда барып Қазақбайды бір-ақ көреміз.

Хатшының ауызғы бөлмесінде бірнеше кісі отырады. Оларға назар аударған шал жоқ, таяғын тықылдатып, кабинетке кіріп барады.

Айшаның кабинетінде Болатбек пен Айғайбаев отыр екен. Шалды көріп Айша да, Болатбек те қымсынып қалады.

— Отырыңыз, ақсақал!— дейді Айша.

Ызбарлы шал қабағын түйіп, үнсіз отыра кетеді.

Бұлардың сөзін шылдыраған телефон бөліп жібереді.

— Иә?— дейді Айша телефон құлағын тындап.— Балаша қызығып, өңін айналдырып жүрмеңдер... «Коммунистік» деген сөз конфет не шоколад емес. Ондай атаққа не болатын адамның санасы да, тәртібі де жоғары болу керек. Түсіндің бе?

Қазақбай ұлына қарайды. Қораздай күжірейген ұлы Айғайбаевқа бірдеңе деп сыбырлайды. Ол күлімдеп, ақсия күледі. Қазақбай енді көз қиығын Айшаға аударады.

«Осындай көрікті де ақылды қыз Болатбекті қалай жақсы көреді деп отырсың? Иә, халық тегін айтпаған-ау, сүйгенім шұнағым деп. Сүйген де. Жаңағы көз тастауы көрде жатқан адамды тірілтетін. Ал анау қоқай байқаған да жоқ... Иә, білмей қалмайды... Тегі аз кездескен болу керек. Әйтпесе, қоқайдың сырын білу қиынға түспес еді... Әйел халқы қу да зерек. Иесін танып қояды. Қай жерде танысты десейші? Мәжілісте отырғанда танысып, көз арқылы сөйлесті-ау, әйтпегенде маңайына отырғыза ма!»

Айша телефон құлағын іліп қояды.

— Жарайды, дайындала беріндер!.. Мен қазір келем!— дейді.

Болатбек орнынан тұра беріп, Айшаға жалынды көз тастайды. Ол қымсына түседі. Екеуі шығып кетеді.

Қазақбай сөзді бұрын бастайды.

— Бұл екеуі не қылмайсың деп шабылып жүр?— Шалдың дауысы алғашқыдай емес, ойнақы эзілдің ұшқыны сезіледі.

Айша:— Бұл екі азамат Коммунистік еңбек цехы деген атаққа ие болсақ дейді... Соны комсомол қолдаса екен дейді.

— Сен ше?.. Сен қалай ойлайсың?

— Әлі ерте ме деймін...

— Неге олай дейсің?.. Біздің баламен екеуің дос емес пе едің?

Айша қызараңдап не дерін білмейді. Қазақбай да қыздың дәл осы бір мінез құбылысын сезгендей.

— Қарағым, осы күнгінің шалы да бір сойқан, қысылма, айта бер!.. Қайта сырлас болайық!

— Дос әділ, бетке айтпай ма?

— Ә, сөз тапқанға қолқа жоқ, бірақ, сол досынды адал ма, жоқ арам ба, сынап білдің бе?

Айша:— Білдім... Дос асау тайдай қыңыр, езулеп өз бетімен шаба береді.

Қазақбай жымып күледі.

— Таптың, балам!.. Әлі асау... Әрі досың, әрі замандасың, неге құрық сап үйретпейсің? Мен әдейі осы сөзді айтуға кеп отырмын.

Айша шал сөзінің астарын түсінгендей, күлімсіреп шалға тұра қарайды.

— Менің әлімнен келсе...

— Неге келмесін, оған сенен күшті де, өтімді де адам жоқ... Менің қаупім: әлгі қасындағы қақпалап жүрген бар ғой, ноқталайтын сол болады, тегі...

Айша сәл кідіріп ойланып, сағатына қарайды.

— Ғафу етіңіз, мен бір жерге барушы едім. Барасыз ба, бірге барайық.

— Мені қайда шақырып тұрсың, қызым?

— Досынды түзде де, үйінде де сына демей ме?... Жаңағы достарды өз үйінде сынаыық!

Екеуі баспалдақтан түсіп келе жатады.

— Болатбекті үйлендіріп аяғына тұсау салайын деп ем...

Көз қиығын қызға аударады ол. Қазақбайдың сөз саптасына түсінді ме, сәл жымып:

— Енді не бөгет боп жүр?— дейді.

— Қалыңдық таба алмай әуре,— дейді күлімсіреп шал.

Айша күледі.

— Қыз көп қой... Олақ өзі де.

Машина қала ішімен зырғытып келеді.

— Олақтық жаман ғой, балам! Менің жас кезімде бір момын жігіт еркелеу өскен біреудің жалғыз қызына ғашық боп, бір-бірін сүйіп, уәде беріскен-ді. Бір түні жастар жиналып, ауыл сыртына сауық құрды...

Машинаның артқы әйнегіне түсіп келе жатқан қала

суреттері жоғалып, ескі ауылдың кейбір кезеңдері көріне бастайды. Адамдардың жүріс-тұрысы, қимылын мазақтап, пародия қалпында көрінеді.

...Ай. Түн. Ауыл сыртында жиналған қыз бен жігіттер «Қарақұлақ» ойнайды. Алқақотан отырған жастар ән айтады, осы кезде «қасқыр» кеп, бір қызды ұрлап алып қашады.

— «Бұл ойын тәртібі. Бұған қарсыласуға болмайды!»— дейді Қазақбайдың даусы кадр сыртынан.

Өзен жиегіне тығылады. Күйеу жігіт іздеп таба алмайды. Жар жиегінде тұрса, қасқыр-жігіт пен қалыңдығының суға түскен көлеңкесін көреді. Бастары бір қосылып бір алшақтайды. Күйеу жігіт шыдай алмай, жүгіріп барса, қасқыр-жігіт қызды құшақтап жатыр.

— «Бұл әрине ойын тәртібі емес. Бейбастақтық!»— дейді тағы да Қазақбай даусы кадр сыртынан.

Қыз атып тұрады. Күйеу-жігіт ашумен жақтан қызды бір тартып кете барады...

— Сонымен сол қыз сықырлаған әміркан етігі бар жігіттің соңынан еріп, қашып кеткен-ді.

— Қызық екен! Осы сияқты бір әңгімені естігенім бар еді. Кім айтты екен?— Айша есіне түсіре алмай әлек.

— Мүмкін, балам, естіген де боларсың...

— Сонда кім кінәлі деп ойлайсыз: қыз ба, жоқ, жігіт пе, әлде күйеу ме?

— Әрине, қыз,— дейді Қазақбай.— Қыз емеурін білдірмесе, жігіт соңынан ермес еді!

* * *

Бірінші домна цехында жиналыс өтіп жатады. Қоммунистер екі жақ. Тартыс шегіне жеткен.

Бір жақ шетте отырған Қазақбай мен кіші ұлы әрқайсысының сөз қимылын мысықтай аңдып отыр.

Айғайбаев мінбеде сөйлеп тұр.

— Болатбек Қазақбаев тегін сөз айтпайды. «Цех «Коммунистік еңбек цехы» деген атаққа ие болады деді ме?.. Деді! Соның айтқаны болады да. Себебі: іс тетігінің кожасы да сол!.. Солай шешеміз де ғой?

— Не дейсіз?.. Қайта айтыңызшы?— дейді Айша сөзге араласып. Айғайбаев ұрлығының үстінен түскен баладай абыржып қалады.

— Иә... Жоқ... Сұрауға болады. Қәне, кім қарсы?—

дейді Айғайбаев. Залдың қақ жартысынан көбі қол көтереді.

Айғайбаев сасып қалады.

— Ей, қарсысындар ма?

Петр Шербаков орнынан тұрып, алға таман барады.

— Коммунистік еңбек цехы деген атаққа не болу бізге әлі ерте... Қолдамаймыз!

Болатбек оның сөзін бөліп жібереді:

— Ерте?..

— Түкке түсінбейсіңдер! Шынында сендерге әлі «ерте» екен...

Айшаның келемеж күлкісі әзіл-сықаққа айналады:

— Меніңше, жолдас Қазақбаев асығыстау айтты...

Мен-мендік, дандайсып тасығандық.— Коммунистік қоғам адамының мінез-құлқына жатпайды. Керек десе, мен-менсіген жігітті қалыңдығы үйіне де кіргізбейді! Мұндай сырқаты бар адам, ондай қоғамға кірмейді де, оны есіктен де сығалатпайды. Бұл — жұқпалы ауру. Тегі біздің жігітке де біреу жұққызған сияқты. Ал, ол тегін ауыртқан жоқ. Сырқат адамды қолтықтан демеп отыру қиынға түспеді!.. Иә, мұндай есеп-қисаппен күн көріп жүргендерге өз орнында тап деп айтпақпыз! (Қол шапалақтайды.) Бізге әдемі сөз емес, әдемі іс керек!

Айша Айғайбаевқа жиіркене көз тастайды. Қазақбай көзін жыпылықтатып, қысылғаннан терлеп қоя береді...

«Беу-беу... Енді өзің шеш: бақыр басты ұл артық па, жоқ алтын басты қыз артық па?»

Жиналыс бітіп, жұрт топырлап шығып жатады. Айша мен шал Талғаттың қасына оралады. Бұлардың қасынан өтіп бара жатқан Шербаковтың Талғат қолын қысып, «Көмек бердің, жарайсың!» дегендей ишарат білдіреді.

— Әне, біздің сал жігіт келе жатыр, қайтер екен, аялдай тұрайық!— дейді Талғат ағасын көрсетіп.

Айғайбаевпен қызу әңгімелесіп жатқан Болатбекке бәрі тесіле қарайды. Ол елемеген кісі боп өтіп бара жатқанда, Айғайбаев шынтағымен түртіп, ым қағады. Болатбек жалт бұрылып, қарқылдап күліп, Айшаға:

— Хатшы жолдас, кімді нысанаға ап, көздегеніңіз білініп қалды, бірақ, мерген емес скенсіз,— дейді.

— Қайдағы, Айғайбаев кигізген қоқай қалпағыңды бір атуға атып-ақ түсірді,— дейді інісі.

Айша күліп Қазақбайға қарайды. Әкесі жымнып:

— Байқа, бала, қалпақ жоғалтсаң уақысы жоқ, басыңды жоғалтып алмасаң!— дейді.

— Менің қамымды жеме, әке!.. Бас түгіл бір түгім түспейді. Менің басымды көздейтін мерген әлі туған жоқ!

— Қиын нысанаға тиігізем деудің өзі ерлік. Байқап көрейін,— дейді, Айша күліп. Болатбек мұндай батыл жауапты күтпеген болу керек, сасып қалады.

Айша күлімсіреп жақын барады:

— Сен, Болатбек, мені қисық түсіндің. Мәдениет сарайына кел, сонда өзіңе бәрін айтып берем. Ертең мейрам екенін білесің ғой?

— Ә, солай ма?... Өзі шақырды, көрдің бе? Жақсы көрмейді дейсің?— Болатбек Айғайбаевтың арқасынан қағады.

* * *

Болатбек торға түскен арыстандай, ерсілі-қарсылы жүре береді.

Апасының:

— Болатжан, тамағың суып кетті ғой!— деген сөзіне үндемейді. Апасы ернін сылп еткізіп, аянышты көз тастайды.

— Апай, әлгі сұр костюмім өтектеулі ме?— дейді.

— Дайын, жаным!.. Тағы жиналысқа шақырып жатыр ма? Дамыл көрсетпей қойды-ау!

— Жоқ, бүгін мейрам ғой. Құрылысшылар күні. Әлгі хатшының жанына от сап, нервіне ойнамасам, тұштаңдап кетіпті... Менімен бірге кім болатынын білесің бе, апа? Қаланың ең сұлу қыздары.

Қатардағы есіктен әңгіменің шет жағасын естіп отырған Қазақбай шыға келеді.

— Кімді дейсің-ей?— шал да ызғарлы көзін алмайды.— Айшаға тиіспей жөніңе жүр!

— Араға түспей-ақ қой, әке! Қорермін. Менің қасымда ұршықтай иірілмегенін...

— Қой, балам, сен Айшаны білмейсің?

— Білем. Бәрін өзі билеп-төстегісі келеді. Оған жібермейміз!

— Садаға кет, сен Айшадан! Осы мінезіңмен Айшадан айрылып қаласың әлі...— Енді Қазақбай әлде не есіне түскендей кенет сөзін тоқтатады: «Ойбай-ау, бұл Қазақбайдың өзінің мінезі емес пе?.. Жас күнде тап

осындай тонмойын-ды. Өгіз сияқты қасарысып тұрып алатыны қайда?»

— Көрермін, сол қызға үйленбесем, Болатбек атым құрысын!— деп ол шығып кетеді.

* * *

Болатбек Мәдениет сарайына келеді. Жабық. Ешкім жоқ. Жалғыз ғана үй сыпырушы әйел жүр, оның өзі Болатбекті мазақ қылады.

— Сен немене тобыңнан адасқан қаздай жалғыз жүргенің... Тегі ол сені алдап кеткен-ау?

Ызындап мазасын алған масадай, Болатбек одан тұра қашады. Орта жолдан қайта қайтады.

— Асанова келді ме осында?

— Сені тосып отырады деген...

— А, немене?.. Мен одан кеммін бе?

— Кем бол, артық бол... Оның жұмысы өз басына жетеді... Әсіресе бүгіндей күнде!

Болатбек автоматпен Айшаны шақырады.

— Аллоу? Горком ба? Маған жолдас Асанова керек! Бұл — Болатбек қой... Депутат... Иә, күйеу! Кімді, кімді дейсің? Паркке кетті? Кіммен? Бір жолаушы жігітпен?

Болатбек телефон құлағын тастай береді. Қызарып терісіне сыймайды. «Жолаушы жігітпен дейді?.. Мені тоспағаны, ә? Ол менімен неге бармайды?»

Кадр сыртынан әкесінің даусы естіледі:

«Байқа, Болатбек! Сенің мұрныңнан шертіп, сені ерегістіріп тұр. Енді бір мінез білдірсең, қыздан айрылдың!»

Болатбек паркке барады. Парк іші көңілді де қызық, музыка... түрлі ойын-сауық. Маска киген жастар. Болатбек түгел аралап шығып, Айшаны таба алмайды. Сөйтіп жүргенде Айғайбаевқа тап болады.

— Сен қайдан жүрсің?

— Сен өзін қайдан жүрсің?

Екеуі қоса күледі.

— Әй, дос, сен әлгі менің құдай қосқан қосағымды көрдің бе?

— Кімді?.. Айшаны ма?.. Ол қайда болушы еді, ана жақта...— Айғайбаев бейнелеп көл жақты негімен нұсқайды.

— Мұны қалай түсінуге болады, достым?— дейді Болатбек дірілдеп-қалшылдап.

— Қазір көресің...

Екеуі таксиге отырып, көлге тартып барады...

Көл жиегінде, яхта-клуб маңында шулаған халық. Қазір желқайықпен жарыс басталады. Иін тірескен халық арасынан шынтақпен жол сап, Болатбек пен Айғайбаев Айшаны іздейді. Анадай жерде жас жігітпен қылмыңдасып тұрған Айшаны көреді.

— Қасындағы кім?— дейді Болатбек.

— Бұл облыстан келген журналист,— дейді ол.

— Е, менің күндесім осы де!

Жастардың қақ ортасында көңілді Талғат та жүр. Бірақ дәл осы бір шақта шет жақта көрінбей тұрған Қазақбайды бірі байқамады. Ол көзін балаларынан алмай, сырттай бақылап, әр қайсысына бір баға бергендей.

— Айшеке, мен Болатбекті жарысқа шақырайын ба?— дейді Талғат қасына келіп.

Айша сәл ойланып, күлімсірейді.

— Шақыр!— дейді.

Талғат Болатбектің қасына кеп, жұрттың көзінше:

— Мен сені жарысқа шақырам!— дейді бетіне тура қарап.

Болатбек әуелі «не айтып тұрсың?»— дегендей осыра қарайды да, түсінген соң қарқылдап күледі. Талғаттың иегінен көтеріп:

— Піл мен шыбын деген мысалды оқыдың ба?

Талғат ағасының қолын қағып, ызбармен:

— Бойына сеніп, құр қалған түйені де көргеміз!— дейді.

Қазақбай бұл екеуінің арасындағы қағысты тегіс естиді. Кіші баласының сөзіне риза: «Иә, Талғатжанның жауабы тұмсыққа ұрғанмен бірдей. Тайрандаған тайлаққа, Қазақбай да тап осылай жауап қайырап еді».

Талғаттың жолдастары ду күледі. Болатбектің бригадасы намыстанып:

— Шық, жекпе-жек!

— Кім түйе екен, танытайық біз бұған!— деп кеу-кеулейді. Болатбек тыжырынып:

— Қоймадың ба, бала!.. Өз обалың өзіңе!.. Жүріңдер!— деп ол жолдастарын ертіп барып желқайыққа мінеді. Талғат та бригадасын ертіп, желқайықтың басын бұрып сапқа тұрғызады. Жиектен біреу бұйрық береді. Екеуі жарыса жөнеледі. Жиналған халық қақ жарылады. Кейбіреуі ағасын, енді жартысы інісін қолдай-

ды. Осы бір сәт Қазақбай да уайымын ұмытып, тамашалай қарайды. Айша да Болатбектен көзін алмайды.

— Талғат озады, сөзсіз! Талғат!— дейді Алма апасының қолтығына кіріп, бұзауша сүйкеніп.

— Оны қайдан білдің?— дейді күлімсіреп Айша.

— Сезіп тұрмын... Сен ғой, Болатбектің озғанын тілейсің, ә?— Алма сылқ-сылқ күледі.

— Маған бәрібір...

— Айта бер! Көз қарасыңнан-ақ білініп тұр!.

Айша теріс айналады.

Бір кезде Болатбек пен Талғат су бетінде жарысып бара жатқан-ды.

— Бәсе, атан жілік шыдата ма!— дейді Қазақбайдың қасындағы Тимофей шал.

— Уа, озды-озды Болатбек!— дейді шуылдап бірнеше дауыс.

Алма шыдай алмай, алақанымен аузын қалқалап айғай салады.

— Талғат, тездет!

Айтқандай Талғат озып шығады. Болатбек артта қала береді. Тағы да шуылдаған дауыс, әсіресе қолын шапалақтап, аса масайраған Алма.

— Тездет, жігітім!

Осы кезде қыз жанындағы жігіт бірдеме деп Айшаға сыбырлайды. Екеуі кете барады. Мұны рульде тұрған Болатбек көреді де, қайықтың басын кейін бұрады. Қайық жарға кеп бір-ақ тіреледі.

Қуып жете алмайтынын сезген Болатбек кейін қайтады.

— Әй, неге қайтасың?

— Кейін қайтты...

— Қу!

— Е, бітті ғой шаруасы!

Болатбек қайта оралып, жиекке тоқтайды.

— Қайтеміз сол баламен бала болып...— дейді ол қолын бір-ақ сілтеп.

— Ә, мына жігіттің адымы осындай тар ма еді?

— Жеңілді деген осы!

— Анау, қалай еседі-ей!.. Уай, ер екен!— Жиналған халықтың осы бір келте даусы, мысқыл сөздері Болатбек бригадасының намысына тигендей. Жігіттер кеу-кеулеп өзара Болатбекті ортаға алады.

— Жетті, осы «күрметті бригадирді» мәпелегеніміз. Ашық, бетіне айту керек!— дейді Щербаков.

— Рас... бригада намысы дегенді ойламай ма бұл? Бізді қара бет қып кеткенін көрдің бе?— дейді екінші татар жігіті.

Болатбек Щербаковқа төнеді.

— Немене, өткелден өте алмаған қойдай шулап тұрғандарың?— дейді кекете сөйлеп.

— Біз намыстанып тұрмыз, ұятқа қалдырдың бригаданы!— дейді Щербаков.

Болатбек қап-қара боп тұтанып, қабағын түйеді.

— Бригада менімен ғана бригада!.. Жақсы да, жаман да атағы маған келеді. Сендер қам жемендер!— дейді ол.

— Ә, Болатбек, тасыма!

— Жарайды! Олай десең өз атағыңмен өзің қала ғой!

Бәрі көл жиегіне, яхтаға қарай кетеді. Болатбек орнында жалғыз тұрып қалады.

Шеткерек тұрған әке қартайып, кішірейіп қалған тәрізді, салы суға кетіп, «жұрт естіп қойды-ау, енді қайтейін?»— дегендей алақтап жан-жағына қарайды. Анадай жерде сұп-сұр боп тұрған Айшаны көзі шалады. Бір кезде о да кетіп қалады.

* * *

Айғайбаев Болатбектің қасына барады.

— Мен айтқам жоқ па, ол сені тастап кетеді деп?.. Ең болмаса саған бір ауыз сөз айтсайшы... Әлгі жігітке ерді де жөнелді...

— Мен көрсетемін оған кім екенімді!

— Ол саған желкесін көрсетіп те үлгірді, достым. Оған сен түк істей алмайсың енді. Дағдырдың маңдайына жазып қойғаны осы! Шыда... Аанада менің бір жолдасым айтқан еді: өзіңнен әйелің не бойы ұзын болса, не қызмет дәрежесі үлкен болса, не ақылды болса, дүниеде одан артық қорлық жоқ. Осы үш жағдайда да өз қатыныңа өзің табан жалаған ит сияқты жалына қарайсың деп... Ха-ха!

Бұл күлкі Болатбекке біреу беттен қамшымен осып жібергендей тиді.

— Мен табан жалаған ит емес, шаптан алып, жұлып тастайтын қасқыр болам! Оны ұмытпа!

— Дандайсу — ауру, оны емдеу керек деген жоқ па?
— Осы ауру соның өз басында бар ма дейім, емдесе қайтеді?— дейді кенет Болатбек.

— Сондықтан...

— Сондықтан не істейміз?

— Обкомға барамыз... Мен сөйлейім, сен мені қоштайсың. Келістік пе?

Қазақбай бәрін де естиді. Зәресі ұшып, айғай сап тоқтатқысы да келеді, бірақ, өзін-өзі басып, дел-сал боп тұрып қалады.

«Бал тамған тілден у тамар деген осы. Ана бастықтың бал тілінен қорқып ем... Бәсе...»

Шал қаттырақ басып аялдап келеді. «Қазақбай дүниеге бүгін жаралған жоқ. Алдаркөсе айтпап па еді: біреуге ор қазсан, кеңірек қаз деп...»

* * *

Ақырын басып Қазақбай Айшаның үйіне барады. Кешке жақын үй алдында салқындап отырған Ақмарал Қазақбайды көріп, шошып селк ете түседі.

— Көкек!

— Е, не болды-ей саған?.. Құбыжық көрдің бе, осынша шошып?

— Құбыжықтан нең артық?

— Жағыңа жылан жұмыртқаласын, Ақмарал!

Шал беттей алмай жүре береді, артынан бұрылып:

— Әй, қақбас, маған сен емес, Айша керек!— дейді.

— Бар-бар, Айша сенің не теңің!

— Жазанды құдай берсін!

Қазақбай горкомнің алдына келе бергенде, Айғайбаев пен Болатбек қарсы алдынан машинамен ызғытып өте шығады. Қазақбай соңынан басын шайқап қарап қалады. Енді бір сәт шал ентіге басып, горкомға кіреді, бірақ, Айшаны таба алмайды.

— Хатшы жолдас құрылысқа кетті!— дейді көмекшісі.

Шал енді автобуска мініп құрылысқа келеді. Бұл кешегі өзі істеп кеткен, құрылыс үйлері. Жоғары кранды басқарып отырған қыз Қазақбайды танып жұрттан бұрын қолын бұлғап айғай салады.

— Қазақбай ата!

Қазақбай да қол бұлғап сәлем жолдайды. Осы кезде

бір топ қыз жаңа салынып жатқан үйден ата-ата шығады. Шулап Қазақбайды қоршап алады. Бұлардың ішінде Қазақбайдың жақсы көретін шәкірттері: қазақ қызы Алма, татар қызы Әсима, орыс қызы Наташа, болгар қызы Иванна бар.

— Ата, сағынып қалдық.

— Хош келдіңіз!

— Жұмысқа келдіңіз бе?— Бастырмалатып, Қазақбайдың есін шығарады.

Қазақбай бір жұмадан бері тас қаламай, сағынып қалған ба, жеңін сыбанып: «Міне, осылай қала!»— деп бір бала жігітті баулиды. Алма күліп, бала жігітпен жарысқа түседі. Бригада мүшелері тамашалап бақылайды. Қайда, Алма маңына жолатпайды, озып шыға келеді. Тұрғандар қол шапалақтап Алманы дәріптейді.

Қазақбай Алманы бауырына қысады.

— Нағыз іскер, озық шәкіртім осы! Бұл — үй емес, өмірді қалап жүр! Арқаның жаңа өмірін құрушы осы!

Қазақбай сөзін аяқтай бергенде, «ЗИМ» машинасы кеп, бұлардың қасына тоқтай қалады. Айша түседі. Үстінде аспан түстес көк көйлек, аяғында биік жаңа туфли. Қаздандай басып, топқа жақын барады.

Қазақбай іштей: «Болатбектің әйелі осы Айшадай болса, шалдың арманы жоқ! Ей, Болатжан-ай, аусарсың-ау, осындай қыздың жанын түсінбей жүрген...» деп налиды ол.

— Иә, ата, сағынып қалғансыз ба, бір-ақ жұма өтті ғой...— дейді Айша күліп.

— Мына балалар кәрі бүркітті тыныш жатқыза ма?— деп Қазақбай әзілге әзіл қосады.

Шал мен Айша оңаша бөлініп, өзара кеңеседі.

— Мен, балам, сені іздеп шарқ ұрып жүрмін. Әлгі екі соққан обкомге арыз жазып, бүгін сонда кетті...— Бұлар сөзін аяқтамай, Алма қастарына жүгіріп келеді.

— Айша, атам маған риза... Мені ең жақсы шәкіртім деп мақтады!

— О бұдан артық бағаның саған керегі жоқ, сіңілім!..

Қазақбай таң қалады.

«Сіңілім?.. Бұл әлгі Талғатжанның иемденіп жүргені болмаса игі еді?.. «Шал тесіле қарап, ұнатқан тәрізді: «Талғатжанның көзі қырағы-ау, таңдай білген...»

Айша Қазақбаймен қоштасып, машинасына мініп, жүріп кетеді. Алма мен шал оңаша қалады.

- Сен, Алмажан, Айшаның бірге туған сіңлісің бе?
- Иә, ата! Сіз білмеуші ме едіңіз?
- Талғатжан айтқан еді. Алма деген сұлу қызым бар деп, қай Алма екенін білем бе?.. Сен оны білесің бе? Қыз қызарып кетеді.
- Кімді дейсіз?
- Талғатты, балам!
- Қай Талғат?— қыз қулана ізін бастырмалайды.
- Қай Талғаты несі?
- Мен бірнеше Талғатты білем.
- Бірнеше?
- Иә, бірнеше Талғат бар. Соның қайсы сіздікі екенін білмей тұрмын.

«Е, менің ұлым құрамай қапты де... Қой болып шықты де! Е, сеніп жүрген Талғат, сен болсаң... Есі жоқ шал келін түсіп тұр деп ұқты-ау?.. Балаларың шалағай, ебі жоқ болса осы, азабын тартасын да жүресің... Иә, Алманың жақсы әйел боларына дау жоқ. Үйді де таза ұстап, немерені де қаптатып жіберер еді!.. Сәтсіз қадам деген осы!»

...Иығы түскей Қазақбай, үйіне қайтады.

* * *

Осы бір кезде Болатбектің мойнына су кетіп, обком хатшысының кабинетінен келе жатады. Қасында Айғайбаев.

Айғайбаев қолын селтендетіп, айғай сап, тез-тез сөйлейді де, Болатбек қызарып, сүзеген бұқадай тұқырайып үнсіз тындайды.

— Мен саған айтқам жоқ па, басынды изей бер деп... Күрке тауық құсап, күжірейдің де отырдың! Түсінбейім, осы саған! Көзіңше Айшаға телефон соғады, ол бұлбұлдай сайрап бақайшағына дейін шағады, сен бедірейіп жұмған аузыңды ашпайсың!

— Не айтқанын естідің бе?

— Жоқ.

— Мен де естігем жоқ, не дейсің оған!

— Мәселе оның айтқанында емес, біздің айтқанымызда болып тұрған жоқ па!.. Жоқ, мен қол көтеріп, беріле алмаймын. Москваға дейін тағы бір саты бар. Бағымды сынап қарайым.

— Жаз!.. Мен де қол қоям!— дейді Болатбек.

— Жазбаймын. Демалыс алам да Алматыға өзім барам!

Соңғы сөздер басталғанда кіріп келген Айша бәрін естиді. Ол хатшының кабинетіне кіріп бара жатып:

— Жолдарын болсын... Бізден де сәлем!— дейді кетіп.

Болатбек пен Айғайбаев аң-таң, не дерін білмей, біріне бірі қарайды.

* * *

Енді осы Айшаны обком хатшысының алдында көреміз. Екеуі сыр шертісіп, шүйіркелесіп отырған адам сияқты. Айша қызара бөрткен.

— Сонда не деп айып тағады дейсіз?— деп Айша алғашқы сөзге қайта оралады.

— Хатшыға ұқсамайды-мыс.

— Несі?

— Жұрт көзінше ән салады, серуенге барады-мыс.

— Тағы да?

— Бір жігітті сүйіп еді, оны тастап екінші жігітті ертіп алды дегенді бықсытады.

— Кімді тастап кеткенін айтты ма?

— Осы сөзді айтқанда шех бастығы Қазақбаевқа қарап еді, ол тіл қатқан жоқ, басын тұқыртып отыра берді.

— Ол неге үндемеген?

— Үндемегені, тегі анау өгірікті судай сашырып отырған сияқты...

— Түсінікті. Сонда оларша, хатшы әйел қалайша өмір сүруі керек?

— Оларша — хатшы әйел өмірге ұя салмай жеке-дара қызмет істеп қана жүре берсе... сол жетеді-мыс.

* * *

Шал үйінің есігін зорға ашады. Талғат қарсы алып, шешіндіреді.

Болатбектің қаперінде жоқ, тағы да телевизордың алдында, өз суретін көріп мәз бол, күліп тұр.

Экранда Болатбек шойын күйып жатады. Ғажайып ерліктің кісі қызығатындай тамаша бір кеземі. Сол Болатбектің ісімен қатарласа диктордың да даусына естиміз:

«Мынау атақты шойын құюшы Болатбек Қазақбаев. Бұл заводта бірінші рет коммунистік еңбек цехының атағы үшін күрес бастады!»

— Ескі ерлігіңді көріп, өзіңе-өзің таңданып отырсың ба?— дейді Талғат мысқылдап.

— Не көрсетсе, соны қараймыз да!

— Ішің ашымай ма?

— Неменеге?

— Өткен ерлігіңе!.. Бүгінде сен өткен ерлігіңмен ғана күн көріп жүрсің ғой.

— Кеше мен бүгіннің маған айырмасы жоқ.

— Қой, достым, бар. Сенің бүгін істен гөрі сөзің көп.

— Қой, бала. Аттыға ерем деп таңдығың айрылып жүрмесін... іс тетігінің кілті менде!

— Сөз Айғайбаевтікі де, уәде Болатбектікі!— дейді Талғат.

— Шырағым, сен осы кім боп бара жатырсың?— дейді әкесі мұнайып.— Қараймын-қараймын кеп, бірақ, танымаймын. Сен бе, жоқ, басқа біреу ме?

Болатбек мырс-мырс күледі.

— Қартайған соң көзіңіздің нұры кеткен ғой.

— Қарағым, әке балаға сыншы. Әлде мен саған жақсы әке болмадым ба? Әйтпесе, тап осы сөзді мен үйреткен жоқ ем саған.

Болатбек иығын қиқандатып:

— Мұндай сөзді табуға өз ақылым да жетеді,— дейді ол мысқылдап.

— Өркөкірек менменшіл біздің тұқымда жоқ еді...

Болатбек тағы да мысқылдап:

— Нағашы жақтан ауысқан да!— дейді.

Әкесі аң-таң. Босағада сүйеніп тұрған кіші ұлына қарайды.

Талғат шыдай алмайды. Төніп қасына барады.

— Мына телевизорда тұрған сен емес. Сенің көлеңкең... Ендігі қалғаның сол көлеңкемен мақтану еді, мақтан!.. Сенде ұят, әдеп деген қалған жоқ!.. Не деп отырсың, папама?

— Қысқарт енді! Тарт тіліңді!— деп Болатбек те едірейіп ұшып тұрады.

Ашулы әке қайратына мініп, ақырып жібереді.

— Доғарындар! Талғат, былай тұр.

Қазақбай Болатбектің қасына барып, тақалып:

— Сен кімсің өзің?.. Дандайсыған бос қуыс күбі-ше-

лекі Аш көзінді! Мә, саған керек болса!— Жақтағ шапалақпен тартып жібереді.

Әкесінен мұндай мінезді күтпеген Болатбек, жағын ұстап, ақылы есіне түскендей, кейін шегініп, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Жайбала аң-таң, әуелі ағасына қарайды, одан Талғатқа бұрылады. Талғат әкесінен көзін алмай, тамашалай қарап тұр екен.

Бұл кезде Болатбек экранда жұртқа қарап басын изей береді.

* * *

Ақмарал мен Айша үйінде телевизор көріп отырады. Экран да жұрт алдында басын изеп тұрған Болатбек.

«Атақты шойын құюшы Болатбектің ерлігі жайында хабар тыңдаңыздар!» дейді диктор.

— Қалай мақтаса да, мен тірі тұрғанда олар бұл үйдің босағасын аттай алмайды!

— Неге, апа?.. Сіз осы сол үйдің ішін неге жек көресіз?

— Менің өзімнің себебім бар. Қазақбайдың бір ауыз сөзіне сенбейім. Тоңмойын, топас, еш нәрсеге икемі жоқ. Ол мені баяғыда қорлап кеткен.

— Қорлап?

— Өмір бақи есімнен кетпейді.

— Ұлдарының жазығы қанша?

— Доғар! Ол шалда жақсы ұл бар дегенге мен сенбеймін.

— Соншама не болды, апа?

— Онда ендеше менің телевизорымды тыңда!

Экранда баяғы «Қарақұлақ» ойыны Ақмаралдың көзімен беріледі.

... Ауылда жастар көңіл көтеріп, «Қарақұлақ» ойнайды. Сықырлауық әміркен етігі бар жігіт алқақотан тұрған жастардың ортасына кіреді де, Ақмаралдың қасына тұра қалады. Ол қыздың құлағына сыбырлап, әдемі сөздер айтады. Қыз қызарып, күле береді. Енді бір сәт — ол қасқыр қызды ұрлап, өзен жиегіне алып қашады. Жар астына келген соң барып, Ақмарал жігіт сырын бір-ақ түсінеді. Кетпек боп бұлқынады. Жігіт қатты қысып алған, жібермейді. Құшақтап сүйе бастайды. Екеуі алысады. Ақмарал айғай сап «Қазақбай!» деп шақыра-

ды. Қазақбай жетіп кеп, Ақмаралды жақтан бір салады. Жиналып қалған жастардың көзінше маскара болған қыз үйіне барып түні бойы жылайды.

— Жігітті ұрудың орнына Қазақбай мені ұрып, жұрт алдында маскара қылған. Сонсоң мен сықырлауық әміркен етігі бар жігітке тұрмысқа ықтиярсыз шықтым. Ол маған не көрсетпеді...

— Жоқ, жоқ, апа, олай емес. Мен білем...

Ақмарал атып тұрады.

— Түк те білмейсің. Оның атын естігім келмейді!

* * *

Талғат Мәдениет сарайының алдына кеп автоматтан Ақмаралдың үйіне телефон соғады.

Телефонның қасында тұрған Ақмарал бұрын ұмтылады.

— Әй, бұ кім?.. Алма?

Алманың аты аталған соң-ақ Ақмарал елең етіп, қабағын түйеді.

— Бұл кім өзі? Талғат? Е, сен болсаң, Алма жоқ!— деп телефонды тастай береді. Талғат дел-сал, қайтерін білмейді.

* * *

Жайбала мен Қазақбай стол басында отыр еді. Есік ашылып, әуелі Болатбектің аяғы кіреді. Үйдің ішіне бір рет көз тастайды. Жұмған аузын ашпайды. Қолына мылтық ап тысқа шыға жөнеледі.

Апасы соңынан жүгіреді.

— Болатжан, қайда барасың?

— Аралға барам.

— Тамақ ішпейсің бе?

— Құлқым сокпайды...

Соңғы сөзді жүріп бара жатып баспалдақта айтады да жүгіріп түсіп кетеді.

Орнынан көтерілмеген Қазақбай шай ішіп отыра береді. Жайбала асып-сасып қайта кіреді.

— Аралда не істейді екен?.. Мерген емес!..— дейді күбірлеп Жайбала, әлденеден сезіктенгендей. Бұл сөз шалға да үлкен әсер еткендей.— Айшамен татуластырса қайтеді осы, сол қыз ғана мұны жүгендемесе...— деп Жайбала Қазақбайға ой салғандай. Қазақбай шапанын асығыс киеді.

* * *

Талғат жүгіре басып Ақмарал үйінің алдына кеп, төргі терезеден сығалайды. Ештеңе көре алмайды. Мысық боп мияулайды... Жауап жоқ. Терезені тықылдатады.

Ваннадан жаңа ғана суға шомылып шыққан Алма, үстінде халат, шашы тарқатылған, терезені ашады. Талғатты көреді.

— Талғат!

— Алмашка, бері...— сыбырлап шақырады.

Алма қолымен аузын басып, аржағына жалтақтай қарайды да:

— Секір!— дейді. Жүгіріп барып екінші бөлмеге кіретін есіктің тиегін салады.

Талғат терезеден бір-ақ секіреді. Алманы құшағына қысып, екеуі дөңгелене билеп кетеді... Қыздың су-су шашын оның мойнына орап, қылғындырады. Қыз күлімдеп тұншығып, кушеткаға құлайды. Талғат мәз.

— Сен неменеге мәзсің?— дейді Алма.

— Болатбекпен ұстасып қалдым.

— Соған кісі мәз бола ма екен?

— О, мұнда үлкен мән бар. Әкей бірінші рет маған болысты. Енді мен бірінші үйленуіме де болады! Болатбекті тосып қайтем?

— Мен үйте алмаймын. Шешем рұқсат бермейді,— дейді күрсініп қыз.

— Айша не дейді?

— Менімше, Болатбекпен қосылып ән салатын Айша жоқ. Жеке де ән айтпайтын болды.

— Енді не істейміз?

— Екеуін татуластыру керек еді... Бірақ, сен өзің Болатбекпен араздасып қалған жоқсың ба?

— Е, ол уақа емес... Жол табамыз... Мен таптым да. Ол былай...

* * *

Қатардағы Алманың бөлмесінен шу естіледі. Ақмарал елен етіп құлағын тігеді. Бірдеме сезгендей. Ақмарал ұшып тұрып, Алма бөлмесінің есігін итереді. Жабық. Қағады.

— Алма, аш, жаның барында!

Үн жоқ.

* * *

Бұл кезде Талғат терезеден секіріп түсіп, тығыла қалады. Алма есіктің тиегін ағытады. Ақмарал долдана кіреді, қызына сұқтана көз тастап, терезеге жақын барып үніле бергенде, мысық қарғып көшеден үйге кіреді. Ақмарал шошып, кейін қарай шалқаяды.

— Құрғыр-ай, мынасы не еді, тағы!

Алманың шек-сілесі қатқанша күліп, кереуетіне құлайды.

* * *

Бұл көріністі көшенің екінші жақ қатарында, ашық терезеден көрген Талғат мәз болады, үйіне қарай аяндайды. Көңілді де сергек. Бақытты жастық Талғат жүрегіне шаттық нұрын төгіп, ән салдырады.

— Жарқыраған өмірімнің жұлдызы,
Қолым созам... Саған қарап... қуанам!
Жымындайсың, кім біледі... Шын сүйсең,
Саған ғана, сен деп қана табынам...

Ақмарал үйіне қарсы үйдің алдында тығылып тұрған Қазақбай да бәрін көрген сияқты. Балалардың Ақмаралды алдап кеткеніне мәз.

«Пай-пай, мына қыздың айласы қырық есекке жүк екен. Дауа жоқ. Талғатты білмеген кісі сияқты емеурін білдіріп, өзі... жасырын кездесіп жүргенін қарашы! Мүмкін, ұялған да болар. Қазақбай қайын атасы емес пе? Бәсе, солай. Әй, Қазақбай-ай, диуанасың ғой...»

Ақырын басып терезенің алдына келеді. «Айшаны қалай оңаша шақырып алады?» Терезеден сығалайды: «Талғат қалай шақырып алды екен?.. Қазақбай жас кезінде мысық боп мияулап, бұқа боп өкіріп, үйге сүйкенуші еді... Жоқ, қазір бұл тәсілдер жарамай қалды... Құс болса ше?» Әтеш боп шақырады. Терезе ашылып, Ақмарал басын сұғады. Қазақбай тығыла қалады. Терезе қатты жабылады. Қазақбай енді Айшаның терезесін тауып ап, үш рет қағады. Айша басын сұғады. Қазақбай саусығын шошайтып шақырып алады.

Енді екеуінің бақшада отырғанын көреміз.

— Мылтық алып кетті дейсіз бе?— Айша қайталап үрейлене сұрайды.

— Иә, алды да аралға кетті.

— Енді қайттік?

— Қайткені несі?.. Оны сен ғана сақтап қаласың! Бүгін жексембі, уақытың бар...

Айшаның құлағына обком хатшысының даусы келеді: «Достың шын берілген жүрегі ғана жөнге салады».

* * *

Енді біз экранда аралда мұңайып ән салып келе жатқан Болатбекті көреміз. Иығында қос ауыз мылтық, өңі жүдеу... Әне ағаш түбіне отыра қап, ұшып бара жатқан бір топ үйректі көздейді...

«Е, өмірде де осындай мерген болсайшы!.. Сенің үйрегің оқ жетпес аспанда!.. Қимылда!.. Шабандай берсен ұтыласың!..» дейді іштей бір кекесін дауыс.

* * *

Болатбек үйректі жерден көтере бергенде, ол Айшаға айналып кетеді.

Қыз өз бөлмесінде толқып, қиналып отырады.

«Көл жиегі толған көз. Айшаны бәрі таниды. Не демек?.. Горком комсомолдың хатшысы жеңілтек пе, қалай, жас жігіттермен қайық теуіп, мәз-мәйрам... Іс қайда? Қала қайда демей ме?.. Әнеу күні Айғайбаев не деді обкомда?.. Бармаса ше? Болатбек жазым боп қалса... Жоқ-жоқ!

Ол әр көйлекті бір киіп тастап, таңдай алмайды. Бірі үстіне қонбайды. Есіктен кіріп:

— Жүр-жүр!— деген Алманың сөзі оның қытығына тигендей.

— Бармайым, жүре бер!— деп жыламсырап отыра кетеді. Алма мойнынан құшақтап жалынады.

— Неге бармайсың?

— Бармайым... Бүкіл қала таниды. Не дейді мені көргенде?

Алма сақ-сақ күледі.

— Ой-бай-ау, горком хатшысы жұртпен қатар өмір бақшасын серуендеп араламай, тек өмірдің шарбағынан ғана сығалауы керек пе екен?... Қалай ұғасың өзің?

Айша үндемейді.

— Сен осы биыл аралда болдың ба? Ай-ай, қандай тамаша! Бармасаң кейін өзің өкінесің!

* * *

Енді екі қыз көл жиегіне кеп, тосып тұрған Талғаттың жел қайығына мініп Аралға қарай тартады. Үшеуі қосылып манағы Талғаттың әнін айтады.

* * *

Күн бүгін ашық. Бірақ самал жел шашты дударлап, құлақ түбінен зу-зу етеді.

Көл ортасында қалқып бара жатқан иесіз қайықты Айша басқалардан бұрын көреді.

— Иесіз, бұл не қылған қайық?— дейді Айша қолымен нұсқап.

— Бос!.. Қәне?— Алма үрейлене қарайды.

Кімнің қайығы екенін сезген Талғат жапақтап Алмаға қарай береді.

— Масқара-ай, әлгі суға кетіп жүрмесе игі еді?— дейді Алма.

— О кім ол?— Айша Алманың бетіне үңіледі. Алма Талғатқа қарайды, ол «айтпа?» дегендей ым жасайды.

— Біреу де!— дейді Алма атын атамай.

Айша ештеңе түсінбейді, бірақ осы қайықта бір сыр бар екенін ол сезгендей... Жел қайық судың бетін иректеп, арал жиегіне жақын келгенде, қамыс арасынан Болатбектің басы қылтияды. Талғат ағасын жұрттан бұрын байқап қап: «Көрінбе, тығыл!» дегендей ым қағды. Ол ымды Айша сезіп қап: «Мынау кімге ымдап тұр?» дегендей арал жаққа көз тігеді — ешкім көрінбейді.

* * *

Бұл үшеуі арал жиегіне шығып, әрі ішіне қарай ене бергенде, Болатбек кез келеді. Ол — бұларға қарайды. Бұлар оған қарайды.

* * *

Талғат пен Алма ол екеуін жеке қалдырып, арал ішін аралап кетеді.

Болатбек пен Айша арал жиегін аралап келе жатады. Қала жақтан жүрек тербететін музыка естіліп тұрады.

— Келдің бе?— дейді Болатбек күлімсіреп.

— Саған келді деп отырсың ба?

— Құс атуға келген боларсың?

— Жок, мерген қалай атады екен, соны көргім келеді.

— Горкомның нұсқауынсыз ата алмайды деп ұқтың ба?

— Сен бүлдірдің, соны өзің білесің бе?— дейді Айша.

— Іс насырға шабатындай ештеңе сезе алмадым-ау...

Тегі Айшаның сөзі етінен өтіп, сүйегіне жеткен тәрізді. Болатбек тарылып қалады.

— Ә, таба алмадың ба?— Айша таңданғандай.— Олай болса басайын бетіңе: мақтаншақ, өркөкірек, дандайсу, асып-тасу сияқты «қасиеттер» сенің басыңа үймелегенін сезінесің бе?

Болатбек қызарандап, еріксіз ыржияды.

— Тым көп екен... Маған сол «қасиеттің» біреуін ғана қалдырсаң деймін...

— Біреуі ғана жетсе, таңдағаныңды ал!.. Бірақ, осы «қасиетінді» жоймасаң... екеуміздің арамызда татулық жок.

Көз қиығымен Болатбекке қарап қояды, ол басын кекейтіп, өз буына өзі пісіп келе жатады. «Орман ішіне өзі тіленіп келген қыз... Неден тайынады дейтін боларсың Болатбек? Байқа, теріс баспа!» деген әкесінің даусын естиді Болатбек.

Өзін-өзі көтеріп, дәріптеп ұстайтын Болатбек аяғының астына қарай ма, дәл көз алдындағы қазылған орды көрмейді. Айша бұрын көріп қап, енді ұстамақ боп, ұмтыла бергенде, Болатбек күмп беріп, терең орға түсіп кетеді.

«Ай-ай! Айттым ғой, байқа, орға түсесің деп... Қызбен келе жатқан жігіт көз алдына қарамай ма? Ой, қоқай-ай!..»— дейді тағы да әкесінің даусы. Айша әуелі шошып, көзі бақырайып, кейін шегінеді. Артынан ор ішінде түрегеп тұрған Болатбекті көріп шек-сілесі қата күледі. Ұяты бетіне шиедей басылған Болатбек томсырайып, жапақтап, жан-жағына қарайды. Дағдарысқа ұшырағанын сезгендей.

— Сен аспанда қалықтаған бүркітсің ғой, біз сияқты аяқ астына қарайсың ба?

— Табалағаның ба?..— дейді Болатбек күбірлеп.

— Неге табаламайын?.. Сеніңше бұл — артық қасиет, меніңше бұл — кемшілік.

Тағы да мазақтай күледі. Жігіт енді сөзден жеңілді ме, үндемейді: «Бұл қыздың тілі ұстарадай өткір, жеңу оңай болмас!»

— Жарайды, қолыңды соз!— дейді Болатбек татуласпақ боп аздан соң.

— Менің қолымды қайтесің?— дейді Айша түсінбеген болып.

— Тарт мені!

— Жоқ, жігітім, өзің шық!.. Мен байқап қарайын қалай шығар екенсің!

Қыз отыра қап, Болатбекке қадалады.

— Ә, көмектескің келмей ме?.. Онда өзім бірдеме ғып...

Жұлқынып, секіріп көреді, бірақ одан ештеме шықпайды, терлеп-тепшіп қояды.

Қыз орнынан тұрады да кете барады. Болатбек қайда кетіп бара жатқанын сезген сықылды. «Асқақтаған Болатбек, сені біржола мазақтап, қорлады-ау... Тезірек, жалын, әйтпесе, бүкіл қала естіп қап, ағаш аттың басына мінгізеді...» дейді әкесінің даусы кадр сыртынан.

— Айша!— Болатбек айғай сап шақырады.— Айша!

Енді Болатбек Айшаның ән салған даусын естиді. Масқара-ай, мазақтап тұр.

Несіне сен жігіт дейсің мадақтап,
Қысылғанда жол таппаған жігітті!
Алдындағы орды көрмей алақтап,
Түсіп кеткен, шіркін о да жігіт пе?

— Әлгі есуас Талғат қайда жүр?— Болатбек айғай салады.— Талғат! Уай, Талғат!— Оның даусы бүкіл орман ішін жаңғыртады. Сол бір сәт орман ішінен жүгіріп Талғат пен Алма да шығады.

Айша оларды көріп: «Келме!» дегендей ым қағады. Олар түсініп қайта жоқ болады.

— Әлгілер көрінбей ме?.. Неғып қайтып кетті екен. ә?— дейді Болатбек.

— Тегі, олар бізді тастап кеткен сияқты. Орман ішінен сыбдыр естіледі. Қасқыр болмаса игі еді?

— Қасқыр?.. Аралда қасқыр жүре ме! Мен тәрізді екі аяқты қасқыр болмаса...

— Болатбек, мен қорқам... күн кешкіре бастайды. Қайыққа жетіп қалайын.

— Қетпексің бе?

— Ең жақсысы — мен саған Айғайбаев досынды жіберейін, сол құтқарар.

Болатбек күйіп-пісіп шамданады, бірақ, қолынан келер дәрмен жоқ.

— Тарт қолымнан, Айша!

— Сен үшін орға жығыларым жоқ.

— Екеуміз отырсақ, көңілді болады.

— Сен көңілді тұрасың, білем!..

Болатбек белбеуін шешіп, Айшаға береді. Айша белбеуін лақтырып жібереді.

— Өмірде саған бәрі де оп-оңай сияқты. Жоқ, достым. Бұл белбеумен екеуміз де орға түсеміз...

— Енді не істейміз?

— Білмейім. Ойлап тап! Сен еркек емессің бе?

— Белбеуді ағашқа байла да, өзің белбеуден ұстап, қолыңды маған соз!

— Белбеу жетпейді.

— Шұлығыңды шеш те, белбеуге жалға!

— Орға құлайтыныңды білгенде шұлық киіп шығушы едім... Қап...

— Енді қайтеміз?

— Шынында қалаға барып, Айғайбаевты шақыруға тура келеді.

— Тәңірдей табынайын, айтқаныңды бұлжытпайын, тек ешкімге айта көрме!

Айша сақылдап, масайрап күледі.

— Ой-ой, тақаппар жігіттерді осылай үйретсе... Жарайды... Мен сені құтқарайын... Есінде болсын: жеңген мен!

Айша талдан арқан еседі де, бір ұшын ағашқа байлап, бір ұшын Болатбекке тастайды.

— Ал, енді шық!

Болатбек атып шығады.

«Ал, шешен қыз, ендігі кезек менікі. Өшімді сенен алмасам ба?» — іштей кіжінеді де, «Ой-бай-ай, белім-ай!» деп белін ұстап отыра қалады.

Айша оған сеніп, тұра ұмтылады.

— Не болды саған, Болатбек? Белінді мерткітіріп алғаннан саусың ба?

— Тегі солай сияқты. Белім шығып кеткен бе, жа-

нымды көзіме көрсетіп әкетіп барады.— Болатбек үнлеп, домалап жатып алады.

— Қай жерің?.. Белім дейсің бе?.. Шатақ іс енді болды!

Енді екеуі біріне-бірі қарсы қарап үнсіз отыр, не істерін білмей, дағдарған сияқты.

— Қайыққа қалай жетем?

— Білмеймін, Қиын болды.

— Сен мені тастап кет...

— Жоқ! Жоқ!

Қыз орнынан қарғып тұрады.

— Кел, менің нығыма асыл!— Қолтығынан демеп тұрғызады. Болатбек бар салмағын қызға сап, асылып аяғын әрен басады. Қызға өте ауыр, қиналып зорға сүйрейді.

— Сол аяғым көтертпейді. Тегі мен жүре алатын емеспін.

— Бір-екі-үш, бас ептеп!

Екеуі қалт-құлт етіп келе жатады. Қыз қызарған, терлеп-тепшіген, зорға келеді. Болатбек өшін алып — көңілі жай тапқан тәрізді. Қыз денесі денесіне тиіп, жанын күйдіре бастады ма, көз қиығымен қызға телміре қарайды. Шыққан белді ұмытып, шап беріп, қысып сүйеге дайын. Орман ішінен Талғат пен Алма жүгіріп шығады.

— Не болды сендерге?— деп Алма айғай сап жүгіріп келеді.

— Ағатай-ау, бұл не қасірет!— деп Талғат та мазақтай бастады.

Айша демі құрып, шаршап отыра кетеді.

— Жығылып қап... енді мынау жүруге жарамай қалғаным!— деп Болатбек үнлейді де көзімен Айшаны нұсқап, ымдайды: «Мен оны алдадым» дегендей.

Алма мен Талғат түсіне қап, Болатбекті жерге жығып салады. Домалатып, әр жерін бір ұстап, әурелейді.

— Шеш шалбарыңды!— дейді Талғат айғайлап. Айша теріс айналады. Алма масайрап күледі.

— Өй, Талғат, сен не істейін деп жатырсың?

Болатбек итермелеп:

— Кет, әрі!— дейді.

— Шеш, шалбарыңды, мен зерттеп көрейін!— Шал-

барын шешеді, Болатбек тулап, айғайлап, аяғын бауырына қысып иіріліп жатып алады.

Талғат белін басып, салмақты пішінде ойланып, қортынды жасайды.

— Белің шыққан жоқ, аман!.. Жай, әншейін нервін ғана ауырған.

— Нервің...— Болатбек Талғаттың даусына сап, мазақ қылады.— Жүре алмай жатсам, не дейді жасанды тәуіп!

— Мұндай сырқатты тез емдеуге болады!

— Қалай?— дейді Алма.

— Емдеу Айшаның ғана қолынан келеді!

— Мен бе?

— Иә. Үш рет: «Мен сүйем!» десең жазылады да кетеді. Атып тұрады!

Айша Болатбектің қулығына енді ғана түсінгендей. Балаша алданып, күлкіге ұшырағанын сездірмей бағады.

— Мен дайын!— дейді Айша.

— «Қымбатты Болатжан, мен сүйем! Сүйем! Сүйем!» — деп үш рет қайталайсың!

— Жарайды, «қымбатты» демей-ақ қояйын.

— О да болсын.

Айша үш рет қайталап айтады. Болатбек күлімсіреп атып тұрады. Бәрі ду күледі. Тек Айша ғана күлмейді.

— Бөпе жаңа ғана жүре бастағанда: «Тәй-тәй!» деп қолынан жетектеп үйрететін еді, жерді жаңа басып үйреніп келе жатқан Болатбекке, бұ да «тәй-тәй» болсын!..

Болатбек жеңілгенін сезіп, қызарып, сасқаннан:

— Сен мені арқалаған жоқсың ба?— дейді ол.

— Баланы да арқалайды. Сенің баладан нең артық? Тағы да ду күлкі. Бұл жолы Болатбек күлмейді.

— Сен Болатбек, жеңілдім деп Айшаның қолын ал, жабулы қазан жабулы қалсын! Әйтпесе, бүкіл қала біледі, күлкіге ұшырайсың!

Болатбектің еңсесі түсіп, қайтерін білмей тұрып қалады.

* * *

Енді біз көл жиегінде балаларын асыға күтіп тұрған Қазақбайды көреміз.

Қазақбай қолын қалқалап аралға тесіле қарайды. Осы бір сәт әзілді бір музыка Қазақбайды мысқылдай

күліп, шалдың ойымен қатар жарысып, жанын түртпектеп, мазасын алады.

«Егер сен жас болсаң... Болатбектің орнында өзің болсаң, Айшамен аралда жеке қалсаң, не істер едің? (Қазақбай өзін-өзі мысқылдап күледі.) Баяғыда осы Болатбектей кезінде Ақмаралға не істедің? Білесің бе?» Шалдың дауысы кенет тоқтайды. Жиектен түсіп келе жатқан Ақмаралды көреді. О да қыздарын тосып, арал жаққа көзін тігеді.

«Қайда жүрсе Ақмарал!.. Пәле болды... Тағы да балалардың арасына түсіп, бүлдірмесе игі еді?»

Қазақбай көзін сығырайтып, сәл ойланады. Ақмаралдан құтылудың айла-тәсілін іздейді. Жан-жағына қарайды. Көл жиегіне жағалай тұрған лапкелерді көзі шалады. Бірінде сыра, бірінде ойыншық, енді бірінде гүл сатып жатады... Қазақбай аралап шығады да, лапкеден бір шоқ гүл сатып алады. Ақмаралға қарсы жүреді. Білдірмей Ақмаралдың арт жағынан кеп, тамағын кенейді.

— Көкек, тағы сен бе едің?

Қазақпай ыржиып, үнсіз гүлін ұсынады.

— Иә, Ақмаралжан, сен менің құдай қосқан құдағиымсың ғой!.. Жас кезімде гүл бере алмадым... Әрине бұдан отыз жыл бұрын істеу керек еді.— Ақмарал бақырайып, кейін қарай шегінеді.

— Құдай сені менің соңыма салып қойды ғой. Сенің гүлің алдақашан семген!— Ақмарал алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Қазақбай аң-таң орнында тұрып қалады. Қолындағы гүлі түсіп кетеді. «Міне, өмір бойы осы, түсінбейді Қазақбайды! Түсінбейді».

Әдетінше көтеріңкі дауыспен өктемдеп сөйлейді.

Шал ренжіп тұрғанда тайтандай басқан Айғайбаев пайда болады. Әдетінше көтеріңкі дауыспен өктемдеп сөйлейді.

— А, сәлем, ақсақал!.. Мұнда неғып тұрсыз?— Гүлді көріп қап:— Гүл? Бұл не қылған гүл? Гүл өмірдің сәні ғой!

— Иә, мені бір жас қыз арбап, торына түсірмекші боп... Әрине, ұлым, біздің заманда әртүрлі азғырушылар бар екен. Бұрын жігіт азғырса, енді қыз азғыратын болған. Жалғыз қыз емес, еркекті еркек азғыратын көрінеді. Айғайбаев әуелі қарқ-қарқ күледі.

— Еркек еркекті дейсіз бе?

— Мысалы мына сен сияқтылары... Менің Болатбе-

гім тәрізді бұғанасы қатпаған жастарды азғырып, басқа бір жолға салса керек-ті... Әкесі бері тартса, ол әрі тартады...

Айғайбаев енді түсінген сияқты.

— Әке, сіз теріс ұғып тұрсыз?

— Жок, мен шындықты айыра білем. Өз жөніңе жүре бер! Менің ұлым саған ермейді. Оның беті басқа!

— Мен еркектің намысын қорғап жүрсем...

— Шалдар балаға дүре соқпай ма? Сол сияқты өмірдің өзі де сенсіз-ақ дүре соқты!

— Оның атағын шығарған мен. Менсіз ол бір қадам баса алмайды.

— Сенің осы адал сөзің үшін сыйға мына гүлді тартам! Тайып тұр, шырағым!

— Маған оның жұмыс істейтін қолы керек. Гүлді қайтейін?

— Қол керек болса, өзің істе! Оның қолына сүйенетін жалғыз сен емес, әне, көр, кім сүйеніп келе жатқанын!— дейді Қазақбай қолымен көрсетіп.

* * *

Жастар қайықтан секіріп жерге түседі. Болатбек Айшаға қолын береді, бірақ оны секіртпей, Болатбек көтеріп ап, қабаққа алып түседі. Алма мен Талғат оларға қарап, күлімсіреп көздерін қысады.

Айғайбаев таңданғаннан қолындағы гүлін түсіріп алады. Өз бетімен кетіп қалады. Болатбек он қадам жүрмейді, жерде жатқан бір шоқ гүлді көріп, көтеріп ап, ніскейді де Айшаға қарайды: «Берсем бе, жоқ па» дегендей.

Анадай ағаш түбінде оның бәрін көріп тұрған Қазақбай, шыға кеп бұлардың тобына қосылады.

— Тайды жектің бе?— дейді Қазақбай Айшаға.

— Жектім. Жетекте жүріп үйреніп келеді.

— Байқа, тізгінінді қатты ұста, осы қалпында жетекте, қалып қоймасын!

— Неге? Маған арғымақ керек қой!

* * *

Кеш. Қаланың электр шамдары аспандағы жұлдыздай жымындайды. Қаланың әдемі сәулеті су түбінде діріл қағады. Қиялмен жарысқан керемет әсем көрініс.

Домна. Екінші домнаның құрылысы. Бәрі де осы бір сәтті қызықтай қарайды. Аздан соң шал жиекке малдас құрып отырады да, жастарды қасына шақырады.

— Аңадағы жазушы айтқан ертегі естерінде ме, балалар? «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген осы. Сендер мені алпысқа келді, пенсияға шықты, енді керегі де жоқ, шалдың сөзін қайтеміз тыңдай беріп дейтін боларсыңдар... Әкесі баласын теріске үйретпейді... Ал, мен сендерге екі гауһарды тауып бердім!.. Қадірлеп, сақтай біліңдер! Бір сауысқан ұрлап кетпесін!..

Қазақбай екеуінің де маңдайынан сүйеді.

— Болатбек, бұл қалай өзі?— дейді Талғат.— Менің қалыңдығымды менен бұрын әкем сүйді-ау!

— Бұл саған сабақ, балам! Мұның мәнісіне мен енді түсіндім. Өмір маған көп нәрсені үйретті. Жасы кіші болса да, ақылына қарай үлкенге жол береді екен. Бақыр басты ұлдан алтын басты қыз артық болады екен. Оған да түсіндім. Енді менің немерелерім болатынына көзім жетті!

Алыстан Ақмарал келе жатады.

— Барындар, балалар, жолдарың болсын!— дейді Қазақбай.— Әйелден гөрі еркекті көндіру оңай екен. Мына келе жатқанды көндіру маған қиынға түседі-ау, тегі. Комедия бітіп, енді драма басталады.

Қазақбай күлімсіреп, Ақмаралға қарсы жүреді.

АҚЫННЫҢ АШУЫ

(Әңгіме)

Ақын Әсіл әдеттегідей көңілді оянды. Жаңа газеттерді қарады. Сол-ақ екен, кенет Әсілдің өңі бұзылып, жүрегі тітіреп кетті. Тіпті ол тісін қайрап, жұдырығын түйді. Неғылған арсыз, ой, азғын, ой, қарабет» деп ішінен тынып, тістеніп отыр. Ақынның таза жанын, адал жүрегің тебіренткен мына бір газеттегі фельетон еді. «Сылқым жігіт яки сауысқан жүрісті, сақалды бозбала...» Қандай масқара десеңші. Аудандағы бір қызметкер. Сөз жетер, бедел өтер жақындарын араға салып, бір қызға үйленіпті. Бірақ, үйленіпті де артынан көп ұзамай айырылысыпты. Ол—ол ма, әлгі жігіт: «Ғашықпын, сенсіз маған өмір жоқ» деп тағы бір қызды торына түсіріпті. Бірақ көп ұзамай жігіт оны да алдап кетіпті. Кезекті бір қызға тағы «ғашық» болыпты. Мұны да үйреншікті амалдармен, жолдас-жораларын жеңгетайларын жұмсап қақпанына түсіреді. Бұл қыздың жүрегі де нәзік екен, қосыла қалыпты. Бірақ барқадақ таба алмапты. Отырса басқа, тұрса аяққа ұрыпты. Тіпті бір күні бас салып буындырып жатқанда көршілері көріп арашалап алыпты. Ақын осы жерлерін оқығанда орнынан ұшып тұрды. «Соттау керек сұмырайды. Жылама, қарындас», деп арлы-берлі жүріп кетті. Алайда сылқым жігіт те, одан жапа шеккен келіншек те алыста еді... Ақын жаны қалай шыдасын, ақын жүрегі қалай ерімесін, ол жай ақын ба, әйел қауымының нәзік сезімін, тәтті қиялын терең сырларын, үміт арманын жиырма бес жыл жырлаған ақын.

От айналған көбелектей тәуір қыздың маңынан шыға алмай шырғалып жүріп ұзақ түн жаңбыр астында қалып, інінен шыққан тышқандай сүмірейіп тұрған талай

жігіттерді де түйреген ақын. ... Әйел бір кезде бақытсыз болды, әйелді қорғайық, әйелді құрметтейік деген ақын расында да әйел теңдігі жөнінде көп еңбек сіңірді. Опасыз ер, тұрлаусыз махаббат, қалыңмалдың лаңы, әйелді қорлау, қызды жаппай күйеуге беру тағы-тағы тақырыпқа жазған сан алуан өлеңі бұған дәлел. Әйел теңдігі, адал махаббат туралы тарихта азды-көпті орным бар деген ақын, онысы рас та болатын.

Арада бір екі күн өтті. Ақын Әсілдің «Келіншек» атты лирикалық өлеңі де дүниеге келді. Ақын өлеңін:

Бейне камқор аяндай
Жырларымды қабыл ал!—

деп аяқтады. Өлең жақсы шықты. Көздеген нысанара дөп тиді. Ақын Әсіл: «Ә, бәлем, сылқам жігіт, оқы мынаны. Бір сен емес, сен сияқты тұрлаусыздарды бір сілейттім», деп мақтанды. Ол лепірген көңілмен домбырасын алып, «Жеңеше» әнін тартып, оған қоңыр даусын қосып жіберді. Сол сәтте есік тық-тық етті. «Рұқсат» дегенше үсті басы алқам-салқам болып, балалар үйінде бірге өскен ескі досы Дайыр келіп кірді. Ақ жағасы күйе-күйе қоңыр костюміне сорпа төгілген, жылқы етінің исі шығады. Бетіне қарап еді, танауы екеу, көзі біреу-ақ болып көрінеді. Ісіп-кеуіп, күптей болып тұр. Әсіл шошып кетті. «Не болды, кеше ғана аман едің ғой» деді даусы дірілдеп. Жан ашыр достың мына халі шынында да аянышты еді.

— Жүр тезірек, біздің үйге жүр...

— Апырай, үйіне бір қағылған-соғылғандар келіп ұрып кеткен екен-ғой. Кім де болса айқасармын. Алармын өшінді,— деп Әсіл ере шықты. Ақын майданда болған күндерін еске алып, ер офицер атанған кездерін көз алдына елестетіп, жаумен айқасуға әзірленіп келеді. Сені өзіндей еркек сабады ғой.. Мына жақында әйелді сабаған еркекті естідім. Әйел жаны нәзік, әйел әлсіз, әйелді құрметтейік, әйел кінәсіз деген ойда келе жатқан ақын Дайырдың үйіне қалай кіргенін де білмей қалды.

Дайырдың келіншегі Жәмішті де танитын еді ақын. Орта бойлы, етженді, шымыр Жәміш ақынға пысқырып та қараған жоқ. Дайырдың жағасынан қылқындырып ұстады да:

— Немене, топ жинап әкелдің бе!— деп сілкіп-сілкіп итеріп қалғанда, екі аяғы көктен келіп Дайыр төр алды-

на барып тырапай асты. Жәміштен де, жалпы әйелден де мұндайды күтпеген ақын аңырып аз тұрып, бұларын не деп арашаламақ болып еді, Жәміш атып тұрып:

— Саған не керек, жетер әйелді қорлағандарың!— деп итеріп қалып есікті ашты да, ақынды бір теуіп еді, коридорға барып жер сүзді. Амандығына қуанған ақын, тәлтіректеп көшеге әрең шықты.

Осының бәрі бір-ақ минут, тіпті қас қаққандай уақыт ішінде болып өтті. Тура желкеден бөксеге шейін мұндай соққыны бұдан отыз бес жыл бұрын баяғы жетім кезінде бірлі-жарым көргені бар-ды, бірақ онысы ескі ауылдың тозаңы сияқты бірдене еді. Денесі едәуір зеңгіп қалған сезімтал ақын аңт-аң қалды, бұлқан-талқан ыза да болды. Өзі теңдес жігіттердің бірі болса оқа емес еді, қатыннан таяқ жегені өзіне қатты батты.

Жолдасы Дайырдың халі тіпті мүшкіл еді. Оның денесіне жарақат түскен, одан әрі ұра берсе, ол жазым болуы мүмкін. Оны мына қатынның қорлығынан қорғап құтқарып алуым керек. Осыған орай ақынның ұзақ жылғы әйел қауымы туралы бекіген тиянақты ойларының іргесі сәгіле берді. Барлық бәле, қиянат еркектерден. Қарындастар, келіншектер, әйелдер қамқорсыз, кінәсіз деп келген сенімдері ойран болғандай, баяғыдан бері не көріп келгенін.

Жәміш жоғары дәрежелі, білімді, жауапты қызметкер болатын. Ызалы ақын осы қатын қызмет істейтін кеңсеге тартты. Ақын поэзия дүниесіндегі пікір таластарында ойға алғыр табанды да, беделді еді. Ал мына қатын туралы мәселені қабырғасынан қоюға батыл бел байлады. Келе жатып ол тұра қалды, мәселені қалай көтермекші. Мені сабады деудің өзі намысқа тимей ме. Ер жігіттің бойына үлкен мін, ертең жолдастары естісе не дейді. Күлкі қылмай ма. Жоқ, өзім жайын қоя тұрам. Дайырды сабап қорлағаны да ол қатынды бұлтартпайды.

Ақын Жәміш істейтін кеңсенің басты қызметкеріне келіп, Дайырдың көрген жәбірін қатты бір ашулы сезіммен сөйлеп кетті. «Мұндай қатындарды ауыздықтау керек» деген ұсынысын айтуға дейін барды. Басты қызметкер ақын сөзін сабырмен тыңдап болды да:

— М... м... ым... жәбірленген жігіттің өзі неге келмеді. Вообщем, күйеуін қатын сабады деген білмеймін, болмашы бір лақап емес пе,— деп

басын шайқады. Айтып отырғанын жалған деген ниет білдірді. Ақын осы жерде өзінің ұтылғандығын да толық аңғарды. Жәбірленуші өзі келіп айтпауы, қатыны күйеуін ұрды деген сөздері — бәрі ақынның өзіне қарсы болып тиді.

Ақын бір сәтсіздіктен, бір сәтсіздікке ұшырап, оны байсалды ақыл емес ашулы ойлар билегендей, енді ол әйел қауымына деген жылы сезімдеріне де шек қойғандай, «Келіншек» лирикасын газетке бермеді.

Әйелі Гүлсім ақындардың бала сияқты тез ашуланып, тез қуанғыш дыз етпе мінезіне әбден қанық болатын. Ерінің мынандай тұрпайылығына танданды да, «Әй, жын сияқты ақындардың қылығы қызық-ау», — деп іштей күлді де койды, себебін сұрамады да. Ақынды қатты ызаландырған нәрсе жолдасы Дайырдың бірнеше күннен бері келмегені.

Бір күні ақынды райком шақырды. Дайыр мәселені менсіз-ақ көтерген екен деп Әсіл көңілді бара жатты. Райкомда әйелдер бөлімінің меңгерушісінің алдында отырған Дайырды көріп ақын жас баладай қуанып кетті.

— Мәселені райкомға әкеліп қоюың жігіттік. Сенен мен тек осыны ғана күтіп едім, — деді.

Бірақ, Дайыр не ризалық, не реніш кескінін байқатқан жоқ. Бір нәрседен ұялғандай кібіртіктеп төмен қарай берді.

Толық денелі, егде тартқан әйел бұларды салқын қабылдады. Алдындағы қағазға қарап қойып, бірден шақыртқан мәселеге көшті.

— Әйелге деген феодалдық көзқараспен аяусыз күресуіміз керек. Күресіп келеміз. Саяси саналылығы төмен мына Дайыр жолдас та әйелге ескіше қараудың қалдығы болуы мүмкін десем, ал ондай мінез белгілі ақынымыз Әсіл жолдасың бойынан табылғанына қынжылуға тура келеді. Мынау сіздің жұбайыңыз Жәміштің арызы, Дайыр жолдас. Әйеліңізге күн көрсетпей, боқтап, тілдеп қол жұмсайды екенсіз. Ал, сіз, Әсіл жолдас, досыңызды теріс мінезден тыюдың орнына, оның бұзақылығына көмектесіп Жәмішке күш көрсетіп, қорқытады екенсіз, бұл не масқаралық.

Бастық әйел мұнан да ауыр сөздер айтып, бұл фактыны аяқсыз қалдырмайтынын айтты. Мәссаған безгелдек, нағыз күтпеген соққы енді келіп шықты. Төбеден

түскен жайдай, Әсіл болған жайды айтып ақталмақ болып оқталды да, «әуелі жәбірленуші өзі айтсын» дегендей Дайырға көз тастап еді, ол мойнын сұлық ұстап төмен қараған күйі:

«Менің түк жазығым жоқ дегеннен» басқаны айтпады. Ақын шыдай алмады.

— Ойбай-ау, бет-аузыңды ісіріп сабаған жоқ па. Менің көзімше желкелеп ұрды ғой, — деді.

— Бекер, мені, желкелеп ұрған ешкім жоқ деп, — Дайыр ақынға ежірейе қарады. Ол көзқараста өзіңді де желкелеп, артынан тепкілеп шығарған еді, сонынды неге айтпайсың деген қарсы сұрау байқалды. Өзінің де, жолдасының да ұсталған осал жерлерін енді ғана айқын көрді, маңдайға тоқпақпен ұрғылағандай тұрды да қалды.

— Сөйтіп, сен ғой ана қатыныңның айуандығын еш жерге айтпадың.

— Не бетіммен айтамын, қатыным сабады дегенге кім нанады. Солай деуімнің өзі маған абырой бере ме. Мысалы, мына өзін де неттің ғой.

Ақын жә, болды жетті дегендей қолды бір-ақ сілтеді. Енді ол өз ойымен өзі болып, баяу басып жүріп келеді. Қасындағы Дайырды мүлде ұмытқандай, адам екен деп елеген де жоқ. Мөлдір тұнық судай, кіршіксіз таза, қалтқысыз адал көңілі сапырылысып лайланғандай, үшінші соққыны тағы алып шықты.

Не үшін? Кім кінәлі? Жәмішті ғана кінәлі деуге болмайды. Алдымен өзім кінәлі. Ұзақ жыл жазсам да бұл қауымның қат-қабат мол, өте қиын екенін түсініп, жетпегемін. Жәміштің өзі бұған жұмбақ болды. Бұл революциядан бергі жерде туып өсіп, тәрбиеленген келіншек. Бәлкім Дайырдың үй ішінде кінәсі де бар шығар. Ал қалам ұстағалы өздерінің қамқоры болып жақтап, жырлап келген менің жазығым не? Әйелдер бөлімінің меңгерушісі бұл мәселеге теориялық, логикалық жағынан дұрыс қарап отыр, көріп көзім жетпесе, бұл фактының шындығына мен де сенбеймін. Қиын түйінін шешіп табу тіпті қиын мәселе. Не істеу керек? Біле алмады. Дайыр да әлдеқашан қасынан жоғалған. Ақын дел-сал болып үйіне келді. Бойын кернеген ыза топ болып байланып, бойға сіңбеген ас сықылды алқымына тығылып, жүрегін лып-лып соққызды. Осындай ренжіп қайтқанда кейбір жайларын әйелі Гүлсімге

айтып ақылдасушы еді. Енді мына қатын мәселесін айтуға болмайды. Осындайда жақсы ақыл тауып беретін ескі жолдасы Сейіт еді. Соған телефон соқты «сен ана тарихтарыңды қоя тұр, келіп кетші» деді. Ақынның даусы Сейітке дірілдеп естілгендей болды — бір бақытсыздыққа тап болды ма деп Сейіт жолдасының үйіне тезірек жетті.

Сейітті жұрт тарихшы дейді. Бірақ ақынға оның жолдастығы бәрінен қымбат. Өмір, әдебиет туралы айтыса отырып, сол жолдасының талай қисынды пікірлерін қабылдаған-ды, сырға берік, адал жолдасынан шындықты жасырғысы келмеді. Болған жағдайдың барлығын айтып шықты да, бұған не айтасың, не істемекпін дегендей жолдасына тесіліп қарап отырып қалды.

Сейіт ақын досына жауап бермес бұрын әуелі ақындардың махаббат лирикаларын, біраз сынап өтті. Сәулем дедің, күнім дедің, сырласым, мұңдасым, досым дедің, қарақат көзім, келіншек дедің, әйтеуір дүниедегі жақсылық, сұлулық атаулыны солардың үстіне үйіптөктіңдер. Осы адам баласы жаралғалы әйел қауымын ақыннан артық дәріптеген ешкім бола қоймаған шығар. Ақыры ақындар сонысынан опық жегенін мойындаумен тоқталатын еді. Сенің де міне табиғи заңдылық жолымен түбінде бір осы қорытындыға келетініңді мен саған талай жылдан бері айтпадым ба. Бұған енді ыза-ланба да, өкінбе де.

Заманалар бойы еркектерден көріп келген есепсіз қорлық, жәбір-жапаның есесін бір рет қайтарған Жәміштің мынау ерлігіне сүйсінбеске болмайды. Бұл жөнінде менің берер кеңесім: арыз беріп ешқайда да жүгірме, Дайырды қорғап әлек те болма, жазуды мұнан былай азайт.

Жай сөзіне қылжақ сөзін араластырып кімді болсын шапқа түртіп сөйлеу Сейіттің ежелгі әдеті болатын. Бұл жолы да сол әдетіне басып ақындарды да, өзінің жолдасын ойын-шын аралас сөздермен түрткілеп недәуір жерге апарып тастады. Жәміштің қылығын ол қостап та отырған жоқ, оған екі еркектің бірдей бірнеше рет соққы жеп шыққаны қызық сияқты. Әйел қауымы ортасында «сіз», «біз» деп сызылып, иіліп, замандас, құрбы, жеңеше, қарындас деп ақындар бәйек болып жатқанда Сейіт қатындар деп тұрпайы сөйлейтін еді. Сол үшін мұны Әсіл де, басқа жолдастары да әйелге феодалдық

көзбен қарайды деп кіналайтын. Кейде айтысып мұны біраз сыпайгершілікке келтірмекші де болатын. Бірақ бұл кездерде Сейіт ақындардың жанды жеріне ауыз сала бастайтын. «С-ға», «М-ға», «Ж-ға», сияқты лирикаларына тұрпайы түрде талдау бере бастаса-ақ болғаны, ақындар от басып алғандай ыршып түсетін. Әсіл жолдасының қылжақ араластыра сөйлегеніне қатты шамданып «бұл мазағың ба» дегендей бір-екі сөз айтып қалды. Алайда мұның да сыры көптен өзіне мәлім. Біраздан кейін ақын ойы толқып келіп сабасына түскендей, жолдасының айтқандарына көзі жетіп тоқталғандай болды. Бірақ не істеу керек екенін жолдасы да, өзі де шеше алмады.

Арада бірнеше ай өтті. Дайырдан да, Жәміштен де хабар-ошар болмай кетті. Бұрын сұраусыз барып араласып тұратын ақын енді өлсе де ол үйдің есігін ашар ма.

Бір күні Сейіт әлгі Дайыр жолдасын сырқаттанып ауруханада жатқан көрінеді деп телефон соқты. Сезімтал ақын тағат қылып тұра алмады. Жолдасының халін білуге асықты. Өзімен де болды деп ойлады ақын. Анау қатынның қорлығынан ауырды ғой ол сорлы. Мезгілінде жәрдем бере алмадым. Ақыл айта алмадым.

Ауруханада ақынды Дайырға жолықтырмады. Кезекті дәрігердің бар айтқаны ол ақылынан ауысқан, сырқат деген бір ауыз сөз. Ақын бұған нанбады. Кешікпей сестра Дайырдың жауабын да әкелді.

«Анда-санда басым айналып, шатасып кететінім бар ғой, шу көтермей-ақ қой», — деп жазыпты ол. Ақын тағы да ұтылды. Терісіне сыймай бармағын шайнағандай ыза болып үйіне қайтты. Не істеу керек? Сейітпен ақылдасуға болмайды. Ол тағы да қылжақтайды. Сотқа барсам ба екен. Олар дәрігердің айтқанын мақұлдайды. Газетке фельетон етіп жазсам қайтеді. Онда болған оқиғаны жасырмай түгел айту керек. Ол тексерген уақытта Дайыр мені сабаған жоқ десе, ақылымнан адасып сырқаттанғаным рас десе, менің фельетонымда не күн болмақ.

Ақын осындай алай-түлей ой толқынымен кабинетінде ерсілі қарсылы жүрді де қойды. Әйелі Гүлсімнің кіріп: «Шай суып қалды, ішпеуші ме едің» деген сөзін де елең қылған жоқ. «Жүре бер, керегі жоқ» дегендей қолын бір-ақ сілтеді. Осы кезде телефон шылдырлады.

Сейіт екен, Дайырдың жайын сұрады. Сөз әлпетіне қарағанда оның немен ауырып, қалай жатқанын бұрыннан жақсы білетін сияқты. Әсіл айтқан фактыларға ол таңданбады да, қынжылмады да, солай болуға тиіс дегендей, ойын сездіріп, сен бұл үшін нервiндi жұқартып таусылмай-ақ қой. Мұнан туатын ендiгi қорытынды тек айырылысу ғана. Екеуiне де осы тиiмдi болар. Жәмiштiң ақылдылығына, тапқырлығына қайран қалам, сүйсiнемiн де. Сотқа справкенi келiстiрiп қалай дайындаған. Ха... ха... хаа... мiне осындай қатындарды мақтап жырлаңдар деп сақылдап күлдi. Ақын одан әрi шыдай алмай:— Әй, осы сен қойсайшы ендi, осындай бөспе сөзiндi,— дей салып телефонды сарт еткiзiп iлiп қойды.

«Бiм, кекетiп, шенеп айтса да мұның сөзiнiң жаны бар». Ашық ауыз екемiз. Жәмiш өз iсiн тиянақты бiтiрiп жүр. Ал мен ше, ақынның лирикасында қиялында қалқып бара жатқан жоқпын ба. Осылай ой теңiзiне жүзiп отырғанында өте жақсы көретiн 7 жасар қызы еркелеп алдына келдi. Ендi лезде барлық ашуы тарқағандай қызын «лағым» деп аймалап құшып жайдары кескiнмен ас үйге кiрдi. Әйелiмен бұрынғыдай «Галя» деп сыпайы сөйлесiп шайды да көңiлдi отырып iштi. Гүлсiм ақын ерiнiң жас балаға ұқсас құбылмалы мiнездерiн қызық көрiп, жымыып күлiп, жеңiл әзiл айтып отырды.

Арада бiр ай өткеннен кейiн Дайыр мен Жәмiштiң айырылысқан хабарын естiдi. Соттың анықтамасында Дайырдың ақылы ауысқан сырқаты болғандықтан ерлiбайлы тұруына мүмкiндiк жоқ делiнген. Ақын ыза боларын да, таңданарын да бiлмедi.— Антұрған, осы Сейiттiң-ақ айтқаны келе беретiн болды-ау,— деп орнынан тұрды. Ақынның ашуы да тез тарап кеттi.

ӘННІҢ ТУУЫ

Новелла

Майра тағы да үлкен айнаның алдына келді. Аржағынан ұзын бойлы, сымбатты, жіптік қарасұр әйел танымаған пішінмен оған қарсы жүрді. Өткір қоңыр көзінде толқыма ойдың оты жарқырайды. Жұқа еріндері Майраны кекеп мысқылдаған тәрізді.

Майра бір қадам жақындап еді, анау да бір қадам ілгері басты. Бетінің тарғақ секпілі де айқын көрінеді. Сыйқырлы қиғаш қастары қайшылап, рухты жүзінде күлкі ойнады.

Майра сақылдап тұрып күлді. Өзін-өзі таныды.

Майраның тынышсызданып дал-дұл болғанына, міне үшінші күн. Неге екенін өзі де түсінбейді. Ойын-жиынсыз отыра алмауға айналды. Кеудесі толып, қиялы шарықтап, қызу ду-думанды, сәнді ән-күйді, салтанатты сауық кешті іздейтінді шығарды.

Әсіресе, қылыштай шақыр-шұқыр айқасқан шешен сөздер, көңілді дуылдататын әндер есіне түскендей бойы еріп, денесі балқитын. Бұл осы қыста пайда болған қабылет. Той-жиынға көп қатынасып, әнді машықтап атақ алған Майра өзін тыңдаушы халық, сахна сияқты орын іздеді.

Осы соңғы үш күнде тіпті жүдеп те қалды. Бірақ оны Майра сезбейді. Тұңғыық ойдағы Майра қою қара шашын тарқатып, қайта өреді. Салалы, ұзын саусақтары гармонь пернесін басқандай безектеп, бұрым арасына сүңгіп кетеді...

Көмейінде танымайтын бір жол әннің әуезі тұр. Әуелі баяу, толқып басталып, артынан жеделдетіп, бебеу қағып, лепіртіп әкетеді. Кешеден бері сар масадай ызыл-

дап құлағынан кетпей, тілінің үшіне қайта-қайта күрмеле берді. Әбден әуре боп бітті. Есіне қайдан түскенін Майраның өзі де білмейді.

Міне, үш күн болды, бүкіл Қереку қаласы клубта сауық-кеш өткізуге дайындалуда. Одан түскен қаражаты әлі бітпеген азамат соғысының қару-жарағына көмек ретінде жібермек. Мұны басқарған қазақтың сол кездегі бір ақыны еді. Қерекудің орта көшелерін жайлаған татар саудагерлерінің балалары да, Затонның жұмыскерлері де, жатақтың қазақтары да бұл дайындықтың ішінде еді.

Ертіс жиегіндегі қызыл кірпішті зәулім үйде үш күндей репетиция жүрді дегенді Майра естіп жатты, бірақ оны ешкім шақырмады. Майра тосты. Дәл сауық кеші ашылатын күні шақырмақ шығар деген ойға кеп, сол сағатты да күтті ол.

Қазір сағат алты. Жазғы ұзақ күн сонау өзен жиегіндегі орман үстіне төнді. Ертістің көк мөлдір суы да қызғылт нұрға боялып, теңбіл-теңбіл болып тұнып тұр...

Майра терезеге келді. Ашты. Көше жым-жырт. Біреудің сылп-сылп басқан қалжыраңқы қадамының дыбысы алыста естіледі. Мүмкін осы болар шақыруға келе жатқан...

«Қызы едім мен Уәлидің атым Майра...»— деген бір жол өлең жаңағы әнге қабысып, қорғасындай құйыла қалды.

Майра екінші жолын іздеді.

«Қызыл тілім сайра...»

Сөйткенше болмайды сағат сегіз болды. Сауық кеші басталатын уақыт та жетті. Майраны кеп шақырған ешкім жоқ.

Майра артына жалт бұрылды, есіктен кірген анасы екен. Бұдан әрі ол тоспады. Қереует үстіндегі гармонын қолтығына қыса үйден атып шықты.

Майра клубқа келсе, үлкен зал лық толы халық. Сауық басталған. Сахнада үлде мен бұлде киген аққұба, талдырмаш татар қызы. Ән салудың орнына ол бар пәрменімен айғайлап тұр екен.

Бұл саудагер Бағауидденнің қызы Мүнирә. Қерекудің еркесі де, сұлуы да, байы да, көп жылдар Майраның үстінен өсек таратып, абыройын төгіп жүргеннің бірі. Бүгінгі сауық кешіне шақыртпаған да сол екендігіне енді Майраның шүбәсі болмады.

Майра халық арасымен жүріп отырып, алдыңғы қатарға келді. Біреу орнын ұсынды. Жан-жақтан:

— Майра!

— Майра келді!— деген сыбыс залды қуалап, сахнада тұрған әнші қызға да жеткен секілді. Оның түсі қуарып, шіңкілдек дауысы діріл қақты.

— ...Сандуғашлар сайрай...

— Сандуғашша емес, көкекше айғайлайсың, перизатым!— деді Майра маңайындағы жұртқа естірте. Біреулері мырс етті, тағы біреулері жымиып жан-жағына қарап, қозғалып қойды.

Қыз әнін бітірмей залдан бірнеше дауыс Майраны сахнаға шақырды. Басқарушы жігіт үндемеді, жатақтың домбырашы жігітін шығарды.

Халық оған да риза болмады. Тағы да Майраны тіледі. Бұ жолы шапалақ, айғай, жер-тектілеу, ысқыру — бәрі де болды. Зал у-шу, азан-қазан. Басқарушы жігіт сахнаға шығып, қолын көтеріп тоқтатпақшы болып еді, халық тыңдамады, елігіп Майраны сұрап отырып алды.

Халық тілегі темірдей қызған кезде Майра орнынан ұшып тұрды. Өні сұп-сұр, үлкен көздері жарқ-жұрқ етеді. Жігерлі қимылмен сахнаға атып шықты. Бір құлағынан асығыс ұсталған гармоньдың етіп созылып жер қапты. Оған көңіл бөлген Майра жоқ, сүйрете жөнелді. Жұрт ду қол шапалақтады да кенет тынды. Майра түрегеп тұрып, бүгінгі тынышын алған әнін бірінші рет ойнайды. Қызу, лепіре, жан тербететін ән тындаушылардың еркін биледі, ойына үстемдік құрды.

Рухты көңілден егіліп туған ән өзінен өзі түйдектеліп шығып, үйлесіп сезімді тербетті. Үш қайырмадан кейін Майра әндеткен қалпымен сахнадан түсіп, тура шығар есікке бет алды. Халық дүр етіп көтеріліп, соңынан бірге жөнелді.

Майра әнінің ақырын көшеде аяқтады. Қазақ, татар жастары қоршап ап «Красная зорь» көшесімен Майраны үйіне дейін апарды.

«Майра» әні осылай туып еді...

ШАБЫТ

Новелла

Әнші, күйші, сері Сейтек аралдан қашып шықты. Домбырасын тастамай, қолтығына қыса кетті. Жүреккернеп, ерік билеген арман шегіне жеткен тәрізді.

Салды теңізге итеріп жіберіп, Сейтек ең ақыры боп өзі мінді. Алдыңғы ескекті ұстаған сары орыс Василий Янконың дауысын құлағы шалды.

— Қош, Сахалин!..

Бұл дауыста қауіп те, үміт те бар-ды.

Алдында сұлап жатқан үнсіз теңізге Сейтек көз жіберді. Мелшиген мылқау мұхит. Түпсіз тұңғыық. Аспанмен дария тұтасқан, айрықсыз біріне-бірі ұқсас. Құдды аспан айналып суға түскендей.

Толқынға көмілген жаңқадай, сал ілезде теңіз қатпарында жоқ болды.

«Сәт!»— деді ішінен Сейтек бекініп, серт берген пішінмен.

Өңі бұзылып, қоңырқай беті бозарды. Ендігі серт — туған елге жету. Зұлымдық жасап, барса келмес» аралына жіберсе де, тірі қайту; байтақ далада сұлу жарын, кәрі анасын құшу; туған елде күй шабытын шарықтатып, тағы да шынға сермеу; жүректегі зар боп қатқан қайғыны күйге салып, халыққа тарту; жазықсыз, қиянат әділетсіз заманның құралы екенін аңғарту — барлық бойдағы қуат, тілек, сезім соған шақырады.

Қашқындар бір күн, екі күн... толқынмен ақты. Азық таусылды, қуат азайды. Қауіп күшейді.

Әттең дүние, үйренген қыр үсті болар ма еді! Ең құрығанда дөң басына шығып, қол бұлғаса біреу көрер еді. Мына түнерген теңізде, ең арты ұшқан құс та көрінбейді. Айнала зым-зия — тірліктен хабарсыз сияқты....

Сейтек алдында отырған Янкоға қарады: оның бет-аузын жел қаққан, еріндері кезерген, жарылған, көздері

үңірейген. Бар пәрменімен ол ескекке жармасып, тістеп отыр. Ауып кете ме деген қауіп күшті. Оның қасында біреу жылап жатыр. Анда-санда өксиді, ухлейді. Аштық әсері ме, жоқ толқын зардабы ма?..

Бір кезде айнала бозарып, тұман серпіліп, көл ұшында ноқаттай бірдеме қарайды. Жаға ма? Үміт жағасы ма? Бұл қарайған өмір үміті емес пе?! Па, шіркін!..

Сейтек шыдамады, қолтығынан кішкене домбырасын жұлып алды. Он саусағы безектеп, домбыра бебеу қақты.

Оның күйінен: ұшы-қиыры жоқ мылқау теңізде сұлап жатқан дәудің бейнесі елестейді. Кейде ол ұйқылы-ояу ыңырсып, үстіндегі көк көрпесін серпиді; теңіз беті қатпарланып, жиырылып, сусып кейін сырғиды. Дәу лебіндей жел есіп, толқындар аспанға шиыршық атады. Кейде дәу қолын аспанға созып, толқын саусақтарымен бұлттарға жармасады. Кейде толқын арасынан ақ жібек, қос етек көйлек киген ғашық жары Үрзада пайда болып, Сейтектің көз алдынан кетпейді. Елестейді. Жұқа ерні күлімдеп, қара қасы қиылып шақырып тұрған пішін бар онда. «Қарашаш» күйіндегі берілген уәденді ұмытқан жоқпын деген сияқты.

Сейтек серіктері де күйге ұйып, тыңдай қалыпты. Олар да ызғарлы теңіз қауіпін ұмытыпты. Күйге беріліпті. Әне, Василийдің көзінен домалап аққан жас теңіз суына қосылып жатыр. О да айдауда қор боп өткен өмірін жоқтайды, әділетсіз патша заманына лағынет айтады...

Сейтек күйі үзіліп, сыбырлап қайта шалқыды. Домбыра тағыда безектеп, сарнай жөнеледі.

Теңіз бетінде құйындай ұйтқыған толқын арасынан кеудесін ашып, емшегін идірген анасы Бәтима жылап құшағын жаяды... Әлден уақытта оның бейнесі ғайып боп, күй желісі өзгереді. Заматта қара түнек жоғалып, үміт жиегінен күн шығады... Бұл «Заман-ай» күйі еді.

Осы кезде:

— Әне, жиек!— деп шулап жіберді қашқындар.

Сейтек бөркін жұлып алып, домбыраға сүйеніп, сонау жиекке тесіле қарады. Арман осы еді. Оның қоңырқай жүзі жадырады, көзінде құбылған бейнет, қайғы, жалғыздық көлеңкесін қуаныш басты.

Алыста, таң сәулесі, астында, теңіз жағасында қарайған нұсқа — азаттық белгісі еді.

**МАҚАЛАЛАР
ЖӘНЕ
ОЧЕРКТЕР**

МЕРЕКЕ КҮНГІ ОЙЛАР

...Москва... Қызыл алаң... Жарқырап атқан күннің алтын сәулесі Кремльдің жұлдызымен шағылысып, көңілге қуаныш нұрын төгеді. Жүрегім де аласұрып, лепіріп келем. Шаттық кернеген көңіл шарқ ұрады...

...Октябрь революциясының мерекесіне бір панорама құрылып, соған «Ленин. Октябрь күндері Жетісу өлкесінде» деген бір полотно жазылса...

...1916-жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Октябрь революциясының қазақ даласындағы прологы. Бұл көтеріліс қазақ халқының жүрегіне үміт отын жағып, күреске шақырды. Қазақ шаруасын бай-манапқа, патшаның езгіштері — атаман-шенеуніктеріне қарсы салып, қолына мылтық, шоқпар ұстатып, тап жігін айқындай түсті. Сол бір жалынды күндері бостандық-азаттық үшін жанын құрбан қылған кедей шаруа бір жақсылықтың алыс емес екенін сезген тәрізді.

Басына бостандық, өміріне бақыт әкелген Октябрь революциясын, Ленин партиясының жолын қазақ халқы құттықтап алды да, өздері бірге араласып, жер-жерде Совет өкіметінің туын көтерді, ескі феодалдық өмірдің құрсауын бұзып, жаңа тұрмыс құра бастады.

Бүгін, 42 жыл өткеннен кейін тарих бетін ашып, зерде сала оқысақ Қазақстанның әрбір түкпірінен большевиктер тобына қатнасып, революцияға жанын қиып, құрбан болған ерлер бірсыпыра. Әрқайсы өз өлкесінде ақтармен күресіп, бай-манап тобына шабуыл жасап, революцияның бірінші күндерінде-ақ өзінің кім екенін таныта білген, Қостанайдан шыққан Әліби Жанкелдин Лениннен мандат алып, қырғыз-қазақ өлкесіне комиссар боп келіп, Орынбор мен Қызылорда арасындағы байтақ далада Совет өкіметін орнатып, ақтарға қарсы

күрескенін кім білмейді? Ақмоладан шыққан Сәкен Сейфуллин Қызылжар мен Балқаш құмына дейінгі аралықта жаяу қашып жүріп, еті тірі батыл азаматтарды өзінің ықпалына алып, Ленин жолын түсіндіргені, немесе Ақмолада Совдеп құрғаны, Омбыда атаман Анненковтың «өлім вагонінде» отырғаны, оның «Тар жол, тайғақ кешу» эпопеясында тамаша жазылған жоқ па? Ондай Атбасардан шыққан өзі дәрігер, өзі большевик Майкөтов ақтар қолынан не үшін қаза тапты? Совет өкіметін ол: әділ, адамшылық сатысындағы ең биік өкімет, ертең еліме тендік әпереді, бақытты өмір құрады деп түсініп, өзін-өзі өлімге қиды!

Баянауылда кедей Сыздықтың баласы Асқар қасына 30 шақты жігіт ертіп, генерал Беловтың отрядына қарсы шығып, жаралы боп, жартас түбінде қансырап жатқанда осы бүгінгі біздің бақытты өмірімізді арман етіп, «шіркін сондай өмірді көрер ме екем!» деп ойламады дейсіз бе?

Керекудің қақ ортасындағы қызыл шіркеудің алдына ақтар Балтабайды асып кеткенде, ол — кімді аузына алғанын есіңе түсірші? Ленин емес пе еді!

Алатаудың қойнына апарып кескілеп, өртеп жатқанда Тоқаш Бокинның «Мен коммунистін!» деген айбынды сөзі достарының арасына таралып кеткенін тап бүгін айрықша ауызға алып, еске түсіруге тура келіп отыр. Себебі: Жетісу өлкесінде қазақ интеллигенциясының ішінен революция жолына бұрын түскен, Ленин атын көбінен бұрын естіген, Петроградқа барып, орыстың революционерімен байланыс жасаған сол — Тоқаш Бокин.

Тоқаш Бокинның өкшесін баса шыққан, соның ықпалында болып, тәлім-тәрбие көрген Жандосов, Бәрібаев, Розыбакиев, Масанчи, Жақыпбек Сүлейменов сияқты бірталай жас азаматтар революцияның алғашқы кездерінде аттары шығып, Жетісуда әйгілі болған. Бұлар Верный қаласында большевиктер тобында болып, солардың ақылымен Совет өкіметін орнатуға қатнасқан. Көпшілігі Жетісудағы орыс революционерлері Александр Березовскиймен, жоқ болмаса, Лука Емелев, Павел Виноградовпен дос болып, солардан үйренген. Березовскиймен Тоқаш Бокин Верныйда бірге болса, Ораз Жандосов Солтүстік майданда әскери қолбасшы Емелевтің жетегінде істеген.

Мен «Ұядан ұшқанда», «Тоқаш Бокин» романдарын жазып жүргенде, осы революционерлердің өмірімен толығырақ танысып, оларды бұрын көрген қарттармен көбірек сөйлестім. Әрине, көркем шығарма жазудың әдісі тарихи кітап жазудан гөрі басқарак. Әдебиетте адам өмірінің бір елеусіз кезеңі үлкен ой салып, шығармадан кеңірек орын алуы мүмкін. Мысалы: «Тоқаш Бокин» романындағы бас кейіпкердің серігі, жолдасы — Құрышпай архив документінде бір-ақ жерде кездеседі. Алаш комитетін жабуға келгенде, Тоқаш Ғабдолла Какеновпен айтысады: «Үкімет басына отыруға лайық адам сен емес, мына отырған Құрышпай, өзі кедей, өзі қуғын көріп, түрмеде отырды!» дейді Бокин. Ертеңінде ұлтшылдар Ревкомге арыз жазғанда «Құрышпай деген түрмеден шықпайтын бұзық еді»,—деп жамандайды. Осы екі сөз маған да ой салды: бұрын ескі Россияда байларға, патшаның езуіне қарсы шыққан қазақтың азаматтарын саяси мәселеге айналдырып соттаудан гөрі көбіне «конокрад»— ұры есебінде соттап жер аудара берген. Құрманғазыны да, Сейтекті де солай соттаған. Құрышпай да сол тәрізді сотталуы мүмкін. Міне осыдан келіп, революция жолын Бокин арқылы ұққан, әнші, батыл, сері жігіттің образы туды. Осы сияқты «Ұядан ұшқанда» кітабындағы бас кейіпкер Сақа Сағатов та бірнеше адамдардың өмірінен құрылған жиынтық тұлға. Ол өмірде болмағанымен, сол сияқты гимназияны бітіріп революцияға қатнасқан жас азаматтар өте көп болған. Өмір — көркем шығармадан бай да кең. Өмірдегі көрген-білгенді кітапқа сыйдыруға да, жаза беруге де болмайды. Уақиғаны да, өмірдің кезеңдерін де жазушы іріктеп, топтайды. Бір адамның басына жинайды.

Осылардың бәрімен Бокин өліп кеткен соң алысқан да соларды әшкерелеуге кіріскен Ораз Жандосов екен. Тоқаштың жаулары оны өлтірсе де тиыш жатпайды. Тарих алдында өздері ақ боп қалғысы келеді. Бокинді өлтірген жауларды ақтап алмақшы болады. 1919-жыл мен 1923-жылдары Бокинның ісі екі рет қайта қаралады. Ораз Жандосов өзі қатнасып зорға арашалап алып қалады. Сондықтан да тарихты тексергенде, кез келген фактыны алып, солай болған екен деп қағазға түсіре беруге болмайды. Әрбір фактының сырын ашып, шын мәніне түсіне білу керек. Фактыны талдап, айта білу зерделікті керек қылады.

Тоқаш Бокинның архивында шым-шытырық, қиян-кескі фактілер бар: мысалы — біреулер «бізді ұрды, тісімді сындырды, сақалымды жұлып алды»— деп арыз жазады. Осыған қарағанда Бокин бір жүрген узурпатор, сотқар, ұрда-жық. Осы фактыны солай ұғып кейбір тарихты тексеріп жүрген жас жігіттер қаралап мақала жазған. Білместік пе, жоқ топастық па?.. Бокинның қатандығы да болған. Оны ешкім жасырмайды! Революцияның кезінде, тап тартысының шиеленіскен кезінде, кімді-кім... деп тұрғанда, қатандық керек те болған. Орыс әдебиетінде өз қолымен атып жіберген революционерлер жиі кездеседі. Сол революционердің бірі Еремін: «Бокин — ең адал, ең ақ еңбекші халықтың мүддесін қорғаған большевик еді»— деп прокурорға қатнас қағаз жазып, түрмеден шығаруды талап етеді. Олай болса кімнің сөзіне сенуге болады?

Арыз жазған адам кім екен деп ықылас сала қарасам — Қапалдың байлары екен. Мен жас күнімде Баянауыл маңындағы байлардың біреуге жала жауып, өтірік куә болғанын өз көзіммен талай көргем. Ендеше сол тіс кәрі кемпірдің босап түсіп қалған тісі емес екеніне кімнің көзі жетеді?

Сол документтердің ішінде Бокинге қарсы қолданып, бетке ұстап жүрген тағы бір қағаз бар. Ол — қалалық бірінші съезде Ерискин бастаған топ Бокинды қаралап, сөз қылады. Ал сол топ кім? Соған жаңағы тарихшылар көз жіберіп тексерді ме екен? Сол Бокинды қаралап шыққан топтың көпшілігі кейін эсер партиясының мүшесі екенін, олардың ниеті арам екенін біле ме екен? Ал, Ерискин болса — анархист, бұзық. Фурманов «Бүліншілік» романында Ерискин: бұрын жат мінезі үшін Чекада жатып, жазаланған еді деп мінездеме береді. Ол — бүліншілік уақытында ұстамды мінез көрсете алмайды. Кейін осы Талғарда тал түсте бір қызды зорлап, тағы да түрмеге түсіп, ақыры Ферғана майданында бұзық қылығы үшін әскердің төтенше бөлімі атып тастайды. Ал Бокинның ерлігін, оның күресін жастарға айту, «сендердің бақытты өмірлерің үшін ол қыршын жасын құрбан қылды» деу — жастарды жақсыға тәрбиелеу деген сөз!

Бүгінгі жастардың кейбірі Совет өкіметінің қандай қиыншылықпен орнағанын білмейді, оларға оп-оңай бір

күнде дүние тас-талқан боп ескі қирап, жаңа орнай қалған сияқты.

Осы күнгі Жетісу өлкесінде қанша қан төгіс болғанын, сол шайқаста халықтың небір жақсы ұлдары қаза тапқанын олар біле ме екен?

Шыңжаңға өтіп кетіп, сол жақта қол жинап, жиі-жиі шекараға шабуыл жасап, ауылды өртеп, малын айдап кетіп, тиыштық бермеген Шербаков пен атаман Дутовтың зұлымдығына көз жеткізді ме екен?

Бүкіл Семей мен Алматы арасы майданға айналып, «Черкас қорғанысы» атанғанын, сол бір ұшы-қиыры жоқ майданда қызыл қырандар аш-жалаңаш жүріп, ақтың әскерін Жетісуға өткізбей, аман алып қалғанын естіді ме екен?

Дмитрий Фурмановтың «Бүліншілік» атты романындағы жазылған тарихи тартысты оқып, соның ішіндегі батырлар бүгінгі шал болған әкесі немесе ағасы екенін білгені абзал.

Революцияның бізге берген тек қана жемісіне мәз боп, оның қандай қиындықпен орнағанын ұмытуға бола ма?! Жастар оқып қана қоймай, жүрегіне тоқығаны да жөн! Революция болмаса қазақ халқы бүгінде қандай күйде болар еді? Соған көз жіберіп, ой тоқтату керек.

Егер революция болмаса Россияның өзі қандай халде болар еді? Соған көз жіберіп қарашы, достым!

Тап бүгінгі ғылым-техниканың биік өресіне жетіп, бүкіл дүние жүзін таңқалдырар ма еді? Жоқ, соқамен жер жыртып, әлі күнге өгіз аянмен жүрер ме еді?

Совет халқы сол революцияның арқасында ғана жүз жылдық өмірдің өресіне 42 жылда жетіп отыр.

Жерді шыр айналып, бір жылдан аса ұшып жүрген жер серігі... Айға барып, дөп етіп түскен ракета... Айды айналып шығып, бізге көрінбей Айдың қараңғы бетін суретке түсіріп-ап, қайта жерге жіберген планета аралық станция... Солтүстік теңізге мұзды кесіп, жүзіп жүрген атомды мұз кемесі «Ленин»... Москва маңына жарық беріп тұрған атом электрстанциясы...

Жоқ болмаса, осы ракеталарды жасап, ұшыруда ең басты қару болған есеп-қисап шағаратын машинасы, мың адам жүз жыл шығаратын есепті бір-ақ сағатта есептеп беретіні, бір тілден екінші тілге аударма жасайтыны, музыкаға дейін ойнайтыны — біздің елде адамды кәдірлеп, адамды дәріптеудің айғағы.

Әйтпесе, осы күнгі көктің сегіз қабатынан хабар бергізіп, суретке түсіріп, қайта жерге жіберіп, тірі адамның ісін істеп отырған полупроводниктің кереметі совет елінің техникасының ең биік сатыға шыққанын көрсетпей ме?

Немесе, таңертең Москвада шай ішіп, түсте Алматыда түстендіретін «ТУ-104», «ИЛ-18» сияқты әуе кемесі, не істелсе де халық үшін, халықтың қамы үшін жасалып отырғанына куә емес пе?

Неткен керемет техника, неткен жетістік!

1959 жыл

АҚЫН АСҚАН АСУ

Қалижан Бекхожин қазақ совет поэзиясында жиырма шақты жылдан аса еңбек сіңірген, өзіне тән тіл кестесі, суреттеу тәсілі, ой-жүйесі бар қалыптасқан, кексе ақынның бірі.

Осы ақынның бүгін біз сөз қылмақ «Ақан Ақтаев» атты поэмасы бүгінгі өмірдің өндіріс саласына арналған көлемді поэманың бірі.

Бұл поэманы жазудан бұрын ақын ұзақ жылдары өзінің болашақ кейіпкерлерімен кездесіп, оның тұлғасын жадында сақтап, талай мұңды кеште толғанып, ақындық қиял дүниесінде бірге сыр шертіскені байқалады. Оған дәлел: осы поэма тумай тұрып, Ақан Ақтаевпен Қалижанның «Жезқазған дәптері» атты бір топ өлеңдерінде бірінші рет таныстық. О кезде Ақтаев жас еді, және де Жезқазғанға оның жаңа барған беті болу керек, тек тұр-сипаты, аты-жөнін біліп қана қойғамыз. Енді осы поэмада оның өмірбаянымен танысып, қажырлы-қайратын, арманын, тілегін білдік. Тұлғасына сүйсіндік те.

Атақты Ромен Роллан ұлы француз революциясы жайындағы шығармасын жиырма жыл жазған көрінеді. Ең алғашқы жаза бастаған кезде «Жан-Кристоф» киіп кетіп, шабытын билеп әкетеді де ол қалып қояды. Енді қайта оралғанша сол кейіпкері масадай ызылдап, ұзақ

жылдар тиышын алады. Күндіз оңашада есінен шықпай, түнде түсінен кетпей мазасын кетіреді. Ақыры ықтиярсыз қаламды қолына ұстатып, қағаз бетіне түседі де, тыныш табады. Жазушы да иығынан бір зілдей жүк түскендей жеңіліп, сергіп кетеді... Бұл шығарма туудағы ақындық психологияның ерекшеліктері, өзіне лайық қасиеті.

Бұл арада ой тастайтын бір кезең келіп тұр. Әдеттегі лақапта: жазушы шығарма тудырғанда өз аймағындағы әлемді көреді де қағазға түсіре салады-мыс. Шынында олай емес, жазушы ұзақ «қабырғасымен» кеңеседі. Толғанады. Шығарма тудыру деген бір адамның үй салғанымен бірдей. Өзі істейді.

Қалижан да поэмасын жазған Жезқазғанға барып, келісімен отыра қап, жаза салмаған тәрізді. Қырық сегізінші жылдарда Ақан Ақтаев, Ысқақ Иваныч ақынның өлеңдерінің жолына аты кіріп, ақын жүрегіне тұқым сепсе, кейінгі жылдар сол тұқым өсіп, өрбіп поэманың шумақтарына айналады. Онда да Жезқазғанға екінші рет барғанда ақын қиялынан орын теуіп, қағаз бетіне еріксіз сұранғаны көрініп тұр. Бұдан туатын қортынды: ақын өзінің алған тақырыбын сүйіп, біржола берілмесе, шығарма тұмақ емес, туса да шала пісіп, бір қайнауы ішінде жүреді деген сөз. Бұл қағида әрбір жазушыға мәлім. Қиялын тербеп, тебірентпеген, мазасын алмаған тақырыптан жазушы сәтті шығарма тудырмайды.

Ал енді осы шын сүйген, көп жыл ақын қиялында жолдас болған инженер Ақтаевтың образы қалай шыққан, соған тоқтайық. Біздің советтік Қазақстанда совет заманында оқып, институт бітірген жас мамандар өте көп, бірақ, соның бәрі шығармаға кейіпкер боп кіре бермейді. Шығармаға кейіпкер болу үшін бір өзгешелігі болуы тиіс. Не бір жақсы ерлігімен, не бір ерекше қызықты өмірімен көзге түсіп жұртшылықтың назарын аударуы керек. Бұл кейіпкердің өзіне тән жеке басының қасиеті болса, екіншіден шығармаға кейіпкер ғып тұрған да оның қасиеті.

Ақан Ақтаев толып жатқан жас инженерлердің бірі болғанымен, басынан талай уақиға кешкен. Ақан Ақтаевтың басынан кешкен қиындығы бірталай.

Отан үшін еңбек сіңіріп, адал ниетін білдіреді. Ерлік көрсетеді. Қаратапал Қараш арамзалардың жаламен күн көріп, кәсіпке айналдырғанын ақын ащы тілмен

жиіркене суреттейді. Ақын шын партиялық тұрғыдан қарап, ақ ниетін білдіреді.

Поэмада өндіріс өмірі толық көрінеді. Жезқазған шахталарындағы қарт жұмысшылардың ерлігі, Қарсақпайдағы мыс қорытатын заводтың соғыс жылдары Отанға келтірген пайдасы, адамдардың түрлі қарым-қатнасы ашық бояумен, ақынның өзінің көзқарасы арқылы беріледі. Кейде ақын уақиға желісіне нүкте қойып, лирикалық шалқыма шегіністермен тікелей араласып ойын түйіп тастап отырады.

...Қағылып еңбектің де дабыл әні
Көшеде күй шертеді тау бұлағы,
Өрлеп сол арықтарды шат күлкімен,
Оқуға өрім жастар ағылады.
Сол жүрген жас ойнақтың біреуі мен,
Жастықта сүйе білген, күле білген...

Ол таныс, тіпті сырлас бәрімізбен,
Сөйлесер шын пейілмен, еріп сізбен.
Көз таса бола қалса көлеңкеіз
Жүгірер күбір-сыбыр теріп ізден...

О, тәңірі Сақта бізді осындай дос,
Көлгір көз, күңгірт жаны боялыдан!

Ақынның алған бағыты, поэзиясы оқушыға салғаннан түсінікті, астарлап ойын бүркемейді, сол жағымсыз кейіпкермен қатарласа, айтыса араласып отырады. Ақын бас кейіпкерін — Ақанды сүйетінін жасырмайды. Іші бұрып, соған жаны ашып, қиын-қыстау, тар жерде «жылы сөзбен» демеу береді.

Ақан Ақтаев Алматыда Тау-кен институтында оқиды. Бақытты шақты шат түлегі, дос дегенде ойы да, сыры да мөлдір, жалын атқан албырт жан оқуды жақсы оқиды. Өмір сырын ұғынуға құлшынады. Том-том кітапты ақтарып, теңіз түбіндегі лағыл тастай білім іздейді. Жанындағы досы Қарашты да, бірге оқитын құрбысы Әсияны да сүйеді. Бірі досы, бірі жары. Сөйтіп төбесі көкке екі-ақ елі жетпей жүргенде, жай түскендей суық хабар келеді — «әкесі істі болады. Кешегі «жан қияр» дос боп жүрген Қараш «қырағылық мінез білдіреді». ...Арыз береді, комсомолдан шығаруға әрекет жасайды. Бұл «қырағылық» мінез таптық көзқарастан шыққан шын мағнасындағы қырағылық емес, күндестік. Әсияны қызғанады. Сұлу қыз Қарашқа көңіл бөлмей, Ақанды ұнататын, сонымен бірге театрға барып, паркте қыдыратын.

Осы тартыс түйіні әрі қарай өрістеп, шым-шытырық

уақиға әрқайсысы өз саласымен шегіне жетіп, қайта түсініп жатады. Бұл сюжет құрудағы Қалижанның сәтті табысы. Поэмада драмадай оқиғаны салғаннан түйіп тастап, әрі қарай дамыта беру сирек кездеседі.

Шытырман оқиғаның желісінде Әсия өзіне жар табады, аз күн болса да көңілін алдап, басқа жігіт Құрмашпен дәурен сүреді.

— Ақ қайың қалқып қана тербетуде,
Құрмаш пен Әсияны көл бетінде.
Себелеп күн сәулесі, көл шымырлап,
Жайнап тұр Әсияның келбеті де
Жүзіне Құрмаштың да нұр жайыла,
Қараса махаббаты ұлғаюда.

Өстіп, «дүние өз бабында тұрғанда» кенет соғыс басталады, Құрмаш соғысқа кетіп, ақыры қаза табады. Әсия оқуды бітіріп, Қарсақпайда мыс қорытатын заводта істейді... Бұл кезде, Ақан оқуды тастап Жезқазғанда шахтада істейді, де Свердловтың тау — кен институтын сырттан оқып бітіреді... Сол жылдар Әсиямен кездеседі. Главкада істеп жүрген сұм Қараш та сонда келіп қап, Әсияны тағы да өзіне қаратпақ боп талаптанады. Ақыры үмітін үзіп, Ақанға жала жауып, зиянкес қып шығармақ болады. Бірақ әділдік жеңеді, сенімді революционер Русаков, қарт жұмысшы Ысқақ Иванның Ақанды жаладан аман сақтап қалады. Ақан да, Әсия да дәуірдің бір белесінен асып, бақытқа қолдарын созады.

Осы тартыстың үстінде поэмада кейіпкерлердің мінез-құлқы ашық бояумен беріледі. Ең басты кейіпкер — Ақан, сол Ақанның қажымас жігері, өшпес махаббаты ақынның «солай» еді деген баяндауымен ашылған жоқ, оқиға желісінде, тартыс үстінде ашылады, қарсы кейіпкерлердің іс-әрекеті, айла-тәсілінен де Ақанның кім екені, Ақанның ой өрісі, ондағы мақсаты көрініп отырады. Ақын схемаға бармай, өмірде бар конфликтіні тауып, соған талдау бере білген. Инженер Ақан әдебиетте бұрын көрінбеген тұлға, өзінің ерекше өмірбаяны бар. Ақан оқуын бітіріп кеп, жақсы инженер деген атаққа оңай ие болған кейіпкер емес ол сүрініп, қиғаш жолдарда, жүрексініп, кейін шегінген де азамат емес, ол — қиындыққа шыдап, табандылық жасаған азаматтың бірі.

«Өмір — тартыс» деп Маркс тегін айтпаған. Өмірде алақанға тегін түсетін ештеңе жоқ. Кейіпкердің аяғын аспаннан салбыратып түсіре қойғанмен, мәпелеп иығы-

нан қаққаннан: «сен жақсы едің» дегеннен түсер пайда не?

Біздің дәуірде социализмді құру оңайға түсті ме? Осы ұлы құрылыс үшін талай абзал дос, құрбылар қыршын жасын қиған жоқ па?.. Біз соларды қадірлеп, тарихқа қалдыра білуіміз керек. Осы нысанадан қарағанда, Ақан Ақтаев сол социализм үшін күрескен абзал жастардың бірі. Қалижан оны жақсы тауып алған.

Осыдан кеп шығатын бір түйін: өмірдің сыртқы құбылысын ғана алмай, ішкі мәніне көз жіберіп, толғансақ дейім. Ленин айтқан: «суть вещей», «суть явлений» — «зат мәнісі», «құбылыс мәнісін» ақтарып тауып ала білсек, дүниеде өшпейтін шығарма жасауға болар еді. Ол үшін батыл ізденуіміз керек.

Екінші басты кейіпкер — Әсия, Ақанмен бірге оқыған, Ақанның жақсы көретін жары, бүгінгі Қазақстанның оқыған қазақ қыздарының бірі. Институтта оқып жүргенде, Ақан мінезіне риза, көңілі толған, сүйген қыз, Ақан басы дау-шарға түскенде, безіп кетпейді. Махаббатын берік сақтайды, жастықтың әдемі тамаша түндерінде, Құрмашпен көлде қайық теуіп жүргеннің өзінде ойынан Ақан шықпайды. Қалижан Әсияның тұлғасын берік, тұрақты қып жасаған.

Әсия мен албырт жастықтың әуенімен бірін-бірі түсіне алмай, оңай айрылып кетеді. Олардың айырылуын ақын психологиялық жағынан нанымды береді. Ақын бір күні көшеде Әсиямен қолтықтасып кетіп бара жатқан Қарашты көріп қалады. Қамығып, жүрегі шайылып жүрген жас бала жігіт Әсияның ол жүрісіне маңыз береді. Кешегі өзіне жала жапқан Қараш жарын құшақтап, мез болып бара жатқаны жанына батады. Содан қайрылмай кете барады... Қыздың жүрегі жаралы, қапыда қала береді.

Әсияның махаббаты, Қарсақпай заводында істеген қызметі де нанымды беріледі... Осы екі жағымды кейіпкермен қатар бірнеше қошамет кейіпкерлер — Русаков, Ысқақ Иваныч тағы тағылар поэманың ұзақ желісінде анда-санда араласып, көрініп қап отырады. Бұлар кейіпкердің тұлғасын ашуға себепші ғана болады.

Жағымсыз кейіпкерден поэмада Қараш деген Ақанның «досы» бар.

Атына сиқы және сыры лайық
Қалың бет, таңқы танау, күрең көзді,

Жүреді сүзе қарап, сығырайып
Жайнайтын жиылыс десе, арыз десе,
Әлдебір жел өсектен нәр іздесе...

Поэмада Қараш тұлғасы шебер берілген. Ол тік бақай бір мінезді адам емес, қыры көп, кейде сырласыл, дос боп жүріп іштен шалады. Қасындағы ең жақын досы — Ақанды апатқа ұшыратпақ болады. Кейін де ол соңынан қалмайды... Ақан не жазды? Бар айыбы — Әсия жақсы көреді. Сол үшін ол ақсатып, қызға емін-еркін өзі не болмақ...

Енді поэманың негізгі тақырыбы өндіріске байланысты мәселесіне тоқтайық. Ақын Жезқазғандағы өндіріс өміріне поэмада көп орын берген. Өндіріс ағымы, шахталардағы жұмыс ырғағы түрлі құбылыстар толық көрсетіледі. Әрине, өндіріс жайындағы поэма екен де, өндіріс өмірін көрсетпеу дұрыс та болмас. Бір кезде әдебиетте өндірісті жазу, поэзияға дәстүр де болған. Өлең ырғағында, әрбір сөздердің дауыс ұйқасы арқылы жұмыс процесін беруге тырысқан еді. Ал, кейбір жазушылар шығарманың ұзын бойында кейіпкерлерді заводтың цехынан шығармай қоятын. Қалижан өндіріс өмірін бұл бағытта көрсетпеген. Поэмаға есебін тауып, орынды енгізе білген. Ол өндіріс көріністерін кейіпкердің ішкі рухани өмірімен байланысты ғана береді. Сол кейіпкердің қабылдауы, ұғымы арқылы суреттейді.

Заводтың арман емес кеңі, сәні,
Өзгеше Әсияны ой қысады.
Мұнда сол мыс балқытқан пеш үстінде,
Ескі бір арқалықтар майысады.
Үйреніп кемістікке төзіп еді,
Осы бір ременнің көп үзілгені,
Қынжылтып тұр міне жас инженерді,

Русаков сол бір цехқа келді кіріп,
Жас әйел түйгіш люкке тұр үңіліп.
Үстінде сырма күрте, баста шапка,
Аяқта ықшам етік жалт бұрылып,
Келгенді өткір көзбен қарады да,
Қақты тез қонған шаңды қабағына
Ашаң жүз, ақсұр беті тозаңытып,
Реніш тұр көздің терен жанарында...

Осы бір үзіндіде Қалижан жұмыс процесін кейіпкердің ойы арқылы суреттейді. Түсінікті де ұғымды.

Уа, қызық, күздің жарқын таңертегі
Кеуденді жұпар самал кенейтеді.

Алматы ару күліп күнге қарап,
Бөледі күлкісіне кең өлкені.

Пеште қорытылып жатқан мыс көрінісін көз алдына әкеледі. Жас инженердің ой толқыны, реніші бәрі дәлелді, орынды берілген. Өндіріс өмірін адамға байланыстырмай, сырт көрінісін суреттей беру шеберлік емес, бұл арада Қалижан дұрыс тәсіл тапқан.

Көркем шығарманы түсіну бар да, суретпен көзге елестеу бар. Екеуі екі басқа. Түсінуі — ғылым құралы да, сурет арқылы елестету — искусствоның құралы. Әдебиет пен ғылымның айырмасы да осында.

Суретші кенепке сурет саларда үнемі композициясын көп ойланады: қалай түсірсе әдемі, ұғымды болады, кейбір жай қайтсе де дұрысырақ көзге түседі... Міне, жазушы да, ақын да ең алдымен бір өмір кезеңін алғанда, қайтсе оқушы әсер алады, қандай жайда сурет ашық бояумен жанданып, қиялмен ойнай алады, осы жағына шұғыл ойланады. Осылай болса, осыған байланысты, енді «Ақан Ақтаевтың» тіл кестесіне, бейнелеу жүйесіне біраз тоқтайық.

Бұл поэмада ақын бір үлкен табысқа жеткен. Ол жаңа ұйқас түрін қолданған. Қазақ поэзиясында ұзақ жылдар ерғашты ұйқастар көбінесе орын теуіп келген-ді. Әсіресе, етістікпен үйлестіру ұйқасты сөз аяғындағы буынға түсіру белгілі дәстүр еді. Соңғы жылдар, әсіресе соғыстан кейінгі мерзімде, біздің поэзия шарықтап биік сатыға көтеріледі. Осы кезеңде ұйқасқа да, ырғаққа да жаңалық еніп, үлкен-үлкен күрделі поэмалар туады. Осы бір жаңалық «Ақан Ақтаевта» айқын көрінеді.

Қалижан ұйқасты сөз түрінің үндестігіне құрап отырған. Ұйқасқа еріп, сөзді байлай алмай, құрғақ сөзуарлыққа салынбайды, айтам деген ойын нақ, дәл жеткізеді, соған лайық сурет, теңеу де табады.

Уа, қызық, күздің жарқын таңертеңі,
Кеуденді жұпар самал кеңейтеді
Алматы ару күліп күнге қарап,
Бөледі күлкісіне кең өлкені.

Білімнің сарайы сол ұям едің,
Сенде мен шарықтадым қиял өрін,
Өмірдің қырық жасын қияр едім.

Сүйемін қырдан дарқан өмірді мен,
Көрінген күліп ылғи күн өрінен,

Даланың жұпар желі сақтар мені,
Күншілдік, жалақордың күбірінен!

Бұл сияқты мысалдардың санын көбейте беруге болады, мәселе осы сияқты сәтті табылған ұйқастар біздің поэзияның тұсауын ағытпай ма?

Бұл — орыс совет поэзиясының алуан түрлі тамаша үлгісінің бірі. Осыдан кеп, поэзияны ойға құруға, шарықтап шегіне жеткен драматизмі мол поэма жазуға жол ашпай ма? Қанша дегенмен, ұйқас поэзияның бір жағынан поэзиялық қасиетінің бірі болып табылса, екінші жағынан тұсау тәрізді бөгеп отырады. Ұйқас шахмат ойынының жүрісі тәрізді, таусылмайды, сөз ауыстырып, ізденсе — табыла береді. Атақты Брюсов та, Маяковский де көшеде жүріп, ұйқас іздеп, табыла қалса, дәптеріне қондыра қояды екен. Ақындарға ұйқас іздеу ұят сияқты көрінбеуі керек. Ана, арғы ауыз әдебиетінен қалған бір ұғым бар — ойланып, ұйқас іздеген ақын күшеншек деу... Ол дұрыс ұғым емес. 40 жылды жасаған поэзияға талай белгілі ұйқастарды пайдаланған да шығар. Қайта оны қайталай беру — құлаққа жайсыз емес пе?

Бұл поэмадағы тағы бір өзгешелік — ақын поэзиядағы әсерлеуді көбірек, батыл қолданған. Бізде ауыз поэзиясында күшті болғанымен, Абайдан кейінгі, бертін келе Сәкеннен кейін әсерлеуді (гипербола) онша дәріптемейтін едік. Әдебиет тарихында әсерлеу — романтизм ағымымен бірге туған категория деседі. О да мүмкін.

Біздің социалистік реализмнің бір өзгешелігі боп, романтика да орын алмай ма? Олай болса, әсерлеу неге біздің поэзияда орын теппеске?

Әсерлеу ауыз әдебиетінде зор дәстүр болған категория. Сондықтан да, бізге жақын ұлттық өзгешелік сияқты.

Осымен байланысты поэманың ішінде сәтті табылған теңеулерді де айтып өтуді керек қылады.

Ойыңнан сусын таптым мен өзіме

Тек қана текселмеді сол бәйтерек.
Тек қана сусылдады сұрғылт жалы

Өтті қыс, мұз қанатын сілкіп, ұрып.

Тізіліп вагондардай күн тіркеліп,
Ай кетті ай артынан жортып, еріп

Сағызбай сағынышын талмай ұзақ...
Екеуі тарқатып тұр сыр дұғасын

Азабы сордай ащы...

Не болмаса: ақын қысқа бейнені сөзбен бір мақалаға
сыймайтын ойды беріп өтеді.

Отанның мыс қазаны жалындаса,
Жеңістің тегеуріні шындалмай ма?

Еркін бар мұнда жауға сұстануға,
Бұл мыстың құдіреті бар мысқалында...

Қорытып айтқанда «Ақан Ақтаев» ақынның творче-
ствосындағы бір асу, поэзияға үлес қосқан шығарма.

1957 жыл

БАЛАЛАР ОТАУЫ

Мен биылғы жылы май айынан бастап, июльдің 30-на
дейін Москва түбіндегі «Переделкино» деген жазушы-
лардың творчество үйінде болдым.

Сұлулық деген көзге де көңілге де жәйлі нәрсе ғой.
Сол «Переделкиноның» табиғат сұлулығы және онымен
қатар орыстың атақты балалар жазушысы Корней Ива-
нович Чуковскийдің сол Переделкинода тұрушы балалар
үшін жасаған аталық қамқорлығын көзіммен көріп,
қолыммен ұстағандай етіп алған әсерім, әлде бір кіш-
кентай очеркке бізді сыйдыра жаз деп мазалай берді.

«Переделкино» — нағыз барып тұрған орыс орманы.
Көпшілігі қайың мен қарағай. Олар бірінен-бірі қалыс-
пай, жарыса биікке ұмтылып, әрі оқтай дүзу, әрі сұлу
боп көкке тілдесіп тұрғандай. Қатарласа өскен қайың
мен қарағайдың жапырақтары біріне-бірі қолдарын соза
құшақтасып, сыбырласады. Осы бір ақ-ала қарағай өз-
дерінің көгілдір жапырақтарымен табиғатты ерекше
сұлулыққа бөлеп тұрғандығы бірден көзге ілінеді.

Орман жиілігі сонша, осы «Переделкинодағы» үйлер-
ге қарасаң, тіпті қатар тұрғандарының өзі де сығалап
қана көрінеді. Кейбіреулерін көре де алмайсың, тек қана
шығып жатқан түтіндерден байқап, жобалайсың.

Таңертең ертемен сайраған бұлбұл дауыстары да
міне, әлі күнге құлағымда.

Мен бір күні ағашы қалың Серафимович атындағы

көшемен таза ауа жұтып, серуенде жүргенімде екі қабат үлкен сары үйді көрдім. Және оған іргелесе салынған, сыртқы қабырғалары ертегі суреттерімен безенген кішірек үйді байқағанымда алты қанат ақ кигіз үй мен оның жанына қатар тігілетін төрт қанат ақ отау есіме түсті. Бұл үйлер туралы түсінік алар қасымда ешкім болмады. Осы көшемен күнде жүрем, ылғи қарап өтем. Қызығам, бірақ неғылған үйлер екенін әлі білмеймін.

Бір күні тағы келе жатып, ақ көйлек киген, мойнында қызыл галстугі бар томпиған ақсары әдеміше келген қызыл шырайлы баланы кездестірдім. Баланың киген киімі бойына шақ, жүріс-тұрысы үлкен кісідей. Қолтығына қысқан екі-үш кітабы бар. Баланың бойы шағындау келген. Бір қарағаннан-ақ басына дейін түгелдей көзімнің қарашығына сыйып кетті.

Жақындай келе:

— Сәлеметсіз бе?— деді жылы жүзіндегі көгілдір көзін қадай, балалар қылығында сирек кездесетін ерекше бір салмақпен.

Сәлемін алып, қасына жақындай кеп тоқтай қалдым.

— Қайда барасың, балам?

— Қорней атама келе жатырмын.

— Ә, Қорней Ивановичтың немересі боларсың?

— Жок, оқушысымын.

— Сол кісінің шығармаларын оқисың екен ғой, тегі?

— Жалғыз атамның шығармасын ғана емес, басқа да жазушылардың балалар үшін жазған шығармаларын түгелдей оқыдым.

— Үйінде кітапханаң бар ма? Әлде әкең жазушы ма?

— Үйде кітапханам да жок, әкем де жазушы емес, осында тұрады. Ол кісі ағаш балташысы,— деген бала жауабына аз ойланып тұрдым да:

— Чуковскийді қалайша ата дейсің, соның себебін айтшы? Балаға сұрақ беріп, әңгімеге шындап кірістім.

— Ол кісіні жалғыз мен емес, осы жерде тұратын барлық балалар түгелдей ата дейміз. Оның себебі атамыз біздерге, осы жерде тұрушы балаларға арнап, өз қаражатымен кітапхана салдырып берді. Өзі болса, бізді жақсы көреді. Бәріміз бірге ойнаймыз. Ол кісі біздерге арнап өз алаңында келген жазды құттықтап және өткен жазбен қоштасып, жылына екі рет костер жағады.

— Ол кітапхана қайда?— деп қалай сұрап қалғанымды өзім де аңғармай қалдым.

— Мына тұрған кішірек үй, оның қасындағы үлкен сары үй атамның өз дачасы,— деп көптен көріп қызығып жүрген үйлеріммен таныстырды.

— Өзің сонда барасың ба?

— Иә, сонда бара жатырмын.

— Мен көруге барсам жіберер ме екен?— деп сұрапын сасқалақтап.

— Жүріңіз! Біздің кітапханамызда үш жасар баладан бастап, пенсияға шыққан қарттарға дейін түгелдей болады. Және олардың бәріне де оқитын кітаптар табылады.— Бала мені таңдандыра әңгімесін жалғап келеді.

Міне, әдемі отаудың ауласына да жеттік. Сыртқы есіктің басқышынан аттап, дәлезіне де кірдік.

Өзіне лайық шағындау үш есік. Бәрі де бірдей ашық, маған кір, маған кірлеп шақырады.

— Мынау кружоктар бөлмеміз.— Бала оң жақтағы есікке бастады. Әжептәуір кең екен. Бөлме өте жарық әрі таза. Үлкен төрт терезесі бар. Едендегі төсеулі қызылкүрең кілем, әйнектен түскен күн сәулесіне құлпырып жатыр.

— Осының ішіндегі мүліктер түгелдей Чуковский атамның бізге берген сыйлығы.— Таныстырушының сөзін тыңдай жан-жаққа көз жібердім. Бұрышта «Рубин» телевизоры. Бір қабырғада үлкен пианино. Толып жатқан ілулі тұрған музыкалық аспаптар, барлығы да ұқыпты қойылған заттар жарық бөлмеден сайрап, мені көрдің бе леп көзіне басылады.

— Мынау мектеп жасына дейінгі балаларға арналған,— Бастаушым қарсы есікке алып кірді.

Екі терезесі бар шағындау келген жарық бөлме. Мұнда қызылды-жасылды сырмен боялған аласалау стол мен кішкентай орындықтар бықып тұр. Қабырғасы толы жартылай тақтайдан жасалған полкаларға қойылған кітаптар еденнен төбе тақтайға тіреледі. Әдемі мұқабаларын бері қаратып қойған жас балаларға арналған кітапшаларды көргенде көзің тұнжырайды.

— Мынау оқу залымыз,— томпақ сарым үшінші есіктен алып кірді.

Бұл бөлменің оң жағында кәдуелгі қалалық үлкен кітапхана формасымен салынған бөлмешеден қарап тұрған кітаптарды көргенімде, көзім жайнап кетті.

— Жоғары шығыңыз, хош келдіңіз,— жік-жапарланды пысықша келген ақ қыз, көгілдір көзінің жанарынан от шашырап.

— Сіз кітапханашы боларсыз? Танысалық,— қол беріп сәлемдестік.

Бұл кітапхана бастығы Валентина Иванова екен. Оныншы класты былтыр бітіріп, екі жыл жұмыс істеу үшін осында келген боп шықты.

Әлгі жолбасшым осының немере інісі 8-класта оқып жүрген Ваня Иванов екен. Екеуімен танысып, бұлар үшін үлкен қамқорлық жасаған Корней аталарына қаты риза болдым.

1959 жыл

ЖАҒСЫ КІТАП—ЖАН АЗЫҒЫ

«Кітап — адамның досы». Осы нақыл сөзді атақты жазушы Максим Горький айтқан. Бұл тауып айтылған дана сөз. Ең қиын жағдайда, адам басына қатер туып, қауіп күшейген кездің өзінде де, кітап адамды жалғызсыратпай, көңілін аулайды. Сол қиындықты жеңіп шығуға ақыл беріп, күш қосады. Ағылшын жазушысы Э. Войничтің «Бөгелск» атты романы Октябрь революциясынан бұрын талай күрескерлердің нәр алған, басына жастанып оқитын ең қадірлі кітабы болған. Кітаптың адамға тигізетін әсері өте күшті. Жастар, балалар оқыған кітабының кейіпкеріне еліктейді, сондай болсам екен деп арман етеді.

Біздің заманда кітап сүю, кітап кейіпкеріне еліктеу өте көп. Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы Отан соғысының батырларына үлкен әсер еткені белгілі. Краснодонның ерлері Олег Кошевой бастаған топтың не болмаса Зоя Космодемьянскаяның ең жақсы көрген кітабы ақылшысы, тәрбиешісі осы кітап болған.

Борис Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз» деген повесті соғыстан қол-аяғынан, көзінен айырылып келген жастарға демеуші де, ақылшы болғаны бәрімізге мәлім.

Өткен жылы мен Ақмола облысы, Еркіншілік ауданына барып, егіншілерді аралап жүріп «Темірқазық» дейтін повесть жаздым. Сол повестің ішінде өмірде бар

адамдармен қатар, өмірде сондай адам болуға тиіс-ау деп алынған кейіпкерлер де бар еді. Соның біреуі — колхоз председателі Нұржан. Ол — өзі тәжірибесі мол, колхоз ісі үшін жаны ашитын, іскер адам. Бірақ, сүйте тұра мінезінің кемшілігі де бар. Мен солай жаздым да. Енді биыл сол ауданда тағы да болдым. Сонда бір колхоздың бастығы маған: «Сіз мені жазып қойыпсыз, ол Нұржан емес, мен», — деп қарап отыр. Оны қайдан білдіңіз? — десем: «Көк волгасы» бар дейсіз, «Волга» машинасы бұл өңірде менде ғана бар, екіншіден «шерттиген» дейсіз, мені мысқылдайсыз деп, қолын бермей, амандаспай, қатты өкпеледі... Әдебиет деген осы.

Жақсы кітап — жан азығы. Кітапты сүйіп, дәріптемеген адам — жақсы адам бола алмайды. Кітапқа ең жақын досым, ақылшым деп қарау керек. Кітапты жазушы халқы үшін, жастар, балалар үшін жазады. Егер оқымаса жазып та, еңбектенудің де қажеті жоқ.

«Біздің заманда, кино, телевизор, театр, радио бар да, кітап оқуға уақыт жетпейді» деген кате пікірлер де орын теуіп жүр. Ол дұрыс емес. Әрқайсының өзінің орны бар. Кітаптай, кино да, телевизор да айта алмайды, сырласа алмайды. Кітап кеңінен толғап, жан-жақты қамтып, үлкен сала-сала оқиғалардың ішіне енгізеді. Сондықтан, оқушы-пионерлер жас күнінен бастап кітап оқуға құнығуы керек. Әйтпеген күнде кітап оқу қиын болады. Асықпай-саспай, әуелі кітаптың ырғағына түсіп, жаттығып, оқиға ішіне кіре оқымаса, ауыр тиеді. Әр кітаптың өзінің ырғағы бар, сол ырғақты тауып оқу — құнығудан туады. Оқырмандар кітап ырғағына түсінбесе, жорғасынан тайған ат сияқты сүрініп, оқи алмай тастап кетеді. Кітап оқуға да әдіс, тәсіл керек. Әуелі балалар ертегі кітаптардан бастап қызыға оқыса, біртіндей құмартып, кітап оқуды жақсы көріп алады.

Жақсы кітап — жан азығы, жақсы кітап оқиық, балалар!

1956 жылы

МҰХТАРМЕН НЕЗДЕСУЛЕРІМ

Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен менің алғаш таныстығым 1962 жылдан басталады. Мен ол тұста он үш жасар бала едім. «Қазақ әдебиеті» газетінен Әуезовтің «Көксе-рек» повесін оқыдым.

Мен енді жазушымен қайта табысудың әрбір сәтін іздейтін болдым, оның қаламынан шыққанның бәрін жатқа білдім. Павлодар қаласының барлық кітапханаларын аралап, сүзіп шығатынмын. Іздеп, сұрайтыным — Әуезов жазған әлдебір кітаптар.

Бірде менің қолыма «Қорғансыздың күні» түсті. Жас қыз, жетім бала — Ғазиза даланың тағысы Ақанның айуандық құрбаны болды.

Түн. Дала. Боран. Жас қыз туған үйін тастап, далаға безіп шықты да, үсіп өлді.

Мен дауыстап оқыдым. Мені тындап отырған анам мен қарындасым өксіп жылап қоя берді...

Тап осы жылдың күзінде Павлодардың клубы сахнасынан Әуезовтың өзін көрдім. Әуесқойлар театры оның «Еңлік — Кебек» пьесасын қойды.

Он үш жасар жеткіншек осы кездесуді өмір бақи зердесіне түйді: бұйра шашты, сымбатты жас жігіт, кере қарыс жазық маңдай, қыран мұрын...

1932 жылдың жазында оны екінші мәрте кездестірдім. Мен ҚазАПП-тың басшысында отырғам, кенет есік айқара ашылып, кескін-келбетінде тек шығысқа ғана тән ерекшелігі бар адам ішке кірді де, өзін «Әуезовпін» деп таныстырды! Менің абыржығаным сонша, орнымнан атып тұрып: «Мен сізді баяғыдан бері білем!» дей жаздадым.

Бірақ осыны айта алмадым, екеуін оңаша қалдырып, сыртқа шығып кеттім. Әуезовті алғаш көргендегі балалық әсерім алдамапты, сөйтсе де аздап қателесіппін: қыран емес, қыр мұрын ғой...

Жылдар өтті. Соғыс кезеңінде үйім маған «Абай» романының бірінші кітабын жіберіпті. Алғашқы бетін қолым дірілдеп, демігіп тұрып аштым. Өз ана тілімнің қош иісі аңқыды. Сағат кешкі бес еді. Оқып отырмын, оқып отырмын, бас көтермей оқыдым. Ұзақ түнде көз ілмей оқып, сәуле кіре тәмамдадым. Жан жүйкемді кітаптың әсері билеп, астан-кестең көңіл-күйден бір жұма бойы арыла алмадым.

Абай! Ауылда өзіміз әнін шырқап, өлеңін жаттаған Абай. Мен өзім зерттеу жазған Абай... Бұл ғана ма? Менің көз алдымда Абай — азамат, Абай — ақын, Абай — ойшыл тұрды, оның ұлылығы мен даналығын терең түсіне, танып, біле түстім.

Енді, міне «Абайдың» төрт кітабы алдымда жатыр.

Мен оларға анықтамаға жүгінгендей жүгінем, өйткені Әуезов шығармалары — тек көркем роман ғана емес, қазақ өмірі мен тілінің энциклопедиясы. Алғашқы екі кітабынан қазақ тұрмысын, салт-санасын көрсен, үшіншісінен, «Абай жолынан» халықтың рухани мәдениетін, ақындық дәстүрлі шеберлігін танысың, ал төртіншісі қазақ тілінің нағыз энциклопедиялық сөздігі...

Мен тақауда «Абай» колхозының председателі досым А. Ивановпен осы роман жайында пікірлестім.

— Міне, мен «Абай» романын оқып жатырмын, — деді ол. — Оқимын да, тамашалап, танданам. Ғажайып. Ал осы кітап ана тілінде қалай оқылатынын айтшы? Қазақтардың өздерінің әсері мен қабылдауы қандай? Біз сияқты ма? — Ол кідіріп, мүдіріп қалды, жаңсақ айттым ба деп жасқанғандай түр танытты.

Мен ойға баттым. Менің орыс досым Ивановтың сөзі дұрыс. Сұрағы қисынды. Әуезовтің романында бүтін бір халықтың өмірі көркем бейнеленген, қазақ және орыс халқы достығының тарихи тамыры көрінген деген сияқтыларды жиі қайталаймыз. Алайда, Әуезовтің қазақ әдеби тіліне тигізген ықпалы мен қосқан жаңалығын аз айтып, аз жазамыз. Ол өзінен бұрынғылар жүрген таптаурында ма, әлде соны соқпақ, тың жол салды ма?

— Иә, достым! — деп жауап қаттым мен А. Ивановқа. — Мынауың ойланып, толғанатын, сөз етілуі қажет мәселе. Тап осы сұрақ Қазақстаннан сыртқарғы жүздеген, мыңдаған «Абай» романының оқушыларының көкейінде жүруі хақ, Мен саған өсіріп-өрбітпей-ақ айтайын: «Абай» романының ана тіліндегі әсері орышадан күшті. Аударма өз ана тіліндегі түп нұсқаның бар ірім толқынын, нәзік құбылыстарын бере ала ма? Тақауда Қарағандыдан шахтер досым Мейрам Ыбыраев келді. Ол «Абайдың» төртінші кітабын бас көтермей екі күнде оқып шықты. Ал қалай? деп сұрадым мен одан. Ол басын шайқады да: «Қандай тамаша»... деген екі-ақ сөз айтты.

Мұхтар Әуезов қазақ прозасында бұрын ешкім баспаған тынды игерді!

Әуезовтің тілі — мейлінше әрлі, әсерлі, терең мазмұнды. Роман майталман шебердің, толысқан жазушының қаламынан шыққан. Онда желдірме шешендік, жалаң жалтырақтық жоқ. Адамның ішкі жан күйін, тебіреніс толқынын беру үшін жазушы айқын образдарды, нақтылы дәлме-дәл сөздерді тапқыр қолданады. Бұл ретте

Әуезов өзінің психологиялық суреттеудің нағыз шебері екенін танытты, қазақ прозасындағы психологиялық мектептің шын мәніндегі көш басшысы бола білді.

Сонымен бірге, Әуезов — прозадағы суретші. Оның бояулары мен сырлары Рубенстің бояуларындай қанық, дәл, таза, нәрлі. Мейлі портреттерді өрнектесін, мейлі табиғат көріністерін берсін — оларды бір-бірімен контраста алады.

Стилистік ерекшеліктері жағынан Әуезовті прозадағы жаңашылдармен қатар қоюға әбден болады. Әуезов өзінше дара, оның тілін ешкіммен шатастырмайсың.

Әрбір халықтың тілі — қисапсыз қазына. Оның бәрін меңгеру, түгесу мүмкін емес. Сөзді, бейне шахмат фигуралары сияқты, мыңдаған қалыпта, сан түрде қолдануға болады. Әуезов бұл салада өзінің асқан білгірлігін, тілші, ғалымдығын таныта білді.

Сөйлемдердің бірыңғай көмекші етістіктермен аяқталуы оны жұтаң тартқызып, қарабайырлап жібереді. Әуезов сөйлемдері ондайдан мейлінше таза. Ол етістіктерді өткен шақ формасында бере білді, сөйтіп көмекші етістіктер өз-өзінен түсіп қалып отырды.

Әуезов қазақ тілінде сиреп бара жатқан заттанған етістіктерге қайта жан бітірді.

Әуезов қазақ тіліне етістіксіз сөйлемдер әкелді. Рас, мұндай жаңалық нышандары тілімізде бұрын да болған. Бірақ ғалым, жазушы соны түбегейлеп, ғылыми, әдеби системаға айналдырды.

Түркі тілдеріндегі сөйлемнің зат есімнен басталып, етістікке аяқталу нормасын Әуезов бұзып-жарып жаңаша қолданды. Ол зат есімдерді, көбіне, сөйлем ортасына апарды.

Мұхтар Әуезовтің творчествосы жайлы көп жазылып, көп айтылар. Менің өз басым «Абай» романының сансыз оқырмандарының бірі ретінде, Мұхтар Әуезовтің қазақ тіліне енгізген жаңалықтары жайлы айтуды мақсат тұттым.

“АБАЙ”, РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдебиетіндегі роман жанры тек Совет дәуірінде ғана өсіп емен ағаштай бұтақтап, гүлденіп, өркендеп отыр.

Роман жанры, қазір оқушы жұртшылығының кешегі өлендей, сүйсініп оқитын жанрына айналды. Аз уақыттың ішінде, әдебиеттің төрінен орын алды. Жастардың әлеуметтік санасына әсер етіп, ой туғызды, өзіне еліктеуші оқушы тапты.

Роман жанры, кеше қазақ халқының өмірінде — эпос — батырлар жыры қандай орын алса, бүгін бұда сол сияқты орын теуіп, халықтың рухани өміріне тәрбиеші, ақылшы есебінде әсерін тигізді.

Бұған себеп: бүгінгі оқушы жұртшылығының сана сезімі, мәдениеті өсті, көбінің орта, не жоғары білімі бар. Орыс әдебиетінің жақсы үлгілерімен таныс, марксизм ғылымына жетік. Екіншіден, роман әдебиеттің басқа жанрына қарағанда өмірді толық суреттеп береді. Қызықты шытырман уақиға арқылы оқушының білмейтін өмірімен таныстырады. Сондықтан да оқушы өзінің бос уақытында бір жағынан білім алу үшін, екінші жағынан дем алу үшін роман оқиды.

Роман жанры оқушылар арасында осы себептен беделді де, қадірлі де. Әрине бұдан әдебиеттің басқа жанрын жазбау керек, тудырмау керек деген пікір шықпайды. Әр жанрдың өзінің оқушысы бар, бірақ роман жанры күн санап халық арасында оқушы достарын көбейтіп келеді. Қазақ жазушыларының романы Горький айтқан шын мағанадағы оқушының сырлас досы болып жүрегінің төрінен орын алды. Әдебиет өміріне кешен туса да әдебиет жанрларының алдыңғы қатарына түсті. Роман жанры жалпы дүние жүзі әдебиетінің өзінде де кенже туған жанр. Атам заманғы грек, рим романдарын алсақ, атақты: «Дафнис пен Хлоя», «Алтын есек» уақиғасы қызықты құралғанмен образдарының характері ашылмаған, шала еді. Әрине, бұл романдар кейінгі әдебиет ұрпағына онша әсерін тигізе алмады. Бірақ, бұл бірінші саты еді. Бұдан кейін, орта ғасырда серілер (рыцарь) романы өмірге келді. Өзімізге мәлім: «Тристан мен Изольда» грек, рим романдарынан бір саты жоғары көтерілді. Одан сол кездегі қоғам өмірінің, адамдар арасындағы қарым-қатынасын көруге болатын еді. Бұлардан соң туған әлеуметтік маңызы бар сықақ романдары «Гаргантюа мен Пантагрюэль», «Дон Қихот» жаңа заманның реалистік романына жол ашты.

XIX-ғасырда батыс елінде роман шырқап, биік шынға көтерілді. Өмір құбылысын кеңінен көрсетті. Әлеуметтік

маңызына суреттеу әдісінің шеберлігіне қарағанда бұл романдар — сыншыл реализмнің туын көтерген роман болды. Тыңнан қияға жол тапты, Ф. Энгельс айтқан: «типтік характерді, типтік жағдайды бере білді».

Бұл кездегі орыстың реалистік романының негізгі үлгісі — халықтікі еді. Россия көлеміндегі көпшілік бұқараның күй-жәйін, тұрмысын суреттеп, азапты өмірінің шешілмеген қайшылығын Пушкин, Гогольден кейін туған екінші буындағы жазушылар сол көпшілікті, жұпыны, жабайы адамдарды алып, шығармаға кейіпкер етіп кіргізе білді. Түрлі нысанадан тексере қарап, әрқайсысы өзінше сын тағып, буржуазиялық өмірге қаламын батыра сыйпаттаған Тургенев, Чернышевский, Салтыков-Шедрин, жоқ болмаса Л. Толстой, реалистік әдебиетінің шыңына шықты.

Міне, осы сыншыл реализмге жалғаса, социалистік реализмнің романы дүниеге келді. М. Горькийдің романы орыс әдебиетінің жаңа дәуірін жасады.

Классиктердің ең жақсы үлгісін алып, пайдаланып, жаңа әдебиет тарихының бетін ашты.

Ең жақсы Совет жазушылары: А. Фадеев, А. Толстой, Л. Леонов, К. Федин осы Горькийдің ізімен Совет әдебиетін биік шыңға көтерді. Әсіресе роман-эпопея жазған М. Шолохов, Совет әдебиетіне ерекше стиль өзгешелігін енгізді.

Сол сияқты соңғы жиырма жылда жазылып аяқталған Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы осы социалистік реализмнің ерен табысы болды. Сол Шолоховтың «Тынық доны» сияқты бүкіл Россия әдебиетіне қуанышты — сәтті табылған стиль өзгешелігімен келді. Абай романында шытырман өмірдің даму процессінде көп адамдар тағдыры айқұш-ұйқыш түсіп жатады, уақиға желісі шымшытырық шиеленісіп, үлкен әлеуметтік — психологиялық жағдайда адамдар характері көрінеді, тарихи кезендерді елестетіп, бір халықтың өмірін береді. Жазушының алдында қойған мақсаты да қазақ халқының данышпан ұлы — Абай арқылы бүкіл халықтың жарты ғасыр ішіндегі өмірін көрсетпек болған.

Бұл жарты ғасыр өмірді поэмамен, драмамен көрсетуге болушы ма еді? Әрине, жоқ. Әдебиеттің басқа жанрының шеңбері мұны көтермейді. Осыдан кеп роман-әдебиеттің ең жоғарғы түрі, биік шыңы екендігі дәлелденеді. Роман — драма мен поэзияның синтезі, жинақ

түйіні. Романда диалог, пейзаж, портрет, драма, лирика бірі мен бірі тығыз қабысып, шеберліктің әр алуан үлгісі беріледі. Аристотель бір кезде әдебиет жанры, ағаштың бұтақтары тәрізді, эпостан туып таралды, дейді. Біз бұған қосылмаймыз. Аристотельден бергі заманда әдебиет өмірінде талай түрлі жанрлар туды. Ол жанрлар бөлінген бөлшектер емес, қайта біріккендіктен синтезден туған жанрлар. Оған осы Совет әдебиетіндегі бірнеше романдардан құралған, роман-эпопея куә.

«Абай» роман эпопеясында жазушы негізгі бір кейіпкердің жарты ғасырлық өмірін алады. Тұрпайы есеп пен санап қарағанда, әрбір романға он екі жылдай өмір сыйған. Әр романда он екі жылдай өмірді жазу оңай ма? Семейдең қайтқан шәкірттің алғашқы қадамынан бастап, қарт тартқанына дейін жыл санап, жаза берсе не болмақ? Оқушыны тартпай, жалықтырып алу да мүмкін ғой. Біз білетін талай роман хроника бар: кейіпкердің жас уақытынан бастап, өмірінің ең ақырғы сағатына дейін тәптіштеп жазған. Және роман-эпопеядағыдай төрт бес том емес, бір-ақ томды роман. Соның өзінде де оқушыны тартпай, жалықтырғаны бәрімізге мәлім. Ендеше қызыға оқу жазушының шеберлігіне байланысты емес пе?

«Абай» романдарында жыл саналмайды. Бірақ кейіпкердің қылығы әрекеті арқылы біз өмірдің зымырап бара жатқанын сеземіз. Кешегі шәкірт Абайдың шашына ақ кіріп, қартайғанына куә боламыз.

«Абай» романдарының, роман-эпопея деп атауымыздың бір себебі Абай характері қысқа мерзімді уақиға үстінде ашылмаған. Жарты ғасыр ішінде халықтың өмірінің өсу, дамуымен бірге Абайдың қайғысы да, қуанышы да, ақынның таланты да аралас отырады. Осындай кеңбайтақ өмір роман шеңберін кеңейтіп, стиліне, композициясына да өзгешелік туғызған. Тарихи өмірдің мазмұны, жаңа романның формасын тудырған. Бальзактың ХІХ ғасырдағы роман туралы айтқан пікірін бүгін біз «Абай» романына да айтар едік.

«Вальтер Скотт өзінің романына өткен өмірдің жан-сезімін әкеп сала қойған... Және де сол романға барлық жанрды жинаған. Комедия мен драма, баяндау мен сипаттау, әдемі шеңберлі диалог, қызықты уақиға, сезім, бейнелі сөзді — заманның үлкен табысы қылған. Оның романы — бүгінгі өмірге жарамсыз, өткен кезеңнің заңымен құрылған, кешегі комедияның мұрагері. Ол осы ро-

манға Лабрюйераның шешендігін, Мольердің сықақ ақылын, Шекспирдің асқақтаған ой шеңберін қоса енгізген...»

Осы Бальзак айтқандайын, «Абай» романында да әдебиеттің барлық жанрлары қалыптасып, орын тепкен.

Енді романның осы көркем ерекшеліктеріне тоқтайық.

«Абай» романындағы бірінші ерекшелік, бұл романды роман-эпопея қатарына апарған, стиль өзгешелігіне жол ашқан халықтығы.

Біз әдебиетте халықтыкі деп нені айтамыз! Алдымен осы мәселенің бетін ашып алайық.

Н. В. Гоголь: «Халықтық деген ұғым — бір ұлттың әдет-ғұрпын жаза бергеннен тумайды, халықтың нағыз ұлттық рухани өмірін жазудан туады», — дейді.

Гогольдың осы айтқанына Белинский де қосылған. Ол: «Ұлы шығармада халықтың сана-сезімі орын алады, халықтың рухы мен өмірі айнаға түскендей көрінеді... Сол халықтың бүкіл адам баласының ұрпағында алатын орны ашық, айқын фокусқа түскендей көрінуі керек», — деген.

Осы тұрғыдан қарағанда халықтың қиялы, сана-сезімі, ой-құлқы, бір сөзбен айтқанда рухани өмірі көріне ме?

Көптеген мақалаларда «Абай» романында халық өмірі толық көрсетілгені айтылады. Соған қосымша бір ауыз сөз: Абай образы арқылы халықтың жақсылық қасиеті, ой-өрісі, сезім аумағы, мінез-қасиеті айқын берілген. Абай халықтан бөлініп алынбай, тарих ортасында, нақтылы жағдайда адам, ақын, ел билеген әкім, ғашық сүйген жар етіліп, түрлі оқиғаның даму желісінде көрінеді.

Сонымен, Абай халық ішінде, адамдар арасында өмір сүреді дедік. Осы өмір сағат сайын зымырап өтіп жатады, өмірде түрлі оқиғалар туып, өсіп, шиеленісіп барып, өшіп жатады. Оқиғаның күрделісі, ақын жүрегін тебіретін қайғылы кезең, немесе қуаныш сәулесін көңіліне түсіріп, тыныс беретін жәй — бәрі де Абай образының маңына құрылады. Шым-шытырық, шытырман тартыс үстінде образдың характері ашылады.

Романдағы тартыс желісі оқиға арқылы шешілетін адамдар басына құрылмай, адам маңына сұрыпталған оқиғаға құрылады. Оқиға образдың даралық мінезін ға-

на ашпай, әлеуметтік салмағын өлшеп, безбенге сап отырады. Сондықтанда күрделі оқиғалар алынған. Сол күрделі оқиғада жалғыз ғана Абай образы ғана емес, бүкіл жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің характері ашылады.

Аталмыш күрделі оқиғаның формасы боп бүгінгі жастарға таныс емес, қазақ халқының әдет-ғұрпы, салты, үй-тұрмысы, сауық-кеші алынған. Жаңа кейіпкерлердің тууы — романға шілдеқана сауық-кешін баяндаса, кейіпкердің өлімі — жаназа салтын суретке түсіреді. Жазушы оларды роман желісіне қабыспай, оқшау тұрған этнографиялық көрініспен бермейді. Шығарма желісіндегі шытырман оқиғаның формасы есебінде алады. Оқиға жарқырап, қызықтырып, оқушыны тартып әкете жөнеледі.

Егер оқиға сол шілдеқана, не қыз ұзату үстінде дамымай, басқаша кезеңде берілсе қайтер еді? Мүмкін ол оқиға гауһардай жарқырап, көзге түспес те еді. Міне, шеберліктің қиысуы, «қиынын тапқандық» осы! Саңылау көрінбейді. Жап-жатық.

Осыған байланысты бір теңеу еске түседі: керемет биік дәу сарай. Түрлі гауһар тастармен қиыстырып салынған күмбез ішіне кірсең жарқ-жұрқ етеді. Көз тартады. Қабырға мрамор тастан қаланған ба? Жоқ, айна ма? Әйтеуір толған адамдардың суреті көрінеді. Ол сурет — әлгі қайтыс болған әкеңе ұқсай ма? Әлде бабаң ба? Кім білсін...

Әне, біреу жымия қарайды. Одан әрі қаптаған ауыл-аймақ, бала-шаға — бәрі де сөйлейді. Біреуі жылап, біреуі күліп қарайды. Үлкен терезеден түскен күннің жарық сәулесі шүмектеп құйып тұр. Толған жанның бет-аузының әжіміне дейін айқын көрінеді.

Міне, «Абай» романының архитектуроникасы осы тәрізді. Сарайдың әрбір бөлшектері өзара қабысып, жымы біріккен. Шатынаған, қиқы-шойқы өрескелдік таба алмайсың. Көзге ілінбейді.

Шығарманы жабайы үйдің қатарында қалдырмай, шеберлікпен салынған әсем сарайдың қатарына жеткізу үшін жазушы бүкіл әдебиет құрал-сайманын дұрыс, орынды жұмсап, пайдаланбаса — мақсатына жетпек емес. Бұл әліп — би. Бірақ, сол құрал-сайманды қалай пайдалану үшін әдебиет техникасын жақсы білу керек. Техника тілін білмесе, ол құрал бола ала ма?

Мұхтар Әуезов әдебиет техникасының тілін жақсы білетін инженер екен! Бұрынғы-соңғы жазылған әдебиет техникасын өзіне пайдалана білген де, композиция, сюжет құрылысы, образдың даму заңы, дәлелдеу (мотивировка), портрет жасау, диалог құру, тағы басқа шеберлік тәсіліне жаңалық енгізген, сол шеберлік тәсілін жетілдіріп, өз мақсатына бағындырған.

«Абай» романының стиль өзгешелігінің бірі — адамның жан-жүйесін, ішкі-дүние құрылысын тереңнен алған. Әсіресе Абай образында тек қана дара адамның тұлғасын көрсетпеген. Жазушы Абай образын олай алса — тақырыбын тарылтып, көсіле алмаған да болар еді. Шебер Абайдың талантын, ақындық қасиетін беруге тырысқан.

Абай — адам. Ол өмір сүреді, қайғы-қасірет шегеді, тұрмыстың талай таршылығына кездеседі. Соның бірі ақынның ой-санасынан орын алады, өмірден алған әсері жиналып жүрекке сыймайды, ақыры талантты адам шыдамай, қағаз бетіне түсіреді. Ақындық тұғырға мінеді. Ақын Абайдың өмірден алған әсерін, ол әсер ақынның ой-санасында қайнап піскенін, қағазға түсіру процесін жазушы эпопеяның ұзақ желісіне арқау ғып алған.

Сондықтан роман бір жағынан творчестволық психологияға бағышланған. Оқушыны дүние тануға тағы да жаңа бір өмірге енгізіп, творчестволық процесін таныстырады. Ақын өмірде көрген қайғы-қасіретін, қуанышын қағаз бетіне қалай түсірер екен деген сұрақты «Абай» романын оқығанда, әрбір оқушы, жазушы алдына қойған болар.

Оқушы өте сақ, сезімді халық. Титтей фальшті сезсе — кітапты лақтырып тастайды. Кітапқа бір-ақ ауыз сөзбен баға береді: «өтірік, нанбаймын».

Сол оқушыға Абайдың ақын екенін нандыру керек емес пе? Құр Абай өлеңдерін алып, романның ұзақ бойына кіргізе берсе нанар ма еді оқушы? Онда роман жазбай-ақ, монография болмаса өмірбаяндық очерк етіп беруге де болады ғой. «Абай» романының материалы ісмерлігі шамалы, домбай жазушының қолында осы көркем очеркке айналып та кетер ме еді, қайтер еді?

Мұхтар Әуезов салғаннан осы жайдан қашып, психологияға, сезімге құрған. Эпопеяны оқығанда Абайдың ақындық талантының қалай темір қанаттанғанын көз алдынан өткізіп, ақындық күшіне шын сенесің.

Илья Эренбург: «Әрбір жазушы қайтсе де өз өмірінің бір кезеңін байқамай шығармасына түсіре береді»,— дейді. Бұл да шындық.

Әуезов «Абай» романында, өз творчестволық процесінен алған болар, поэзияның тууы жайын өте нанымды, түсінікті береді. Абайдың творчестволық процесін байқасақ: ол — күшеншек ақын емес, әлгі суырып салма ақындай қолма-қол, «қырық жамау» ғып та шығара салмайды. Ақын күңіренеді, қайғырады, шабыт билейді — ақ қағазға тізіліп өлең жолы түседі...

«...Абай сол күнді, күні бойы және осы күнді де онашада жапа-жалғыз, қайғыда, ауыр қасірет тебіrentкен күйде толас таппай өткізді. Біресе зор кеудені сілкінте, қалтырата шыққан ыстық жалын күрсіну естіледі. Бірде сыбырлап, әлде нені сөйлеп кетеді. Қапалық сөздерді жиі-жиі сыбырлап, асыға айтып кетеді...

Шошыған ата көңілі тынымсыз... Бұл сәтте де шерден туған қасірет өлеңі оралып, құралады. Ол күрсінуден, жалынудан... Шарасыз сенделуден туған күй... Сөзбен шыққан жан жалыны. Жүректен атылған, сол жүректің ыстық қаны. Бусанып, толқып аға берген ыстық қандай сөздер құралып жатыр...

Қандай сөзбен, не айтып жатқанын да Абай түгел аңдап жатқан жоқ. Әйтеуір тынымсыз да толассыз бір қауым, шошыған жүректі қатал тұяқпен қатты сығымдап алған. Шеңгелдеп қысып, сәт сайын зәр зарын төктіреді. Қанша жазғанын, нелер айтқанын, кеудеге сыймас қанша шер тілінің қағазға түспей қалғанын Абай аңдамайды».

Ақынның шабыт кезеңін бұлай түсіру үшін жазушының өзі сол оқиғадан әсер алып, бірге қайғыру керек пе деп ойлаймын.

Әуезовтың Абай ақыны көрінген өмір фактысынан әсер алатын, тез қызба ақын емес.

Көп ойланып, көп топшылайтын, әр адамға баға беретін, әр адамның қадірін түсінетін, «жаман мен жақсыны» толық айыратын салмақты, терең, өткір ақын. Осындай байыпты, ақылды мінезінен оның творчестволық процесі де құрылады.

Творчестволық процесс деген өз алдына бір ғылым. Физиология ғылымы бойынша адам өмірді жалғыз ғана көзімен көріп танымайды. Көзбен қатар иіс сезімі, дем сезімі, дыбыс сезімі, қыбыр сезімі қатнасады екен. Адам баласының терісінің арасы толған жүйке тамырының тү-

бірлері екен. Не бары 350 миллион түбір. Бүкіл адам баласының терісінде сау жері жоқ көрінеді. Олай болса, ақын жазғанда, сол барлық 350 миллион жүйке тамыры домбыраның шегіндей сөйлейтін болуы керек.

Міне, шабыт деген жүйке тамырдың әсерлі, еліре (лабильно) тез қимылмен істелуіне байланысты көрінеді.

«Абай» романы психологиялық роман дегенде алдымен осы ерекшелігін айтамыз.

Бұл романда жалғыз ғана Абайдың ішкі өмірі емес, Абайдың көзімен бүкіл басқа, түрлі кейіпкерлердің ішкі өмірі ашылған. Ел ішін қан қақсатқан жауыз байлардың, чиновниктердің, дін басшыларының тілегін, сана-сезімін Абайдың ащы тілімен берген жері аз емес. Ол сол Абайдың ішкі дүниесінің мазмұны боп ұштасып жатыр.

Осыған жалғас бір ой: эпопеяда қилы-қилы психологиялық жайды түсірген суреттер бар. Көз алдына қабырғаға ілген пейзаж суреті сияқты бір құбылысты ғана түсірмеген.

Қозғалыста, сезім толқынында беріп отырған.

Ал жеке кейіпкерлердің портретін беру тәсілі де сол сезім құбылысына бағынған. Кейіпкердің бет-әлпеті, тұлғасы ой тудыратын ашық бояумен берілген. «Көздің түсінің» ғана бояуы табылмаған. Көзде қандай сыр бар, қандай ойдың көлеңкесі түскен, соны қатар беріп отырады.

«...Бураханның кіші қарындасы Нұрғанымның басы бос екен. Өзі жас та болса, кесек, ірі денелі, нұр жүзді болатын. Әсіресе, толқынды қою қара шашы мен бет бітімі бөлек. Жүзіндегі әдемі қызылымен қатар, бет-тұлғасы да сұлу. Шошақтау біткен, үлкен қара көздерінде аса бір қайратты ашудың және естіліктің оты болатын».

Нұрғанымның кейпін қабырғаға іліп қойған сурет сияқты емес, бүкіл бет құбылысын, ойдың толқын ырғағында береді. Мүмкін бұл әдіс дау да болар. Антон Павлович Чехов адамның сезімін, алған әсерін жазбай, сол әрекет тұсындағы хал-жайын ғана беруді талап еткен. «Ашу басқан көзі» деудің орнына «Қабағы түктеніп, тесіле қарады» деуді ұнатқан.

Әр жазушының жазу тәсілі, стиль өзгешелігі бар. Жазушылық тәжірибеде мен Чехов тәсілін қолдансам да Әуезовтікі дұрыс емес, Чеховша жазайық деген түйім

жасамаймын. Көздің бояуымен қабат, көз нұрына толқыған сезімнің әсерін беру Әуезовтың жазушылық ерекшелігі деп білемін. Бұл ерекшелік Әуезовтың стилінен туған ерекшелік.

Әуезов стилінде өмірдің қилы-қилы кезеңдерін қатал, шын суреттеп, әлеуметтік маңызын ашып, сын тізесіне салса да романтикалық пафос, жақсылыққа шақырып, үміт тастап отырады.

Міне, осы романтикалық сыр жазушыдан ерекше жазу тәсілін талап етіп, тудырған тәрізді. Осы романтикалық пафос өзіне сай тіл сөз кестесін таптырған. Роман тілі әсерлі, көтеріңкі көркем тіл. Қайғылы, жүрек тебірентетін кезенді суреттегенде, адамның қуаныш, қасіретін, ренішін, ашуын көрсеткенде жазушы желпінің, әсерлі сөзбен нысанаға дәл тигізді. Оқиға ішіне өзі араласып, кейіпкерлермен бірге сүйініп, не реніш білдіріп, не күйініп отырады.

«...Үй ішінде Мағаш жалғыз сарылған, көптен жалғыз. Бұрыштағы биік төсекте жан ағасы, ғазиз жаны жатыр. Соның күйінен басқа дүние Мағашты алаң ете алмайды, елең еткізе алмайды».

Не болмаса:

«...Соның артынан, ұзақ түннің бояу таңы жаңа сызат беріп ата берген шақта, Әбіш үзілді. Ешбір қыбыр еткен белгі, қиналған шырай байқатқан жоқ. Көптен бері барлық пен жоқтық арасында жатқан аяулы жан, өмір шегінен баяу ғана, ақырын ғана өтіп кеткендей».

«Жан ағасы», «аяулы жан» деп жазушы сырлы сөзбен әсерлеп, өз жүрегінің қайғысын қағаз бетіне бірге түсірген. Эпопеяның тілі өте бай. Қазақ тілінде адамның ішкі өмір дүниесін суреттеп беруге болатындығын Әуезов осы «Абай» романында дәлелдеп шықты.

Енді романның композициясы туралы бірер сөз.

«Абай» романының композициясы — тартыс жемісі драмалық заңымен құралған. Драматург Әуезов араласып, тартыс біртіндеп өсіп, ең жоғарғы биік шыңына жетіп барып шешіледі.

Гоголь тегін айтпаған болар: «Роман — эпопея емес. Қайта оны драма деп атау жөн... Мұнда да драма сияқты адамдар бірімен бірі тығыз байланысқан. Негізгі оқиғаның ішінде тірі адамдардың әрекетімен бірлесіп, драма тәрізді шырқай береді...» — деп.

Бұл үзіндіден біздің ұғатынымыз: Гоголь роман ком-

позициясын шебер түсінген. Кейіпкерлердің портретін, баяндамалы жаратылыс суреттерін алып тастағанда — әрбір романның сюжеті етіп сылып тастаған сүйектей драманың негізгі қаңқасын беруі керек.

«Абай» романының әрбір кітабында драмалық заңмен құрылған композиция бар. Әр кітаптың тартыс шыңы — кульминациясы бар. Оқиға шарықтап, тартыс біртіндеп дамып барып шешіледі.

Бірінші романда — Абайдың балалық шағы, тәрбие алған ортасы, ХІХ ғасырдағы қазақ даласының әлеуметтік жағдайы суреттеледі. Бұл бірінші романда Абай әлеуметтік өмірге қайнасып, маңына Дәркембай бастаған еңбекші бұқараны жинап, солар үшін әкесі — феодал Құнанбаймен айтысып, екеуінің арасы бұзыла бастайды. Бұл — романның коллизиясы, ал интригасы — Тоғжанға ғашық Абай арманына жете алмай, қапыда қалады.

Екінші романда — Абай өсіп, зұлымдыққа қарсы күреске түседі. Миы толып, бұғанасы қатып, ел ішінде әділ Абай деген атаққа ие болады. Бірінші кітапта соңына ерген, Дәркембай бастаған топ бұл екінші романда, Абайдың әділ күшімен Тәкежанды жеңіп, «егінінін» пұлын төлеттіреді. Бұл коллизия. Интрига саласында Абай ақындық тұғырына мінеді. Пушкиннің әсерімен поэзияда іздену жолына түседі. «Евгений Онегинді» тануы оның биік асуы болады.

Үшінші романның биік шеңбері — Абайдың үстінен арыздар бойынша «жандарал» кеп тексереді. Абай басына қара бұлт төнеді. Тәкежан, Оразбайлар Абайды құртпақ болды, бірақ бұл жолы жатақ кедейлері, қалың бұқара болысып, «пригауар» түсіріп, ақын ағаны ақтайды. Бұл — коллизия. Ал интрига ғып Абайдың ақындық жолын алған. Мектеп жасап, қанатты жырды, ұшқыр әнді қазақ даласына таратқан ақын, өзіне Дәрмен сияқты шәкірт табады.

Енді төртінші романдағы оқиғаның даму шыңы боп, Абайдың өміріндегі трагедия алынады. Ақыры кеп, аңдыған жау ақынға қастық жасайды, құртпақ болады. Бірақ, Абайдың салған жолы, әділет аты, бүкіл қалың бұқараның арасында таралады. Абайдың ісі — болашаққа, игілі іске жол ашады. Бұл коллизиядағы биік белес, ал интригада Абай — философ, Абай — ақын өмірді тереңнен танып, өлшем баға береді. Ойшыл ақын өмір сырына түсініп, нелер өткір, шешен өлендермен келешекке ой тастай-

ды. Бұл романда Абай — философ, Абай — ақын, жақсы көретін ұлын жоғалтады.

Ал барлық төрт кітапты тұтас алып, Абай өмірі деп қарағанда, роман-эпопеяның кульминациясы боп, бір-ақ оқиға алынған. Ол Әбіштің өлімі, Абайға жасалған қастық. Бұлар Абай өмірінің ең күйінішті, қайғылы күндері. Осыдан кейін ақын түзелмей, «жалтыр биік басына жалғыз шыққан, зәулім өскен алып шынар құлап», бір жола көзін жұмады.

Роман-эпопеяның мұндай композициясын шеберлік деп табамыз. Бұған жазушының тіл орамы да, ой шеңбері де, оқиғаның молдығы да жеткен.

Романның композициясы ешқашанда баяндау арқылы қатты тартылмайды. Суреттеу жүйесімен, оқиғадан оқиға туса ғана шиірлене тартылады. Әдетте бұл тәрізді сюжет-роман бір оқиғаның үстіне құрылған қысқа мерзімді повесть-роман да болады. Ал бұл сияқты эпопеяда суреттерді кинематографияның лентасындай тізбектеп, бірінің артынан бірін сығылыстыра берсе — бір халықтың өмірін кең түрде көрсетуге бола ма?

Әуезов бұл жөнінде екі түрлі тәсіл қолданған. Біріншіден, баяндау мен суреттеу түрі қатар алынған. Баяндау суреттеу тәсіліне ылғи бағынышты құрылған, кейде кейіпкерлердің ойы есебінде (внутренний монолог), енді бірер жайда жазушы өзі баяндап беріп отырады.

Романда эпопеялық сатыға көтеріліп тұрған тағы бір ерекшелік — диалогты құра білу.

Диалог үлкен шеберлікті керек қылады. Романда екі адамды күндегі өзіміз естіп жүрген сөзімізбен сөйлетіп қойсақ — ол шығарма көркем әдебиеттің қатарына апарар ма еді? Бұл бір. Екінші жағынан, кітап тілімен тым ақылды етіп көрсетпек — о да жағымсыз болмай ма?

Диалогта шаманы байқап, өлшей білу керек. Әр адамның тілі бар және де дер кезінде тоқтау деген бар. Нәр жоқ, ретсіз соза берсе — оқушы тез жалығады. Осыдан кеп сұрықсыз, дәмсіз шығарма туады. Диалог деген оқиға жемісін әрі қарай шиеленістіретін себепкер.

Міне, осы тұрғыдан қарағанда «Абай» романындағы диалогтар оқиғаны әрі дамытып отырады. Жазушы кейіпкердің сөзін бастан аяқ тәптіштеп қағаз бетіне түсірмейді. Ең жанды жерін береді де сөз жалғасын автор өз атынан, мазмұнын ғана баяндайды.

Романның бағасын көтеріп тұрған қасиеті — өмір

танырлық маңызының зорлығы. Бүкіл қазақ халқының салтын, әдет-ғұрпын осы романнан білуге болады. Шығармада халық тарихы жатыр. Осы арада Белинскийдің айтқан бір сөзі еске түседі. «Искусство сынға айналды, сондықтан онда білім-тану пафосы басым. Біз жалғыз ғана ләззат алмай — білгіміз де келеді, білімсіз бізге ләззат жоқ».

Белинскийдің осы сөзінен кейін жүз жылдай уақыт өтті. Қазіргі социалистік заманның оқушыларына білім-тәрбие беретін, эстетикалық құмарлығын басатын көркем шығарма керек. «Абай» романының салғаннан дүние жүзінің әдебиет жұртшылығына тарап, өзіне қарай тартып әкетуі де осыған байланысты. Романда білім беретін, ой салатын жағы көркемдік жағымен тең түскен.

«Абай» эпопеясының шеберлігі қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл совет әдебиетінің көлемінде мақтанарлық еңбек. Біз осыған қуанамыз. Чехов айтқандай: «Бөтен адамның жетістігіне қуана білмеген адамға әлеуметтік өмірдің мақсұты да жат».

Әдебиетімізде бәйтеректей жоғары көтерілген «Абай» романының стиль шеберлігінен жастар үйреніп, үлгі алып, социалистік өмірімізді суреттеген тамаша романдар береді деп сенем.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ СТИЛІ ТУРАЛЫ БІР-ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

«Стиль — бұл адам» деген үрім жұрттың тауып айтылған мағыналы сөзі, бүгінде де ескірмеген. Талай ғалымдар осы шешен сөздің мағынасына қосылып, жазушының стиліне осы тұрғыдан қараған. Себеп: әр жазушының өзіне тән шеберлік әдісі бар. Әрқайсысының образ жасауы, суреттеу жолы, ой жүйесі, тіл оралымы, сөз саптауы қилы- қилы. Ол адамның мінезінің, ішкі дүние құрылысының өзгешелігіне байланысты.

Расында адам, біріне бірі ұқсаса ма? Жоқ. Өмірде сирек кездесетін егіз кісілердің түр-сипаты қаншама ұқсасқанымен, не даусында, не мінезінде айырма табылмай ма. Ол түгіл бірге туған ағалы-інілі адамдардың қол таңбасы бірдей ме?

Атақты физиолог Иван Петрович Павлов хайуанның жүйке тамырының құрылысын зерттеп келіп, төрт топқа

бөлген. Ішкі дүние өмірін жүргізіп тұратын жүйке біреуде күшті, біреуде әлсіз қызмет атқаратындығын анықтаған. Осы ғылыми қорытындысын ол адам баласына да жатқызған. «Әр адамның жүйкесі өзінше қызмет атқарып, бірін өмірде тұрақты етіп, екіншісін жігерсіз, төзімсіз ететін де осы жүйке», — деді Павлов. Адамның мінезі сол жүйкенің сыртқы құбылысы ғана.

Павлов бірінші топқа — өте күшті, жігерлі, бірақ ұстамсыз мінездерді қосады. Оған холерик деп ат қояды. Екінші топқа әрі күшті, әрі тұрақты, мінезі салмақты адамды жатқызады. Бұған флегматик деп ат қояды. Үшіншіге де мықты, батыл, тез қимылды көтеріңкі мінезді қосады. Оны сангвиник деп атайды. Төртінші әлсіз жасық, қорқақ, табансыз мінезді меланхолик дейді. Бұл мінез түрлі-түрлі болып, талай алуан бұтақтарға бөліне-тін сияқты.

Міне осы түрге қарағанда стиль де мінезге қарай әртүрлі болатын көрінеді. Жазушылардың өмірбаянын оқып карасак: кейбірі көп жазып, көп түзейді, әр сөзін сықтап жонып, әбден пісті дегенде ғана баспаға берген; енді бірі көп жазып, қайта қарауға төзімі жетпей, шикілеу етіп баспадан шығаруға асығады. Ал енді бірі тез, жылдам жазады да, екіншісі — шабан, баяу жазады. Осы айтылған жазушы басындағы ерекшелік стиліне де із қалдырып, сөйлем құрылысына әсерін тигізеді.

Алдымен жазушының стилін сөз қылғанда: «Бұл Мұхтарша жазбайды» деп, болмаса «Ғабитше жазу керек» деп ұран тастауға болмайды. Әрине шебер жазушыдан үйрену мәселесі бар. Ол өз алдына. Онда ерекшелігін айта келіп, оқу, тәрбие алу мәселесін кеңірек қойып, еліктеп меңгеру мәселесін жүктеу керек. Тарихта қандай үлкен жазушы болсын, оқып, меңгеріп, өзінше жазған.

Қазақ әдебиетінің проза жанры соңғы қырық жылда өсіп, дамып, дүние жүзі әдебиеті деңгейіне көрініп отыр. Біздегі басты жазушылардың әрқайсысының өзінің стилі бар, сөз саптауында, ой-жүйесінде образ жасауда ерекшелігі бар.

Бұл жөнінде алдымен сөз қылатынымыз Мұхтар Әуезов — 50-ге жақын жыл әдебиетте еңбек сіңіріп отыр. Үлкен табыспен халықтық мұра беріп, қазақ әдебиетін биік бір белеске шығарды. Әуезовқа дейін біздің тіліміз қандай еді, қазір қандай? Біз «Абай» романын талдағанда қазақ халқының өмірін кең арнамен берді, ұлт досты-

ғын жақсы көрсетті, Абайдың қазақ еліне берген әсерін толық берді, деп романның идея жағын, образды жасалуын сөз қыламыз. Бірақ сонымен қабат, стиль өзгешелігін ашуда жөнді пікір айта алмадық. Біз «Абай» романының тіліне қызығамыз да, солай жазғымыз да келеді, бірақ шамамыз келмейді. Сол жазушының тапқан әдісін, шеберлігін толық білмейміз. Оны зерттеп, кеңінен ашқан адам жоқ.

Біріншіден, Әуезовтің тілі — бай, орамды, мағыналы тіл. Әуезов «Абай» романында жан-жүйесін, ішкі-дүние құрылысын келісті, ұғымды берген. Жан құбылысын беруден шебер әдіс тапқан. Біздің бұрын бара алмай, айта алмай жүрген жан құбылыстарын батыл, айқын, түсті кестемен қағаз бетіне түсіре білген. Оған тілі де, ойы да жеткен.

Бір сурет: «Өмір де бар саладан басқаша. Бұның сұңғақ бойына, ашаң сұр жүзіне ерекше жарасқан атлас, батсайы, тоты ренді киімі бар. Қысқа ғана қою қара мұртының арасында жіпсіген тер көрінеді. Нұрлы жүзі, үлкен көзі, ұялы аясымен Үмітай жүзіне табына қарап қапты. Жан біткенге бұрылмай қадалып қалған. Әнін бір Үмітайдың өзіне бағыштайды. Қыз аппақ тісін аша түскен. Қуана күлген күлкілі еріндері қып-қызыл қалпында сәл діріл қағады. Қасы мен көзін Әмірдің жүзіне қиғаштай бұрып, ол да жүз аудармай, балқып келеді.

Екеуінің біріне бірі жан бергендей ден қойған қазіргі сәтінде енді бір қозғалысқа мұршалары болса, ол үнсіз қатып сүйісіп қалу болғандай. Ең алғашқы асықтық құшағының ес дәрменді ал кетер, ең бірінші ыстық сүйісі ғана боларлықтай.

Ербол бұл екеуін сыртынан көзбен бағып ұзатып тұр. (Абай», 11-том, 224-бет).

Қандай шеберлікпен берілген әдемі сурет. Жастықтық толқынды, құбылмалы бір кезі көз алдына келеді: өзін ішінде жүргендей, өз көзімен көріп тұрғандай бар жан-тәнімен сүйсіне танданасың. Жазушы жарқыраған ашық бояумен сырт көрінісін, ішкі сырын ақтарып, түрлі құбылысымен берген. Мұндай оқиға романда жиі кездеседі. Әуезовтің прозадағы стилінің салмақты орны, өзгешелігі осында.

Екіншіден, Әуезовтың прозадағы бір орны, салмағы, халықтың әдет-ғұрпын, салтын, үй-тұрмысын, сауық кешін аса келісімді суретпен, оқиғамен көрсеткенінде. Ел

тұрмысында бұрынды-сонды болған салт-ғұрыпты, жинап-теріп образдар басында, оқиға желісінде көрсеткен.

Осы күнгі жастар түгіл, мосқал орта жастағы біздің де білмейтін салт-ғұрып романда жиі кездеседі. Келешектегі жастар халық өмірін осы роман арқылы оқуы сөзсіз. «Абай» қазақ халқы өмірінің энциклопедиясы десек қателеспейміз. Мұхтардың ой-өрісінің кендігі сондай, оның әрқайсысына тиісті орын беріп, бояу тапқан, бейне, әсерлі сөз, келісімді тіл орамын қолданған. Қеліншек түсу, шілдеқана, өлік шығару, ас беру, өлген адамға қара ту тігу — алуан түрлі халық дәстүрін берген. Аңшылық, бүркіт салу, тазы қосу сияқты серуен өнерді де толық суреттейді.

Бір үзінді: «Қиядағы түлкіге екпіндеп ұшып, іліп түсудің орнына, төменнен жер бауырлап келеді. Қос қанатымен тас соға жаздап, ауыр салмақпен салпылдап ұшып, сабаланып келе жатыр... Үш аңшының арасында арқан бойындай-ақ жерде әлі қашпай, қия таста бүркіттің тақағанын тосып тұрған ақшулан, ендігі әлсіреп, жаяулап, тақап қалған бүркітті артына тастап, шәрші өрге қарай иреңдеп ытқып жөнелді. Бұл уақытқа дейін титықтап, жаяулап келген қарашолак, енді түлкіні қуа алмады. Жаңа түлкі қашқан тасқа зорға жетіп жалп етіп қона кетті.

Тұрғанбайдың Қарашолақтан алғаш опық жегені осы еді. Аттан түсе қалып, ери жауып тұрған күйсек қарды қолымен сығымдап бір кесек құрттай көксоқта жасады. Соны қарашолақтың көмейіне еріксіз жұтқызып жіберді. Қыранның жемсауынан ұзақ сығымдап жаңағы көксоқтаны сыртынан мытығандай боп отырып, түгел езіп сіңіртті де Абай мен Ерболға үн қатпай, жөн айтпай атына мініп алып, жүріп кетті.» («Абай», 248-бет.)

Көксоқтаны қыранға жегізген аңшы әдісін тауып орынды берген. Аңшы болмаса мұны кім біледі. Кімнің есінде. Оқиға арқылы бүркіттің ауруын, аңшының емін құрғақ баяндамай, әсем сурет арқылы берген.

Үшіншіден Мұхтардың прозадағы тұрақты орны — геройлардың түр-сипатын, кейпін оның көз алдына елестетіп, репиндік бояумен, қылқаламмен жазған.

Абайдың роман желісіндегі бір көріністегі тұлғасы мынау:

«Екі жігіт жасаулы кең үйдің ортасына топсалы, дөңгелек үстелді әкеп жазып қойып, шамды осы араға орнат-

ты. Саптама етігін тастап, мәсішең отырған Абайдың шынтағында үлкен құс жастық жатыр. Қымбат қалын драптан тіккізген, ноғайша пішілген тік иық сұр бешмет, Абайдың омырауы ашылып, көлденеңнен созылыққырап жатқан бойына жарасып тұр. Ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткенің төсінде алтын баулы сағат көрінеді. Басында тымақ жоқ. Базар қолды тікше келген, ұнамды қара қатипа, тақасы бар. Абайдың маңдайы жазық, кең. Тымақ астында, күн мен желге тимей жүргендіктен, аппақ екен. Бірақ, мұрны, бет-аузы аса қатты тотыққан. Жылтырап ісінгендей, қарауытып тұр. Көзі көп жылаған кісінің көзіндей, еттері ісініп, қызара жасаурап қалыпты («Абай» 283-бет.)

Не болмаса: «...бұрынғы кішілеу келген қырлы мұрны қазір аз көтеріле түсіп, ажары жарастықты кескін тапқандай. Көздерінің ақ қарасы айқындалып, бар шарасы да ұялы салмақты бопты».

Оқушы көз алдына Абайдың түр-сипатын, Тоғжанның кейпін қабырғаға іліп қойған сурет сияқты емес, бүкіл бет құбылысын ой салған ізінде, толқын ырғағында береді. «...Ұстамды салқын сұлу болған Тоғжан. Ой ма, өмір ме, арман ба, әйтеуір бірі табын салған қазір Тоғжан жүзінде Абайдың қиялынан бірде бір шақ кетпейтін, ел-біреп толқын, лезде келіп, сәтте қайтып тұратын қызыл арай рені жоқ.» («Абай» 283-бет).

Бұл арада айта кететін бір ауыз сөз: герой кейпін, түр-сипатын әр жазушы әр түрлі жасайды. Бірсыпыра жазушылар бір-ақ сызықпен ойда қалатындай етіп, таңба салғандай етіп қағазға түсіреді. Бұл стиль Мұхтарға лайық емес; оған қонымды түр-сипатты текшелеп, жаң-жағын жұмырлап, көлемді етіп беру. Жазушының стиліндегі өзгешелік осы. Роман ішіндегі дәуірдің лебі де, жемісі де, ырғағы да осындай сөз саптауын, сөз кестесін керек етіпті. Бұл роман стилі сол дәуірге сай туған. Мысалы азамат соғысының дәуірін тап «Абай» стилімен жазуға болмайды. Соғыс ырғағын лепірме, серіппе, шиыршық атқан стильде беру қажет. Дәуір де соны тілейді.

Мұхтардың стиліндегі бір елеулі ерекшелік — суретті өте ашық бояумен береді. Біріне-бірі қарама қарсы контрасты, айқын қойып отырады. «Аппақ маңдай, қып-қызыл бет», ала көз, қою қасты», «сары мұртты», «қара сұр», «ақ сұр», «көкшіл көлеңке», «қара шапан», «көк тұман», «қызыл арай», «ақ көйлек», «қара жилетке», «арғымақ-

тай қара қасқа»,— деген сияқты ашық айқын бояуды қолданады.

Әуезовтің стиліндегі үлкен орны — сөз саптауында, сөйлем құрауында, қазақ тілін дамытудағы игілікті ісі, жаңадан ашқаны осы жағында деп білеміз.

Осы өзгешелікті айтудан бұрын, еске алатын бір ой: біздің қазақ тілі жүйеге салынып, қалыпқа келген тіл емес. Бай, өскен орыс тілінің өзі осы күнге дейін әлі де ізденуде, көп мүмкіндік табуда. Әр жазушы алуан түрлі өрнек іздеп, өзінше үлес қосуда.

Қазақ әдебиеті Абайдан бері анағұрлым алға кетті. Дамыды, жаңадан сөз қосылды, жаңа ұғым пайда болды. Әйтсе де қазақ тілінің мүмкіншілігін толық пайдаланып, сөз ережесін ақылмен кеңіте алмай жүрміз. Халық тілі таусылмайтын қазына, мұра екен. Дәл шахматтың комбинациясындай өмір бойы орын тауып ауыстыра берсе, ізденсе сөз кестесі бітпейді екен, табыла береді екен.

Бұл жөнінде Әуезов батыл кірісіпті. Халық тілін жақсы біле отырып, соның байлығын пайдалана біліпті.

Қазақ тілінің бір өспей қалған түрі — көмекші етістікпен сөйлейді: «отыр, жатыр, тұр, жүр етістіктер негізгі етістіктерге қосылып көмекшіге айналады: «келе жатыр, келіп отыр, келіп тұр, келіп жүр». Бұл көмекші етістікпен сөйлеу тілдің байлығын көрсетпейді, сөйлем құрылысының аяғы ыңғай «жатыр, отыр» мен бітсе, құлаққа да жағымды емес. Мұхтар Әуезов осы көмекші етістіктермен сөйлеуді азайтқан. Ретті жерінде қолданбай, жаңа жол тапқан. Орыс әдебиетінің үлгісімен өткен шақпен жазған. «Оқшау тігілген ақ үйлердің маңынан аулағырақ жерде бір топ қара үй, бас түйістіріп кеңескендей, аз ғана алға бүрісе қоныпты».— дейді. «Аз ғана алға бүрісе қонып отыр» деудің орнына. Бұл арада жазушы әдейі «отырдан» безген. Біздің жас жазушылар өткен шақпен жазудың орнына көбінесе осы шақпен әңгімелейді де көмекші етістіктен ешқайда құтыла алмай қалады.

Әуезовтің тіл кестесіндегі бір тапқан жаңалығы — сөзді түбірімен пайдаланады. Қазақ көбіне етістікпен сөйлеп, сол етістікті көбірек қолданып жазады. Әуезов сөз түбірінің сөйлемдегі заңды орнын берген. Сөз түбірін сол қалпында қолданған. «Үлкен ыза бойын буып келген Қаратай, Құнанбайға аса бір салқын, зілмен сөйледі»— осы сөйлемді әдетте былай құрып жазамыз. «Қатты ашу-

ланып келген Қаратай Құнанбайға зілденіп сөйледі». Мұндағы «ыза, зіл, салқын», бәрі де өз орнында, келісті Сөйлем маңызын күшейтіп, геройдың ішкі дүниесін толығырақ беріп тұр.

Немесе: «Көп жылдар, ұйықтап қалған ашуын, зәрін өзі тұтатып алғанда сезді», дегендегі: «ашу, зәр»; не болмаса «қасындағы Зылиханы киім-кешектерімен үйге жіберіп, өзі әдеттегі сыпайы, биязы қозғалысымен Абайлар қасына кеп, ауыл амандығын сұрады». Осы сөйлемді былай құрмаймыз ба. «Қасындағы Зылиханы киім-кешегімен үйге жіберіп, өзі әдеттегідей сыпайыланып, бияздана қозғалып, Абайлар қасына келіп ауыл амандығын сұрады». «Сыпайыланып, бияздана қозғалып»— деген үш етістікті қатар жазып күшейту ретінде аламыз.

Шынында реалистік жолындағы әдебиет әрбір сөзді нақты қолданып, сөз маңызын арттырмай ма? Жәнеме Мұхтар алған «сыпайы, биязы» қазақтың әдемі сөздері өз түбірінде тіптен құлаққа жағымды емес пе. Сөйлем ішінде гауһардай жанып, жарқырап тұрған жоқ па.

«Абай» романындағы көп кездесетін тағы бір ерекшелік: етістіксіз сөйлем құру. Бұл — етістіксіз сөйлем романның ұзақ бойында талай кездеседі. «Топтың алды — сұңғақ бойлы, шоқша жирен сақалды, орақ тұмсықтау келген қызыл сары жігіт — Байтас». Осыны «топтың алдында келе жатқан сұңғақ бойлы, шоқша жирен сақалды, орақ тұмсықтау келген қызыл сары жігіт Байтас еді», демейміз бе.

Не: «Домбырасы да үлкен, үкілі, салдырмақты, моншақты» дегенді: «домбырасына үлкен үкі, сылдырмақ моншақ қадапты» деп жазбаймыз ба. «Айнала елсіз, жат», «көз алдында шын ашық, ынтызар жүздері», деген сөйлемдер етістіксіз де құлаққа жатық. Сөйлем ықшамды, көркем.

Жазушының үлкен табысқа жататын тағы бір жаңалығы — құрмалас сөйлем құруда. Қазақ әдебиетінде жалтартпайтын бір ереже: құрмалас сөйлемде бастаушының сөйлем басында тұруы. Мұны Мұхтар ауыстырып, орыс тілінің сөйлем құрылысындағы өзгешелігін пайдаланған,—«ара ағайын сәлемі мен өтінішін, Абай Сүгірдің өзіне, Әкімқожаға жолдаған». Осы қазақ тіл құралы бойынша: «Абай ара-ағайын сәлемі мен өтінішін Сүгірдің өзіне, Әкімқожаға жолдаған» делінеді.

Тағы да бір мысал: «Қайғы үсті болса да Абай Қара-

жанды сынамай қала алмады». Орысша аударсақ: «Не смотря на горе, Абай не мог не относиться критический к Каражан» деп құрылады ғой. Осы жоғарғы сөйлемде құлаққа түрпідей тиіп, өрескел көрініп тұрған не бар? Қайта жазушы бастауыш пен баяндауыш арасын жақындатқан, ұғымға жеңіл болу жағын ойлаған. Бұл сәтті табыс.

Сонымен Әуезовтің стиліндегі үлкен орны — сөз саптауында сөйлем құрылысында; қазақ тілін дамытудағы игілікті ісі, жаңадан ашқаны осы жағында деп білеміз.

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ РОМАНДАРЫ ЖАЙЛЫ

Сәбит Мұқанов — екі дүниенің тартысып кеп шиеленіскен торабында туған жазушы. Бүкіл Россия, ескі дүние күйреп, тірлік, жаңа дүние жас нәрестедей шырылдап «мен мұңдалап» қолын бұлғап шақырып жатқан кезең еді. Осы жаңа дүниені жырлаған Сәкен Сейфуллин бастаған ақындар тобында мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан Сәбит Мұқанов та бар еді. Ол жаңа дүниенің әуеніне үн қосып, алаңсыз, бұлтақсыз беріле келді. Бар даусымен Ленин жолын, Ленин құрған партияның кемеңгер ісін жырлай келді. Ол «махаббат», «гүл» деудің орнына «Октябрь өткелдері», «Жүйткі, қара айғырым» деп нәзік жырдың шеңберін бұзып түйдектеген өткір ой, жалынды сөзбен алға құлаш сермеді. Сәбит ақын атанды. Ақын Сәбит, жазушы Сәбит атанды. Онға жуық роман жазды...

Роман жазу жалғыз адамға үй салумен бірдей, ерінбейтін қажымайтын еңбекті керек етеді. Жазушы бір жағынан үйдің жоспарын сызатын архитектор болса, екінші жағынан сол үйді салатын іші-тысын әшекейлеп, киюын табатын ісмер де, инженер де өзі болуы керек. Онсыз күмбез үйі қой қора, немесе қолдан соққан саман үй боп шығуы мүмкін.

Жалғыз адам үй салуға қанша ақыл тауысып, күш жұмсаса да романға да сол сияқты қиялдың байлығы, ойдың деректігі, тілдің үшкірлігі керек. Есте қалған көргенді жинап, күшейтіп орта қолды бір роман жазу кейбіреудің қолынан келеді. Бірақ роман артынан туып, сол жанрды тереңдету, меңгеру жазушының күшін қуатын көрсетеді. Кейбір жазушылар романға көшкенде қабілет, қуатын сақтап шаршаған аттай, шоқақтай береді де, енді бір бе-

лестен белес асып, құлашты сілтей түседі. Сәбит әлі тоқтаған жазушы емес бүгінгі өмірдің алдыңғы қатарында озып жүрген жүйрік жазушының бірі. Сәбит Қазақстан даласын аралап, тың жайында роман, очерктер, Шығысты аралап очерктер жазып, бейбітшілік үшін күресіп жүр.

Сондықтан да Сәбит Мұқановтың творчествосына, қала берді стиль өзгешелігін сөз қылғанда орныққан, кемеліне келген жазушы деген тұрғыдан қараймыз.

Соңғы жылдары Сәбит Мұқановтың «Тыңдағы толқын» атты романы сәтсіздікке ұшырады деп сын айтып жүргендер бар, бірақ сол романды талдап, бақайшағына шейін шағып, кемшілігін көрсеткен сыншы жоқ.

Кейбіреулер осы «Тыңдағы толқын» тым тез жазылды, соның өзі роман санатына нұқсан келтіреді дегенді айтады. Мәселе тез жазуда емес, жақсы шығарма аз мерзімнің ішінде де туады. Стендаль «Парм монастырін» 54 күнде жазған, ал Флобер «Саламбоны» 20 жыл жазған, бірақ «Парм монастырі» қай жағынан болсын «Саламбодан артық тұр. Жылына бір түгіл екі роман жазуға жазушының уақыты жетеді. Джек Лондон 24 жасынан бастап жаза бастаған да қырық жасына келгенде, 16 жылдың ішінде 50 кітап жазған. Сонда жылына үш кітаптан шығарып отырған, ал Эмиль Золя да жылына екі кітаптан шығарып отырған, бір күнін бос жібермей ең аз дегенде 3—4 беттен жазған. «Жоқ, біз бұған қосылмаймыз, олар дара туған данышпан», дейтіндер де бар. Бірақ мәселе данышпандықта көрінбейді, ерінбей еңбектену білуде екен. Жазушы күніне 3 бет қағазды қалай болса солай жаза алады, таңертеңнен бос жүргеннің өзінде де кешке үш сағат уақыт бөлуіне болады. Сол әрбір үш сағатта үш бет жазуға болады. Сонда 24 күнде 70 бет жазады екен, алты айда 432 бет болады. Бұл жылына бір томнан деген емес пе. Сол сияқты поэма да үлкен еңбекті төзімділікті қажет етеді. А. Пушкин 37 жасында 11 поэма жазған, соның біреуі өлеңмен жазылған роман. Біздің мәдениетіміз жетпейді, өзімізді ноқталап ұстап, бейімдеп отыра алмаймыз, тиіп-қашып жазамыз. Гәп сонда. Сәбит «Тыңдағы толқын» романын тез жазып еді, сондықтан сапасы нашар шықты, нашарлығы сол — баяндау түрінде жазылған, сурет (картина) аз деген пікірді айтады. Аңада Ашхабадта өткен мәжілісте сыншы Дорофеев Мұқановтың бұл романы жөнінде «тым қатал сөз айтып жүр-

міз, шынында да сондай құлдырап кеткен дәненесі жоқ»,— деді.

Шынында романның кемшілігі сол баяндау түрінде жазылғанында емес, роман Дорофеев айтқандайын «қатал сөзді көтеретін де шығарма емес», қалыпты Сәбит шығармаларының стилінде туған романның бірі. Әрине әдебиет жұртшылығы Сәбитке үлкен талап қойып, қиядан қиып, қисынын тапқан роман күтетін болар, о да заңды. Геройды жазушы өмірден тауып алған да со қалпында шығармаға енгізе қойған. Сондықтан көп өмірдің ретографиясы ғана болып шыққан. Тұлғаларды тереңдетіп, толқынды тұлғаның қатарында берілмеген. Кемшілік осында. Силь, композиция, оқиға жағына келсек романда ол жағынан қиыспай жатқан ештеңе жоқ.

Ал роман баяндау түрінде жазылды деген сөз — әдебиетші адамның сөзі емес. Баяндау түрінде жазу — бұл әдебиеттегі өз алдына бір стилдік тәсіл. Атақты Мон Фейхт венгер өмірбақи сол баяндау түрінде жазып келеді, одан ол әлсіз жазушы болып есептелмейді. Қайта Сәбит романдарының стилдік ерекшелігінің бірі осы деуге болады. Сәбиттің ең үлкен романдары «Өмір мектебі», «Ботакөз де» де осы баяндау түрі басым. Шынында Сәбит романдарының бірінші бетін ақтарғанда-ақ алдыңнан жазушының өзі шыға кеп барлық оқиғаның даму желісінде бірге қатынасып, кейіпкерлермен өзі таныстырып баяндап отырады. Кей жазушылар оқиғаларда өзі көрінбей кейіпкердің көзқарасы, соның ұғымы арқылы береді. С. Мұқановтың бірінші романы «Адасқандар» кейіпкердің аузымен жазылады. Мұның бәрі әдебиеттегі стилдік түрлі тәсіл. Әркім әртүрлі тәсілді қолданады. Онда не жаттық бар. Көркем әдебиеттің атам заманнан бергі ұстаған қағидасы — қалай жазсаң солай жаз, бірақ түсінікті, сенімді ғып жаз. Батыстағы көркем сөздің шебері — Флобер Марикурға жазған бір хатында: «Сіздің әңгімеңізге сену қиын, оқиға характерден еріксіз тумайды, немесе характер сол оқиғаны жасай алмайды дейді. Бұл сөзде көп ой жатыр. Шығарманы оқығанда оқырмандар сеніп отырса, жазушының ұстаған тәсілі де дұрыс табылған деу керек. Бұл жағынан келгенде Сәбиттің романдарындағы баяндау тәсілі негізгі көркем идеясын оқырмандарға жеткізуге нұқсан келтірмейтін сияқты. Шытырман тартымды оқиғаны жаңағы Флобер айтқан «характердің өзі жасап» отырады. Шым-шытырық қиян

кескі оқиға. «Балуан Шолақта», «Ботакөзде», басты кейіпкерлердің — Шолақ пен Амантайдың іс әрекетінен туып отырады. Сәбит стилінің табиғи екінші бір ерекшелігі — қызықты шытырман оқиғаны сюжет желісіне орналастырып дамытып өсіре білуінде, сюжет құру заңын жақсы білетінінде дейміз.

Роман деген әрқашанда сюжетті шығарма, сюжет романың арқауы, әлеуметтік өмірдің шындығын түйіндеп, сала-салаға бөліп тұлғаның ішкі өмірін ашатын да осы сюжет. Олай болса романда сюжет желісі солғын тартылып, шолтандаған бірінен соң бірі ауысып отыратын суреттен құралса, ол әлеуметтік маңызы бар шындықты жан-жағын қамтып, терең көрсете де алмайды. Сәбит романдарының ұтымды жағы да осы оқиғаны дамыта беруінде.

Бұл жөнінде Гетенің айтқан сөзі осы күнге дейін өзінің бағасын жоғалтқан жоқ, ақылды айтылған сөз. Гете: «Романда ең алдымен ой мен оқиға берілуі, ал драмада мінез бен қылық көрінуі керек» — деген. Сәбит романдарында шым-шытырық оқиға еліктіріп, әрі қарай тартып отырады. Әрине оқиға қуалап, шындықтан алыстап кетуге тағы болмайды, өмірде болатындай, болғандай етіп жазса, оқырмандар нанып, сонда ғана әсер алады. Жол жөнекей осыған байланысты айта кететін бір сөз Сәбиттің кейде оқиға қуалап кететінінде болатын көрінеді. Мысалы: «Сырдарияда» сом балық баланы жұтып қояды. Оқырмандар жүрегі өте нәзік, сыншы халық бір титімдей сөзден көңілі қалса болды, нанбайды да, оқымай да қояды. Бұл жағына өте сақ болуы керек.

Сәбит романдарының үшінші бір ерекшелігі — тілі жатық (простота) қарапайым, оқырмандарға түсінікті. Сәбит тілінде мәнерлеу, әдейі әдемілеу, өңдеу жоқ, ойын ашық жеткізеді. Әрине көркем әдебиеттің құралдарын теңеу, әсерлеуден қашып газет тіліне қарай жақындатса, жазушы ұтылады, бірақ Сәбит белгілі ережеден шығып кетпейді.

«Асқар үйге кіріп келсе, Байсақалдың оң тізе жағында: үстіне сарыға бояған ешкі терісінен кестемен тіккен құндыз жағалы тоны бар, кестелеген айыр балақ кеңтері шалбары бар, басында шұғамен оюлаған айыр ақ киіз қалпағы бар біреу отыр». (III том, 154-бет.) Немесе: «шекпен, тымақ, кісе шақша бесеуін апарсаң әрі қымбат сыйлар болады, әрі патшаның алдында өзінің қазақ еке-

нінді танытасың» деген. Ояздың айтуымен ұстаға тамаша ғып қошқардың мүйізінен ұзындығы кезге жақын шақша істетіп, мәнерлерін алтыннан орнаттырған едім», (III-том, 184-бет).

Осы үзіндінің өзінен-ақ Сәбиттің сөз саптамы бай белгілі — жатық ұғымды ауылдағы жігіттердің әңгіме айтқандағы тіл орамы сияқты. Сәбит сөзді үнемдеп, талғап, екшеп қолданбайды, армансыз шұбыртып отырады. Жоғарыда алынған үзіндіде де «ұста» демей зергер деп алса, «мәнерлеп алтыннан» демей, «алтынмен нақыштаған» деу Сәбиттің қолынан келген болар еді, бірақ жазушының төселген әдісі оған жібермейтін тәрізді.

Сәбиттің сөзуар әңгімешінің стилінде жазушының өзі қазақ прозасының өзіне тән халықтың ой жүйесін, сөз саптамын пайдалану деген сөз. Қазақ әдебиетінде проза жанры кешеу туды. Сондықтан Сәбиттің сол халық ішіндегі сөзуар әңгімешілерінің тәсілін өзіне жаратып, соны әрі қарай өсіруі, тереңдету жазушының шын табысы болып табылады. Осыған тағы бір дәлел: «Мен бұл үйге Жүніс бар кезде емес, Мұхамметқали бар кезде ғана үйірмін, өйткені Жүніс деген жігіт кісімен аз кеңесетін өзің бір нәрсені сұрамасаң айта қоймайтын, шешіліп сөйлемейтін қалжыңдасуды білмейтін, қабағы үнемі түсіңкі жүретін, көңілсіз жігіт, ал Мұхамметқалидың мінезі ағасына қарама-қарсы, ол қалжыңсыз сөйлей алмайтын, жұғысып кетсе кеңесшіл, сырласа қойғыш, дос бола қалғыш, әңгімешіл ертегішіл, үлкен мен де кішімен де, әйелмен де, еркекпен де, құрбы-құрдаспен де мейлінше ойнақы жігіт»... (II том, 177-бет). Осы келтірілген үзіндіде бірін-бірі мағына жағынан қайталап тұрған артық сөздер көп, бірақ сөз орамы Сәбиттің өзі суреттеп отырған «әңгімешіл, кеңесшіл, ойнақы жігіттің сөз орамы, оның стилі емес пе? Осы стиль айтуға жеңіл, құлаққа жылы тиетін сияқты...

Сәбиттің төртінші бір ерекшелігі ол — жазушы өзінің саяси көзқарасын көркем суретпен тұлға арқылы бейнелеп көрсетпейді, сол жағынан жағымсыз тұлғаларды даттап, жағымды тұлғаны сүйеп, өзінің қарым-қатынасын ашық білдіріп отырады. Оның сипаттауынша Жақын: «барып тұрған тапшыл, революционер, большевик, қажымас қайратты, мұқалмас жігерлі, кристалдай таза адам. Тек қана кемшілігі — оқуы жоқ. Және партизандық шап бермесі бар. (II том, 303-бет). Немесе мысалға:

«Смайл болысындағы Алуай аталатын рудағы Тырнауықтың Рамазаны деген кісіні алайық. Сонша малы бола тұра, үйіне қорқатын біреуі бармаса дұрыстап қонақ асы берген кісі емес. Көп адамды ол үйіне түсірмейді де, егер түсе қалса, айран-шалап сияқты көр-жер тамақпен жөнелтеді. Ол өзгелер түгіл өзіне де сараң кісі, соншалық мал бола тұра жазы-қысы шайды құрт-ірімшікпен ішіп нанды аса қадірлейтін қонақтарына береді... «Мал басы сонша көп бола тұра жылына азғантай ғана соғым сойып, етті күнде емес, анда-санда және табақтап емес турамшылап қана жейді...» (II том, 349-бет). Немесе: «бай құлақтар кей жерде төбелеске біріндеп емес, топтасып та шығысты, көп жерде олар дендеп кетіп отряд адамдары таяқ жеп те қалды...» (II том, 352-бет).

Сәбит жағымды, жағымсыз кейіпкерлеріне бояуды аямай-ақ төгеді. Осы адамдардың тұлғасын Мұхтар оқиға желісіне бас кейіпкердің ұғымы арқылы берсе, Ғабит мысқылдап, ажуалап Жұманды көрсеткендей суреттеп берер еді. Ал, Сәбит ашықтан-ашық өз атынан баяндап, өзінің олар туралы пікірін жасырмайды.

Бесінші бір ерекшелігі Сәбит романдарында қыстырма новеллалар жиі орын алады. Романның жалпы оқиғасына қатынасы жоқ жеке-жеке қызықты новеллалар енгізіп отырды. Мысалы: «Менің мектебімде» Мұхаметтің Мекеден қашқаны, жоқ болмаса, «Сырдариядағы» бала жұтып қойған сом балық оқиғалары оқушыны қызықтыру үшін алған қиыстырма новеллалар. Бұл тәсілді орыс әдебиетінде қолданып жүргендер де бар. В. Қочетовтың «Жастық бізбен бірге» деген романында басты Ольга Колосова өзінің құрбысымен Новгород барады. Сонда жер қазып жатқан археологтарға кездесуі, сонда оның көрген білгенін тәтпіштеп тегіс жазады. Қанша қызықты болғанмен романның негізгі тақырыбына оның қатысы жоқ. Әрине бұл сияқты қыстырма новеллаларды кейбір сыншылар артық деп есептейді. Осы тұрғыдан кезінде Қочетковты сынға алған да болатын, бірақ, меніңше бұл кемшілік емес бұл өз алдына бір тәсіл. Роман желісін шиыршық аттыра тартып, оқырмандарға «енді не болады» екен дегізіп, ынтықтырып келгенде, жалт бұрылып басқа бір оқиғаға көшу, жазушының тәсілі, оған кінә қоюға болмайды. Баяғыда Бальзак, Достоевский салған қалып бар, сол шеңберден шықпай, аударылмай жазу керек деген пікірді қолдаймыз. Жаңа

өмірдің шындығы ескі қалыпқа сыймайды. Өзіне сай түр тауып отыратыны мәлім. Олай болса роман құрылысы да өзгеруі, қаншама түрлі-түрлі үйлер салынып, соншама түрлі-түрлі роман да жазылмақ. Бұған дау жоқ. Романдағы қыстырма новеллалардың жалпы оқиғаға байланыспаса да негізгі кейіпкердің ішкі өмірін жан дүниесін ашуға көмектесе, мақсатын орындағаны.

Ленин көркем әдебиетте «барлық мәселе даралы жағдай мен характерді талдап, сол кейіпкердің ішкі жан дүниесін беруде» деген.

Сәбит романдарындағы адамдардың ішкі рухани өмірін іс, әрекет, тартыс үстінде ашуға бейім, сондықтанда кейбір жағдайларда кейіпкерлері ойланып, толғанбайды, ішкі монолог жоқтың қасы. Алайда жоғарыда айтқандай, С. Мұқановтың стильдік ерекшелігінің өзі осында екендігі хақ.

1955 жыл.

ЗАМАНДАСТАР ТҰЛҒАСЫН ЖАСАЙЫҚ.

Коммунизм құруда Совет жазушыларының алатын орны да, атқаратын міндеті де ерекше. Жазушы — коммунизмнің біздің өмірімізге кіре бастағанын жұрттан бұрын көретін қырағы да, соны әрі тереңдейтін, образ арқылы халыққа жеткізетін жаршы.

Әсіресе, қазіргі кезде, еңбекшілерге тәлім-тәрбие беріп, жаңа адамның мінез-құлқын, ой-санасын қалыптасыруда әдебиеттің мүмкіншілігі өте зор. Әдебиет ең алдымен адамның сезіміне әсер етіп барып, санасына ықпал жасайды, еліктіріп, арман-тілегін оятады да, қиялын қарыштатады.

Совет әдебиеті Совет елінің тарихымен бірге жасасып келеді. Октябрь күндерінде туған балалар, міне бүгін ақылы толып, ойы тұрақтаған мосқал жастағы азамат боп, бүгінгі совет елінің техника-шаруашылық өмірінің тетіктерін қолына ұстап, іс басқарып отырғандар да солар.

Фадеевтің «Тас-талқаны», Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысы», жоқ болмаса Шолоховтың «Көтерілген тыңын» оқып: Левинсон, Қорчагин, иә, Давыдовтай турашыл, қажырлы болам, халқыма адал қызмет етем деп еліктемеді дей аласыз ба?

Адам әдебиет пен өнерге қалай еліктеп қалғанын, тіл-

ді жаңа үйренген бала сияқты сезбей да қалады. Табиғи-ресми жолмен көңілге қонып, бойға сіңген қасиет қып сақтап қалатын көрінеді.

Осыған орай бір ойды ортаға сала кеткен жөн тәрізді. Біздің қазіргі мектептерде әдебиет оқу программасын қайта қарап, бастауыш және орталау мектептерде көбіне совет әдебиетін оқыту жөн сияқты. Тек жоғарғы класстарда ғана ХІХ—ХХ ғасырдың басты-басты жазушыларымен таныстырып өткен дұрыс па дейім.

Совет адамы классиктерді білуі керек, оған ешкім қарсы дау айтпайды. Бірақ бала жастан совет жазушышыларының идеялық шығармаларымен ауызданғаны мінез-құлқының, ой-тілегінің қалыптасуына ерен әсер ететін сияқты. Әлі қалыптаспаған, көзін тырналап жаңа ғана аша бастаған балаға қалам майталмандарының өмірімен таныстыру қаншалық пайдалы? Мұғалімдер түсіндірер-ау, айтарда, алайда Толстой мен Тургеневтің шығармалары мұғалім түсіндірмесінен гөрі басымырақ та әсерірек те тиер.

Бала кезімізде Фадеевтың «Тас талқанын» оқып ап, біріміз Левинсон, енді біріміз Мечик боп ойнағанымыз әлі есімізде. Әдебиет геройының әсері бала түгіл ересек адамдарға да күшті. Соғыстан кейінгі жылдарда Борис Полевойдың «Нағыз адам повестісіне» еліктеуші адамдар аз болмағанын жақсы білеміз. Қолынан, аяғынан, не басқа бір мүшесінен айырылған адамдарға рухани азық боп, көңіліне демеу болғаны ақиқат.

Сәбит Мұқановтың «Ботакөзі» қазақ қыздарына әсер етпеді деп кім айта алады? Сол романның мұқабасына: «Мен Ботакөздей болам!» деп жазып, автордың өзіне тарту еткенін өз көзімізбен көрдік.

Осы сияқты хаттар күн сайын қазақ жазушыларының біразына дүркін-дүркін келіп жатады. Әркім өзінің ой-арманын айтып, талаптарын да қояды.

«Тоқаш Бокин» романын оқыған Сатқан Біләлов сонау Гурьев облысы Бақсай ауданы, Чапаев совхозынан әдемі хат жазыпты.

«Жұлдызы Жетісудың Тоқаш Бокин,
Шертемін саған арнап көңіл күйін.
Сіз жазған романды оқығанда,
Тебірендім ойға келді жаңа түйін,—

деп өзінің алған әсерін жырлап келіп, алуан түрлі сұрақтар қояды. Бұл кітаптың оқушыға берген әсері. Жақ-

сы кітап — жан азығы. Оңашада, кешкі демалыста, сапар шеккенде адамның ең сенімді көңіл ашар досы — кітап.

Соңғы кездерде біздің өмірімізде кино, театрлар ерекше орын ала бастады. Жұрттың көбі киноға барады. Екі сағаттың ішінде біреудің өмірімен танысып, жаманына күйініп, жақсысына сүйініп шығады. Осыған қарап біреулер: «бара-бара кино әдебиетті тықсырып тастайды, жұрт кітап оқуды машық етпей барады»,— деп «бал ашып» жүр.

Әрине бұл қате пікір. Кино әдебиеттің орнын ешуақытта да баса алмайды. Әр қайсысы өз орынында өзіне лайық әсер етпек. Жақсы кино да жақсы кітаптан адамға тәлім-тәрбие беріп, өнеге үйретеді. Бірақ киноны бір көргеннен кейін қайтып көру қиын және алған әсер көпке созылмайды да. Кітапты үйге сақтап, көңілі қалаған уақытта қолға алып оқып отыруға болады.

Өмір ракетадай болашаққа зымырап барады. Ертең ақ киноның пленкасын кішкентай кобдиға сап, анда-санда үйде көріп отыратын кез алда. Алыс та емес, жақын.

Кітап та, кино да коммунизм орнатушы совет адамдарының ұлы істерін ерлігі мен батырлығын, парасатты моральдық және рухани тұлғасын көркем образдар арқылы көрсетсе, онда ғана әсер ете алады. Біздің халық өздерінің тамаша ерлік істерін жырлаған кітаптарды әлі де күтуде. Әрине, бұл жазушының ықлас-тілегінің, көңіл күйінің толғауымен оп-оңай туа қоймайды.

Олай болса, жарасы жеңіл. Бірақ, қаншама ықласын салса да, икемге келмей, замандас тұлғасы сом жасалмай, қағылез, қораш шығып жүр. Бұның себебі не деген сұрақ өзінен өзі туады.

Ең алдымен жазушылар өмірдің қалың ортасында жүріп, өмірді жақсы білмей, құр жоба-долбармен жазып, замандас тұлғасын жасай алмайды. Өмірдің қатпар-қатпар астарын, қуыс-қуысын, сыр-сипатын, мән-жәйін терең біліп, адам денесін тілгілеп әр нервтің түйініне дейін жатқа білетін хирургтей түсінбей, замандас тұлғасын жасау былай тұрсын, ойлаған ойын оқушыға жеткізудің өзі неғайбыл.

Суреткердің өзі коммунистік қоғам орнатуға белсене қатысушы болса ғана өмірді жақсы біле алады. Сырттай бақылаумен қалада отырып, колхоз-совхоз өмірін жазу — адамның кескінін өзінше ойдан құрастырып салу сияқты мәселе.

Соңғы жылдарда Қазақстан жазушылар ұйымының игі бастамасының бірі — елді көп аралап, барлау жасап, еңбек адамын жете танып, олар туралы очерк жазып, содан кейін кесек көркем шығарма тудыру машыққа айналып отыр.

Сонымен қабат өмірді білу, тек қана барып кетуге байланысты ғана емес. Жазушының сана-сезіміне, өмірге көз қарасына, өмірді тануына тікелей байланысты. Осы арада Ленин айтқан бейнелеу теориясы көп жайдың мәнін түсіндіріп береді. Жазушы миы өмірдегі шындықты қайта қорытып, қағазға түсіріп отырмай ма. Сол шындықты қорытқанда жазушы Маркс, Ленин оқуын жақсы білсе, позициясы мықты болса, ірі кесек дүние туып кетуі сөзсіз.

Жазушы халқының жақсы ісіне сүйсінбей, сәтсіз ісіне күйінбей, жүрегінің қанымен жазбай жақсы шығарма бере алмайды. Замандас тұлғасы жасалмайды. Салқын, самарқау жазып, «ертең анау не дейді, мынау не дейді?» деп жан-жаққа жалтақтай берсе, қалам жүрмейді де. Онда өнерпаз қиялы қанатына мінгізіп ап, әлемді шарықтатпайды. Құтын кетіріп, күн көріске, ықтиярсыз істеген істің нәтижесіне айналады. Соңғы кезде қан-сөлсіз, ренсіз, жүдеу кітаптардың тууына негізгі себептің бірі — осы шабытсыз жазғандық. Замандас сырына бірде қуанып, бірде ренжіп, толғана жазбаған соң, оқушы жүрегін тебіrentетін шығарма туа ма?

Егер біз шындықты айтатын болсақ, оқып жатқанда ұйықтатып тастайтын кітаптар күнде шығып жатады. Біреуі оны: «Өзімнің әдебиеттегі ерекшелігім, мен ой сала жазам», — деп дәлелдемекші де болады, енді бірі: «Роман, повестің қызықты болуы — шарт емес», — деп те өзінше түсінеді. Бірақ, қалай айтсаң, олай айт: роман, повесть қызықты болмай, әдебиет оқушыға әсер ете алмайды.

Бұдан бір ғасыр бойы бұрын Ф. Энгельс ескерткен жоқ па: автордың ойы туралай айтылмай, уақиға желістен туып жатуы керек деп?

Жазушының ой-тілегі, идеясы образ арқылы, уақиға тартысында шешіліп отыруы қажетті шарт. Олай болса, уақиға тартысын қызық құрып, оқушыны еліктіріп отырмай, мақсат орындалмайды. Олай болса, ондай «ұйықтатып тастайтын кітапты» жазушының жазуға хақысы да жоқ!

Замандас тұлғасын қызықтырып, ауыздың суын құртып берсе ғана тәлім-тәрбие алып, соның жақсы қасиеттеріне еліктей алады оқушы.

Замандас тұлғасын жасау жалғыз ғана жазушының қолынан келетін іс сияқты көрінбейді. Юрий Гагарин ұшқан «Шығыс» әуе кемесін бірақ инженер жасамаған болар? Немесе, біздің елде жасалып жатқан электр станцияларын бір ғана инженер салмайды ғой, қара жұмысының өзін былай қойғанда, есептеп, оның жоспарын сызып, електен өткізудің өзіне-ақ әлде неше адам қатнаспай ма?

Жазушы стол басында жалғыз ғана отырса да жаны ашыр сыншы, ақылгөй редактор иығынан артыла қарап, үңіліп, «серіл, көсіл, шабыттан!» деп демеу беріп тұрмай ма?

Қамқоршы сыншы — әдебиеттің ырысы. Бір кезде сыншылардың көбі жазушыны «ұруды, сөгуді» машықтап, соны әуес қылды. Осы бір сыңар езу сын әдебиеттің өсуіне біраз тұсау сап келгені мәлім. Бүгінгі таңдағы сыншының міндеті: шығарманың геройларын талдап, идеясын анықтап, оқушы-жұртшылыққа жеткізу, түсіндіру емес пе?

Жазушы қай кезде жаңсақ соқса, шығармада айтам деген ойын күмілжіп, айта алмай қалса, соған жәрдемдесіп, келесі шығармасының сәтті шығуына жақсы сыншы атсалысады. «Тілі нашар, образдар шықпаған» деген құнсыз дөрекі пікірден аулақтап, шығарманың ішіне ене талдау жасамай сыншы өз міндетін атқара алмайды. Тарихта Гончаров «Обломовты» роман қылып жазса, «обломовщичаны» бірінші атап түсіндірген Добролюбов дейді. Сыншы жазушы шығармасының образдарын терең талдап, сол образ арқылы айтпақ жазушы идеясын халыққа жеткізе білген.

Сыншыға талап қойып, талғамды күшейту — қазіргі біздің алдағы міндет. Сын әдебиетке кездейсоқ кеп, жалт етіп, мансап сатысына өрлеу үшін пайдаланушылардың құралы емес. Әдебиет сыны—әдебиеттің төл баласы, партияның алдыңғы шепте жүретін жауынгері, жазушылардың ақылгөй досы, қамқоршысы. Сынды да, сыншының міндетін де тап осылай ұқпаған адам, ол әдебиетке жаны ашымайтын адам.

Әсіресе бүгінгі өмірді, замандасының тұлғасын жасаған шығарманы межелеп, соның маңында пікір ұйымдас-

тырып, творчествоға жақсы жағдай туғызу — сыншының, редактордың, әдебиет ұйымдарының басты міндеті.

Партия мен өкімет басшыларының өткен жылғы әдебиет пен өнер қайраткерлерінің бас қосқан жиынында айттып, осыған нысана сілтегені мәлім. Жазуға партия жақсы жағдай жасап, жазушылардың басын біріктіріп, ұлы іске жұмылдырып отыр. Осыны дұрыс түсініп, уақытты босқа өткізбей, жазушыға еңбек еткізе білу сыншының, редактордың жасаған жақсы жағдайы боп саналады.

Редактор жазушы тілінің маржандай таза болуына күресіп, асыл сөздің халыққа жетуіне мұқият болуы керек. Әйтпесе, жақсы шығарма тумайды. Ұзақ жылдар бойы Шолоховтың редакторы болып келе жатқан Лукин, «Көтерілген тыңның» совет оқушыларына ойдағыдай жетуіне көп еңбек сіңірді. Ол Шолоховтың өзіне тән стилін, сөз орамын жақсы білгендіктен жазушының әрбір сөзіне ұқылты қарап, маржан сөздер арасына арам шөптің кіріп кетпеуіне сақтық жасады. Шынына келсек, жазушының көрмегенін көріп, есіне салып, ақыл беріп отыратын ақылгөйі де осы редактор емес пе!

Замандастар тұлғасын жасау жалғыз ғана жазушының қолындағы іс емес деген пікір осыдан туады.

Айналага көз салып қарайықшы.

Бұтақты совет әдебиеті гүлденіп, тамырын бүкіл дүние жүзінің әдебиетіне жәйіп отырған жоқ па. Совет әдебиетінің прогресшілдік идеясынан сусындап, нәр алғандар аз ба? Қараңғы түндегі жарық жұлдыздай сонау Африкада, Азияда жөн сілтеп отырғанын қалай ұмытамыз.

Біздің совет жазушыларының шығармаларын оқып, соның геройларына еліктеп, күрес жолына түсіп үйренушілер саны жыл сайын көбеюде. Александр Бектің «Волокалам шоссесі» деген повестіндегі Бауыржан Момышұлының тұлғасына қызығып, соны дәріптеп, содан үйренгендер Кубада аз емес көрінеді.

Сол сияқты Африкада, Азияда, Европада Шолохов, Твардовский, Әуезовтің шығармаларын оқып, совет халқына қызығып аңсаған оқушылар сан есе. «Көтерілген тың», «Қиырдан-қиырға», «Абай» сияқты ірі көрнекті шығармалар тудыру—совет жазушыларының алдына қойып отырған партияның талабы.

«Ойбай, совет жазушыларының ойына тұсау сап, тізгіндеп ұстайды, ерік жоқ!» деп буржуазиялық үгітке

еріп, жылап жүрген ревизионистер де бар. Бұл — совет өкіметі құрылғаннан бергі келе жатқан өсек-жала. Біз оған айылымызды да жимаймыз. Совет жазушылары, Михаил Шолохов айтқандай: жүрегiнiң қанымен жазады, ал жазушының жүрегі өзiнiң сүйiктi партиясымен дөп соғады.

Адам баласының тарихында ең әдiл, адал, прогрессивтiк идеяны бастаған коммунистер партиясы жазушылардың сүйiкiмдi анасы. Анасының тiлiн алмайтын, ақ сүтiн ақтамайтын бала бала ма!

ШЕБЕРЛІК ХАҚЫНДА

Дүние жүзіне аты шыққан, әйгілі жазушылар Толстой мен Достоевский, Бальзак пен Золя — қайсысын алсаңызда өте өнімді еңбек етіп, өз заманының өмірінен құнарлы романдар тудырған. Әрқайсысы жылына бірнеше кітап шығарған. Жәнеде жақсы жазған. Осының сыры неліктен. Шынында бізге үлгі боларлықтай қандай қасиет бар. Ойлап көрейікші.

Менімше, ең бірінші қасиет — бұл жазушылар өзiнiң туып-өскен ортасын, дәуiрiн, заманын жақсы бiлген. Жақсысына сүйiнiп, жаманына күйiнiп, қаламын бастыра жазған. Сондықтанда, Лениннiң айтуынша: «Толстой орыс революциясының айнасы» болған. Сондықтанда, Энгельс Бальзактың «Человеческая комедиясын» француз қоғамының ғажайып шындық тарихы деп таныған.

Екiншi қасиетi — бұл жазушылар мұрасын шебер де көрiктi жасаған. Сол мұрасын ғасырдың боран-дауылы құлатпайтын етiп берiк сомдаған. Осы екi қасиет олардың құнарлы туындыларын бүгiнгi күнге дейiн тоздырмай бiздiң ғасырға алып кеп отыр. Осы екi қасиеттi бүгiнгi бiздiң жасаған еңбегiмiзден таба аламыз ба.

Менiмше, бiздiң негiзгi кемшiлiктерiмiз де осында жатқан жоқ па. Кейбiреулерiмiз бүгiнгi өмiрдi — колхоз бен өндiрiстi жақсы бiлмеймiз, ендi бiрiмiзде шеберлiк жетiспей жатады. Әрине егде жазушылар өмiр бiлмейдi деген сөз артық та болар. Бiте қайнап, бiрге өскен заманын, дәуiр ағымын ешкiмнен кем бiлмес. Бiрақ үлкен шығарма тудыру үшiн өмiрдiң түрлi құбылысын, сан қырын тәтпiштеп, жете бiлмей тағы болмайды. Детальсiз шығарма жоқ.

Енді осы детальді қалай тауып алу керек. Кейбіреулер елге көшіп барып, Шолохов сияқты не Ертiс, не Жайық өзенінің жиегінде жатып жазу керек деген-ді айтады. Әйтпесе жақсы шығарма беру мүмкін емес секілді. Бұл артық айтылған ба деймін.

Алексей Толстой «Хождение по мукамды» жазғанда немесе Мұхтар Әуезов «Абайды» жазғанда қалтасына қаламын сап сол геройлардың қасында жүріп бірге қайнасақан жоқ. Ең артығы бүгінгі өмірді жазып жүрген Галина Николаеваны алсақ: өзі дәрігер, бірақ үлкен трактор шығаратын заводтың өмірін жазып отыр. Оны жазу үшін ол проффессияны ауыстырып, инженер боп заводта істеген жоқ.

Қайта, адам бір орында көп тұрса еті үйреніп сол жердің әдемілігін, келелі өзгерісін елемей кететін тәрізді. Біз осы күні Алматының әдемі көрінісін елемейміз. Ал сырттан біреу келсе аузын ашып, көзін жұмады. Сол сияқты пәлен жыл өндірісте тұрған Алдажар Теміржанов Қарағанды тақырыбына жазудың орнына колхоз өмірінен пьеса жазды. Жазушы колхозға, өндіріске барғанда басқаның көрмегенін көріп, елемегенін елеп, қырағы болатын көрінеді.

Өткен жылы мен Теміртау бардым. Сондағы менің алған әсерім бір қилы. Сондағы көргенім әлі көз алдымда сайрап тұр. Тасқа басқандай құрылыстың көріністері миыма басылды да қалды. Әрине жақсы әсер алу үшін сол көрген өмірдің құрылысы да керемет ерекше болуы қажет.

Жаңа тақырыпқа жазу үшін арасына уақыт салу керек деген дистанция теориясы да оншалықты тауып айтылмаған. Қайта уақыт ұзай берсе — жазушы алған әсерінен айырылып қалуы да мүмкін. Бүгінгі өмірді жазу үшін сүйсіне де күйіне білетін жалынды жүрек, ақындық құмарлық, шабыт керек.

Бальзак күніне қырық стакан кофе ішіп, он алты сағат жазу жазған. Сонда оған шабыт берген халқын, елін сүйген жүрегі ғана болған. Ол өзінің геройларына сүйсініп, романнан романға ауыстырып көшіріп отырған. Мүмкін осы бір жағдай оның өнімді жазуына себеп те болған шығар.

Ойланып қарайықшы.

Шолоховтың төрт томдық «Тынық Доны» немесе Әуезовтің төрт томдық «Абайы» да бір геройдың басына құ-

рылғасын жақсы да, сапалы да шыққан болар, кім біледі... Жазушы әдетте өзінің бас геройымен, сырласып достасып алады. Сол досының маңына екінші кітапта жаңа адамдар жинау — қызықты, тартымды тәрізді.

Бас герой сюжетті де өзі құрады, топты да маңайына өзі жинайды. Бас герой — шығарманың тақырыбы, идеясы. Сондықтан біз сол әдіспен, бірінші романда қалтарыста қалып қойған геройды екінші романда алдыңғы қатарға неге шығармаймыз. Бірімен бірі неге жалғасып жатпайды. Ғ. Мустафин «Қарағанды» романындағы геройының біреуін алып бүгінгі Қарағандыны берсе, қызықты болар еді.

Осы пікір маған да көп ой салды. Тоқаш Бокиннің кешегі серігі, Жетісуда Совет өкіметін құрысқан, бүгінгі алпыс бестегі шал Құрышбай Теміртауда құрыш құюшы баласына неге бармайды? Кешегі партизанның баласы бүгін жұмыскер боп өз қолымен коммунизмді неге құрыспады. Мұндай адамдар бізде жоқ па? Бұл бізге тән дүние емес пе? Бұрынғы досың, сырласың бір кітаптан екінші кітапқа көшіп, жаңа материалға ашытқы боп, жазу процесін жеделдетсе, жаңа жағдайда сегіз қырының тағы бір қырын көрсете білсе — әдебиеттік үлкен тұлға жасалар ма еді, қайтер еді.

Шеберлік — бір күнде келе қалатын, баяғының ертегісіндей басқа қона қалатын бақыт құсы емес. «Шебер жазу үшін ерінбей-талмай еңбек ету керек. Әрбір үлкен шығарма: роман, повесть жазуды — мен зәулім сарай салуға ұқсатам. Сарай материалы мрамор сияқты әдемі ақ тастардан қаланған күннің өзінде, соны дұрыс қалай алмаса, қиқы-шойқы ғып қойса — ол сарай көркемдік ләззат бере ала ма? Жоқ, болмаса сарайды қолдан құйған кірпіш тектес материалдан қаласа — ұзақ өмір және сүре ала ма? Аз жылдан соң боран-шашынға шыдамай құлап қалмай ма?!

Әдебиет шығармасы да сол сияқты. Роман, повестің құрылыс материалы тіл болса, сол тіл қаншама әдемі, жатық келіп, бірақ композициясы, сюжет, образ жағы шықпаса тартымды, жақсы шығарма бола ала ма. Яки композиция, образ жағы ұтымды кеп, тіл жағы ақсап жатса — ол шығарма ұзақ өмір сүре ала ма.

Біздің бүгінгі реалистік прозаның тілі қандай болу керек, соны дұрыс ұқпай, әрқайсысымыз өзімізше тон пішеміз. Шынында аға әдебиетіміз — орыс әдебиетінің

үлгісі бізге үлгі болмақ. Бүгінгі орыс прозасына қойып отырған талап: проза тілі ең алдымен айдын-көлдің суындай мөп-мөлдір, таза болсын, онымен қабат арам шөп сияқты қатарласып жүретін бос сөз орын алмасын, сөз кестесі жатық кеп, ұғымға жеңіл тиіп, күмістей сылдырап тұрсын. Осы тұрғыдан қарағанда біздің көп шығармамыз тіл жағынан ақсап жатыр.

Ең басты себеп прозаның мөп-мөлдір таза тіліне поэзияның бұйра сөздері кеп араласып, сөз кестесін бұзуында болып тұр. «Абай» романының көтеріңкі әсерлі тіліне еліктеймін деп, біржола поэзия тіліне түсіп кетіп, өз беттерімен лағып жүргендер аз емес.

«Абай» романында Мұхтар Әуезов негізгі тұлға етіп ақынды, ақынның рухани өмірін алып, бүкіл романның архитектурасын соған құрды. Сондықтан да ол соған орай тілді тапты. Ал романның осы өзгешелігімен есептеспей, көрінген шығарманы әсерлі тілмен жаза беруге болмайды. «Ана жазушының тілі нашар екен», «мына жазушының тілі нашар екен» деп кіна таққан сыншылар проза тілінің ерекшелігін тағы ұқпай жүр. Тіл жатық боп кім оқыса да түсінетін болуы керек. Әйтпесе, қайта-қайта оқып, тәжікелеп зорға түсінген шығарманың пайдасы аз. Оны оқушы жартылай оқып тастап кетеді.

Чехов бір жас жазушыға былай депті: «басында шляпа, үстінде пальтосы бар, ұзын бойлы қушық бет, қара мұртты жігіт келіп көк-жасыл шөптің үстіне отыра кетті», деуден «ұзын бойлы жас жігіт көк жерге отыра кетті» деген ұтымды да жатық депті.

Проза тілі ықшамды, серіппелі келуі керек. Бізде сөйлем неғұрлым созылыңқы, шұбалаңқы келсе, солғұрлым сөйлем көркем деп ойлайды. Қазақ тілінде сөйлемнің аяғына жеткенше автордың не айтайын деп отырғаны белгісіз. Бастауыш пен баяндауыштың арасы кейде ұзап кетіп, мағына жағына нұқсан келтіретін де жәйіт бар. Бір мысал: «Біз ауруханаға жетіп, Ерденге айласын тауып алып шығып, ауыл маңын көрсетпей, жалғыз өзін поезға салып, Алматыға қаңғыртып жіберу керек» (А. Байтанаев).

Сын айтуға бәріміз де шеберміз, бірақ жазуға келгенде қайсымыз болсын байқамай қаламыз. Бұл үшін қазақ тілін білмейді деп кінә тағу ағаттық та ұят. Бұл шеберлік мәселесі.

Кейде біз жаңадан сөйлем орамын құрамыз деп, сөй-

лемдегі сөз орнын ауыстырып та жіберіп жүрміз. Бұл менде де бар. Әрине, тіл деген халықтың сана-сезімінің өсуімен қабат о да өсіп, өркендеп отыруы керек. Бірақ сол жаналыққа осыра қарамай, ойласқан жөн.

Біздің прозада тағы бір ойласатын жай, ол — көп сөзділік. Сөзді үнемдеп, қадірін кетірмей пайдалану, сөзді астарлай беріп бір сөзбен көп мағынаны айту — шеберлікке жатады. Жас балаша оқушының аузына бәрін шайнап берудің қажеті жоқ. Қиялын тұртпектеп ой салып, өзіне аңғарту әдісін бұдан жүз жыл бұрын Пушкин айтқан болатын. Бірақ мұны біз стильге енгізіп, қысқа жазуды дәріптей алмай жүрміз.

Бір кезде Стендаль айтқан екен: Анатомияны жазған қысқа стильмен, қысқа-жатық жазған жазушыға ең бірінші бәйге беру керек деп. Ұзақ, шұбалаңқы жазып, суретті күнгірттендіріп, ұғымға нұқсан келтіреміз. Көрсетпек болған суретімізді оқушы ұқпайды. Ол бірақ штрихпен берген көріністі тез ұғады. Оның себебі бұрын бір көрген суретті есіне түсіріп, сол суретті елестетіп, соның тұлғасын салып алады. Неғұрлым сурет қою болса — соғұрлым образ оқушының көз алдынан алыстай береді. Нақты сурет тумайды.

Көп сөзділік диалог жасауда да жиі кездеседі. Диалог — оқиғаны дамытушы да, геройдың ішкі өмірін ашушы тәсілдің бірі. Әдебиет теориясы да диалогты осы мақсатты орындаушы деп таниды.

Олай болса кітаптың бір бетіне бір адамды сөйлетіп қоюдың қанша қажеті бар? Диалог қысқа мағыналы болса, кейде астарлы сөзбен берілсе, оқушыны жалықтырмас еді. Ал енді бір бетте бір герой сөйлеу — әлгі бас қосқанда қызып алып, ешкімге сөз бермей есіп отыратындарға ұқсайды. Осыған байланысты тағы бір ойды ортаға сала кетейін. Оқиғаның қызықты, тартымдылығымен қатар геройдың ішкі өмірі қатар түсуі керек. Ішкі монолог (внутренний монолог) біздің прозада әлі өріс алмай жүр. Жазушының өз атынан айтудан гөрі геройдың көзімен, соның қабылдауы арқылы беруді қолайлы деп табам. Автор өз атынан сайрап отырса — оқушы сене қоймайды.

Әдебиеттің негізгі мақсаты оқушыны сендіріп, еліктіріп алып кету. Олай болса геройларды тастай беріп өзіміздің шешендікке салынуымыз артық тәрізді. Бүгінгі тандағы шеберлік мәселесін сөз қылғанда аз да болса айта кететін ойлар, міне, осылар.

КӨГІЛДІР КӨНШЕ СҰЛУЫ

(Жазушы дәптерінен).

Поезд зымырап Бурабайға бет алды. Ендігі станция сол. Көкшенің көгілдір, мұнарлы шыңы кенеттен пайда болды.

Біз терезеден көзімізді айырмай шөгіп жатқан бура сықылды тауға қарап тұрмыз.

— Әне, Бурабай!— деді қуанып жанымыздағы едірейген қара мұртты шал. Ол Алматыдан бізбен бірге шыққан. Баласына барып Бурабайға қайтып келеді.

Біз тағы терезеге қадалдық.

— Бұрын Бурабайда болып па едіңіздер?— деді шал көзін сығырайтып.

— Жылда дем аламыз,— дедік.

— Ә, солай ма...— шал сәл кідірді де, бізге барлық денесімен бұрылып:— Осы сіздер Бурабайды жақсы білесіздер ме?

— О, не дегеніңіз. Бурабай жер сұлуы, еліміздің мақтанышы емес пе?

Шал жымиды.

— Одан басқа?

— Басқа...

Біз ойланып қалдық. Шынында: осы біз Бурабай туралы не білеміз? Бурабай тарихын, өсу жолын, халықтың денсаулығын нығайтуда қандай медицина жаңалықтарын қолданды? Толық білеміз бе?

Шалдың сөзі бізге осы сұрақтарды тудырды.

* * *

1849 жыл. Көкшетау етегінде Қотыркөл станциясы орнапты. Одан бір жылдан кейін Шортанды (Шұчые) қаласының бірінші үйлерінің іргесі қаланады. Сол ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарында Громовой өзенінің жиегінде Боровой поселкесі құрылыпты (Қазақтың «Бурабай» деген атынан алынса керек-ті.) Ең бірінші рет Громовой өзеніне келіп Зубов деген қазақ-орыс диірмен салады.

Енді бір он жылда әдемі сұлу жердің атағы маңайдағы Ақмола, Омбы, Қызылжар сияқты қалаларға жайылады. Бұл жерге халық дем алуға келе бастайды. 80-ші жылдардың бас кезінде Пахомов деген отставкаға шық-

қан генерал екі үй салдырып, «қымызбен» емделуге келгендерді орналастырады.

1898 жыл Бурабай қазыналық жерге айналып, ағаштарын үкімет қорғап, беталды кесіп-сатуды тоқтатады.

1910 жыл Емельянов деген дәрігер баласының өкпе ауруын қымызбен емдеп жазып, сол Бурабайда бірінші рет санаторий орнатады. Содан бастап Оралдан, Батыс Сібірден жылына екі мыңға жуық аурулар келетін болыпты. Сол жылдар жол түзеліп, Шортанды мен Бурабай ортасындағы жыра, бұлақтарға көпір салынады.

Бурабайдың шын курорт мағынасында өсуі 1920 жылдан кейін, совет өкіметі орнағасын басталады. Сол жылы март айында курорт үкімет меншігіне көшеді де, апрель айында Көкшетау-Қызылжар темір жолы салына бастайды. Әуелі Қызылжардан Көкшетауға дейін 194 шақырым, сонсоң Көкшетаудан Бурабайға 68 шақырым жол салынады. Бұл жол Бурабайды бүкіл одақтық курортқа айналдырады.

1927 жыл Шортанды көлінің шығыс жиегінде темір-жол қызметкерлері үшін Бармашино санаторийі, ал 1928 жыл Сарыбұлақ өзенінің жиегінде Воробьевка демалыс үйі ашылады.

1934 жыл Бурабай көлінің солтүстік жиегінде балалар санаториясы салынады.

1935 жыл Шортан көлінің оңтүстік жиегінде шахтерлер демалыс үйі (қазіргі Шучье) санаторийі) ашылады.

1936 жыл Ақылбай дачасында мұғалімдер демалыс үйі және-де әскери адамдар санаторийі, облыстық партия комитетінің демалыс үйлері орнайды.

1939 жылы Бурабай өз алдына поселок деген ат алады.

* * *

Ақмоладан жол ылғи жоғары көтеріле бастайды. Макинка станциясынан өткесін көп кешікпей кенеттен адырайып Көкшетау көрінеді. Совет Швейцариясы деп атақ алған Бурабай.

Поезд зымырап, жыландай иіріліп тау қойнына енді. Тау етегінде шашылған Шортанды қаласының үйлері алыстан дәл жартасқа салған қарлығаштың ұясына ұқсайды. Станцияда бізді тосқан машинамен қаланы қақ жарып Бурабай курортына бет алдық.

Бұл Бурабайдың бір өзгешілігі: Көкшенің өркеш таулары аттың тағасы сияқты, 40 мың гектар орманды қоршап алған. Әрбір таудың етегінде, орман ішінде шашылған күміс теңге сықылды мөлдір көлдер. Не бары (1928 жылдың есебі бойынша) 50 көл бар екен. Қазірде оның көбі құрғап, шалшық суға айналыпты.

Біз қаладан шықпай жатып жарқыраған Шортанды көліне кездестік. Жел жоқ тымық еді. Көлдің беті айнадай жарқырайды, тек тесіле қарағанда ғана көл бетінде ажым білінеді. Егерде жел соқса толқын көтеріліп, көл жиегінде ақ күміс көбік іркіліп жартасты соғады.

Бұл көлдің ұзындығы 7,5 шақырым, көлденеңі 3 шақырым тереңдігі 10,5 метр. Көлдің жиегінде Бармашино, Шучье атты екі санаторий, мұғалімдер демалыс үйі бар. Көлдің қақ ортасында кішілеу арал. Демалушылар күндіз қайықпен өтіп, ән салып қымыз ішеді. Біз қызығып:

— Аралға барайық!— дедік.

Көл жиегінде бос тұрған желқайықпен есіп аралға келдік. «Махаббат» аталған жартас үстінде қара торы жас жігіт гармонь ойнап, қасындағы аққұба қыз қосылып ән салып отыр. Оларды бір топ демалушылар қоршалапты. Бізді көргесін сәл кідірді де, қайтадан шырқап ән салды. Біз олармен таныстық.

Гармоньшы жігіт Қарағанды шахтері де, қасындағы қыз Павлодардан келген тың көтеруші. Бұлар Бармашино санаторийінде дем алады екен. Топ ішінен Семейден келген журналист Исхақов бізге санаторийдің хал-жайымен таныстырды.

Сол Шортан көлін жағалай отырып, ар жағына шықтық. Іш ауруларын, түрлі нерв ауруларын, шойырлым, қалтылдақ, шошын-пияздық, баладан қалған әйелдерді емдейтін Шучье санаторийіне келдік.

Бұл да ірі, жақсы санаторийдің бірі. Мұнда түрлі іш, өт, бауыр ауруларын май-балық суымен емдейді екен.

«Майбалық суының қасиеті, химикалық составы 17-ші номерлі есентукимен бірдей, жалғыз-ақ «майбалық» күштірек әсер ететін көрінеді. Бұл «майбалықтың суын» 1927 жылдарда тексеріп тапса да, осы күнге дейін «азаматтық хұқ» ала алмай жүрген көрінеді. Тиісті орындар немқұрайды қарайтын тәрізді. Газ қосып, бүкіл аптектерде сатуға болады ғой, алыстан есентукиді, нарзанды тасығанша. Әйтеуір сол ешкімнің есіне кірмепті. Тамақ

қорыта алмайтын түрлі іш ауруларына, өт, бауыр ауруларына үлкен шипа көрінеді, нақты айығып, жазылған демалушылармен де кездестік.

Украинадан тың жерді игеруге келген Иван Захарович Байко былай деді:

— Менің ішім ас қорыта алмай жүдеп келгенімде, қолмен жұлып алғандай жазды.

Біз бұл санаторийде әйелдер ауруын емдейтін хирург Чамаиспен сөйлестік. Ол:

— Қазақ халқы ертеде тұзға түсіп, кейбір сырқатты жаза алады екен. Сол дұрыс тәжірибеден шыққан көрінеді. Біз санаторийде көп ауруды тұзды балшықпен емдейміз,— деді.

Біз тұзды балшықпен қалай емдеуді көргіміз келді. Емдейтін жерге келдік.

Үлкен кең үйде, ваннада тамағына дейін тұзды балшыққа көміліп жатқан адамдар. Кейбіреулердің буындарын ғана көміп қойыпты.

— Мұнысы несі?— дедік біз.

— Буын сырқатынан жазады.— Дәрігер бізге қарап жымыды.— Біз осы шипалы тұзды қырық километр «Балпаш сордан» машинамен тасып әкелеміз...

Сол күні Шучье санаторийінен шығып, Көкшенің ішінде шашылған күмістей жалтыр дөңгелек, кішкене көлдерді аралап, «Карасье», «Светлое», «Горное», «Лябязье» көлдерін басып, Бурабай көліне бет алдық.

Біздің жанымыздағы шал мерген екен, үйрек көрсе машинадан жүгіріп түсіп, басып қалады. Көздегені құр кетпейді. Доптай қараша үйрек ұшып бара жатып топ етіп құлайды.

Бұл көлдерде қоңыр үйрек, шағала, қоңыр қаз топ-тобымен ұшып жүр. Шалдың айтуы бойынша бұдан елу жыл бұрын «Карасье», Үлкен, Кіші Шабакты көлдерін марал мен арқар жайлапты.

— Ана тұрған төбешік сондықтан «Марал төбесі» деп аталған!— деді шал қолымен нұсқап.

— Ең ақырғы аюды 1915 жылы атып өлтірдік! Қасқыр, борсық әлі күнге дейін көп. Ана «Балпашсор» көлінің жиегіндегі Қасқа тауда қасқырлар күшіктеп, курорт малдарына шабуыл жасайды. Басқа аңнан: түлкі, қоян, қарсақ, кейде тау текесі де кездеседі. Үлкен Шабакты көлдің жанындағы көл «Теке көл» деп тегін аталмаған шығар. Сол көлді бұрын таутеке көп жайласа ке-

ректі. 1936 жылы бір ғалым осы жерді өздеріндей аралап жүріп, таутекенің суреті салынған пышақ тауып алады. Ертеде жасалған болса керекті.

Тал түсте біз Бурабай курортына келдік. Бурабай көлінің ұзындығы бес шақырым, көлденені төрт шақырым, тереңдігі төрт жарым метр. Бұл көлдің жиегіндегі төрт санаторий, бір демалыс үйі бар екен.

Бурабай курорты Қазақстандағы үлкен үкімет курортының бірі. Жазда 800-ге дейін адам, қыста 300—400 адам дем алады.

Қазақстан жағдайында Қырымдағы Ялта, Кавказдағы Сочи сияқты атақты, маңызды курорт бұл. Бурабайға жалғыз ғана Қарағанды шахтері, Өскемен алтын кенінің жұмыскері, Ембінің мұнай шығарушылары ғана емес, Оралдан, Батыс-Сібір, Қиыр Шығыстан келеді екен. Соңғы жылдарда Ақмола, Көкшетау, Қызылжар, Павлодар облыстары тың жерді көтерудің негізгі орталығы болса, Бурабай тап сол төрт облыстың түйіскен жерінде. Қазірде, сол тың көтерушілер де Бурабайға келіп дем алуда.

Курорт директоры Леонид Иванович Тиунов Бурабайдың ескі дәрігерінің бірі (1945 жылдан істейді), денелі толық келген, ақсары, мосқал адам. Сарғылт, ұзын кірпіктерін жоғары бір сілкіп тастап былай деді:

— Соңғы 20 жылда Бурабайдың курорттық маңызы өсіп, бүкіл дүние жүзіне жайылып, Совет одағындағы атақты курорттың біріне айналды.

Біз Бурабайдың бірінші, екінші санаторийін аралап, демалушылармен әңгімелестік. Паркте, қарағай түбінде Қазақ Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері Төлеген кездесті. Қолында Ерзаковичтің жақында шыққан қазақ музыкасы туралы кітабы.

— Денсаулық қалай?

— Жақсы.

— Інім, сенің көзің тым күлімдеп кетіпті. Тегін жүрмейсің,— деп қалжындай отырып 10-шы корпуске жеттік.

10-шы корпуста хирургия бөлімшесі бар.

Ұзын коридорда төселген кілем, терезе алдында толған гүл, есікте жібек перде — бәрі де көз тартып, көңілді көтереді.

— Мынау Вася дейтін ерке жігіт. Орал тауының ортасынан кепті,— деді әзілдей хирург Юрий Петрович Данилевский, ұзын бойлы жас жігіт,, Алматы медицина

институтын бітірген профессор Зюзиннің шәкірті.— Өкпесіне жел жіберіп үрлеп едік, көк етінің кейбір жері жабысып қапты. Соған кеше операция жасап, жабысқан етті электрмен күйдіріп тастадық.

Васяның екі көзі күлімдеп бізге қарайды.

— Халіңіз қалай?

— Өте жақсы. Енді мені жазылды деп есептеңіз. Ертең келісімен қайта қызметіме кірем. Мен өзім слесарьмін!— деді ол жігіт.

Онымен хош айтысып біз ең жоғарыдағы Бөлектауығындағы 11-шы корпуске келдік. Астылы-үстілі үш қабат үй толы 4-5 адамдық бөлмелер. Әр қайсысында демалушылар. Бір бөлмеде екі жігіт шахмат ойнап отыр. Алдарында бөтелкеде қымыз. Екіншіде — бір шал көзілдірігін мұрнының үшіне киіп газет оқып отыр. Дем алатын бөлме де ұзын, жарық. Бір топ адам домино ойнап, бір жағынан әйелдің пианинода ойнаған музыкасын тындауда. Анда-санда қатты қойылған домино сүйегінің дауысы естіледі.

— Ешкі!— деді біреуі.

— Көрсетем мен саған ешкіні!— деді екіншісі.

Толық келген аққұба әйел-сол корпусстың дәрігері Рахима Шамкенова шеттегі едірек көз, таңқы мұрын жігітті қолға алды:

— Ана жерім, мына жерім ауырады дейсің, берген дәріні ішпей таң атса ойынмен боласың. Не істейін саған!

— Құлағын кес!— деді көршісі.

Бәрі ду күледі.

Ертеңінде жаяу аяндап, әскери қызметкерлер санаторийінен өтіп, көлді жағалай отырып облыстық партия комитетінің демалыс үйіне келдік.

Бұл демалыс үйінің тұрған жері — Оқжетпеске таяу, көгілдір залив қасында, Бурабай көлінің ең көрікті мүйісі. Тау етегіндегі қарағай, ақ қайың аралас орман иісі кеуденді жарады. Екі қадам жоғары көтерілсең көл тап аяғыңның астында жатады — тұп-тұнық, көгілдір суға бейнең түседі.

Сол залив ортасында Перітастың (Сфинкс) көленкесі ұзарып Оқжетпес көленкесімен ұштасып жатыр. Біз қайыққа мініп, есіп Перітасқа жақындаған сайың, басы адамға, денесі хайуанға ұқсай берді. Әдейілеп, қолмен кесіп орнатқан тәрізді.

Енді Перітасты айналып, кейін бұрылып Оқжетпеске қарағанда оның биіктігінен бас киіміміз суға түсті. Ғажап: көл ортасында баяғы сәукеле бөрік сияқты, етегі кең, басы қусырылып сорайған жеке тау су ішінде тұр.

Тап осы секілді өзгеше бір керемет сурет Зеренді көлінде де бар. Су ортасында жалғыз сүйір тау, жан-жағын қырлап, қолдан жонып, басын үшкірлеген сияқты.

Бұдан әрі ашық алаң бар: дәл таулар ортасындағы жазық алаң. Ешбір жел жоқ, қоршауда, тымық, тек көлден ескен самал жел ғана салқындатады. Қазірде бұл жерде жаңадан санаторий салынбақ. Өткен жылы қазақ Академиясы ғылыми қызметкерлері, медицина ғылымының кандидаты Атшабаров жолдастың басқаруымен осы ашық алаңның әуе райын зерттеп, жаңадан санаторий салуды қабылдаған...

Бұдан әрі тау аралығында екі үлкен көл жатыр. Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты. Үлкен Шабактының ұзындығы сегіз, көлденеңі төрт километр, тереңдігі отыз жеті метр. Бұл осы өңірдегі ең үлкен көл.

Осы Үлкен шабакты мен Кіші шабактының арасында Майбалық көлі бар. «Майбалық» атты жоғарыда айтқан шипалы дәрі су осы көлден алынады. Көл аса үлкен емес: ұзындығы екі жарым, көлденеңі жарты шақырым, тереңдігі сегіз метр көрінеді. Суын шыны бөтелкелерге құйып алып келіп, сол қалпында жарты стаканнан ас алдында ішкізеді екен. Суының дәмі аздап балық татиды...

Бұл күні Бурабайға қайтып келіп, кешінде «Биші тоғай» дейтін қиқы-шойқы ақ қайындар арасында дем алдық. Көл жиегіне қарасаң таң қаласың: ақ қайындар тізесін бүгіп, қолын иіп тұрған бишіге ұқсайды. Аумайды. Ондай бірлі-жарым болса бір сәрі ғой, олай емес. Бір шақырымға созылған «биші ағаштар».

Біз қалың орман арасындағы аллеямен аяндап би алаңына шықтық. Оркестр нәзік вальс ойнауда. Түсті көбелектей, қызылды-жасылды жастар шатты бимен дөңгеленіп жүр.

— Әне, «Сиыр жартасы»!— деді бізді ертіп жүрген әдемі қараторы жігіт — Қайыр деген фельдшер жігіт.

Бірінің үстіне бірі әдейі қаланған тәрізді жалпақ тастардың үстінде сиырға ұқсаған тас алыстан қарасаң аумайды...

Бурабай шипалы әуесімен ғана емес, жазда қымызбен

емдейді. Әрбір демалушыға дәрігердің жазуымен 1—2 литр қымыз береді. Бірақ шипалы қымыз баяғы қазақ қымызынан айырмасы бар — ашытқысы бөлек. Ғылыми тұрғыдан қарағанда науқасқа әсер ететін, ем болатын қасиет ашытқыда.

Бурабай қымызындағы үлкен кемшілік — пісілмейді екен. Сондықтан қымыз ірімшіктеніп, ыдыс жиегіне тұрып қалатын көрінеді. Бұл казеин — көп піспесе ерімейді. Іріген қымыз ішуге дәмсіз. Екінші бір кемшілік — қымызға көпіру үшін сонда қосады-мыс. Бұ да қате. Сонда қымыздың өзіне лайықты дәмін өзгертеді.

Біз ішкен қымыз шипасы жағынан өте пайдалы да, дәм жағынан нашар. Қымызда түрлі витаминдер бар. Әсіресе өкпе ауру адамдарға әл беріп, ұйқысын түзеп, тамақ іштіретін витамин «С» өте көп. Онымен қабат адам нервын нығайтатын витамин «В» да мол.

Қымыздың қасиеті жалғыз ғана адам организміне керекті витаминның көптігінде емес, асқазандағы түрлі ауруларды (тамақ қорыта алмаушылық, т. т.) емдеуінде. Қымызға көңіл бөліп, оның қасиетін дұрыс зерттеп, қыс бойы беретін ету керек деген ойға келдік.

Екі күн өткесін біз балалар санаторийіне бардық. Үш этажды үлкен ақ үй. Таза, жарық палаталар. Іс тігіп үйренетін, гимнастика жасайтын, музыка тартатын, емдейтін түрлі кабинеттер бар екен.

Бұл санаторийде әсіресе тамағының безі бар балалар. Оларды уақытында оятып, тамақ беріп, ойнатып, тиісті емін жасайтын көрінеді. Үлкен жетістік — екі жылдан бері дәрігер В. И. Филимоновтың бастауымен безді рентген сәулесімен емдепті.

Біз қоштасып, Филимоновқа рахмет айтып «Воробьевка» демалыс үйіне бет алдық. «Воробьевка» жазық жерде, ағаш ішінде, Сарыбұлақ өзенінің жиегінде. Тып-тыныш. Табиғаттың өзі мүлгіп, дем алуға шақырып тұрған сықылды.

Бірақ демалушылардың саңқылдаған күлкісі, шатты дауысы бүкіл орман ішін жаңғырықтырады. Барлық ынтамен екі топ боп волейбол ойнап жатыр.

— Биыл бізде тың көтерушілер көп! — деді директор.

Шынында солай екен. Біз әңгімелескен жастардың көбі Қызыл ту, Рузаев аудандарынан келіпті. Тракторист, бригадирлер. Егінді бітіріп, екі жұмаға демалуға келген...

Күн қызды. Ағаш ішімен, соқпақ жол бойымен Шучьеге қарай жүріп келеміз... Биыл жаңбыр аз. Жол шан. Егінге жауын керек-ақ...

Ағаштардың жапырағы қурап, көгілдір сарғылт тартқан. Жүдеу.

Бұдан бірнеше жыл бұрын ит мұрны өтпес орман қолдың саласындай селдіреп қапты. Оған бірінші жау — ағаш құрты болса, екінші — ағаш ұрысы: үй салушылар, отын дайындаушылар. Бұл екі жау Бурабай ағашына дерт боп жабысқан көрінеді. Бұған біз өзіміз куә болдық. Бармашино санаторийінде түнгі сағат бірде парк ағашын (оқтай түзу қарағайды) кесіп, құлатып жатқанын көрдік.

Қазірде Шучье қаласы мен шыны заводы тұрған екі орта ашық алаңға айналған. Ағаштарды кесіп құртыпты. Бурабай мен қала жолындағы қалың ағаштар селдіреп қапты. Лесхоз бастықтары жаңадан ағаш орнату, ескіні қорғау мәселесімен шұғылданбайтын сияқты. Бұрын бұл Бурабай орманы бірінші категория бойынша заповедникке беріліп, ерекше қорғалатын. Қазір заповедникке лесхоз жөнді көңіл бөлмей, үй салушылардың ықпалына еріп кететін тәрізді.

Бурабайда ағаш жойылса ол Бурабай кімге керек? Оның сәні ғана емес, дертке шипалы жағы жоғалады.

Қарағайлы орман шипалы болатындығы белгілі. Қарағайлы жерде ауа таза, кислород көп болады. Таза кислород (озон) адам қанын тезірек жүргізіп, бойын жазып, тынысты кеңейтеді. Ақ қарағай иісі кеңірдекті тазалап, қақырықты азайтады.

Егерде Бурабайда ағаш азайса шипалық қасиеті бірге азаймақ.

Біз Бурабайды, жалпы жазық дала ортасындағы тау қоршаған көл мен ағаштарды бір жұмада түгел аралап шықтық.

1956 жыл.

ДӘСТҮРДІҢ ТОЗЫҒЫ БАР, ОЗЫҒЫ БАР.

Өткен жылы мен Павлодар, Целионград облыстарында болып, ұзақ уақыт қол үзіп кеткен елді араладым; ел арасындағы таңғажайып өзгерістерді көзбен көріп, ауыл-

дың тұрмыс, мәдениетімен таныстым. Мыңнан астам шақырым жер жүріп, жаңа салынған қалаларға, жаңа құрылған совхоз орталықтарына қызыға таңырқай қарап қуанған кезім аз болған жоқ. Павлодар — баяғы менің бала күнімдегі мұқыл ағаш үйлі, құм көшелі, құлаққа ұрған танадай тыныш жататын Павлодарға ұқсамайды. Қала дамып өскен, үш төрт қабат ақ үйлер. Оқтай түзу зәулім көшелерге асфальт салынып, ағаш еккен, қыбырлаған халық, ерсілі-қарсылы ағылған машиналар... •

Бұрын пароммен Ертістің арғы қабағына өтіп, жексенбі күндері ағаш арасында дем алатын алтыншы ауыл — Ермак (Қызылшырпы) бүгінде үлкен өндірістің орталығы. Ферросплав заводы, Ертіс — Қарағанды каналы, ГРЭС далаға жаңа сән, рух әкелгендей, аз-кем тыныс алып, құлақ тіксең, тасқын судың лебіндей жаңа өмірдің екпінін сезінесің. Ермак сияқты жаңа қала Павлодар мен Целиноград арасындағы кең байтақ далада бірнешеу. Бұрынғы ағылшын салып кеткен «Ақ шахта», «Қара шахтасы» бар күйкі тірлікті Екібастұз емес, бүгінде Қарағанды алыбының егіз өндіріс орталығы — жаңа Екібастұз. Қаланың көлемі де, көркі де басқа. Сол сияқты Баян тауының бауырындағы Майқайың, Ереймен тауының етегіндегі Ереймен қалалары бұрын мен көрмеген жаңа қалалар.

Ертіс — Қарағанды каналы қазылып жатқан құрылыс жолында Қалқаман дейтін ертеңгі қаланың іргесін де көрдім.

Ереймен тауынан ағып Аккөлге құятын Өлеңті өзенінің бойы толған жаңа совхоздар, соның бірі — Сарқамыс. Өлеңті тәрізді совхоз орталықтарымен қатар Баянауыл сияқты ертеден келе жатқан мәдениет ошағында да болып, көп сырға қандым. Осынша көп жерді аралап, алуан түрлі өзгерісті көрсем де, әсіресе таң қалған бір жайым: ауыл интеллигенциясының қалыптасып, алдыңғы саптағы топқа айналуы, жалпы халық санасының өсуі болды. Жаңа ұғымы, ой қиялы, сөз саптасы бар жана адамдар әрбір ауылдан алдымнан шықты да отырды.

Цюрупа ауданы Абай атындағы колхоздың председателі Әйткен Қайырбаев толықша келген қараторы жігіт, баяғы «Темірқазық» повесіндегі Нұржанға ұқсамады, жаңа бір қырымен байқалды.

1953 жылдан председатель, іскер де ойлы азамат. Мі-

незі де биязы, ақылына іскер тұлғасы, тұлғасына киімі сай, бүгінгі өмірдің биік өресіне тең адам. Адам — еңбекте сыналады. Ол 1953 жылы бір машинасы болмаған кедей колхозды қазір миллионер колхоздың қатарына жеткізген. Ермак ауданына қарайтын Сарқамыс совхозының директоры Мәжит Жамалов та сөйлесе сөз табатын, істесе қолынан іс келетін мәдениетті директордың бірі. Өткен жылы Ермак ауданында астықты көп те, жұрттан бұрын да тапсырған сол Сарқамыс совхозы.

Осыларға өкшелес өскен бір қыдыру жастармен және таныстым: Баянауыл совхозында бүкіл техника тетігін қолына ұстап, совхоз өндірісін басқарып жүргендер кеше ғана Алматының ауылшаруашылық институтын бітірген жас мамандар екен. Ауылға жаңа мәдениет, жаңа леп әкелген осындай жастарды көріп сүйсіндім де. Бұлар 30-жылдан кейін туған жастар, бүгінгі ауыл интеллигенциясының ұйтқысы.

Бұл сияқты жастар Тың өлкесінде бірқыдыру, бүгінгі қазақ ауылында коммунизм құруда алдыңғы шепте жүргендер. Әр заманның өзінің өлшеуі де, кемелі де бар. Бүгінгі біздің замандастардың ісін тек еңбегімен ғана бағалап, кемеліне жетті деуге болмайды. Бұл бір өлшеу. Бүгінгі өмір құрушылар еңбекқор болумен қабат мәдениеттің жоғары сатысында тұруға да міндетті. Ауылдағы жаңа өмір құруда үлгі болып, алға бастайтын да, соңынан қалып бұқараны ертетін шамшырақтары да осылар. Осы тұрғыдан келіп мен олардың мәдениет, тұрмыс жағымен жете таныстым. Қайсысын алсаң да жақсы тұрмыс құрып алған. Жаңаша тұрады. Үйлерінің іші жасауға да толы. Жасау болғанда бірінің үстінде бірін қалап қойған көрпе мен жастық емес, төсек-орын, стол, орындық, радио — міне, осы сияқты адам өміріне ең қажетті заттар. Қала тұрғындарының үй-тұрмысынан ешбір айырмасы жоқ. Тамақты биік столда ішеді екен. Овощтан жасалатын түрлі салат, виноград тәрізді сінімді де жеңіл тағамдармен стол үстін толтырып қойған.

Бірақ осындай жетістік, өскендікпен қатар ел тұрмысында, мәдениетінде әлі де ерекше көзге түсетін талай жайсыздық баяғы атамзамандағы әдет-ғұрыптар әлі де бар екен. Қол сұртетін орамал: сулық, майлық, келін саалак болса, бес баттам кір қалпымен алдыңа келеді. Табақты дөңгелек тапал столға қойса шай ішетін кесе, шай-

ға кұятын сүт төмен, жерде тұрады. Дастарқан басына шақырғанда үстіндегі шаң-тозаңын түсіре-мүсіре ыдыстан ақтап, өтіп жатады.

Ауылда осы күнге дейін жерде жатады, кереуетке ұйықтау, столға отыру дегенді елемейді. Әлде жерде жататын адамның тез ауыратынын білмей ме екен? Астынан сыз бір өтсе, қыста, кіріп шығып жүргенде есіктен саулаған суық салып отырып жерде отырған кісіге тиеті. Ауылдағы жандардың «Шаншу қадалды», «ой белім айы» міне, көбіне осыдан.

Жерде отырудың екінші зиянды жағы тағы бар. Жерде тазалық аз болады. Үйге келген адам аяқ киімін шешпейді, сол кір-кір етігімен кілем, алаша үстіне отыра кетеді. Аяқпен еріп келген түрлі микроб (кұрт) кілемде қалады да, кешке жатқанда оны үй иесі, бала-шағасы ауамен бірге жұтады. Міне, аурудың жұғу жолы осылай!

Дүние жүзінің мәдениетті халықтары жерге отырып, қолмен ас ішпейді, сонда олардың әдет-ғұрпы басқа болғандықтан емес, жерде отырудың зиян екенін білгендіктен. Бір кезде олар да жерге отырып, қолмен тамақ жеген. Бірақ олар осы дәуірді басынан ертерек кешкен. Ауыл тұрмысындағы осы бір жұртқа мәлім, әркімнің көкейінде жүрген жиіркенішті қылықты бүгін ашық та қатты айтуға тура келеді. Ауылда қызмет істеп жүрген дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар ескі әдет салтқа қарсы күрес ашады десек, солардың бірсыпырасы ауыл ықпалынан аса алмай қалған көрінеді. Кейбірі өзінің үй тұрмысын да солардың салтына көшіріп, жерде отырып, қолмен тамақ ішеді. Мұның қалай?— деп сұрасам, «әдет қой»— деп күледі. Енді біреулері: «Шал мен кемпір отыра алмайды, қайтеміз, оларды ренжітіп»,— дейді. Немесе, кейбіріміз елге шыққанда ақыл айтып түсіндірудің орнына, ұялтып бетіне басудың орнына сағынып келгендей жерге құлай кетіп, қолды салып жіберіп, рахаттана тамақ ішеміз. Неге түзеуге атсалыспаймыз? Әсіресе, ауылдық жерде қызмет істеп жүрген дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар мен зоотехниктер, ескі салтпен күресетін сендер емес пе едіңдер!

Революциядан бұрын орыс деревнясында қызмет істеген «Земские врачи» дегендерді естулерін бар шығар. Солар не істеген еді: орыс деревнясын жағалай жаяу қыдырып, ауру-сырқауды ақысыз емдеген болатын. Тазалық

жайында түсінік беріп, қарапайым халықтың көзін аша білген, олардың да сондай бір жақсы істерін еске алған, тіпті үйренген жөн.

Мынадай бір мысал: бала күнімде (ұмытпасым, 4-класта оқып жүрген кезім Арын Сүлейменов дейтін дәрігермен кездесіп қап, бір түн бірге түнедім. Осы кісі жанында жатқан маған көп ақыл үйретті.

«Сол жағыңмен жатпа, сол жақта адамның жүрегі бар, басып тастайсың». «Үстіңе қалың жамылма, басты-ғырылып, жаман ұйқтайсың!» «Астыңа мамық төсеме, біркелкі жерге ұйықта!» деген кеңесін әлі күнге ұмытпаймын. Бір көрген жолаушы балаға ерінбей, түн бойы ақыл айту — қарлығаштай, бір тамшы болса да, себі тие берсін деген үлкен жүректен, адал ниеттен туғаны сөзсіз! Осы Арын сияқты ауылға барып, адал еңбек ету, ескі әдет-салтпен күресу, жаңа өмір құру әр дәрігердің, мұғалімнің бірінші міндеті ғой. Ел аралап жүріп бір ойыма түйгенім: медицина институтын бітірген қазақ жастары елге барып, еңбек сіңірудің орнына, көбіне, қалалық жерде қалуға тырысатын сияқты.

Ауыл мәдениетін көркейту, ескі салтпен күресу жалғыз ғана дәрігердің ісі емес? Әрине, олай десек тар шеңберде түсініп, үстірт айтқан болар едік.

Ең алдымен, ауылдағы мәдени-ағарту орындарының өзекті де табанды ісі емес пе бұл? Қлуб, кітапхана, ойын-сауық үйірмелері ат салыспаушы ма еді?

Көп жерлерде клубтар тек фильмдер көрсетумен ғана тынады. Қлубта істейтін азаматтардың одан артыққа бейімі де шамалы. Жұртты тартып, еліктіріп, түрлі үйірмелер құру, сол арқылы сахнадан ескі салт-әдетпен күресуге дайын тұрған клуб меңгерушілері аз. Олар өзінің жан тыныштығын қадыр тұтатын көрінеді. Баянауыл сияқты бұрыннан келе жатқан мәдениет ошағының аудандық клубында ойын-сауық үйірмесінің болмауы қынжыларлық жайт.

Кітапханаларды алсақ, оларда да мардымды іс көзге түсе қоймайды. Көп жерде кітапхана ашық, күніне бірлі-жарым адам газет қарап, кітап алады, болмаса ода жоқ. Бір-екі сағат отырған соң кітапханашы қара құлыпты іле салып, өз жайымен кете барады. Халықты тарту, ұйымдастыру, кітап оқуға үйрету дегенге бара бермейді. Екібастұзға қарайтын Төрткүдық поселкесінде жап-жақ-

сы кітапхана бар, бірақ кітап оқушы адамдар аз. Жұртто соған тарту, үйрету жағы көңілдегідей емес. Ал Төртқұдық жанындағы Ажыда кітапхана бір жылдан аса жабық? Неге?— деп сұрасаң, кітапханашы Қайыржан Тұяқбаев баласының ауруына байланысты Алматыда жүретін көрінеді. Осыған орай айта кету керек, елде кітап сату мәселесі өте нашар. Ауылдағы магазиндер кітап сатпайды, оны «өтпейтін зат» деп ұғады. Осы Ажыда 1948 жылдан дүкенші боп Әшім Анафин істейді, сол 15 жылдың ішінде бір кітап сатпаған. Осы ауылдағы жас жігіттерден сұрасаң, бәрі бір ауыздан: «Сатып алар ек, әкелмейді!»— деп зар жылайды. Жылқышы Әш Байбоусынов, тракторист Қанания Әлдебеков, мұғалім Қалдыбай Бекешов, Қазақ жазушыларының шығармалары, этетң қолға түспейді, оқыр едік!.. Анда-санда Павлодар, Целиноградқа барғанда әкеп тұрады. Табыла қалса, қолдан-қолға түсірмей оқимыз»,— дейді.

Ермак ауданының орталығындағы клуб жанында халық театры, өзінің оркестрі бар.

Біркелкі жас жұмыскерлер кешке жақын клубқа жиналып, концерт беріп, пьесалар қояды екен. Цюрупа ауданы, Абай атындағы колхоздың кітапханасында қазақ жазушыларының шығармаларын мұқабасы жыртылғанша оқығанын көзім көрді. Дегенмен, ауыл мәдениеті әлі де болса төмен, намысына тиетін, жүрек ауыртатын ескіліктің қалдықтары көп.

Мұғалімдер, ауыл мәдениетін көтеру сендердің де міндеттерің ғой. Бұл арада сендерге де қатал сын айту керек сияқты болады.

Бұл сияқты артта қалған адамдардың әуеніне еріп кетушілік мұғалімдер арасында аз көрінбейді. Елде жаңалық бастайтын мұғалім емес пе еді? «Мұғалім — ауыл мәдениетінің революционері» деген ұғым менің басыма бала күнімнен сіңіскен-ді. Мұғалімге таңырқай, қызықтай, асқан құрметпен қараушы едік. Бұл әрине, Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев сияқты халқына еңбегін сіңірген мұғалімдердің тастап кеткен үлгісінен, үйреткен ақылынан, адал ниетінен, жақсы мінезінен туған ұғым.

Менімше ауыл мәдениетін жоғары көтеру бір адамның қолынан келе қоймайды. Дәрігер, агрономдар, зоотехниктер, мұғалімдер, түрлі мәдени-ағарту саласында істейтін қызметкерлер болып бірігіп күш салса ғана ең-

бек жанады. Бұлармен қабат ауылдық жердегі комсомолецтер, пионерлер қол қанат боп, осы бастамаға бірге жұмылса, ескі қалай қарсы тұра алар екен?

Коммунизмнің техникалық — материалдық негізін ойдағыдай құрып жатқанымызда, ауыл мәдениетінің кейбір жерде мұндай халде болуы лайықсыз-ақ көрініс. Ойласайықшы, жолдастар!

1963 жыл

3. ШАШКИННІҢ АЛТЫ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТҮСІНІКТЕР

БІРІНШІ ТОМ

«Өмір тынысы»

Бұл повесть 1964 жылы «Өмір тынысы» деген атпен «Жазушы» баспасынан шыққан жинақта жарияланған. Орысша нұсқаны «Прос-тор» журналында (№ II), «Старше на одно лето» деген атпен жарық көрген, мұнда «Өмір тынысындағы» текст бойынша беріліп отыр.

«Темірқазық»

«Темірқазық» Зейін Шашкиннің бүгінгі өмір фактісі негізінде жазылып, едәуір көбірек басылып баршаға танымал болған шығармаларының бірі. 1959 жылы жарияланған. Бұл повестің қалай туғаны жайында автор «Роман және адамдар» дейтін мақаласында (1962) арнайы тоқталады. Повесть алғашқы рет «Жұлдыз» журналында (1959, № 3) жарияланған. Сол жылы орыс тіліне аударылып, «Советский Казахстан» журналында (№ 7) басылады. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында жеке кітапша болып жарыққа шығуы да сол жылы. Повесть содан кейін де бірнеше рет жарық көрген. (1961 жылы «Путеводная звезда» дейтін атпен Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында орыс тілінде шыққан. 1964 жылы «Өмір тынысы» дейтін атпен «Жазушы» баспасынан қазақ тілінде шыққан повестер мен әңгімелер жинағына да кірген. Бұл жолы «Өмір тынысы» кітабынан алынып жарияланып отыр.

«Ұядан ұшқанда»

Жазушының тұңғыш көлемді шығармасы. 1948—1955 жылдар аралығында З. Шашкин Бурабайда дәрігерлік қызмет атқарып жүрген кезінде орысша жазылған. Алғашқы нұсқаларын Москваға СССР

Жазушылар одағына, өзінің танысы жазушы Алексей Мусатовқа жіберген. Жазушылар одағының ұлт комиссиясының тапсыруы бойынша жазушы Л. Никулин оқып шығып, рецензия береді. Жазушылар одағының консультанты Р. Фаизова да оқып, пікір айтқан. Сол ескертпелерден кейін, автор бұл шығармасын 1952 жылдың ортасында қайта өңдейді. Кейіннен шығарма Қазақстан Жазушылар одағының орыс секциясында қаралады. Повесть алғаш рет 1956 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында орыс тілінде жарық көрген. Редакторы қазақстандық белгілі орыс жазушысы Николай Анов. Повестің алғашқы аты «Республиканың тууы» («Рождение республики») сонсоң «Республика таңы» («Утро республики») деп аталған. Повесті қолжазба күйінде, оқыған жолдастардың, рецензия жазған авторлардың, баспа қызметкерлерінің айтқан кеңестерін ескеріп, көп өңдеген қайта жазған тұстары көп. Қолжазбамен салыстырып қарағанда алғашқы нұсқалар мен кейінгі нұсқалардың арасындағы айырма недәуір екені байқалады. Қолжазба нұсқалары Қазақ ССР-нің Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы. «Республиканың тууы» — дейтін нұсқа бет, «Республика таңы» — 315 бет. Өңдеу барысында шығарма ширап, көркемдік қасиеті оңала түскен.

3. Шашкиннің жазушылық өзіндік бір ерекшелігі осы алғашқы «Ұядан ұшқанда» повесінен-ақ көріне бастайды. Ол, әдетте, шығармасына өмірде болған оқиға, нақты өмір материалдарын адамдармен бірге жазушы қиялынан туған, ойдан шығарылған адамдар қатар жүреді. Алғашқы «Ұядан ұшқанда» повесінде де нақ солай. Мұнда жазушы шығармасына Жетісу өңірінде болған тарихи оқиғаларды арқау етіп алады, Дмитрий Фурманов, Тоқаш Бокин сияқты тарихта белгілі адамдар мен Сақа Сағатов, Жүніс Сағатов сияқты ойдан шығарылған әдеби қаһармандар аралас жүреді. Мұндағы повесте 1916 жылғы Жетісудағы халық көтерілісі жетекшілерінің бірі ретінде көрсетілетін, Сібірде айдауда болған қайсар мінез күрескер бейнесінде суреттелетін қаһарманның аты Жүніс аталуы да бекер емес. Жазушының өз әкесі Жүнісбек дәл осындай тағдырды бастан кешкен. Ол да патша өкіметіне, жергілікті бай шонжарларға қарсы бас көтергені үшін Сібірге айдалған, айдаудан келген соң Совет өкіметін орнату жолындағы күреске атсалысқан. Бірақ, Жүнісбек Павлодар өңірінде туып-өскен, күреске толы өмірін де сонда өткізген. Жазушы өз шығармасында нақты бір тарихи адамның басындағы оқиғаны дәл суреттеуді емес, сол революция қарсаңындағы, революция кезіндегі уақыт шындығын, қазақ даласындағы әлеуметтік тартысқа атсалысқан ардагерлердің типтік образын жасауды мақсат еткен. Сондықтан да ол өз повесіне бас қаһарман етіп, Жетісудағы көтерілістің аты елге мәшһүр Сәт, Бекболат сияқты жетекшілерінің бірінің есімін алмай, Жүніс есімін (Жүнісбек емес) белгілеуі осындай қисыннан туған. Қалай де-

генмен де повестегі Жүніс Сағатовтың өмірдегі прототипі — жазушының өз әкесі Жүнісбек деп болжауға негіз бар.

Белгілі совет жазушысы Лев Никулин «Ұядан ұшқанда» повесінің алғашқы нұсқасына жазған жабық рецензиясында автордың бұл кітапты жазу үшін «қаншама қыруар материалды зерттеуіне тура келгенін» жорамалдайды. Расында да автор бұл шығармасына келу жолында көп тарихи кітаптар, саяси еңбектер оқып, едәуір зерттеу жұмысын жүргізген. «Орта Азиядағы революциялық қозғалыстың очерктері дейтін 1926 жылы шыққан мақалалар жинағын, Индиядан Иран арқылы Ашхабадқа келген ағылшын генерал-майоры Малисонның «Британияның 1917—1920 жылдардағы Түркістандағы әскери миссиясы», Борис Лапиннің «Памир елі жайындағы хикая», Штейннің «Париждегі бейбітшілік конференциясындағы» орыс мәселесі (1919—1930 жылдар) және басқа алуан түрлі ғылыми, саяси көркем-әдебиет кітаптар мен документтерді аударыстырып, көптеген жазба деректер құрастырған. Орта Азия, Жетісу өңірінің карталарын жасаған. Осындай нақты, ғылыми деректерге сүйене отырып, жазушы Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы өмір тынысын, заман шындығын оқушы көз алдынан өткереді.

Повестің орысша нұсқасы «Утро Семиречья» («Жетісу таны») дейтін атпен «Советский Казахстан» журналында (1955, № 12) жарияланады. Сонсоң «Таң атты» («Наступило утро») дейтін атпен Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында 1957 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шыққан.

Повестің қазақша шағын үзіндісі «Социалистік Қазақстан» (1956, 24 июнь), «Коммунизм жолы» (1956, 19 ноябрь) газеттерінде жарық көреді де, кейін толық нұсқасы «Ұядан ұшқанда» дейтін атпен алғаш «Әдебиет және искусство» журналының 1957 жылы 1, 2, 3 номерлерінде жарияланған. Сол жылы Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы «Ұядан ұшқанда» шығармасын жеке кітап етіп шығарды. Бұл жолы осы кітап бойынша беріліп отыр.

«А қ б о т а»

1964 жылы жазылған. Алғаш «Қазақ әдебиеті» (1964, 12, 19 июнь), «Тың өлкесі» газеттерінде (1964, 18, 19 июнь) жарияланады. Сол жылы «Жазушы» баспасында шыққан «Өмір тынысы» атты жинағына кірген, кейіннен «Жазушы» баспасында «Ақбота» дейтін атпен 1966 жылы шыққан әңгімелер жинағында басылады. Мұнда сол кітаптан алынып отыр.

«А қ т ұ я қ»

Алғаш 1964 жылы «Тың өлкесі» газетінде 25, 26, 27, 29 декабрь нмерлерінде жарық көрген. Сол жылы «Жазушы» баспасынан шық-

қан «Өмір тынысы» жинағына кірген. Бұл жолы Жазушы» баспасында 1966 жылы жарық көрген «Ақбота» атты әңгімелер жинағы бойынша беріліп отыр. «Белый коготь» дейтін атпен қазақстандық жазушы А. Брагиннің аударуымен Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінде 1964 жылы (26, 28 июль) жарық көрген.

«Қойшы серігі»

Алғаш 1959 жылы республикалық «Пионер» журналында (№ 2) жарияланған. 1964 жылы «Өмір тынысы» дейтін атпен, 1966 жылы «Ақбота» дейтін атпен жарыққа шыққан жинақтарына енгізілген. Бұл жолы «Өмір тынысы» жинағы бойынша беріліп отыр.

«Дәрігер қатесі»

Бұл әңгіме 1955 жылдары жазушы Бурабайда қызмет етіп жүрген кезде жазылған. Алғашқы рет «Әдебиет және искусство» журналында (1955, № 8) жарияланған. Кейін «Жазушы» баспасында шыққан «Өмір тынысы» (1964) атты жинағына, 1966 жылы шыққан «Ақбота» атты әңгімелер жинағына кірген. Бұл жолы «Ақбота» кітабы бойынша беріліп отыр.

«Дос ойы»

Бұл әңгіме де елуінші жылдарда жазушы Бурабайда қызмет істеп жүргенде жазылған. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналында (1956, № 1) жарияланған. Кейін «Жазушы» баспасынан шыққан «Өмір тынысы» (1964), «Ақбота» (1966) атты жинақтарына кірген. Бұл жолы «Ақбота кітабы» бойынша беріліп отыр.

«Сүйкімді дауыс»

Бұл әңгіме де елуінші жылдарда Бурабайда жазылған. Алғаш рет республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында (1956, № 8) жарияланған. Кейін «Өмір тынысы» (1964), «Ақбота» (1966) жинақтарына кірген. Бұл жолы «Ақбота кітабы» бойынша беріліп отыр.

«Әкесі»

1956 жылы Алматыда жазылған. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналында (1956, № 6) жарияланған. Кейін «Өмір тынысы» (1964) «Ақбота» (1966) жинақтарына кірген. Бұл жолы «Ақбота» кітабы бойынша беріліп отыр.

«Тоқаш Бокин»

1956—1958 жылдар аралығында Алматыда жазылған. Бұл романға жазушы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығы мерекесіне орай кіріседі. Өмірде болған, Жетісуда совет өкіметін орнату жолында белсене күрескен белгілі революционер Т. Бокин өмірі негізінде тарихи роман жазу үшін автор едәуір ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зерттеуші ғалымдармен жұмыс істеп, архив материалдарымен танысып, оны көрген көзі тірі адамдармен сөйлесіп, Т. Бокиннің өмірбаяны деректері, қызметі, еңбектері жайлы қыруар материалдар жинақтаған. Романның бас қаһарманы Тоқаш Бокин өміріне қатысты ірілі-ұсақты деректердің бәрін тізіп, 160 беттен астам қағазға жүйелеп жазып алған қолжазбасы Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінде сақтаулы. Тоқаш Бокиннің жазған хаттары, түрмеде жатқан кездегі арыздары мен тергеушіге жазба түсінігі, оның үстінен түскен шағымдар және басқа документтердің бәрін көзімен көріп, қолымен ұстап ақтарыстырған. «Ұядан ұшқанда» повесіндегі қаһармандардың біразы (Сақа, Жүніс Сағатовтар т. б.) мұнда да қатынасады. Мұнда да тарихта болған адамдар мен жазушы ойдан тудырған әдеби қаһармандар аралас жүреді. Қазақ мемлекеттік Орталық архивінде жазушының «Тоқаш Бокин» романын жазар кездегі жасаған жоспары кейіннен роман жазылып біткеннен кейін бұл шығармасының кейбір ерекшелік сипаттары жайлы өзінің ойлары мен пікірлері сақталған. «Романның идеясы: геройды тарихи бір кезеңде халық тудырады, герой сол халықтың мүддесін қорғайды, егерде ол герой сол сөзін тудырған халықты ұмытса — апатқа ұшырайды» деп жазған автор. Романды түсіну үшін жазушының осынау нысанасы айқын бағдар береді.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1956 жылғы 16 сентябрьдегі номерінде «Тоқаш Бокин» деген атпен алғашқы мақаласын жариялайды. Белгілі ғалым Д. Мергеншинмен бірлесіп, Т. Бокиннің өмірі жайлы бес баспа табақ көлемінде ғылыми — тарихи очерк кітабын жазып шығады. Ол 1957 жылы Қазақ мемлекеттік көркем — әдебиет баспасында жарық көреді. М. Гольдблатпен бірлесіп Т. Бокин туралы «Таң шапағы» атты перделі, сегіз суретті пьеса жазады. Оны «Жұлдыз» журналына (1958, № 11) жариялайды.

Романды жазу барысында жеке тарауларын 1956 жылы Алматы облыстық «Коммунизм таңы» (қазіргі «Жетісу» газеті ол кезде солай аталған) газетінде 1956 жылғы ноябрь, декабрь айларындағы тоғыз номерінде жарияланған. Кейіннен романның үзіндісі «Жұлдыз» журналында (1958, № 11), «Социалистік Қазақстан» газетінде (1958 жыл 13 ноябрь) жарияланады.

Жеке кітап болып бірнеше рет басылып шықты. Роман орыс тіліне аударлып, (аударған В. Ваношин) алғаш «Простор» журналында (1960, № 6, № 7) жарияланады да, «Семиречь в огне» деген атпен Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында сол жылы жеке кітап болып шығады.

ҮШІНШІ ТОМ

«Теміртау»

1958 жылы 21 ноябрьде «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған шағын мақаласында Зейін Шашкин былай деп жазған: «Бұл жеті жылдың ішінде бүкіл совет елінде коммунизмнің техника — экономикалық негізгі іргесі қаланбақ, оны қалайтын ең алдымен біздің ардақты батырымыз — жұмысшы табы. Сол жұмысшыларды жырлауға шығарманың төрінен орын беруге уәде беремін. Әсіресе, Теміртаудағы қазақ жұмысшыларының тұлғасын жасауды өзімнің жеті жылдық жоспарым деп білемін», — деп жазған. Сол 1958 жылдан бастап бірнеше жыл бойы жазушы Теміртауға сан рет командировкаға барып, қазақ металлургия заводының жұмысшыларымен, инженер-техник қызметкерлерімен, партия — совет қызметкерлерімен тікелей қоян — қолтық араласа, еңбегімен, күнделікті жұмысымен етене таныса жүріп, материалдар жинайды. Алғаш очерктер, мақалалар жазып, мерзімді баспасөзде жариялайды. 1958 жылы июльде жазылған «Қазақстан магниткасының адамдары» атты очеркі, «Советтік Қарағанды» газеті (1959, 15 сентябрь) жариялаған «Қазақ металлургия заводы» дейтін очеркі, «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Құрыш құйғандар» (1959, 27 сентябрь), «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қең толғанған жөн» (1959, 11 декабрь) сияқты мақалалары мен очерктері жазушының романға барар жолдағы дүниеге әкелген туындылары.

Романның жазылуы жайлы түсінік алу үшін З. Шашкиннің «Қаһарманмен кездесу» дейтін мақаласында қызықты мағлұматтар бар. (Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві 1725 фонд, I. оп, 63 істе) Мазмұнына қарағанда, бұл мақала «Теміртау» романы дүниеге келер қарсаңда жазылған деп болжауға болады.

Мақала Теміртау металлургия заводының инженері, ғылым кандидаты Еділ Түркебаев жайлы жазады, соның азаматтық бейнесі, ойлары, жаңашыл ұсыныстарын сөз етеді.

Еділ Түркебаев — кезінде Дм. Фурмановпен істес болған, тап жауларының қолынан қаза тапқан революционердің баласы. Ол Қазақстанда туған, орта мектепті бітіріп, Москваның болат институтына

оқуға түскен Қарағандының химия-металлургия институтында ғылыми секретары болып қызмет істеген.

Енді арнайы шақырумен Теміртау металлургия заводына келген. Ол болат қорытушылардың Бүкілодақтық кеңесінде, Москвада баяндама жасайды. Ол — болатты үйреншікті мартен әдісінен басқа, жаңа әдіспен — оттегі — конверторлы әдісімен қорытуды қолдайды. Қазақстан Магниткасында осы жаңа әдісті кеңінен қолдану жөнінде мәселе қойып, КПСС Орталық Комитетіне барады. Тиімді ұсынысты СССР Жоспарлау Комиссиясы Председателінің орынбасары, смета, бюджет — бәрі де екі конвертормен бір мартенге өзгертіліп бекиді.

Жазушы өз мақаласында осы жайларды қысқаша баяндай келіп, міне, осы жігіт, завод бас инженерінің орынбасары — болашақ романның қаһарманы екенін айтады. Завод құрылысына алғаш рет бұдан бес жыл бұрын келгенін, содан бері жиі келіп тұратынын, әр келген сайын жаңа, күтпеген жайларға кезігетінін, жаңа қалаға келіп тұрғандай болатынын әңгімелейді.

Романдағы қаһарман Москваның болат институтын емес, Алматының кен — металлургия институтын бітіреді. Институт бітіргеннен кейін Қарағанды химия — металлургия институтында ғылыми секретарь емес, Алматыда министрлікте қызмет істейді. Жазушы өмірде кездескен қаһарманы заводқа шақырумен келген ғылым кандидаты болса, роман қаһарманы ғылыми жұмысқа материал жинау үшін, өндіріске өзі сұранып келеді. Оның үстіне жазушының өмірдегі қаһарманы инженер жігіт болса, романдағы қаһарманы — инженер қыз болып шығады. Қысқасын айтқанда, жазушы өмірде кездескен қаһарманының басындағы халдің кейбір нобайын ғана сақтағаны болмаса, роман қаһарманының хал-жағдайын өз қалауына пішкені аңғарылады. Демек «Теміртау» романы да өмірде болған оқиғалар негізінде жазылған шығарма деуге боларлықтай. «Роман және адамдар» дейтін мақаласында автор: «Бокин» атты тарихи романның мен қазіргі күн жайлы романға беттедім. Әкелерінен мен енді балаларына қарай бет алдым. «Теміртау» романы осылай туды» деп жазады.

Романның бас қаһарманы — инженер қыз Дәмеш пен оның ағасы дәрігер Асқар жазушының бұдан бұрынғы шығармаларында кездесетін белді тұлға, революционер Сақа Сағатовтың туған ұлы мен қызы болып келеді. Жазушының «Тоқаш Бокин» романындағы Құрышпай мұнда да кезігеді, мұнда ол пенсионер қарт. Қиын-қыстау күндерде досының қызы Дәмешті асырап, өсірген де сол. Ал оның ұлы — озат металлург. Ораз, қай-қайсысы да романның өзекті оқиғаларына араласатын негізгі кейіпкерлер қатарында.

Роман 1960 жылы «Жазушы» баспасында жарық көреді. Романды орыс тіліне алғашында Ю. Домбровский аударған. Оның аудармасымен романның шағын үзінді 1960 жылы «Қазахстанская правда» газе-

тінде (29 октябрь) жарияланды. Орыс тілінде жеке кітап болып А. Самсонияның аудармасымен 1964 жылы «Советский писатель» баспасында жарық көреді.

Бұл жолы роман «Жазушы» баспасында 1960 жылы жарыяланған нұсқасы бойынша беріліп отыр.

ТӨРТІНШІ ТОМ

«Доктор Дарханов»

«Жазушының» кезінде әдебиетшілер арасында әрқилы пікір туғызған,— жекелеген сынға ұшыраған романы. Келе-келе, уақыт сынынан өтіп, әдебиеттен лайықты, онды бағасын алған, дәрігерлер өмірінен жазылған елеулі шығарма. Қазақ совет әдебиетінде дәрігерлер өмірін жан-жақты тереңдеп, зор білгірлікпен, шеберлікпен суреттеу жөнінде З. Шашкинмен нықтасар жазушы әзірге жоқ деуге болады. «Доктор Дарханов» романында ғана емес, басқа да үлкенді-кішілі бірсыпыра шығармаларында, повестері мен әңгімелерінде, пьесаларында, мақалаларында З. Шашкин дәрігерлер өміріне жиі қайырылады. Бұлай етуі заңды да. З. Шашкин өмірінің едәуір мерзімін медициналық практикаға жұмсаған. 1945 жылы Иркутскіде медицина институтын бітірген 1946—1951 жылдары Бурабайда «Бармашы» санаториянда дәрігер — лоринголог болып қызмет атқарған. Жәй көп қатарлы дәрігер ғана емес, өз мамандығын жетік білетін, көп ізденгіш, көпке сүйкімді, емі шипалы дәрігер болған. Қызмет істеп жүріп, өңеш-көмей туберкулезін емдеу жөнінде зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми конференцияларда баяндамалар да жасаған. Медицина, гигиена, санитария тақырыбына жазған мақалалары кезінде газет-журналдарда жарияланған. Дәрігер жазушының «Білесің бе, кім сенің жауың?» дейтін екі бөлімді ғылыми сценарийі Қазақ ССР-інің Орталық Мемлекеттік архивінде қазір де сақтаулы.

З. Шашкиннің емі шипалы жақсы дәрігер болғаны жөнінде мына бір мысалды келтірсе де жеткілікті. «Құрметті Шашкин жолдас! Сізге бұл хатты жазып отырған «Бармашы» санаторияның қызметкері Карпинская Люцина Михайловна. Қадірлі доктор және жазушы! Менің сізге айтар үлкен өтінішім бар! Менің бауырымның тамағы ауырады, екі жыл болды. Ешкім ауруын анықтай алмай қойды. Сол бауырым Сіз біздің санаторияда істеген кезіңізді жақсы біледі, сізді айта береді, қадірлі доктор. Талай-талай сырқат адамдар сізге келіп, емделіп, сап-сау азамат болып қайтып жатушы еді. Сізден қатты өтініп, сұраймын, дәрігер: сол бауырымды алып, Сізге Алматыға барсам болар ма?»— деп қиыла жалбарынып жазады. Хат иесі. Хат 1964 жылы

8 октябрьде яғни З. Шашкиннің дәрігерлік қызметті біржола тастап, жазушылық жұмыспен айналысканына он бес жылдай өткенде жазылған. Дербес пенсионер Ж. Мәуленов жолдас «Орал өңірі» газетінде жарияланған естелігінде Зейін Шашкиннің «Доктор Дарханов» романындағы Дарханов бейнесінен Зейін Жүнісбекұлының өз қасиеттерін: оның іске ұқыптылығын, адалдығын, қарапайымдылығын танығандай болғанын бұрын Зейін Шашкин емдеуші дәрігер ретінде ыстық көрінуші болса, енді үлкен суреткер ретінде ұнағанын атап жазған.

Болмаса, мына бір документті алайық. Шымкент облысының Балықшы селосында тұратын дәрігер Төлепберген Зиябек жазушы атына жолдаған хатында былай деп жазады: «Мен сіздің романдарыңыз, повесть, әңгімелеріңіздің барлығын көз жазбай қадағалап оқып отырамын. Сіз дәрігерлер жайында өте тартымды, қызық әңгіме, повесть, романдар жаздыңыз. Өзім де дәрігер болғандықтан ба, мен сізді өте жоғары бағалап, аға ретінде қадір тұтатын ең сүйікті жазушымысыз».

Бұл романға да өмірде болған оқиғалар өзек болған деп жорамалдауға болады. Романның бас қаһарманы Нияз Дарханов өмірінің көптеген жайлары З. Шашкиннің өз өмірінің арнасымен орайлас келетінін аңғару қиын емес. Бұл шығармасында жазушы өмірдегі болған оқиғалар мен ойдан қиыстырылған оқиғаларды суреткерлік шеберлікпен ұластыра отырып, қабыстыра бейнелейді. Бұрынғы шығармаларындағы Құрышпай, Дәмеш, Асқар Сағатовтар мұнда да кездеседі. Бұл тұрғыдан алғанда бұл шығарма «Теміртау» романының жалғасы тәрізді әсер қалдырады. Романның негізгі коллизиясы өмірлік фактілерге негізделген. Романдағы профессор — Штокиннің де өмірде прототипі бар. Жазушының өзі де ауруға шалдығып, Қырымға әйгілі профессор И. П. Бинштокта емделіп, тәжірибе үйренген. Онымен жазысқан хаттары жазушының архивінде сақтаулы.

Жазушы өзінің 1958 жылы жазған бір мақаласында «Мен өз өмірімде көп жылдар медицинамен айналыстым. Сол өмірдің қақ ортасында болдым. Бірақ соны әлі дұрыстап жаза алмай жүрмін...» деп мойындағаны бар. Кейінгі жылдарда бұл борышын өтеген, өзі «қақ ортасында болғандығын», дәрігерлер өмірінің егжей-тегжейін жетік білетінін айтпай танытарлықтай, шыншыл да көркем шығармалар жасап, туған әдебиеттің әдеби тұлғаларының легіне Нияз, Айжан, Райхан, Асқар секілді есте қаларлықтай медиктер образын әкеліп қосты.

Роман алғаш рет 1962 жылы «Жазушы» баспасында басылып шыққан. Бұл жолы сол нұсқасы бойынша жарияланып отыр.

«Сенім»

«Сенім» романы — жазушының жаңа адам тұлғасын мүсіндеудегі елеулі шығармасы. З. Шашкин бұл романын 1964 жылдың аяғы мен 1965 жылдың бас кезінде бас-аяғы екі-үш айдың ішінде жазып, алғашқы нұсқасын «Жұлдыз» журналына (1965, № 11) бастырады да, кейіннен азды-көпті өзгерістер енгізіп, 1966 жылы жеке кітап етіп шығарады. «Сенім» романын жазушының ең соңғы сүбелі шығармасы деуге болады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1966 жылғы 3 июньдегі санында З. Шашкиннің «Туған жер толғантады» дейтін мақаласы жарияланды. Бұл мақаланы жазушы өмірінің соңғы сағаттарында жазса керек. Мақала жазушының басқа да шығармалары сияқты өмірге деген құштарлығының, туған халқының игілік-дәулетін молайтуды, туған жер табиғатын көркейтуді көксеген ізгі арманының, азаматтық белсенділігінің және бір куәсі болып табылады. Мақаланың құндылығы мұнымен ғана шектелмейді. Бұл мақала жазушының творчестволық ерекшелігін тануға көмектеседі, шығармасына керекті материалды өмірден алатынын айғақтай түседі. «Сенім» романына да өмірде болған оқиғаны арқау еткенін, «Баянаул» совхозының бұрынғы агрономы Зайролла Дүйсенбековтың басынан өткен жағдайларды көрсеткенін атап айтады. Яғни жазушы бұл мақаласында өзінің «Сенім» романының бас қаһарманы агроном Нұрлан Сембиннің өмірде прототипі бар екенін, ол — жас агроном, қазір аспирант Зайролла Дүйсенбеков болғанын ескертіп өтеді. Ол адам қазір де бар. Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты. Алматы ауыл шаруашылық институтының жалпы егіншілік кафедрасының меңгерушісі, коммунист. «Иә, Зейін ағаның «Сенім» романында Нұрлан Сембин деп жүргені менмін, — дейді ол. — Романдағы, махаббат жағынан басқаның бәрі рас. Ондай оқиғаның болғаны да рас. Сондағы совхоз директоры да, райком секретары да қазір бар. Негізгі айқас, тартыс, менің сотталып кете жаздағаным да рас.. Тек махаббат жағын Зейін аға өзі қосып жіберіпті...»

Зайролла жазушының бұл материалды бірнеше жыл бойы құлақ түре зерттеп жүргенін, бір-екі рет ауданда да болғанын, Алматыда да Зайролламен сан рет мәслихат құрғанын, талай-талай нәрселерді жазып алғанын айтады. Демек, жазушы бұл шығармасына да өмірде болған оқиғаларды арқау етіп алады. Өмір фактілеріне жіті көзбен сергек қарайтын жазушы тың игеру тақырыбына қалам тартып, бүгінгі ауыл өмірінен, қазіргі замандастар өмірінен нанымды көркем шығарма тудырған. З. Шашкин «Сенім» романында бұдан бұрынғы

шығармаларындағыдай, өмірде прототипі бар немесе тарихта белгілі адамдармен қоса, ойдан шығарылған, бастан-аяқ жазушы қиялынан туған қаһармандары батыл араластыру әдісін кеңінен қолданады. Айталық, мұндағы совхоз директоры Ковальчук, аупартком секретары Мәлік Асанов, облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Якупов өмірде нақты прототипі бар кейіпкерлер болса, экономист Райхан, дәрігер Айжан, мал дәрігері Нұрқат қай-қайсысы да жазушының қиялынан туған кейіпкерлер.

Бұл жолы романның «Жазушы» баспасында 1966 жылы жарық көрген нұсқасы бойынша беріліп отыр.

АЛТЫНШЫ ТОМ

«Замана осылай басталды»

1955-1956 жылдар жазылған.

«Ақын жүрегі»

Бұл пьеса 1963 жылдары жазылған. 1966 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қызыл жалау» атты пьесалар жинағына кірген. Бұл жолы сол кітап бойынша беріліп отыр.

«Әке балаға сыншы»

1969 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде (1 ноябрь) жарияланған. Бұл жолы сол текст бойынша жарияланып отыр.

«Ақынның ашуы»

1964 жылы жазылған «Өмір тынысы» (1964), «Ақбота» (1966) жинақтарына кірген. Бұл жолы «Ақбота» кітабы бойынша беріліп отыр.

«Әннің тууы»

Алғаш рет 1956 жылы республикалық «Пионер» журналында (№ 4) жарияланған. 1966 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақбота» атты әңгімелер жинағына кірген. Бұл жолы сол кітап бойынша беріліп отыр. «Әннің тууы» Майра ақын жайында жазылған бұл новелла да алғаш рет 1956 жылы республикалық «Пионер» журналында (№ 4) жарияланады. Кейін 1966 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақбота» атты әңгімелер жинағына кірген, бұл жолы осы кітап бойынша жарияланып отыр.

«Мұхтармен кездесуім»

Бұл мақала «Менің кездесуім» дейтін атпен 1967 жылы 3 декабрьде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде жарияланған. Мақала сол газеттегі нұсқасы бойынша жарияланып отыр.

«Абай романының көркемдік ерекшеліктері»

Бұл мақала М. Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 жылы Алматыда өткен творчестволық конференцияда баяндама негізінде жазылған. Алғаш рет «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» дейтін атпен 1957 жылы шыққан кітапта жарияланған. Бұл жолы сол кітаптан алынып жарияланғалы отыр.

«Сәбит Мұқановтың романдары жайлы»

Зейін Шашкин академик жазушы Сәбит Мұқанов творчасы жайлы бірнеше мақала жазған. «Сәбит романдары туралы ойлар» дейтін алғашқы мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 16 августтағы номерінде жарияланды. «Өмірдің үлкен шындығы» («Большая правда жизни») деген мақаласы «Қазақстанская правда» (1958, 12 декабрь) газетінде басылған. Кейін ол ақын Қ. Бекхожинмен бірлесіп С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы туралы «Өмір мен махаббат жайлы» деп аталатын мақаласы «Социалистік Қазақстан» газетінде 1960 жылы 2 апрельде жарық көреді.

«М. Әуезовтің стилі туралы бір-екі ауыз сөз»

Бұл мақала алғаш рет 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» (8 июнь) газетінде жарияланған. Бұл жолы сол нұсқасы бойынша беріліп отыр.

«Дәстүрдің тозығы бар, озығы бар»

Бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде 1963 жылы 8 февральда жарияланған. Сол газет нұсқасы бойынша жарияланып отыр.

Сапар Байжанов.

М А З М Ұ Н Ы

Замана осылай басталды (пьеса)	5
Ақын жүрегі (пьеса)	59
Әке балаға сыншы (киносценарий)	101
Ақынның ашуы (әңгіме)	158
Әннің тууы (новелла)	166
Шабыт (новелла)	169
Мақалалар және очерктер	171
Мереке күнгі ойлар	172
Ақын асқан асу	177
Балалар отауы	185
Жақсы кітап — жан азығы	188
Мұхтармен кездесулерім	189
«Абай» романының көркемдік ерекшеліктері	192
Мұхтар стилі туралы	204
Сәбит Мұқановтың романдары жайлы	211
Замандастар тұлғасын жасайық!	217
Шеберлік хақында	223
Көгілдір Көкше сұлуы	228
Дәстүрдің тозығы бар, озығы бар	236
Түсініктер	243

Зени Шашкин

Избранное в шести томах

ТОМ VI

(на казахском языке)

ИБ № 482

Редактор Ш. Токсанбаева. Художник В. Григорьев.
Худож. редактор А. Смагулов. Техн. редактор Б. Карибаева.
Корректор Г. Тельтаева.

Сдано в набор 20.07.78. Подписано к печати 20.02.79. УГ14169.
Бумага тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Формат
84×108¹/₃₂. 8,0 п. л. 13,44 усл. п. л. (13,30. уч-изд. л.) Тираж 12 000 экз.
Заказ № 1550. Цена 1 руб. 20 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по
делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480091, г. Алма-Ата,
пр. Коммунистический, 105.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических пред-
приятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата,
пр. Гагарина, 93.

